

84(5Қаз=4Жам)
Т 93

Нұрмахан ТІЛЕГЕНОВ

**АСЫЛ АДАМ
АЙНЫМАС**

84/51823 = 4 нөм,
Т. 93

НҰРМАХАН ТІЛЕГЕНОВ

АСЫЛ АДАМ АЙНЫМАС

ЭССЕ-ЕСТЕЛІКТЕР,
ХИКАЯТТАР ЖӘНЕ
АРНАУЛАР

ТАРАЗ
"СЕНІМ"
2007

№18716
Аудандық
орталық кітапхана

ББК 84 (5 Қаз)

Т 93

Т 93 Тілегенов Н.
"Асыл адам айнымас"
Тараз, "Сенім", 368 -бет. 2007 жыл

ISBN 9965 548-40 4

Жазушылық, ақындық жас талғамайды. Кітап авторы бірнеше жыл ауыл шаруашылығы саласында істеген ғалым-зоотехник, экономист. Бүгінде зейнеткер. Қарап отырмастан қолына қалам алып, өзінің тұңғыш кітабын оқушы қауымға ұсынып отыр.

Кітаптың бірінші бөлімінде адамзатқа құпия тылсым сыр, белгісіз ғажап құбылыс, ерекше қабілетті адамдармен болған нақты уақиғалар негізінде баяндалады. Олардың ескі де болса фото суреттері қоса берілген.

Кітаптың екінші бөлімі - фото шежірелі эссе-естеліктерден құрылған. Мұнда тәжірибеде сыннан өткен, шаруашылық жүргізудің, мол өнімге қол жеткізудің небір қыр-сырымен танысып, кәдеге жаратуға болады.


Берілген жеті арнау да оқушыны бей-жай қалдырмас дейміз.

Кітап көпшілік оқырмандарға арналған.

ББК 84 (5 Қаз)

Т 4702250202
00 (05) 07

ISBN 9965 548-40 4



© Тілегенов Н., 2007.

СӨЗ БАСЫ – АВТОРДАН

Жамбыл облысы әкімінің ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының экономика мәселелері жөніндегі орынбасары болып істеп жүрген кезім.

Ұмытпасам, 2004 жылдың жайма-шуақ жазында, кабинетке, жұмыста шыңдалғанын, түрінен-ақ аңғаруға болатын, күнге күйген, әдеміше, қара торы шаруа жігіт, рұқсат сұрай кірді. Жөн сұрастық. Осы облыстың Жуалы ауданынан болып шықты. Аты-жөні: Смайлов Елубай екен. Өзі жеке шаруа қожалығын құрыпты. Менімен бұрыннан сырттай, газеттерде жарияланып тұрған мақалаларым арқылы таныс, әрі тілеулес екендігін білдірді. Не деген ұқыпты жан?! Қолына сарғайып кеткен, облыстық «Еңбек туы» газетінің (көзіргі «Ақ жол»), Үкімет наградасын алғандар жөнінде, 1980 жылғы Указ жарияланған санын ала келіпті. Газеттегі, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен наградталғандардың ішіндегі, менің аты-жөнімнің астын ерекшелеп сызып, өз қолымен, «Өте лайықты адам»-деп, жазып қойыпты.

Ілтипаты үшін риза болғанымды жасыра алмаймын. Рахметімді үсті-үстіне жаудырдым. Сөйлесе келе, осы атқарып отырған қызметте жүріп, жазған мақалаларыммен де таныстығы сонша, бұрындары бір баға саясаты жөніндегі жазылған мақалама, өзінің ойын айтып та үлгерді.

Жете таныса келе білгенім, шаруа қожалығын құрған алғашқы жылдары, ол жігіттің тапсырған құжаттарына сараптау қорытындысын беріп, өзін көрместен-ақ, несие қаржы алуына ықпал еткендеймін.

Не керек, ол жігіт маған, әйтеуір, риза жан болып шықты.

Өз ризашылығын, 2004 жылы «Көкжиек» баспа орталығынан шыққан, шағын ғана «Кәрі терек» атты кітабында өлеңмен білдіріпті.

Сол өлеңдер жинағының 15-бетіндегі, «Нұрмахан Тілегенұлына» - деген арнау өлеңі мына төмендегідей:

НҰРМАҚАН ТІЛЕГЕНҰЛЫНА

Тілегенұлы Нұрмақан,
Халықтың қамын ойлаған.
Күндіз түні есептеп,
Тамшыдан теңіз жинаған.

Әділет жолды бұрмаған,
Түсінген адам сыйлаған.
Нұры түскен жерлері,
Өніп-өсіп жайнаған.

Наразы ешкім болмаған,
Жақсылық сіре Алладан.
Қайыптан нәсіп келтіріп,
Әруақ жар боп қолдаған.

Рахым етіп сіз маған,
Шапағатыңыз жасаған.
Жалғастыр деп келіп тұр.
Жалбарынып сол адам.

Тозақтың оты кедейлік,
Құтылсақ содан жөнеліп.
Береке тауып бір сіздең,
Пейіштің нұрын көрелік.

Маған силауға әкелген кітабың, «таныстығымыз үшін»-деп, тастап кетті. Бұл Елубайдың төртінші кітабы екен. Бұрын араласпаған, менімен сырттай таныс адамның адамгершілігіне, зор ілтипатына мен де өте риза болдым. Халықтың қарапайым бір өкілі ретінде, менің еңбегімді қатардағы еңбеккердің, жүрегінен өлең арнап бағалауы, мен үшін зор табыс-деп, түсіндім. Солай түсінемін де.

Реті келгенде, солақпейіл азаматқа шын ризашылығымды, кітабымның сөз басында ерекше тоқталып ондағы арнау өлеңін қоса беру арқылы, білдіргім келді.

Қолдарыңыздағы кітабымның бірінші бөлімін, адамзатқа құпия, белгісіз ғажап құбылыс-тылсым сырдан бастауды жөн көрдім. Сондықтан да, атың, «Тылсым сырлы дүние»-деп, атадым. Осыған дейін зерттеліп болмаған, тылсым күштердің бар екенін іштей сезгенімізбен, дөп басып, «Ол мынау, оны меңгерген құдірет иесі мынау еді»-деп, түсін түстеп, атын атау болмағанын білеміз. Айтыла қалғанның өзінде де, ат үсті ғана, үстірт баяндалатындай көрінетін. Ондай ерекше қабілетті адамдар, ортамызда болған. Елден ерекше қабілеттерін ол феномен-жұрттан ерекше, адам таңғаларлық, өмірде сирек кездесетін ғажаптарын-адам өмірінің жалғаса

беруі үшін, олардың амандығы, жарқын болашағы үшін жұмсаған. Ондай таңғаларлық істер, нақты мысалдармен, мұнда, кейіпкерлердің өз ауыздарынан баяндалады.

Тоқ етері, ешбір адам әрекетін араластырмай-ақ, сезінуден пайда болатын сезім күші арқылы, шындықты болған қалпында, санаға жеткізу құбылысымен, кітаптың осы бөлімінен танысатын боласыздар.

Сондай-ақ, бұл кітаптың екінші бөлімі, «Ағаларым-асылдарым» эссе-естеліктер топтамасынан тұрады. Бұл топтаманы жазуыма, өмірден көргендері мен көңілдегілерінің ең маңыздыларын жұртқа жария етіп жүрген, өзіміздің көрнекті, тілі шұрайлы қазақ жазушыларымыздың шығармаларының ықпалы зор болды. Бұл ой, Әбілда Тәжібаев, Шерхан Мұртаза, Қадыр Мырза Әли, Әзілхан Нұршайықов, Қабдеш Жұмаділов, Ғаббас Қабышұлы сынды көпке танымал, аузы дуалы, тағы басқа да қаламгерлеріміздің, осы бағытта жазғандарын қызыға құмартып оқуымның нәтижесінде, соларға еліктегеннен туындағаны да шындық. Әсіресе, әдеби мемуарлар топтамасымен шыққан қайталанбас құбылыс, терең сырлы ұлы суреткер, алыптар тобының соңғы сардары, заңғар жазушымыз Ғабит Мүсірепов жайлы естеліктер, аға жазушымыз Сафуан Шаймерденовтың «Ағалардың алақаны» эсселері және талантты ақын Жұматай Жақыпбаев туралы жазылған жары - Зайда Елғондинованың «Менің ертегім» естелік-эссесі жүрек қылын шертердей, көңіл түкпіріндегі ұйқыдағы сезімдерді оятты десем артық айтқандығым болмас.

Сондай-ақ, арқалыақындарымыздың бірі-Сәкен Иманасов, эссе, пайымдаулар тобы жинақталған «Қаламдастарым мен замандастарым» атты кітабының алғысөзінде: «Менің бұл жазғандарым қазіргі көзбен қарағандағы әдеби нормаға сай келе ме, жоқ па, о жағын айта алмаймын. Бірақ бір кезде Лев Толстойдың өзі: «Менің ойымша, бара-бара көркем шығарманы ойдан шығару деген тоқтайтын сияқты... Егер болашақта да жазушылар болатын болса, олар ештеңені ойдан шығармай, өмірде көргені мен түйгенінің ең маңызды, ең қызықтыларын жұртқа әңгімелеп қана беретін болады»-деп жазған екен. Бұл пайымдаудың да септігі тиіп, қаламыма қозғау салғаны рас.

Қолдарыңыздағы алғашқы кітабымда, өмір жолының жүріп өткен ізі іспеттес, көргендерім мен естігендерімді, көңілде

жүрген кейбір түйткілдерімді және айтары мол кәзіргі көз көргендермен әңгімелесе отырып, кейіпкерлердің болмысын, ішкі сыры мен мінез-құлқын ашып беруге тырыстым.

Мұндағы баяндалатын эссе-естеліктерде кескінделген кейіпкерлерден қай сала болмасын, ұстаз ретінде алатын тәлім-тәрбиенің мәні, тек мен үшін емес, келешек ұрпақтар үшін, зор екенін біле отырып, аға буын өкілдерін жекелеп, атап өтуді парызым санадым. Олардың жеке қырлары, сырлары, жалпы болмыстары арқылы келешекке тәрбиелік мәні болуын мұрат тұттым.

Сол кейіпкерлерімнің өткен өмір жолдарынан мысқалдай болса да, болашаққа тәрбиелік мәні бар, мағлұмат бере алсам, ұрпақ үшін қалдырған тағлымды ескерткіштерінің бір кірпішіне жарасам, онда мақсатымның орындалғаны.

Сондай-ақ, «болашақ кәдесіне, келешекке керек болар»-деген мақсатты көздеп, шаруамен айналысу, оны жүргізудің, тәжірибеде сыннан өтіп, қалыптасқан керекті қағидалары, кейіпкерлердің өз баяндаулары арқылы, түсінікті түрде оқушыға жеткізу ниеті ұсталынды. Бұл айтылғандар, «Сейітқалық ағаның шаруа жайлы «трактаттарында», «Қызылша алқабындағы сыр», «Егіздің сыры-әріде» тағы да басқа тарауларда көрініс тапқандай болған жайы бар.

Сонымен қатар, әр адамның басынан өтетін, өмірінде бір-ақ рет болатын үйлену тойындағы жас жұбайларға айтылатын ақ тілектер мен мерейлі тойларда айтылатын той бастарлардың, дастарханға берілетін баталар нұсқаларын, керегінше, жағдайға қарай өзінше өзгерткізіп, пайдалануға боларлықтай етіп, қаз-қалпында, сөз арасында сыналап кіргізілгені естеріңізде болса деймін.

Осы кітаптағы эссе-естеліктермен сарындас болғандықтан, көп болмаса да қимас асылдардың мүшел тойларына арналған жылы лебіздерді, кітап атына сай, арнау өлең ретінде жетеуін іріктеп, көп кәдесіне жарасын деген ниетпен енгізуді де жөн көрдім.

Қолыңыздағы, көпшілікке арналған алғашқы менің тырнақалды бұл кітабымды, оқырманымның бірі ретінде, өзіңізге ұсындым. Бағасын өзіңіз берерсіз.

БІРІНШІ БӨЛІМ

ТЫЛСЫМ СЫРЛЫ ДҮНИЕ

(ФЕНОМЕН, ТЕЛЕПАТЯ КЕРЕМЕТТЕРІ)

**КҮШТЕРДІ НЕБІР БАЛАМАТ,
ЖЕТКІЗСЕМ ӘЛЕУ САРАЛАП.**

ҚОЖАҒАППАР АТАНЫҢ

КЕРЕМЕТ ҚАСИЕТТЕРІ

Тылсым дүние, тылсым сыр!
Ғаламат күшті ұғындыр.
Ғажап АДАМ-атаның,
Тыңдаңызшы сырын бірі!



Керемет қасиет иесі -
Әлменбетов Қожағалпар ата

ЖОҚ ІЗДЕУ

Қазан айының екінші жартысы болатын. Совхоз жылқысын бағатын ағайынымыз, Есенгелдінің бір үйір, бас-аяғы, құлындары жаңа бөлінген 14 бас жылқысының жоғалғанына оншақты күндей болған көрінеді. Қарамаған, сұрау салмаған жері қалмай, ауылдағы Өтепберген (Өтекең) ақсақалмен ақылдасуға келіпті. Ондағы мақсаты-оның ойынша, қолды болған жылқы тобына «жау» не де болса, Талас жақтан келді. Есенгелдінің ұзынқұлақтан есітуі бойынша, жылқы ұрлығымен сол өңірде үлкен екі топ айналысатын көрінеді. Олардың кімдер екенін шамалап болса да, сол Таластың Ақкөліндегі мал дәрігері болып істейтін Өтекеңнің танысы білуі мүмкін. Мән-жайға қанығуды жөн көріп, «Суға кеткен тап қармайдының» кері, жан далбаса үмітпен, сонда ертіп баруын сұрап, келген беті екен.

Ол кезде, мен совхозда бас экономист болып істейтінмін. Өзімнің жеке «Жигулиіммен» екеуін алып, Ақкөлге тарттық. Танысының үйіне барғанымызбен, әлгілердің қастандық жасау дақпыртынан сескенді ме, орта жастан асқан, өзін бізге «қожа тұқымымын»-деп таныстырған, қатқан қара кісі мандымды хабар бермеді. Тек ол:

- Істің анық-қанығына жеткілерің келсе, Майтөбеде тұратын Қожағалпар қарияға барсаңыздар, бірдеме білетін боларсыздар. Ол кісіге де, ұрылар тарапынан біраз зорлықтар жасалған көрінеді. Сіздерге, шындықты айтып берер-бермесін білмеймін. Бірақ, істі тұспалдап емес, өз қалпында болжайтынына шүбә келтірмеймін - деді.

- Е, дос! Қожағалпарға баруды білмей отырғаным жоқ. Ол кісіні жоқ іздеуге араластырып, мазалағым келмейді. Осындай жоқшылардың көңілін қимай, ұрысын түстеп айтып беремін деп, талай азапқа да түсті ғой. Оны өзің де білетін шығарсың. Ол жай маған белгілі, қанық жай ғой.

Қожағалпар (Қожекең) екеуміз бажа боламыз да, ондайын неге білмейін? Айналайың, қожа баласы қайным! - деп, Өтекең жездесініп, қатқан қараға әзіл-шыны аралас:

- Мал дәрігері бола тұра, аудан көлеміндегі малға байланысты тірліктерді бүге-шігесіне дейін білмесең, күннің күнінде ауданыңды қауіпті індет қаптамасына кепілдік бересің бе? Мұндай істе кежірлік танытып, керенау болсаң, эпидемия елеңдеп, алдыңнан шығар! Ісіңе пысық сияқты едің, «білмеймін» - деп, бүгежөк қағуыңа қарағанда, олардан

не қорқасың, не өз сыбағанды алып тұратындықтан қулықпен жасырып отырғандай көрінесің маған. Зады, таза қожа тұқымының сөзін айтпай отырсың-ау сен! Сонша жерден келгендегі сені бір «суыртпақтың сабағын» шығарар, нәсіліне тартып, көңліне аян нақты істі жайып салар деген үмітімді үзіп отырсың, сен қожа баласы! - деді.

- Ой, ерке-тотай, шолжаң жезде! Тым тереңдеп кеттің ғой! Сырымды өзіңе айтпай кімге айтам? - деп, ол безектеді.

- Ә, жарайды. Ерке-тотай болатын мен бір қылшылдаған жігіт, не қыз ба едім? Мынау не дейді?! Ақталмай-ақ қой-деп алды да:

- Ниет етіп шыққаннан соң, жұмыстың бір жақты болғаны дұрыс болар. Қожекеңе тарталық! Болмағанда, ақылдасармыз деп, көлік иесі сенсің ғой, сен қалай қарайсың дегендей маған қарады.

- Барсақ барайық. Сол кісімен бетпе-бет бір кездесу, тіпті ойымнан кетпей жүруші еді. Құдай қаласа, бүгін сәті түсер. Кеттік! - дедім.

Майтөбенің бір бөлімшесіндегі Қожағаппар атаның үйіне келсек, ол кісі шеттен ниет етіп келгендерді қабылдау бөлмесінде екен. Өтекең бізді қайынбикесі Бибіжан апайға таныстырып, үйге ендік. Жайғастық. Біраздан соң, апай біздің келген хабарымызды Қожағаппар атаға жеткізді. Ол кісіден қайта шыққан апай, бізге сұрақ қоя келді.

- Сіздер Ақкөл жақтан келе жатырсыздар ма?

- Иә - деп, жауап қайырды Өтекең.

- Ә, бәсе! Сіздердің хабарларыңызды айтқаным сол еді, Қожекең: «Иә, білем. Олар үш адам. Ақкөл арқылы келіп отыр. Жоқ қарап жүр ғой өздері» - деді дағы, маған «Жақсылап шай дайында! Қазан көтер!» - деп тапсырма берді. Қой, қожайынымның тапсырмасына кірісейін-деп, апай Өтекеңе ерекше жылы шырай танытып:

- Дем ала тұрыңдар! - деген ілтипатын айтып, шығып кетті.

Шай қайнап, алдымызға дастархан жайылар алдында, Қожағаппар ата келді. Бәрімізбен амандасып, Өтекеңнің жағдайың, мал-жан амандығын білгеннен соң, ата бізге қарап:

- Мына балаларды таныстыра отырмайсың ба? - деп Өтекеңе қайрылды.

- Е, бұлар менің туысқан-ағайындарым. Жасы үлкенінен

бастасам, Есенгелді деген туысқаным, - деді қолымен көрсетіп.

- Ә, бұл бала жылқы бағады ғой.

Жылқың көп! Бақуатты екенсің! Неге садақа беруді білмейсің?! Садақаны білмесең, қимағаның басқанікі болады. Соны біл! Жаның алқымға тығылғанда берген садақадан қайыр аз. Садақаның абзалы - байлығыңа қарап берілген садақа. Шөліркеген адамға су берсең де садақа. Садақа - бәледен сақтаушы-деп, Қожағаппар ата сөзін садақа туралы сабақтай бергенде, Бибіжан апай, шай дастарханын жаюға ұрықсат сұрай кірді.

- Дастарханыңды жай, әкеле бер шайыңды. Қазаныңды қамдадың ба? - деді Ата бастырмалата.

- Иә, отағасы. Бәрі реттеледі. Қамсыз болыңыз! - деп, апай да қысқа жауап қайырып шығып кетті.

Дастархан жайылып, шай әкелінді. Шай ішіп отырып, ата бастаған әңгімесін былайша жалғады:

- Қарағым! - деді Есенгелдіге қарап.

- Әңгімемді саған арнап, садақадан бастағаным тегін емес. Дүние-мал, өзіңде жетерлік екен. Араласқандарыңмен алыс-берісің де жақсы. Бергенге, асырып бересің, иншалла, оның рахатын көресің. Бірақ та айтарым, соңғы кезде, неге екенін қайдам, садақа-сауапты, қайырымдылықты ұмытып келесің! Есінде болсын! Садақа бергеннен пенденің малы кемімейді. Малына қиянат жасалған күнде де, сабыр сақтаса, Алланы ұмытпаса, Алла оны құр қалдырмайды.



Есенгелді жұбайы Пернекүлмен

Егер кімде-кімге мол дүние біте тұрып, туған-туыстарына, ортасына қарайласпаса, Алла ақысын ада етпесе, мәртебесіздік, инабатсыздық болып табылады. Қ а й ы р - садақа беріп, адамгершілік есігі ашық болған пендесіне Алла береке сияйды. Қайырлы, сауапты істер-адамды түрлі бәлелерден сақтайды. Қал-

жағдайы бар, саулығында берген садақа-өлөр алдындағы жүз мәрте берген садақадан абзал екен.

Сондықтан, қолыңды аша түс, балам! Зекетіңді, пітіріңді, садақанды ұмытпа! Кесірден қашық боласың. Оны айтып отырғаным, маған Өтекеңді ертіп, сонау Ақкөлді айналып, үмітпен келіп отырғаныңды біліп отырмын. Бағуыңдағы қоғамның бір қора жылқысы, қолды болыпты ғой. Иә, ...і-і кәзір екінші қолда. Біраз күн болып қалыпты. Сенің шарқ ұрып, совхоз мамандары да қосылып іздеп жүргендеріңнен қауіптеніп, өлі ұзаққа асыра алмай отырған жайы бар - сенің «достарыңның». Аулыңнан солтүстікке қарайғы бағыттағы, таудан төмен, төбеден биік, ұзын созылып жатқан белден асырыпты. Бір кезде көзін жұмып алып:

- Одан әрі жазықпен айдап, судан өтіп, бұйрат-бұйрат жоталар, тырбиған биік емес, жүзген бе, баялыш па, қоян сүйек пе, өскен? Иә, ... і-і біздің сөз-лексиконымызға сіңіп кеткендей, «барқанды» биік құмдардан асып, ел көзінен тасалау, үш жағы бірдей биік құмды белдермен әдейілеп қоршалғандай, сусыз бір сайда шұрқыратып, есіл жануарларды қаталатып екі адам бағып отыр. Екі күнде бір айдап барып, түнде суарған болады. Тамақтары таусылып, өздерінің де жағдайлары шамалы, қажыған сыңайлы.

Анау сұлу мүсінді, қара қасқа айғыр, - деді ата, дәп бір кино көріп отырғандай баяндап, өте ақылды, текті екен. Үйірің «жауға» бермес! Тарпып тұр! Дембіл-дембіл кісінеп, аулыңа қарай құлақ түретін секілді. Күзеттің күштілігіңе, шыға алмай тұр.

Бүгін, не ертең, жылқы үйірінің «қамалған» сайға үйренгендерін медет тұтып, Алла ақылдарынан адастырып, біреуі ауылдарына тамаққа, әрі хабар алуға жүретіндей. Қалған серігі қажығаннан қалжырап, ұйқыға басады. Алланың өмірімен, қара айғыр үйірімен түнде ауылын бетке алып, биік «барқанды» құм бұғауынан босап, қиянаттың қыл шылбырын үзіп, өрісіне асығар. Иә, таң рауандап атпай-ақ, көлденең судан қанып, қуаттанып жедел жүріске басады. Бүгін, ертең... иә, тілім жазықты! Бүрсігүні таңертеңнен қалмай, тобына бастарын қосады...

Иә, сол саған айтар, Құдіреттің хабары-деп, көзін ашып, ол Есенгелдіге қарады.

- Айтқаныңыз келсін, Қожеке! Өзім де, бармаған жерім жоқ. Күдерім үзілгендей болып келіп едім. Көңлімді бір демедіңіз! Садақа, қайырымдылық жайындағы айтқандарыңызды

көңліме тоқыдым. Ризамын Сізге! Мал соңынан жүріп, садақа, зекет деген игілікті, қайырымды істер естен шығып кеткені де рас. Мойындаймын. Садақаны білмесем, қимағаным «қызыл итке» бұйырырын да түсініп отырмын. Ондай қателікті енді жібермеуге, садақаны кешіктірмей беріп тұруға сөзімді беремін. Бар жақсылық қайырымдылықта екенін, біреуге жасалған әрбір жақсылық садақаға жататынын түсіндім. Рахмет! Аруағыңыздан айналайын Қожеке! Енді айтайын дегенім: Сізге, сүйіншіңізге бір бие атаймын! - деді Есенгелді де елжірей түсіп.

- Рахмет, айналайын! Айтқандарым құлағыңда қалса, менің парызым өтелгені. Сүйіншіңді табылған соң айтарсың - деп, ата, Өтекеңе қарады.

- Мен кепілдікке жүремін ғой. Кепілмін - деп, Өтекең көңілі көтеріле, қарқылдай күлді.

Сол кездерде шай да ішіліп болып, Қожағаппар ата «Күтіп отырған үш-төрт ниеттесімді қабылдауым керек» - деп, өз бөлмесіне кетті...

БОЛАШАҒЫМДЫ БОЛЖАҒАНЫНА ТАҢ ҚАЛАМ!

Ет түсердің алдында, Қожағаппар ата жұмыстарын бітіріп, біздің ортамызға келді де:

- Бір шайда жылқышы туысқаныңмен таныстым. Енді таныстыратын ағайының кім болады? - деді ата.

- Ә, бұл інімнің аты Махан. Үйінде бірнеше рет болғансыз. Ағамызға да кезінде бата жасағансыз. Өзіңіз білетін, Тілеген көкемнің баласы. Совхозда бас экономист болып істейді - деді Өтекең.

Өтекеңнің «Махан» - деп, менің жанама, лақап атымды айтқанын дұрыс көрмей, Алланың атына айтылатын істерде, жалбарытуда, әмсе, «Азан шақырып қойылған өз есімі аталуы керек» деген қағида ойымда бар мең, сөзге араластым.

- Қожеке, мен сіздің атыңызға бұрыннан қанықпын. Біздің үйге бірнеше рет келгеніңізді ата-анамнан естігенмін. Дәурен деген кішкентайымыз, бесікте жатқанда ауырып, оның жазылуына себепші де болғансыз. Менен үлкен Мейрамкүл әпкемнің де өміріне жарық сілағансыз. Бірақ, бетпе-бет кездесуіміз бүгін ғана. Сыртыңыздан Өтепберген көкеңің үйінен үш-төрт рет көргенмін. Әкей сіз жайында айтып отыратын

Өзіңізбен кездесудің жөні бүгін келгеніне қуанып отырмын. Жаңағы жоғалған жылқылар жайында айтқаныңызды есітіп, таң қалғанымды жасыра алмаймын. Бұл деген теңеуі жоқ керемет күш қой, таңғажайып қабілет қой!

Қожеке айып етпеңіз, жаңа Өтепберген көкем мені сізге таныстырғанда атымды «Махан» деді. Ол дұрыс емес, ол маған ауылдағылардың қойған жанама лақап аты. Менің түсінігімде, Алла атына сөз айтқанда, азан шақырып қойылған өз есімі аталуы керек. Менің атым-Нұрмахан, - дедім.

- Е, Тілеген Рахметкердің ұлы сен екенсің ғой. Естуім бар. Әлгі айтқан кішкентайларың көзің қалай?

- Аллаға шүкір! Денсаулығы жақсы. Сіз емдегелі бері бізді әбігерге салған емес. Өсіп келеді. Келіңіз Сізді аузынан тастамайды. «Ата ғаламат жойқын күштің иесі» - деп, сұрағандарға айтудан жалықпайды.

- Иә, Құдайдың сүйген құлына жамандық жоламайды. Осыны әркім білгені дұрыс - деді де, Өтекеңе қарап:

- Мына інің өте дұрыс айтып отыр. Адамды өз атымен атамай, лақап атымен атағанға, періштелер лағынет айтады - деген Пайғамбар (с.ғ.с) хадисін естімеп пе едің? Өтеке-ау, бұл ініңнің есімі-Нұрмахан аталып, бас буынының Нұрдан басталуында да үлкен гәп бар! «Махан» деген сөз, сөздікті қарасаң, шошқа етін айтады. Мен ана бір жылдары, жазықсыздан түрмеде отырғанымда, орыс тілін біраз үйренгенім бар. Ал «Нұр» деген буың, сөзден басталатын, Нұрмахан деген атымен, бұл ініңнің бар болашағы бақыты байланысты. Көрдіңіз бе? Нұр-ды алып тастағанда, ойланбай атай салған аттың не мән берерін? Не жоғалттың?! Сондықтан да, еркелеткен ерке балаң болса да, абайлап, мүмкіндігінше, өз есімімен атауға үйренген абзал.

Бар болашағы, бақыты атының басқы буыны Нұрға байланысты, дедім ғой. Азаматтық әзиз атты арқалап жүрген бұл ініңе бақ қонған! Тұла бойы нұр шашып, маңдайы ашық, жарқыраған! Алла қолдаған! Әділетсіздікке қаны қас, мәселенің мәнісін түсіне біліп, туралығын айтатын, нағыз албырт жас! Келешегі алда. Ел басқарады. Досы да, қолдап-қоштары да қағазы мен қаламы болады. Тірі болсақ, әлі-ақ көзіміз көрер! Иншалла, бетінен жарылқай көр! - деп, ата бет сипаған соң, бәріміз де қосылып, бет сипадық.

Еттің хабары келіп, қол жуып, бәріміз де қайта дастарханға жайғастық. Ет келіп, желініп, бата беріліп, қол жуылған соң, Қожағаппар ата маған қарап:

- Нұрмахан балам, алдың жақсы. Күте біл! Даңдайсыма! Жаман әдеттен қашып жүреді екенсің, осың дұрыс бағыт! Ауытқи көрме!

Енді айтарым, 147 күн өткен соң, солтүстік жаққа сапарға шыққалы отырсың. Артынша, көп емес, бір жылға жетпей, и-иә, бір жылға жетпей жұмысыңды өзгертесің. Алланың маған көрсеткені осындай! Лайым, жақсылық болғай! - деп, ата сөзін аяқтады.

- Сеніміңізді ақтауға бар күш-жігерімді жұмсап, әбестікке жол бермей, өмірге деген ұстанымымды ұштай отырып, әдептіліктің, ізетті-ибалықтың туын көтеруге, сөзімді беремін-деп, атаның қолын алдым.

Қазақтың мейманына бұйыратын екі шай, бір етінің соңғы шайын ішкен соң, бәріміз Қожағаппар атамен ыстық ықыласты қимастықпен қоштасып, жолға шықтық.

Бұл аптаның жексенбісі болатын. Қасымдағылардың не ойлағаны маған белгісіз. Мен жайындағы атаның лебізіне онша мән бере қоймағандарын да біліп келемін. Мен үшін ол айтқандардың көбі құпия болғаны оңды. Солай болды да. Ол құпия, міне енді, зейнетке шыққан соң ғана жария етіліп отыр...

Машина жүргізіп келе жатсам да, ойымнан ата айтқан адам есімі жөніндегі тұжырым, менің келешегім туралы болжамы және Есенгелді ағамыздың жоғы-бір үйір жылқының тағдыры шықпады.

Сәрсенбі күні, Есенгелді ағадан хабар келді. Қара қасқа айғырдың үйірі түгел, өз аяғымен келіп, тобына қосылыпты. Қожағаппар атаға сүйіншіге атаған биесің, жеткізу жолын Өтекеңмен ақылдасып, хабарлауды сұрапты...

Бұдан кейін қалай таң қалмайсың?! Шындық солай болса. Мұны кездейсоқ деуге қалай аузың барады? Өзің құлағыңмен есітіп, көзіңмен көрсең! Таң қалмай көріңіз, Құдіреттің күшіне!

Содан, ол сапар жұмысбастылықпен ойдан да шығып кеткен. Қыстың қалай өткенін де білмей қалғандаймыз. Наурыз айының басында, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасынан совхоз директоры Орманов Сейітқалық ағаға Көкшетау қаласында өтетін еңбекке ақы төлеудің жаңа жобасын талқылау жөніндегі семинар-кеңеске қатысуға іссапарға жүруім туралы нұсқау келіпті. Ол кеңеске облыстық басқарма бастығының сол кездегі орынбасары Жолсейіт Хамбаров бастап, бес-алты адам қатысып қайттық.



Көкшетау сапарында

Кейін зер салып, санап көрсем, Қожағаппар атамен кездескен күннен, тура - 147 күн өткенде, Көкшетауда болыппын.

Не деген дәлдік! Көріпкелдік! Не деген керемет, жұрттан ерекше қабілеттілік! Алланың адам баласына силаған, басқаларға белгісіз, жұмбақ сырлары ұшан-теңіз екен ғой!

Атаның менің болашағым туралы айтқандарының айна-қатесіз келгеніне, таңданбасқа бола ма?!

Атаның айтқанындай-ақ, тура тоғыз ай өткенде, 1978 жылдың ақпанында совхоздың бас экономисінен совхоз партия комитетінің хатшылығына сайланып, ауыстым. Кейін ауданда, партия комитетінде бөлім меңгерушісі, ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, совхоз директоры болып қызметтер атқардым...

Осы баяндалған, өзім куәсі болған сәттер менің Қожағаппар атаға деген сенімді күшейтіп, өмірге деген құлшынысымды шыңдай түсті. Осы жылдар ішінде, ата меңзегендей, досым да, қолдаушым да, қоштаушым да, құштарым да - қағазым мен қаламым болды.

Қолыма қалам алғанымда, ми қатпарында тығылған ойлар анталап қағазға түсетіні шындық. Қаншама баяндама, сөз, ойтолғақ, мақалалар жазылды. Соңғы жұмыс орнымда отырып, 2001 жылы іскер азамат Серік Ахмедовпен бірлесіп 200 беттік анықтамалық шығарсақ, 2003 жылы 296 беттік, 2004 жылы 460 беттік бағдарламалардан тұратын кітаптарды шығаруда өз қолтаңбамның қалғанын мақтан етемін.

Жай өмірдегіден жазу кезіндегі болмысым тіпті бөлек екенін жасыра алмаймын. Ол рас. Қағаз бен қаламым арқылы білімім мен бойға біткен іскерлік қабілетімнің арқасында, тамыр-таныстықсыз да, жалпы қолдаушы көкелерсіз де өзімді көрсете білгендеймін. Оған қызметте жеткен биіктерім, елдің ілтипаты куә боларлықтай. Ол мен үшін зор мақтаныш!

Енді міне, зейнет жасында қағаз-қаламыммен достығым ажырамай нығайып, көргендерім мен көңілге түйгендерімді келешекке сабақ болардай, «Ағаларым-асылдарым» деген айдармен Әулиеата өңірінің атпал азаматтары туралы эссе-естеліктерді, түрлі хикаяттарды, сықақ өлеңдер мен уытты уәждер топтамаларын жазып баспаға ұсынып жатырмын.

Осыдан кейін, болашағымды болжап үміт отын маздатқан, ауырып - сырқаған өз жақындарыма шипасын дарытқан Қожағаппар ата-теңдесі жоқ ғаламат күш иесі, күнделікті өз қолымен атқарған әрекеттерін керемет демей, қандай теңеу айтпақпын?!

Орысшасы-феномен! Жұрттан ерекше, ерен қабілетті, адам таңғаларлық, өмірде сирек кездесетін нағыз ғажап АДАМ!

Қожағаппар атаның кереметтері, жалғыз мен емес, сөз жетер жердегі мұқым жұртқа белгілі десем, артық айтқандығым болмас.

**Аудандық
орталық кітапхана**

№ 18716

ҰЛБОСЫН: ДӘУРЕНІМНІҢ ШЫРЫЛЫ ҚҰЛАҒЫМДА

Қожағаппар ата жайында менің жұбайым Ұлбосын, ыстық сезіммен былай толғайды:

Онда, апамыз бар болатын. Атамыздың дүниеден өткеніне екі жылдай болған. Төртінші ұлымыз Дәурен, туғаннан кейін қырқыннан шығарып, бесікке салғанбыз. Бұл, 1974 жылдың маусымының басы еді. Бесікке жатқанның ертеңіне-ақ, табан асты шар етіп, ұзақ жылайтынды шығарды. Тербеткенге де, емшекке де уанбайды. Шешіп алсаң, екі аяғын дамылсыз дірілдетіп, жылауын одан сайын үдете түседі. Бір ерекше жылас. Сондағы шырылдаған дауысы әлі күнге құлағымнан кетпейді. Терлегенде, айтары жоқ, жеңіл сүлгіні дембілдеп, сығып алатынмын. Едәуір уақыттан соң ғана, өзінше тынышталған болады. Әбден састық. Не істерімізді білсекші?! Шырылдап жылауды үдете берген соң, келесі күні лажсыз, Асадағы аудандық емханада екі күн тексерттім. Олар әрі қарап, бері қарап, облыстық невропатолог дәрігеріне жолдама берді. Басқа амал таусылғандай болып, жылап-еңіреп, түстен кейін үйге келгенмін. Сырттан апам сөйлей кірді.

- Ана «басқарма» қайнымның (Өтепберген көке бірнеше жыл колхоздар ірілендірілгенге дейін шағын колхоздың басқарма бастығы болғандықтан солай атайтын) үйіне Қожағаппар қария келіпті. Атаңның әруағына құран оқуға келгелі жатыр екен. Шай қой. Дастархан қамын жаса! - деген соң, баланың жылап жатқан кезі еді, оған да қарамастан, кірісіп кеттім. Қолым істе болғанмен, құлағым баламның шырылында. Көп өтпей-ақ, «көке» Атаны ертіп, келіп те қалды.

Келе құран оқып, аман-саулықтан соң, дастархан жайып, шай бере бастағанбыз. Көрші бөлмедегі жылаған бала шырылына құлақ түргендей болған Қожағаппар ата апамға қарап:

- Мына балаңның жыласы жәй жылауға ұқсамайды. Қанша



Анам Шаратай

айлық? Не болған? Қашаннан бері осылай жатыр? - деген сұрағына, апам:

- Соңғы екі-үш күнде, осындай бір сұмдыққа қалдық. Бесікке салғаннан бері осы жылас. Екі аяғын дірілдетіп, шырқырағанда ештемеге жұбанбайды. Емшек те ембейді. Аудан дәрігерлеріне тексертіп, жаңа ғана келген. Облысқа нербі (жүйке) дәрігеріне жіберіпті. Жаңа туған бала да, нербни (жүйке ауруы) болама, Қожеке? - деп, апам қарсы сұрақ қойып алды да, артынша, өз сұрағына өзі жауап беріп:

- Қайдам, соғыс көргендер, қиын жұмыстағылар, мына «басқарма» сияқты бастық болғандар, қайынсынып, «көкені» нұсқап, зілсіз ғана, ескерусіз, түк болмағандай уытты тілімен бір түйреп өтіп:

- Бастықсынып, жөн-жосығына қарамай ашуланып, жоқ жерден жүйкесі тозып, нербни болады деуші еді. Нәрестенің мұндайын бірінші көруім - деді апам.

- Өзің біраз нәрседен хабардар екенсің ғой! «Бу заманның кемпирлари, қыз боламан дейдилар» - деп, өзбек акалар айтпақшы, біздің кемпірлер көзір медицинадан да хабардар - деп, ата мырс еткен жеңіл күлкісін жиып ала қойды да, апам:

- Шай ішіп келе жатырмыз, Рахмет! - деп, дастарханға бата жасады да:

- Әкелші ана баланы! Көрейін. Мені де, мына келінімнің бақытына қарай, құдай айдап келген шығар - деді ата сеніммен.

- Е, айналайын Алла тағала қолдай көр! - деп ішімнен ж а л б а р ы н ы п , баланы өкеп, апам ұстаттым. Апам, атаның алдына, жылағаннан аяғы дірілдеген баланың орауын ашып көрсете берді.



Ұлбосын Күлзирамен

Қашықтау тұрып, бақылап тұрмын. Ата екі қолдап санынан ұстап көтерді де, қайта жерге қойып, санынан төмен қарай екі аяғының башпайына дейін бір-бір рет сипап өтті де, маған қарап:

- Келін қарағым, қорықпа! Көзір докторлардың оқығаны бар, тоқығаны аз. Оқығанына кез болғансыңдар ғой. Қағаз бен сиялы қалам әкел! - деді.

Айтқандарың, атаның қолына әкеп ұстаттым. Ата столға отырып, дұғалы ішірткі жазды да, ортаға келіп:



2007 жыл. Сол Дәуреніміз анасы және ұлы Диаспен Түркістанда

- Бұл балам, бесіктен шошыған! Мына жазған дұғаларды суға салып қойып, күніне үш рет аяғына түгел жағып шықсаң, ары кеткенде үш күнде, аяғының дірілі кетеді. Докторыңа әуре болма! - деп, ата жүріп кетті.

Таң қалғаным сонша, құдай кешірсін! Екі жаққаннан-ақ, аяқ дірілдеуі сирей бастады. Ал екінші күні жылауды қойып,

аяғының дірілі тоқтады. Бар болғаны, ата өз қолымен жазған, дуалы ішірткі салынған кеседегі су таусылғанша үш күн жақтым. Содан баламыз, тфу-тфу асылық болмасын, осы күнге дейін ауру дегеннің не екенін білген емес.

Ол кісінің осындай бір кереметін тағы да, өз басымнан өткіздім.

Өзім ауырып, ата айтқандай, аудандағы «оқығаны» бар докторға қаралдым. Күннен-күнге нашарлаған соң, баламызға емі қонған Қожағаппар атаға бармақшы болдым. Майтөбеге машинамен шықтым. Менің сонда бара жатқанымды біліп, сол ауылдағы Сақыш деген келіншек те бірге мінді.

Майтөбеге келген соң, өзім кіріп жолығып, Атаның емін алдым. Маған да дұға жазып, ішірткі етіп, күніне екі рет суға салып ішіп тұруымды тапсырды. Менен соң, Сақыш кіріп кеткен. Көп өтпей-ақ, жылап, қайтып шықты.

- Неге жылайсың? Не болды? - деген сұрағыма:

- Ниет етіп келмегенсің. Дайын машинамен ойланбай бара салайың, не айтар екеннен басқа сенде емделер ой жоқ. Бара бер, аулыңа,-деп, шығарып жіберді. Енді не істеймін? - деп, жылап тұрған соң, Атаның жұбайы Бибіжан апайға айттық. Апай бірден:

- Балам, әбестік болған. Ол кісі адамның ниетін бірден сезіп отырады. Жаңағы өзің айтқандай сөз аузынан шыққан болса, босқа сөз әуре етудің қажеті жоқ. Айтқанынан қайтпайды. Енді сен жайында бөтен, жақсы да, жаман да сөз айтпайды. Аулыңа бар, шын ниетіңмен кейін келерсің - деп, басу айтты. Біз ауылға қайтып кеттік.

Атаның жазып берген дұғалы ішірткісін үйге келген соң, бар ниетіммен, алты-жеті күндей іштім. Доктордан қомбаған ем, ата ішірткісінен беті қайтып, тәуір болдым.

Ата кереметіне, жұрттан ерекше қабілет-танымына байланысты осы өзім куә болған уақиғалар үнемі есімнен кетпейді. Талантынатабынып, тағзым ете отырып, аруағыңнан айналайың, пәк көңілді атаны еріксіз ойға аламын.

АВТОДҮКЕНШІ БОЛҒАН АТАНЫҢ ҰЛЫ АМАНЖОЛ АЙТАДЫ

Қожағаппар атаның баласы Аманжол мен қызы Алтынай кішкене кездерінде біздің ауылда, Өтепберген (Өтекен) көкөнің үйінде жүріп, бастауыш мектепте менен екі класс төмен

оқыған. Кейін білгеніміздей, ол кезде әкелері Қожағаппар ата, жазықсыз түрме торына шырмалып, орыс жерінде жүрген кезі екен.

Кейін мен бастауыш мектепті тауысқан соң, ауылдан кетіп, олардың кейінгі тағдырынан хабарсыз едім. Сырттай естігенім болмаса, кездескен де емеспін. Оның сәті мен облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына жұмысқа келгеннен кейін түсті. Аманжол Майтөбе совхозынан бөлінген бір шағын ұжымды басқарады екен. Бір кездесуде ата жайлы сұрап, ол кісінің кереметтеріне деген қызығушылығыммен баласынан сыр тартпақшы болдым.

- Әкей бақилыққа аттанғанға дейін автодүкен жүргіздім,- деп, бастады сөзін Аманжол.

- Ол кезде, магазиндерде еркін сатылмайтын үнді шайы, кілем, шеттен алдырылатын (импорт) киімдердің барлық түрі, қыжым, панбарқыт сияқты маталар, жалпы қат товарлар түгел автодүкендерде сатылатын. Қолыңда қат товарлар болған соң, айналаңа силы да болады екенсің. Шынымды айтсам, «Ақ» дегенім алғыс, «Қара» дегенім қарғыс болған» кез еді. Оның үстіне, әкейдің биік дәрежедегі көріпкелдігі, шипасы дарыған емшілігі арқасында қаншама көре алмаушылар тарапынан қыспақ көргенмен, атағы жалпақ жұртқа тараған даңқының көлеңкесінде біраз серпідім де ғой деймін. Ол кісінің ошағы бөлек болғанмен, маған, жұмысым ақшаға байланысты болғандықтан ба, көз қырын салып, қамқорлыққа алып жүретін.

Ауыл болған соң, тұтынушыларымның көбі-шопандар. Олар кейде айлық ала алмай ақшасыз болады. Ондайда, тауарымды қарызға беріп жіберу көп кездесетін. Ол кооперация заңы бойынша қылмыс болып есептелінеді. Тоқсан сайын немесе жарты жылда бір келіп тұратын ревизия-тексеру қолына түсіп, қаламына іліксең, заң алдында жауап беріп, жұмысыңмен қоштасасың. Әкейге сеніп, өзімше шерілік танытқан болып, әркімге берген қарызымның есебін жүргізуге де құнтсыздау болғаным рас. Себебі, үлкен көлемде берген қарызым есімнен шыға бастаса, әкей: «Ау балам, ана пәленшедегі мұнша қарызыңды неге өндірмей жүрсің?», деп төбеден түскендей ескертіп, менің миымды оятып қоятын.

Елдегі қарыздарымды жиып үлгергенше, ревизия-тексеру келіп қалған болса, әке көмегіне жүгінетінмін. Тексеруде ақша кем болса, жағдай ушығып, менің тағдырыма нұсқан көледі. Ал артық болса, кіріске алып, қаражат қайтарылмайды.

Сондықтан да, осы келеңсіздіктердің жолын кесуді көздеп, әкей, автодүкеннің товар қалдығы, кассадағы нақты ақша қанша болуы керектігін алдын-ала біліп, өте тура дәлдікпен «осыншама» деп, сомасын айтып, ақшаны санап салып қоюымды күні бұрын ескертіп қоятын. Қаншама тексерсе де, әкей айтқан ақша көлемі, тұп-тура шығып тұратын. Осы жағдай мен автодүкен айдап жүрген кездің бәрінде де қайталанып отырғанын жасырмаймын.

Құдірет силаған ерекше қабілет, таңғажайып қасиет иесі әкейдің арқасында автодүкен есебін ешбір ауытқытып көргенім жоқ. Ол кісінің көріпкелдік, емшілік қасиетінің басқалардан ерекше екенін білгеніммен, өз жұмысыммен жүріп, ондайға мән бермеуге тырысатынмын. Ол кісінің істерін тәптіштеп жан-жақты жақсы білмегеннен кейін, тұспадап айту күнә. Осыны ескеріп, өзімнің басымнан өткен автодүкен есебіне қатысты баяндаған тірліктерден басқасын қозғамағаным дұрыс болар, - деген еді.

Аманжолдың бұл айтқан уәжіне лажсыздан үнсіз келістім де, өзімше ойға кеткен едім. Ойпырмай! - деген-ді ойым. Соншама товардың кірісі мен шығысын санап есептемей-ақ, қорытынды қалдықты дәл анықтау деген керемет емес пе?! Ондай іске Құдірет силаған күшті меңгерген, нағыз ғаламат қабілеттілік керек-ау, ә! Ойға симайтын, жай қиял сияқты. Мүмкін болмас ғажап тірлік. Нағыз фонтастика! Ойымды:

- Ау, Нұреке! деген Аманжолдың сөзі бөліп жіберді.

- Менен тұшымды хабар алмағанға көңілің толмай, біраз ойға шомып қалған сияқтысың. Әкем жайлы шынайы мағлұматты білетін біздің Майтөбенің орталығында бір қария бар. Ол кісі де мен сияқты автодүкен жүргізген. Әкейдің осы өңірдегі ең тәуір көретін, «құдай сүйген» адамы болатын. Екеуі кездескенде көп сырласатын. Мақұл десең, сол кісіге жолықтырайың, - деді.

- Ол қарияның аты-жөнін айтпайсың ба? Онда біздің туысқандар тұрады ғой. Солар арқылы-ақ, тауып аламын. Сен жұмысыңнан қалмай-ақ қой, - дедім.

- Иә, айтпақшы ол кісі де өзіңмен аталас - Шымыр атаның ұрпағы. Мүмкін білерсің, аты Тұрсынбек. Тұрсынбек Сейітбеков! - деп, қайталады.

- Ой, Аманжол-ай! - дедім қуанышымды жасырмай.

- Бағанадан бері, көңлімді күпті қылмай, ертерек айтпаймысың?! Тұрсынбек көкені білмегенде, енді кімді жақсы білуім керек?! Ол менің мейірбанды, алысты жақындататын,

жақынды жебейтін, жатты да жарылқайтын жайсаң мінезді, көпшіл, бәлсінуді білмейтін, әділдікпен жүр дейтін, арамдық бойына дарымайтын, сорақы-селекеттер сіңбейтін, оғаш мінезді білмейтін, осындағы ардақ тұтар көкем ғой! Ол кісінің Қожекеңмен байланысын естімеген екенмін. Саған рахмет!



Тұрсынбек көке

Ал, сен берген мәліметтерді, еш олқысынып отырғаным жоқ. Өте құнды, ойланып, ойға аларлық мағлұмат бердің! Тұрсынбек көкем жайын ерте ойыма салғаның да менің біраз ойлағандарыма жеңілдік болғандай, -деп Аманжолмен қоштасқан едім.

Жолда келе жатып, Аманжол айтқан автодүкен жұмысына байланысты әңгімені қайта ойыма алып:

Жоқ! - деймін. Қожағаппар атаның ол әрекеті, ешқандай да фантастика емес, таза болған шындық! Оны жүзеге асырған, кез келген адамдарда бола бермейтін, жұрттан ерекше, таңқаларлық ерекше қабілетті ғажап АДАМ - Қожағаппар ата болған! Шындық тап солай!

Мұндай қабілетті ғылымда «телепатия» дейді екен. Яғни, ешбір адам әрекетін араластырмай-ақ, сезінуден пайда болатын сезім, тылсым күш арқылы шындықты болған қалпында жеткізу. Ондай қасиетті біз білетін Қожағаппар ата толық меңгерген екен. Ол қабілетті ата өте байыпты, ынтықты іхдағаттылықпен айналасындағы Алланың сүйген құлдарына өмірге керекті бар жақсылықты жасауға жұмсап отырған.

Неткен таң қаларлық кереметтілік десеңші!

АҢ-ТАҢ ЕТКЕН АЛФАШҚЫ КЕРЕМЕТТЕР немесе ҚОЖАҒАППАР АТАНЫҢ СЫРЫ

Тұрсынбек көкені іздеп барғанымда көке мен қарындасым Арманай ғана үйде екен. Амандық-саулықтан кейін, не жұмыспен жүргенімді айттым. Өзім білетін, жоғарыдағы баяндалған менің болашағым жайындағы Қожағаппар атаның болжауынан хабардар еттім.

Аруағыңнан айналайын! Қожекеңді өз ағамдай силап, келелі істерде кеңес алып, жақынымдай араластым. Ол кісі адамдарды емдеу, көріпкелдік жасап болжау, тағы да басқа заман ағымы туралы айта беруді ұната бермейтін. Тек, осы қабілет, таңқаларлық қасиет бойына қалай дарығаны жөнінде, алғашқы басынан өткен кездейсоқ кереметтер туралы өз аузынан бір емес, екі рет есіттім. Автодүкен жүргізгенде қарыздарымды жазып жүретін мына қойын кітапшама да жазып алғанмын. Содан да, уақиғалар өткен жыл, күн, айы, сағатына дейін ойымда қалыпты, - деп, Тұрсынбек көкем, қалың көз әйнегін сүртіп киіп, кітапшасын парақтап, діттеген жерін тапқан соң, аздап көз сала отырып, баяу, баппен сөйлейтін қоңыр даусымен, Қожағаппар атаның өзі болып, мына сырды ақтарған еді. Көке айтып отырды, мен жаза бердім.



Тұрсынбек көке немересі Арманаймен

- Мен, 1901 жылдың 25 сәуірін негіздеп айтқым келеді, деген еді Қожекең.

- Сол күн - менің анам Ақбаланың келін болып түскен күні екен. Өте тәжірибелі, мол дастарханды, өмірден көргені көп, парасатты, білуге құштар, сүйегі мұқалмаған. Аналарға тән мейірімді, инабатты жан-етін. Бойы бір метр 92 см, аяқ мөлшері 42, басы 62-размер. Жақ сүйегі үлкен, ат танаулы, қойпақ ерін еді. Мінберде тұрғандай төс кеудесін көтеріп жүретін. Саусағы өте салалы, білекті болатын. Ақылдылығы сол ешқашан да аптықпай, қарапайым жай сөйлейтін. Ашуы келгенде, адам жанына азар бермеуді көздеп, қаншама үлкен заттарды көтеріп, лақтырып, домалатып, ашуды өзімен-өзін жеңдіретін. Сол анам мені, 1908 жылы 29 мамырда өмірге әкелген...

Есімде қалғаны, 1919 жыл жалын атқан күн болған. Сол бір жылғы менің қуанышымда шек болмаған еді...

Революция жеңісі бізге кеш жеткендіктен бе, әйтеуір, сол жылы, аузымнан кәзіргі айтып жүргеніміздей Ленин демей, «Лейлін ата» - деп тастамай, көп сөйлейді екем.

Әлі ойымнан кетпейді, 1924 жылы екі құлағым бірдей бітіп, түк естімей, шарасыздан «құлағым-ай, құлағым-

ай» деп, жылаумен болдым. Сөйтіп қиналып жүргенімде, құлағымның астынан шығу шығып, оны ыстық тұз қыздырып басып емдегендей болдық. Ыстық тұздың әсерінен еріксіз оң құлағымнан су ақты. Сонда ғана, «жалған құлағым жазылды», деп, айналама тіл қатыппын. Сөйтсем, ол ауруым негізгі құлақ ауруы емес, құлақтан келер сырың бар деген құдіреттің белгісі екен.

Содан, төрт жылдан соң, 1928 жылы бастан ауру болдым. Бас ауруымның сыры-бағың басыңда деген сөз екен.

Тағы төрт жылдан соң, 1931 жылы ашаршылық келді. Жатсам болды көзіме небір елестер келеді. Көшкен ел жылап, ыңырсыған дыбыс, қайықтың үстінде көшіп жүрген адам нөпірі. Сондайды көре-көре көзім талып, шаршайтын. Өзімше, бұл неге көп адам? деген сұрақ көкейіме келсе болды, тосыннан «Сен көпсің!» деген жауап естілгендей болатын...

1942 жылы соғысқа кеттім...

1944 жылы жау тылында қалып, төрт орыс, екі қазақ жігіті пленге (тұтқынға) түстік. Содан, «Отанын сатқандар» санатында екі жылға жуық, дәм-тұзым сол жерден бұйырды. Сол ортада басымнан нелер өткенін айтайын.

Қасымдағы Тюмень облысы Гласовка деген мекеннің тұрғыны Гончаров деген жігіт екеуміз сырлас едік. 31 тамыз, түнгі сағат төрт жарым болатын. Орнымнан ұйқылы-ояу тұрып отырғанмын. «Әй» деген дыбыс есіткендей болдым. Қарасам, босағада бойы екі метр келетіндей бір кісі тұр. Бірақ, есік жабық. Көзіме тура Сталинді елестеттім. Киген формасы да аумайды. Сталин ғой, бұл кісі мұнда қайдан жүр-деп ойлап үлгермей,

- Қожағаппар! - деді қолын созып, артынша:

- Тұр! Встать! - деді, орысша-қазақша. Ой, Сталиннің өзі келіпті, тұр десе тұрайын-деп, тұрдым. Бір қас-қағым сәтте:

- Отыр! - деді. Отырдым. Отырған соң қарасам, «Сталинім» жоқ. Өзімнен-өзім, ұйқылы-ояу отырған сәтімде бұл қандай керемет? Мен кімді көрдім? Есік жабық, бұл кісі қайдан кірді? Енді қайда кіріп кетті? дейтіндей ой шырмауында отырғанымда, есік сықыры тағы ойымды бөлді. Менен басқаның бәрі ұйқыда. Бірақ, артынша мен де қатты ұйқыға кеттім.

27 қараша. Түнгі, 3 сағат 52 минут. Біреу оятты. Ояндым да, ойға кеттім. Не болды? Кім оятты? «Ей!» - деді бір дауыс. «Бол жылдам! Кетеміз!» Орнымнан атып тұрдым. Қасыма

екі кісі келді. Бірі портфель ұстаған, бірінің қолында автомат. Есік жайлап ашылды. «Шық!» - деді екеуі.

- Бармаймын! Ұстайды, дедім де, бармадым. Артынша-ақ, сатырлаған аяқ дыбысы сезілді де, ұйықтап, кеш ояндым. Жанымдағы Гончаров түнгі істен мүлдем хабарсыз, түк болмағандай, еш емеурін де білдірмейді. Не керек сол күннен бастап, ұйықтаудан қалдым, ұйқы тілтен қашты...

Содан, 1945 жылдың күзіне дейін әбден жіңішкердім...

4-желтоқсанда сарт етіп, күндіз жабылған есік тағы да ашылды. Гончаровтан: «Есікті кім ашты?» - деп, сұрасам, ол түк болмағандай хабарсыз отыр. Сол күні түнгі тоғыз жарымда есіктен екі кісі кіріп келді. Етігінің қонышы ұзын, біреуі қара бешпет киген. Әкемнің ағасы тәріздес, екіншісі, шинель киген солдат.



Тұрсынбек көке атын көкпарға дайындау алдында

- Жолдас Әлменбетов, тұрыңыз! - дейді қарауыл солдат. «Бұл кісі кім?» - деп ойға алғанымша, нешеме ай ұйқы көрмеген нәзік былқ-сылқ еткен денемді бір күш игергендей болып, тез жиып алдым.

- Встать! - деген команда естіле сала, бүкіл денемдегі күшті жиып, тік тұрып, «Ал тұрдық» - дедім. Сол бір сәтте санама сөз келіп:

- Бәйеке, келіңіз, деппін. Солдат қатулы. Қасындағы кісі жымыып күлді де шығып кетті. Түнгі сағат он жарымда тағы

келді де кетті. Сол түні таңғы сағат алты жарымда мен өзімнен өзім жиналдым да хабар келетіндей күтіп жаттым. Ойыма бір сәт, есік болса жабық, мен қайда кетпекшімін? Әлгілердің көмегімен бұл жерден шыққаныммен, сыртқа шыға өлтіріп қойса қайтем? - деп те қауіптеніп қоямын.

Содан не керек, 1946 жылы 25-мамырда, түнгі сағат төрт жарымда екі әскери киімді, екеуі жай кісі келе жатқанын сездім. Келе есік жай ашылып, тықырсыз екі кісі қолымнан, екеуі аяғымнан көтеріп, біреуінің бұйрығын орындай отырып, сол мезетте түрмеден алып шықты. Түрме құжаттары қайда кетті? Неге мені ешкім іздеп келмеді? Ол бір Аллаға ғана аян...

Міне менің аң-таң болған, ненің не екеніне жете мән бермей, түсінбеген, алғашқы көрген қиялға ұқсас кереметтерім.

«Алла жетектесе, жүр» деген, «Адам жетектесе, ер» деген, осы екен ғой-деп, көзір еске аламын деуші еді, Қожекең.

АЛҒАШҚЫ ЕМ

1958 жылдың күз айы болатын. Сағат 11-ден 20 минут өткен. Мал жайып, Жетімшоқы өңірінде көк шөптің ортасында отырып, қалғып кетіппін. Бір сәт мызып тұрдым да, көзім тұманданып, басым айналған тәрізді болдым. Бешпетімді шешіп, қисайып жаттым. Енді ұйықтап кетіппін. Бір кісінің оқыстан «Өй!»-деген даусынан ояnsам да, денем тітіркеніп, көзімді аша алмаймын. Құлағыма бір үн келеді. Бір кезде уқалап көзімді ашсам, ұйқылы-ояу көз алдымда теректей үлкен кісіге көзім түсті. Байқауымша, қара сақал ақ белбеулі. Бет әлпеті басқа ұлтқа ұқсайтындай. Даусы ашық екен. Зор үнмен «Қожағаппар! Мен келдім» - деп, бетімнен сипап, қолымнан демеді. Орнымнан атып тұрып: «Ассалаума-алейкум» дегенім сол арқамнан қапсыра құшақтап алды да, кішкене нәрестедей, биікке лақтырып кеп жіберді. Қайтып тосып алған жоқ, жерге сылқ ете қалдым. Шошып оянғандай, «Ойбай» - деген үн шығарып, жылап жібердім. Айдалада жалғыздан-жалғыз жатып, жарты сағаттай жыладым. Сол мезетте, өзімнің анама ұқсас бір кісі келіп, көз жасымды сүртіп, жуату айтып, демеп тұрғызды. Тұрған соң көзімді ашсам, айналамда ешкім жоқ. Ешкімді де көрмедім.

Сондай болса да, көкейімнен «сен біздің адамсың» деген сөз кетпей, қайталанып, айтылып тұрғандай күй кештім. Сол

сәттен бастап, мен ойшыл болдым. Басымды неше түрлі ойлар жаулап алды. Сағат бір жарымдарда үйге келіп, ас ішетінмін. Асқа да барғаным жоқ. Үйге кешке, сегіз жарымдарда бір ақ оралдым.

Келген соң бар жайды айтып едім ешкім де мән бермей, түсінбеді. Балалар болса, онда жас. Оларға не деп түсіндірмекпін?! Оңаша келіп, Ақбала анам:

«Жарығым не істейсің?» - деп, жылап еді, мен өзім емес, басқа кісі болып, сөйлеп кеттім. Түсіндірдім. Анам бірінші түсінді...

Сол күні кешке белгісіз күштің әсерімен, ауылдағы көптен ауырып жатқан орта жастағы жігітті алғаш рет өзім іздеп барып емдеп, қолымның шипасы тиіп, аз күнде аяғына тұрды. Содан, менің өмірім өзгеріп, ойда жоқ екінші өмірім, жалғасып кете берді...

Міне, маған қапастағы жабық түрме ішінде дыбыстап, аң-таң етіп тілдесуі, соңында түрмеден көтеріп алып шығуы, бірнеше жылдан соң ғана бойыма адам баласына шипа боларлық күштің даруы, Құдіреттің керемет күші екендігін кейін білдім ғой.

Бұл айтқандарым, жай қатардағы күйбің тіршілік иелері үшін құр сандырақ, көпірме сөз, орындалмас қиял екенін түсінемін. Оны тек өз басынан өткізген пенде ғана Құдайдың құдіретіне таңданып, бас иеді. Ал өз басынан мұндай тірлік, керемет құбылыс өткізбегендер, ой елегінен қалай өткізсе де еріктері.

Бірақ, кім болғанда да, бір Алланың дүниеде теңдесі жоқ жойқын да, керемет күші барлығына сенген дұрыс! Алланы әркез ойға алып, жалбарынып, мойынсынған дұрыс! Сонда ғана ісің алға жылжиды, өнеді, өрге басады! - деген менің сүйікті Қожекемнің сөзі, бүгінгідей құлағымнан кетпейді, - деп, бір тыныстап алды да, Тұрсынбек көке:

- Айтары жоқ, алдына келгендер риза болып қайтып жататын. Ерекше қасиетті жан еді. Жақсылық дақырты дүйім жұртқа жайылған, шипалы қолы тиген ниеті түзу нешеме жандар тез-ақ айығып, қуаныштары қойнына симай ауылдарына қайтқандарының куәсі болғанның бірі мен ғой, - деп Тұрсынбек көке сөзін аяқтаған еді.

Мұндай істерге бас шайқап таңқалғаннан басқа, әзірге біздің қолымыздан не келер дейсің?! Шіркін, дүние неткен тылсым сырлы еді!

СЕНІМ КҮШІ

Тірі болса атамыз,
Шапағатын көрер ме ек?
«Осылай болты» дегендей.
Үстірттеу мағлұмат берер ме ек?
Өкінішті амал не?
Заманнан қорқып «керек» бол.
Көзі барда атаны.
Біле алмай қалдық тереңдеп...



Қали ата нақсүйері Зеркүл апамен

АУЫЗАШАРДА

Отыз күн ораза, мұсылмандар үшін, нағыз мейрам. Той іспеттес. Аста-төк, тамақтың нешеме түрі, дастарханды жаулап алады. «Жиғаның тойға шашылсын» - деп, тілек тілейтін қазекем, ауызашарға, бар мүмкіндігін пайдаланады. Ән-күйден басқа, керектің бәрі, ауызашар беретін үйден табылады. Күн құрғатпай, ауыз бекіткендер жиылып, алдын-ала белгіленген кезектегі үйлерде, ауызашарда бас қосып отырады. Келгендер ішінде, исламды жаңа мойындап, әліде, жете түсіне қоймаған, алпыстан асқан, қариялар тобына енді қосылған, коммунистер, яғни, бұрынғы атеистер де болатын. Оларда, ниеті тура болғандықтан, коммунист бола тұрып, сыртқа білдірместен ауыз бекітіп, топта жүретін.

Ол күн, ауызашар өтетін үйдің балалары үшін, ауыз бекіткен қариялармен жүздесу, гибратты сөздерін тыңдау, өз алдына бір қызық. Келгендерді шетінен, «Ассалаума-алейкум»-деп, қос қолын ұсынып, қарсы алу, олардың киімдерін шешуге жәрдемдесіп, жайғау, сонан соң, қолдарына су құю, сүлгі ұсыну, кебістерін реттеп, кетерлерінде кебістерінің тұмсығын сыртқа қаратып, есіктің көзіне жұптап қою, оларға ілтипаттың нағыз, жоғарғы түрі болып саналатын. Мұндай істеген ізгілікті істері үшін, үлкендердің алғысын, олардың көңілдерінен шыққан шынайы ниетімен берген батасын алып үйренген бала, әрқашанда, өз міндетін ықтиятты орындауға талпынатын. Сауапты істер саналарына сіңісті болып, үлкенді силау, әр кезде, кішілікті, кісілікті көрсете білу ниеті бойында қалыптасатыны түсінікті де. Ойлап қарасақ, жай бір ұсақ-түйек атқарылатын істің бірі ретінде, елеусіз көрінгенімен, мұндайдағы бала әрекеттері, оның тәрбиесі үшін өте маңызды емес пе? Осы мәселе жөнінде, кезінде, жасы келген бір мұғалім ағаның ойын білу мақсатында, сұрақ қойғанымда, дәл ойының үстінен шыққандай-ақ, жұлып алғандай:

- Ой, ол әрине, айтары жоқ маңызды, керек іс. Ораза ұстау, феодализмнің сарқыншағы деп, айтылғаныммен, денсаулық үшін иман үшін, тәрбие үшін керектігіне шүбә келтіруге болмайды. Олай болса, бала тәрбиесін осылай сауапты жұмыстарға бағыттағаннан ешкім де ұтпаса, ұтылмайды. Ауызашар сияқты көпшілік жиналатын жерлерден, жас бала өзінің келешегіне, жалпы өміріне қажетті, нағыз тәрбие бастауынан сусындайды. Анасының әлдиің, әжесінің ертегісін, атасының ұлагатын, көпшіліктен имандылықтың иірімдерін

естіп өскен перзент, елінің сенімін ақтарына сенімдімін - деген, кесімді сөзін айтқан еді қарт ұстаз.

Сол қарт ұстаздың сөзі, жастар тәрбиесі жөнінде мәселе көтеріліп қалғанда, еріксіз ойыма оралады. Неге? - деймін, өзіме-өзім. Тұнып тұрған ізгілікті көздейтін ұлттық тәрбиені, имандылық әліппесін, дін тануды, мектеп қабырғасында оқытуға болмай ма? Оқытудан, қарт ұстаз айтпақшы, ұтпасақ, тіпті де ұтылмаймыз ғой. Бұл мәселеден, аз да болса, сауаты болған адам, басқа діннің жетегінде кетпес те еді-ау! Нашақорлық жолына түспес еді-ау! Ең ақыры, әдептіліктің, ізеттіліктің аулына үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, бір-бірімен кездескенде, тұра қалып, талғамастан (қыз ба, жігітпе, ер ме, әйел ме оларға бәрібір) шүпіндете сүйісу, әдетке айналып кетпес еді-ау! Қыздарымыздың, тырситып сым киіп алып, күн райын талғамай, бүйрек, бауыр, іш құрылысына, қуық, бүкіл жыныс бездеріне, суықтың келтірер зиянын түсінгісі келмей, мода қуған сыңай танытып, алда болашақ ана болу үмітінің үзілетініне, тұқымсыз қалу қаупінің күтіп тұрғанына мән бермей, жарқыратып кіндігін көрсетіп жүруі болмайтын да шығар еді-ау! - деген ойлар келетіні баршаңызға да аян болар.

Иә, біз ауызашар, имандылық жолы жайында айтып келіп, әдепке, жалпы тәрбиеге, бала тәрбиесіне, де барып қайттық. Қайткенде де осы мәселелер, бір-бірімен байланысты екенін ұмытпауымыз керек сияқты. Сонымен, алғаш бастаған әңгімемізге ауыссақ, ары былай өрбитін еді:

Жиналғандар, имамның: «Ей, Алла! Саған шын ниетіммен ораза тұттым. Сенің берген ризығыңа ауыз аштым. Саған ғана иман келтірдім және Өзіңе ғана тәуекел еттім. Тілегімді қабыл ет! Әмин!»-деп, оқыған ауыз ашар дұғасынан кейін, ауыздарын ашады. Ауыз ашып, «жан шақырған соң» ораза намазын оқуға кірісетін. Оны аяқтай сала, әңгіме өзегін, құран хақына, мұсылмандық әдеп жайына, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) хадистеріне аударатын. Ондайда, ортада көпшілігінде, ауыл имамы сөйлейтіндей еді.

Имам, ораза ұстау парызы, оны ұстаудың тәртібі, оразаны бұзатын істер, оразаның артықшылығы оның мәні мен маңызы туралы кезек-кезегімен асықпай, өз мақамымен отырғандарды шындап-ақ ұйытады екен. Көбінде Имам, пайғамбар хадистерінен айта келіп, «Ораза-сынақ айы. Бұл айда адам, өз нәпсісін тиып, жаман нәрседен, күнә жасаудан, жала жабудан аулақ болып, жақсыға яғни сабырлылыққа,

шыдамдылыққа, тақуалыққа тәрбиелеуі керек. Исламда иман, сенім жоғары тұрады»-деп, жиі қайталайды екен.

РСАЛЫ ҚАРИЯНЫҢ ӘҢГІМЕСІ



Рсалы қария

Ауызашарға келген отыз шақты адам, бөлме кішілеу болғанда, бәрі бірге сия қоймайды. Ондай жағдайда, көпшілігінде, әлгі топқа жаңа қосылғандар бөлініп, бөлек отыратын. Имам уағызынан босай сала, олар да, өз ортасына тән, бөлек әңгімелерін өрбітеді екен. Сондай әңгіменің бірін, бірнеше жыл жылқышы болған, екі беті нарттай алаулап тұратын, ылдым-жылдым, шымыр бітімді, ашық мінезді, қу тілді-сөзшең, әңгімешіл, аузы батыр, Рсалы қария айтқан еді.

- Имамымыздың айтуынша, ораза тек ішіп-жеуден ғана емес, бейәдет, жаман сөздерден сақтануды қажет етеді. Егер біреу сені сөксе, сен оған «Менің аузым ораза еді»-деп, себеп айту керек екен. Өтірік айтып, арамдық жасауға болмайды. Бастысы, нәпсіні тию ләзім. Жаратқан өзі кешірсін. Біз болсақ, ондайдың талайын бастан өткердік. Кәзірде жетістіріп жүргеніміз шамалы-деп, бастады әңгімешіл қартымыз.

- Ол кезде, шамада, елуден енді ғана асқан кезім болу керек. Талас жақта бір үлкен той болып, ауылдан үш кісі атпен шығып, ертесінде жеткенбіз. Тойды өткізіп, қайтар жолымызда, күн тым ысып, жол өнбей, ауыр болды. Шөлдеп, шын қажыдық. Тойға барар жолда, қос киіз үйді көз көрер жерден жанай өткенбіз. Неде болса, сонда түсіп, жан шақырмасақ, жағдайымыз қиындайтын түрі бар. Жағдайды дұрыстау үшін, үлкеніміз Қали (балалар мен жасөспірімдердің республикалық «Ұлан» газетінің бас редакторы Сұлтан Қалиұлының әкесі. Автор) ақсақалды, қажыға барған сопы, «түфу» деген түкірігі зая кетпейтін қасиет иесі, ал Өтекенді, сол кісінің шәкірті, өзімді болсада, осылардың атқосшысы етіп, таныстыра отырып, қонақ болу ойыма келді. Ол ойымды,

біраз бел босатуға тоқтап, Қалекең бесін намазын оқуға әрекет жасап, тәйяммумға ниет қылу үшін кірісіп кеткенін пайдаланып, Өтекеңе айттым.

- Ей, Рысалы! Қазақта үш ғайып: ажал ғайып, қонақ ғайып, несібе ғайып дегенді естіген боларсың? Ғайыптан келіп қалдық, құдайы қонақпыз! десек, өздері де қарап қалмас. Үйінде еркегі болса, болды да - деп, Өтекең алғашта, сөзіме дес берместей сыңай танытты. Біраз өткен соң,

- Сенің айтқаныңның да жөні бар сияқты. Сен бірақ, «атқосшылығыңды» дұрыстап атқаратын бол Кісі көзінше, менің өктемдігіме көнесің. Ақ Қалекеңе әзірге, ештеме айтпайық. Ол кісі, бұлқан-талқан болып, ашулануы мүмкін. Ол кісінің шын болмысы, сен айтқан, «түфуі зая кетпейтін қасиеті» дегенің болмаса, басқа сопылығынан туындайтын әрекеттері-ақ бір басына жетерлік. Әсіресе, дәрет алған соң, аяқтарын кавказ биін билегендей, оңды-солды көтеріп, секіретіні бар емес пе? Ол ерекше, елде жоқ қимылдың өзі, бір нәрсені аңғартардай ғой! Ол кісі, әлгі үйге бара салысымен, намаздыгер намазын оқу алдында дәрет алып, міндетті түрде, сол әдетін жасап, секіретіні белгілі. Сол мезетті дұрыс пайдалана алуымыз керек - деп, шегеледі.

- Олай болса, Құранды сен оқы. Батаны Қалекең беретін болсын-деп, өзімше менде пысықтағандай болдым.

Қайтадан атқа қонған соң, жүріп отырып, намаздыгер уақытының орта мерзімінде шын шөліркеп, әлгі жолдағы діттеген қос киіз үйге де жақындадық. Алдымыздан қос төбет абалап, қарсы шықты. Ит даусынан далаға бір әйел үйден шыға, қайта кіріп кетті. Артынша-ақ, үйдең, ақ жейдешен біз құралпы кісі шығып, иттерді қайталап аттарын атап, өзіне шақырып, біздің келуімізді күтіп тұрды.

Үйге жете Қалекең:

- Ассалаума-әлейкум-деп, өзінің бұрынғы қанына сіңген, жасқа да бұрын сәлем беретін әдетімен, қарттығына қарамастан, бұрын сәлем берді.

- Уағалейкума-ассалам - деп, сәлемімізді үй иесі қабылдап, Қалекеңнің шылбырына жармаса, атынан түсіріп алды.

- Қош келдіңіздер! Ұзақ жолдан келе жатқанға ұқсайсыздар. Қонағым болыңыздар-деп, бәйек болды.

- Өзіміз де, шөліркеп, қажып келеміз. Бәрінен де, мына сопы қарияға ауыр тиді. Айып етпеңіздер, өзіміз де құдайы қонақ болғалы үйіңізді діттеп келдік - деп, атымнан секіріп түсіп, Қалекеңнің шылбырын үй иесінің ұстап тұрғанын

пайдаланып, Өтекеңнің атымен, өз атымды қазыққа қарай жетелеп, келісілген «атқосшылығыма» кірісіп кеттім.

Шай қойылып, даяр болғанша, «Намаздыгер намазым қаза болмасын»-деп, Қалекең дәрет алуға шығып кетті. Біраз өткен соң, әдетіне салып, аяқтарын би билегендей ары-бері сілтеп, секірумен жүрген. Мұны аңғарған үй иесінің, «Бұнысы несі?» деген сұрақ көкейінде тұрғанын, ішкі ойын түсіне қойған мен, ол кісіні, ойыма келген мақтаулармен төпедім келіп.



Шай үстінде: солдан оңға қарай - Қали ата, інісі Айнабек, қарындастары және ұлы Әбдімар мен бәйбішесі Айғаным

- Дәрет алғанда, үнемі солай секіріп, аяқтарын қайшылап жүру, бұл кісінің әдеті. Сопылығына адал, өте кірпияз жан! - дедім, зор мән бере мақтанышпен.

- Әсіресе, бұл кісінің сопылығынан басқа, «түкірігі зая кетпейтін, қасиет иесі» дегенімде, жоғын тапқан жоқшыдай, бетіне қуаныш сезімі ұялап, құлағы елеңдей түсіп, білуге құлшынғандай сыңай танытып, әрнемені біле түсуге құштарланды.

Шай ішілді. Терлеп, шөл де басылды. Жөн сұрасып отырып білгеніміз, шаруашылықтың қойын бағатын, әкелі-балалы отбасылар екен.

Кешке қоймен баласы келді. Қой сойылып, қазан көтерілді. Әңгіме арасында, үй иелерінің көзінше, Қалекең мен Өтекең

деген өз ілтипатымды көрсетіп-ақ бағудамын. Келісім бойынша Өтекеңнің өктемдеу сөйлеп, бұйырған тапсырмасын екі етпей, аяғымның ұшымен жүріп, орындап жүрдім. Жапон, маңғолдарша екі қолымды шекеме әкеліп иілуден басқа, ойыма көлген, кебістерін қою, есікті ашу, құманды дайындау, өйтеуір, білетін «жақсылығымды», мүлтіксіз орындауға тырыстым.

Далаға шыққанымда, үй иесі менімен қосыла шығып, шын сырын ақтарды. Баласының үйленгеніне бес-алты жылдың жүзі болғанға ұқсайды. Нәресте көрмепті.

- Қыдыр айдап, өздеріңіз кештетіп келіп қалдыңыздар. Айтуыңызға қарағанда, ана қарияңыз тақуа сопы, қажыға барған қасиетті қажы көрінеді. Келінімді қарап беруді сұрауға, ниетім ауып отыр. Осыным қалай болады? Өзіңізбен ақылдасқалы шықтым. Жолы құтты болса екен! - деп, Аллаға жалбарынды үй иесі.

- Е, замандас! Үйіңе құдай айдап, шақырып келтіре алмайтын, Алланың сүйген құлы, өзің айтқандай, тақуа, күнәдан ақ, сопы келіп отыр. Құдырет теңдессіз күш силаған, қасиетті сопекеңе деген ниетің түзу болса, ол кісінің қамшысының ұшы тиіп, бір «сіфу» дегені ем боларына сене бер! - дедім де,

- Тамақтанып болған соң, жағдайыңды айтып, «Алыстан құдай айдап келген қыдыр есебінде қабылдадым. Ырымы болсын, келініме түкіріп беріңіз»-деп, шын көңілмен, қиыла сұрағаның жөн. Артық сөз айтушы болма! - деп, үй иесін пысықтап қойдым,

Тамақ келді. Тамақтың алдында, Өтекең «шәкірт», Фатиха сүресінен бастап, «Құлхуаллатып», Ықылас сүресімен аяқтап, дәметкен аруақтарға бағыштап, құран оқып тастады. Қалекең сопы, бата жасап, ас қайырды. Қайта шай ішілді. Үй иесі, келіскеніміздей, жағдайын баяндады. Қалекеңнің болса, біздің ұйғарымымыздан хабары жоқ. Сондықтан да, азар да, безер болып тулап жүрсе жағдай насырға шабар деген қауіппен, Өтекең екеуіміз кезектесе:

- Құдай айдап келген, құтты қонағымсыздар-деп отырған жоқ па?! Сопеке, ырымы болсын, қошқардай ұл тап! - деп, бір түкіріп, мына қамшыңызбен ырымдаңыз. Құдай сәтін салса әжеп емес. Бұл үйге бізді де, «себіміз тисін»-деп, бір Жаратушының өзі айдап әкелген шығар! - дедік те, кереге басында ілулі тұрған қамшысын қолына ұстата бердім.

- О, нанжауғыр! Айтқаның келсін! Ізгіліктен, ізгі ниеттен,

жақсылықтан, қайырымдылықтан неге қашайын. Ниетің түзу болып, сенім күшті болса, орындалмайтын іс болмайды. Гәп сенімде! Сондықтан, білейін дегенім, өзіңнің, отбасы мүшелеріңнің бойындағы менің адал ниетіме деген сенімі қандай? Отырған отбасы мүшелерінің ниеттерін тыңдап болған соң Қалөкең:

- Әкең, алдыма келінді! - деп, шын арқаланып кетті. Өтекеңді қайдам, мен өзім, таң қалғаным сонша, алдымызда біз білмейтін, біз көріп, естімеген тақуа сопы ғана емес, құдыреттің бір алып күші отырғандай сезіндім.

Келінді отырғызып қойып, қасиетті Құран сүресінен үш-төрт сүрені бастырмалатып оқып алды да, шын ықыластана бірнеше рет «сүфілеп», дем салып, сүйек сырқыратар тілектермен, Аллаға жалбарынып, былай аяқтады:

Жолымды оңғар, АЛЛАМ!
Жамандық іске барман.
Бес жылдан аса бұл келін,
Перзент көрмей қалған.
Сенімі түзу бәрінің,
Сұрары тек жақсылық-
Көтері болсын алдан!
Ұл туасың келінжан!
Шілдеханаға қамдан!

- деп ерекше мақаммен өлеңдетті дағы, қамшысымен, келіннің арқасын, кәдімгідей-ақ ширыға, үш рет осып-осып жіберіп, орнына келіп отырды.

Келіннің және де басқа отбасы мүшелерінің көздерінен мөлтілдей аққан жасты көріп, «Алпадан шын тілеген, Сопекеңе деген шынайы сенімдеріңіздің беріктігінен, бәрінің көз жастарыңның өтемі-шекесі торсықтай ұл болғай!» - деп, Өтекең де батасын беріп үлгерді...

Жақсы тілекпен, таң бозынан ауылға аттанып кеттік - деп, Рсалы қария шайын ұзақтау сораптады.

- Рсалы-ау, әлгі Қалөкең үшкірген келіннен хабар ала алдыңдар ма? Не болыпты? - деген қатарласының сұрағына Рекең:

- «Ән айтсаң, жаныңды жеп айтасың» дегендей, ауыз бекітуге бұрын үйренбеген басым, сөйлегенге, аузым кеуіп кетті. Шай ішіп, біраз аузымды жібітейінде. Өзім де, бұл әңгімені, сенімнің адамға, Құдыреттің күші арқасында, оның тұла бойы, болмысына әсері, жалпы сенім күші жайында айту

үшін бастадым емес пе?! - деп, шайын ішіп болысымен, терін сүртіп алды да, әңгімесін одан әрі жалғады.

СЕНІМ КҮШІ

- Келесі жылдың күзінде, түс қайта, «үйге бейтаныс бір ат жетектеген кісі келіп, Сізді шақырып тұр» - деген соң, сыртқа шықсам, есік алдынан, ат үстіндегі жетегінде айғыры бар, өткен жылы мейман болған үйдің егесін көрдім. Мені көре салысымен, атынан қарғып түсіп, мойнымнан құшақтай алып, «Ақжолтайым» - деп, еңкілдей жылады. Жылағанына



Рсалы қария немерелерімен

қауіптенгеніммен, «Ақжолтайым» дегенін жақсылыққа жорып:

- Е, пірәдар! Жол болсын! Көз жасыңды қалай түсінейін? - дедім.

- Иә, Реке кешір?! Бұл жасым-қуаныштың жасы. Өзіңізді көрген соң, шаттаныстан шығып жатқан шаттықтың жасы! Аңсаған жас иісті көргеніме, соның мұрын жарар иісіне елтіген шынайы ғана балқыған, «мастықтың» жасы! Алла тағалаға деген ризашылығымда шек жоқ! Бәріміз де ризамыз! Қадамдарыңыз құтты болып, немерелі болдым. Аллаға шүкір! Ат байларым бар. Қуанышымды сіздермен бөлісуге, қыстауға көшер алдында, әдейі келдім. Қуанышымның сүйіншісіне, әрі батасын алуға, Қалекен сопыға мына бесті айғырды жетектеп әкелдім - деп, айғырды көрсетіп.

- Сіздерді кезіктірген, тағы да айтамын, Аллаға ризамын! Сіздерге мың да бір рахмет! Сіздерге ризамын! Құлдықтарың болайың. Тарыққан кезде, тар, үмітім үзілдердей қапастан алып шыққан ақ жол, ақ пейілдеріңіз, біздің сеніммізді шыңдай түсіп, арман-ойымыз орындалып, ақ түйенің қарыны жарылып, ұл көргелі, берекеміз кіріп, шілдеhana тойында және немерем, алты айға келгенде салма көкпар бердім. Бүгін өздеріңізге келдім.

- Үйге кірейік! - деген сөзімді елер емес.

- Аруағыңнан айналайын, Қалекем! Неткен қолы жеңіл, жүрген жеріне мол ырыс, шаттық, мейірлене жақсылық силайтын жан еді?! Қалай ғана әулие демессің мұндай, айналасына нұрлы сәулесін шашып, ізгі шапағатың төккен ғаламат, айбарлы асыл жанды!

Ақжолтайым, өзіңіз болмасаңыз, мен сопы атаны көрер ме едім, көрмес пе едім?! Тікелей бірінші, өзіңізге соғып тұрғаным сол айналайын Реке! Мені енді Қалекенге ертіп бар. Құдіретіне табынған, Жаратқанның сүйген құлына сәлем берейін-деп, болмаған соң, сонда ертіп барып, атын байлап, жетегіндегісін де жақсылап жайғап, үйге кірдік.

Қалекен үйде екен. Қонағымыз қалбалақтап, сәлем бере салып, Қалекенді қапсыра құшақтап, аяғына жығылды. Бұрыннан жұптап келген бе? Жалынышты үнмен былай термелеп кетті:

- Шапағатыңызға шарпылып, қуаңғаннан малтығып, алдыңызға келдім сопы Аға! Сенімім алдамады! Арманым орындалды! Қуанышымды жеткізгелі, бұл жаман ініңіз, өзіңізді пір тұтып, айып ете көрмеңіз, біраз кешігіп, орайы

бүгін болып, риза көңілмен, қолыңызды алды - деді де, порасы шыға жылап, Қалекеннің қолынан сүйе берді-сүйе берді.

Жөппелдемеде жыға танып та үлгермеген, біз бастаған істен мүлдем хабарсыз Қалекен, түкке түсінбеген сыңаймен

- Рсалы-ау, мына нан жауғыр не айтып тұр? Неге жылап жатқанына түсінбей тұрмың, түсіндірсеңші - деп, маған қайрылды.

- Қалеке, танымай қалдыңыз ба? Бұл өткен жылы, Таластан қайтып келе жатқанда, жолда қонақ болған, келініне өзіңіз дем салып, ырымын жасап, «ұл келсін» - деп, бата берген үйдің отағасы ғой. Қуанышты хабарын жеткізгелі келіпті. Бұл пірәдар, немерелі болыпты. Еліне, немересінің шілдеhana, алты айға толған тойларың жасап беріпті. Хабарды кешіктіріп бергеніне сізден көшірім сұрап, батаңызды алуға, өзіңізге бесті айғыр жетектей келіпті - деп, одан да хабардар ете қойдым. Сөз мәнісін ұққан Қалекен:

- Е, айналайын-ай, ө! - деп алды да, бірден қолын жайып:

- Әмин! Немеренің бауы берік болсын! Келінің алда тағы, жөрік болсын! Жаманшылық көрмендер! Өмірдің қызықты да, шынайы төріне қарай өрлендер! Намысты қолдан бермендер! Құлашты кеңге сермендер! Бәле-жала жоламасын! Отбасың, қызықпен өткізсін, Алланың берген жасын! Аллау-акбар! - деп бетін сипады.

- Қарағым, қуанышыңа ортақпын. Келіп, хабар бергеніңе, үлкен Рахметімді айтамын! Бәрі бір Алланың қолында. Мен ортадағы бір себепкермін. Ол ұлды Алла тағала, сенің пейіліңе, шынайы сеніміңе берген. Тұрмаңдар көне, отырыңдар! - деп, бәрімізді отырғызған соң, Қалекен сөзін былай жалғады:

- Менің сендерге, Құран мен Мұхаммед пайғамбарымыз (с.ғ.с) қалдырған сүнналарға сүйеніп, айтарым, адал еңбек өткендер өшқашан қор болмайды. Шат өмір, болашағы жарқын, асы сіңімді болып, іс-әрекеттеріне береке кіреді. Адам әуелі Алла, сонан соң, өзіне сенсе, қолға алған жұмыстары оңға басып, ойға алғандары орындалады. Осы айтқандарым жадыларыңда болсын. Шынайы сенімнің жеңбейтін қиындығы жоқ. Қандай істі ойларда, бастарда биік сенімді бойға мықтап ұялату керек. Сенім күші деген, бұл-керемет! Сене бер, жеңіп шығасың! Әшейін жай ғана ауырсаң да, сенімді нықтап, ниетінді түзулесен, жасаған қандай бір ем, бойға жұғып, тез-ақ айығып кетесің. Сауапты

істен тартынба. Сауабы тиетін іс істегеніңе қуана бер, қайырымы болады.

Менің өзіңнің үйіңде бірге болған, сапарлас мына інілерім, сауапты іске бастап, саған жақсылық жасауға құлшынды. Жағдайыңа қанған соң, бар ақыл-ойларын саған қалай жақсылық жасауға бағыттады. Оған, бүкіл отбасыңның менің әрекетіме сенімі қосылып, аяғы қуанышқа ұласты. Аллаға шүкіршілік айтқаннан басқа, мұндайда не айтасың! Жақсылыққа бастаушымен соны жасаушының сауабы бірдей болады екен. Әрдайым, жақсылыққа кенелейік! - деп, Қалекен сөзін тұжырымдады. Сонан соң қонағына бұрылып:

- Інім, бүгін мейманым боласың. Таңертең ғана жүруіңе ұлықсат беремін. Ал Рсалы! Қонағымыздың жетегіндегі сиы, бәрімізге ортақ. Оның билігі сенде - деп, маған бір ауыр жүкті ысырғандай болған еді.

- Түнімен қонақты бірге күтісіп, әкелген айғырды жетектей, түнде үйге кеттім.

Содан не керек, Қалекен кесімін айтқан ортақ айғырды, бордақылауға кірісіп, соғым айында сойдым. Жарты етін Қалекенге, жарты аяғын Өтекеңе, баққаным бар, басқасы бар, бір жарым аяғын өзім алдым.

Кәзір де, жылқының қазысы мен қартасың, жалы мен жаясын жесем болды, ой-сезімін уайым бұлты торлағанмен, пигылы таза, турашыл, адал еңбегін медет тұтқан азаматтың өмірге құлшынысын, сезімін, сенімін оята білген, Қалекенге сездірмеген сол әрекетіміз, ойыма орала береді. Сенім күшін дәлелдеген, арты жақсылыққа, мол қуанышқа алып келген осы бір хикаяны өз басымнан өткізбесем, сенбеген де болар ма едім! Бірақ, басымыздан өткерген шындық дәл осындай-деген еді әңгімешіл Рсалы қария.

Иә, Қали ата айтқандай, сенім күші-керемет екен ғой! - деп біріншіден ойланасың.

Ал екіншіден, Рсалы қарияның бұл айтқан әңгімесіне зер салсаң, адамның сенім күшінен басқа, бір отбасыға қуаныш силаған әрекет иесі, өмірін сопылықпен өткізген Қали атаны кім, қатардағы жай ғана, қарапайым «тегін адам» - деп, айта алады? Менімше, заман ағымынан сескеніп, қабілеті қырсауланып көпшілікке тарамай қалған, жұрттан ерекше жан болғандығына көз жеткізуге болады. Рсалы қария баяндаған, басқаларға елеусіздеу, құдайдың құдіретімен болатын құпия күшті, атамыз, көп жария ете алмай кеткен сияқты.

Қандай өкінішті!

Тылсым дүниеде, құпия сырын жасырған небір ғаламат күштердің бар екендігі бұлтартпас шындық! Шіркін, шешімін таба білсе ғой!

КӨПШІЛІКТІҢ АУЗЫНДА: «СОПЫ АТА»-КЕРЕМЕТ КҮШ ИЕСІ

Бірде, ауылдағы құрдасым, Айтбектің үйінде бас қостық. Әңгіме төркіні, Қали ата жайында болды. Қали атаның кереметі арқасында, бес-алты жыл бала көтермеген жас келіннің отбасын қуанып, дүниеге ұл әкелгені сөз болды. Сөзге «Батыр ана» Алтын алқа иегері, Күлзира Олжатай келіні құрдасым араласып, әңгімесін былай бастады:

- Ой, Нұреке! Сен, «Сопы атаға» байланысты әңгімені бізден неге сұрамайсың? Ондайды білуге біздер, әйелдер қауымы, әдетте, басқаларға қарағанда көп құштарлық танытады. Бас ауырып, балтыр сыздағанда, сүйек сырқырағанда, қарманарлық тірек іздейтіндігімізден болар, ізгілікті істерді өмірде қажеттілікке пайдалануға, иық беріп тұратынымыз шындық қой.

«Сопы ата» айтары жоқ, керемет күш иесі болғанына күмән келтіруге болмайды. Ол кісі, бойындағы құпия күшті заман ағымынан сескеніп, тек көпке жария етпеген. Тәңірдің күшімен келген, шешілмеген тылсым сыр, осы өзіміздің арамыздағыларға, оның ішінде, өзіме де септігі тиген. Алғаш рет, ол кісінің құпия кереметі жайында, өзімізбен аталас, Жазық (ол кісінің өз аты Жайлау, келіні әдеп сақтап, тергеп қойған аты) жәкемнің үйіндегі жеңгем, марқұм Мәриядан, өз құлағыммен естіген едім. Бірінші кезекте, соны айтып берейін - деп, Күлзира сөзін былай жалғады:

- «Сопы» қайнағада қасиет өте күшті - деген еді жеңешем.

- Ол кісінің көзіне тіктеп қарау мүмкін емес етін. Өте отты, өңменіңнен өтердей, батыл жалын шашып тұратындай еді. Жас баланы байқай қалса, тік қарамайтын. «О, нанжауғыр! Үлкен жігіт бол!» - деп, басына жай қолын қойып, рымдап, «тфу-тфу»леп, түкіру әдеті болатын. Өзінің ерекше қабілетін іштей сезетін ата, мүмкіндігі болғанша, адамдармен қатынаста, ренішті істерде, назасы өтіп кетпеу үшін өте сақ жүретін, даулы істерден қашық болатын. Атаны ренжіткен адамды кездейсоқ қатер күтіп тұратын..

Бір күні, өздеріңе белгілі, құдайдан мойнымызға моншағымызды үшеулеп салып жүріп тілеп алған Шәкірбайымыз қатты ауырды. Ауылда дәрігер жоқ кез. Дәрігерлік пункт бізден жиырма шақырымдай, Тастөбе ауылында ғана. Ауырған баламен оған жету, азаптың азабы.



Тойда: Айтбек пен Күлзира Ұлбосынмен

Ойға түскені, бір ақ үміт. Ол - өзім бұрын үлкендерден есіткен, ауылдағы «Сопы атаның» қасиетін пайдалану болды. Тіктеп барып, «Ем жасаңызшы»-деп, тілек білдіргенмен, ол кісі, ондайға құлақ аса қоймайды. Себебі, ешқашан да емдеуді ашық кәсіп еткен емес. Не істеу керек? Қолдан келетін бір ғана амал бар. Тәуекел! - деп, соны істеуге бел байлап, Атаның

намазшам намазын оқу алдындағы дәретін күттім. Білдірмей аңлып жүрмін. Ата құмғанын алып, үйден шықты да, қалқаға дәретке отырып, сол жердегі қуыстан бірдемені алғандай болды дағы, елге белгілі, сәкіріп, аяғын қамшылайтын әдетімен едәуір уақыттай жүрді. Ол тірлікті аяқтай сала отырып, ғұсыл дәретін алып, үйіне намазына кетті.

Мен болсам, Аллаға жалбарынып, Атамыз дәретке отырған қалқаға бардым. «Құдай өзің кешір, емді дарыта көр»-деп, бірнеше қайталап, дәрет ұшатылғанда дымданған топырақты, дым өтіп барған жерге дейін, бір шымшымын да қалдырмай, орамалға орап үйге әкелдім. Келсе, балама іскетіп, бүкіл ашық денесіне қолыммен түгін қалдырмай



Қали ата нақсүйері Зеркүлмен інісі Айнабектің ортасында

жағып шықтым. Сізге өтірік, маған шын, балам түнімен жақсы ұйықтап шықты. Таңертеңгі памдатында, қараңғылау болды, үлгермедім. Песін намазын аңдып тұрып, тағы қайталадым. Кейінгі барғанымда байқадым, «қуыстан не алады екен?» - деп, аңғарып қарасам, құрғақ кесек алған екен. Менімше, ол кесектерді сорғытқыш ретінде пайдаланатынға ұқсайды. Не керек, сол «Сопы атадан» соң, ырымдап алған дым топырақтың шипасы тиіп, баламыз сауығып кетті.

Ол атада, осындай Алла силаған керемет күш бар екеніне еш шүбә келтірмеймін - деген сол жеңешемнің сөзі еш ойымнан шықпайды - деп, алды да Күлзира:

Тап осындай жағдай, өз басымнан да өтті. Тұңғышымыз Дарын, 1969 жылы, екі жасар. Қатты ауырды. Мәрия жеңешем

онда бар болатын. Сол кісіден естігенім, ойымда болғанмен, тағы сұрап пысықтадым да, тура айтқанындай қайталадым. Үш жағыл, иіскеткеннен құлан таза айығып кетті. Құдайға шүкір, көзір үйлі баранды, қырықтың қырқасына шықты. Денсаулығы мықты. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі. Тфу-тфу! Ауырған емес.

Көзір ойға алсам, атаның құдіретіне таң қаламын! Атаның осы қасиетін өз құлағыммен есітіп, өз қолыммен қолданған соң, Атаның бойында Құдірет силаған ерен тылсым күш бар екендігінде сөз жоқ! - деп, сеніммен айта аламын.

Ата өзі де, қасиетіңнен айналайын! Өте жоғары парасатты, адамгершілігі мол, кішіпейіл жан өді ғой. Артында қалғандарға өмір берсін! - деп, сөзін аяқтады Күлзира.

Иә, ойлануға тұратын қасиеті болғанына көз жеткендей. Атаның бұдан басқа да, құпия сыры болған шығар. Ол енді құпия болып та қалды ғой.

Амал не? «Феодализмнің сарқыншағы» - деп, небір баға жетпес қасиеттің құнын бес тиын құрлы көрмегенімізге, өкінуден басқа амал жоқ!



ЖҰМБАҚ АПАЙМЕН КЕЗДЕСУ

Сізге өмірік маған шын.
Жұмбақ боп ана жалт етті.
Көрінді де мол кетті.
Іздегенмен таппадым.
Сенімімді бірақ сақтадым.
Айтқаны келді айнамай.
Бастан өткен бұл шындық.
Жатқызбады бекер жау!
Адалдықтан шын көңіл
Әрекетсіз де жатпадым...
Болған жауды бұлтартпас.
Баяндауды бастауын:

Ол кезде, мен, «Пионер» совхозында директор болатыным. Совхозда үй мәселесі шешіле қоймай, Аса ауылынан қатынап, жұмыс істеп жүргеніме бір жылға жуықтап қалған. Іссапарға ұзап кетпей, ауылда болсам, түс кезінде, тамақтануға үйге келетінмін.

Шілденің аптап ыстығы, сусынға шыдатпай, тіл ауызға симадай кеберсіп, ауыз кеуіп, маза кетер кез. Ми қайнатар, шаң аралас ыстықтың әсерінен, жолсызда машинамен жүрудің өзі де қалжыратып жібереді. Мұндай кезде, мұздай судың жуынуға пайдасы болмаса, ішіл, шөл басып, береке таппайсың. Шөлден, кәдімгі сораптап ішер ыстық шай ғана құтқарады. Шөліркеп, шаңқай түсте, шөл басуға үйге келіп, енді түсіп жатқанымда, машинаға, жасы жетпістердегі бейтаныс кейуана менен көз алмастан жақындап келді де:

- Балам, менің іздеп келе жатқаным бір өзің. Есімің Нұрмахан болар? - деді.

- Иә, апай. Іздегеніңіз мен болсам, тура таптыңыз. Жүріңіз үйге, барып сөйлесейік. Күн бүгін өте ыстық болды, шөлдеген боларсыз - деп, ертіп жүрдім. Үйге кіре сала, бейтаныс апай, таңдана, танымайтын кісіге деген көзқарасты бірден аңғарған жұбайым Ұлбосынға:

- Келін таңданысыңды түсінемін. Мендей кемпірді бұрын үйіңде көрмеген соң, танымауың заңды ғой қарғам! Үйлеріңе мен өз қалауыммен келіп тұрғаным жоқ. Бұл келудің үлкен сыры бар. Алланың әмірімен, бір ғажап күш айдап келді мені - деп, өз жөнінен хабардар ете бастады.

- Жоқ, апай. Адам жатырқау бізде болмайды. Бұрын өзіңізді

көрмегенге, жай ойланыңқырап қалғанымды кешіріңіз. Бөтен ой келмесің. Жоғарыға, мына бері өтіңіз - деп, меймандық бөлмеге қарай апайды бастап, алып барып жайғастырды.

- О, айналып кетейін жарығым! Меніке жай сөздің жөнін айтқаным ғой. Сендерден жаман ой сезсем, мен мұнда келмес те едім ғой. Жүздеріңнен нұр төгілген, екеуің де нағыз Алланың рахымы түскен, арамдықтан сақтанған, адалдықты жақтаған, Алланың берген ризығына разы болып, дәулеттерің тасатын, ризықтарың артқан үстіне еселеп асатын, адал жан екендеріңді біліп, солай-деп, хабар да алып тұрмың. Сендер ол жайды түсіне де бермейсіңдер. Құдіреттің керемет, кез келген біле бермейтін күші болады. Мына апаларыңда сол қасиет бар. Сол күш қой, мені сендермен табыстырып отырған - деп, апай саңқылдап сөйлеп кетті.

Түскі асқа дайындалған тамақ алдында, тездетіп шай әкелініп, шөл бастық. Әлгінде айтқандарына таңданып, басы жоқ, аяғы жоқ, танымайтын адамның келе, екеуімізге мінездеме бере сампылдауын неге жорырымызды білмей, апайға аңырып, қарап қалыппыз. Тағы не айтар екен дегендей, үнсіз бас изеп, тыңдауды білдік. Апай дамылсыз сөйлеп отыр:

- Құдайдың құдіретіне таң қалмасқа болмайды. Көрмеген, білмеген жерге Алла айдап әкелмесе мен келем бе? Ойда жоқта, өзім де мұнда қалай келіп қалғаным таңданамын-деп алды да:

- Сенсеңдер де, сенбесеңдер де, осыдан бір сағаттай бұрын, өзіме белгілі бір күштің ықпалымен, Пионер аулына жүргелі тұрған автобуска міндім. Жүріп келе жатып, осы Асаға бұрылып, темір жолдан өте, Пионерге бұрылар жолға келгенде, сол бұрылыстан түсуге хабар алдым. Өзіме таныс күш: «Осы жерден түс! Іздеген адамың көзір түсте үйіне келеді. Үйінде кездесесің» деген хабар жеткізіп, сол жерден түсіп, жаяу келген бетім. Қанша күн ыстық болғанмен, бір шақырымдай жерді жаяу жүрсем де, Алла қуат беріп, түк те шөлдегенім жоқ. Мен де келдім Алла жетектеп, қабаттаса, үйіңе сен де жеттің. Ол да болса, істі жөніне келтіріп тұрған, бір Алланың ісі.

Келгендегі бар мақсатым, өзің де жаман әдеттен қашықсың, сонда да, тағы да қашық болуды, жақсы істерді сүюді қайта-қайта құлағыңа құю. Осы жолдан таймасаң, тектісің, құдайдың сүйген құлысың, ескертіп айтам, пысықтап айтам, алдың жарқын, жолың ашық болмақ. Маған берілген

тапсырма сол, осы айтқандарымды, төменде тәптіштеп айтатындарымды өзіңе жеткізе біліп, санаңа сыналап салу. Тағы айтарым, басшылық жұмыста тәжірибең бар. Тікелей өндіріс басқаруға барғаныңа бір жылға жақындаған сыңайлы. Ойың, өз аулыңда басшылық жұмыста болып, зейнетке шығу екен. Әр адам да солай ойлар еді. Дұрыс айтып тұрмын ба? Жұмысың адамдар жұмысына басшылық жасау емес пе? - деді маған.

- Иә, совхозда директорын ғой-дедім.

- Олай болса, менің мына айтқандарымды ойға мықтап түйіп алатын бол:

«Жақсы бастық-жарты бақыт» деген екен, елге белгілі, даңқты, Бауыржан Момышұлы ағаларың. Жұмыста, бағыныштылар тарапынан кемшіліктер жіберілмей тұрмайды. Ондай жағдайда, мүмкіндігінше адамдарды қатал жазаламауға тырыс. Ашу қысқанда сабыр сақтай біл. Істе турашыл бол. Адамдар арасындағы талас-тартысты әділ, адал пікір айтып, тура шешсең жақсы адамсың. Адамдармен сыпайы қатынаста болуға тырыс. Шырындай тәтті сөз сөйлесең, шешілмейтін мәселе жоқ, соны біл. Қастандықтан қашық жүретін адам-бақытты адам. Тоқ етері, кімде-кім ниетін имандылыққа, тазалыққа, тілін-шыншылдыққа, мінезін-туралыққа, көзін-өнегелі бақылаушыға айналдыра алған болса, ол адам бақытты адам, жақсы басшы боларына сене бер!

Күмәншіл, қызғаншақ, күншіл, менменшіл болма, біріңмен-бірің аңдыспа. Ешқашан да дүние жию үшін жарысқа түспе, ашкөздіктен қашық жүр. Қарақан басын күйттеген адамнан, жақсылық күтуге болмайды. Жамандық ойламастан, адамдарға жамандық көрсетпесең, садақаның сауабы бұйырады екен.

Осы айтқандарымның бәрі, санаңда сақталарына сенемін. Бұл айтылғандарды орындағандар, ізгі ниетті адамдар қатарына жатпақ. Мұндай адамдар өмірде ешқашан да жаманшылық көрмейді. Олардың ісін Алла әр кез қолдайды, қорғайды, тосын іс өсте болмайды. Айтқандарды орындар болсаң, ойға алған жақсы тірліктер жүзеге асарына сене бер. Бұл жағы түсінікті болар деп ойлаймын. Бұлай ету сенің қолыңнан келеді.

Ендігі айтарым, маған білдіру күшінің болжамы бойынша, кәзіргі жұмысың сенің қабілетіңе өлшем емес. Алда, бүкіл өндірісте, жалпы құрылымда, ел өмірінде, көп сәйкессіздік

күтіп тұрғандай. Қым-қиғаш келеңсіздіктер көлеңдейтіндей. Бұл қызметте отырып, сенің ондай қоғамға ықпалың неғайбіл, аздау болады. Саған, жалпы халыққа, титтей де болса тиімді боларлық; пайдаң тиерлік қызмет ылайық. Алла жар болып, сен ол қызметке кезі келеді, барасың. Айтарым, өз аулыңның маңынан, зейнет жасын көріп тұрғаным жоқ. Зейнетке, жоғарыдағы айтқанымдай, бұқара халыққа қол ұшын беріп, сауабың тиер, қайырлы іспен айналысатын, жоғары әбиір әперер орыннан шығасың. Сенің орның жоғарыда. Иә, иә осы айтқаным, айтқан! Түсінемін, екеуіңнің де бет-жүздеріңнен сенімсіздіктің нышаны байқалады. Бұл қызметке, аулыңа тәп-тәуір қызметтен келгенсің. Ондағы мақсатың да, ол қызметті, өз аулыңа деген сүйіспеншілікке айырбастап, аулыңда болу, сонда қалу. Ол да жақсы ниет. Бірақ, тағдырың олай жазбаған. Мына кемпір не шатып отыр?-деген ой шырмауында отырғандарыңды да біліп отырмын-деп, тап біздің ойымызды оқып қойғандай, «Дұрыс айтып отырмын ба?» дегендей, көзін тіктей қарады да, иегін көтерді.

- Рас айтып отырсыз. Осы қызметті ұсынғанда, жаңағы өзіңіз айтқан ойдың басымдық танытқаны шындық болатын. Адам тағдыры, бір ғана Алланың қолында екенін жақсы түсінемін. Бірақ, ойға келмеген істерді айтқаныңызға таңғалып отырғаным рас.

- Мен өз жанымнан ештеме айтып отырғаным жоқ. Тәңірдің құдіретті күшінен болатын құбылысты мен жеткізуші ғанамын. Болашағыңа жол сілтеуші, пысықтаушы ғанамын.

Сонша жерден, өзіңді көрмей, білмей, бойыма біткен керемет күштің ықпалымен келудегі мақсатым да біреу ақ. Ол-бойыңа қалыптасқан жақсылық істерді шыңдай біліп, менің айтқандарым әркез ойыңда болса, бойыңа сіңіре білсең, Алла рахымын төгіп, жақсылыққа кенелетініңді ескерту, қайталап пысықтау.

Мен айтатынымды айтып болдым. Енді бетіңнен Алла жарылқасын! Ісің оңға басып, биікке шарықтасын!-деп, сөзінің аяғын осылай түйіндеп, бата жасады.

- Айтқаныңыз келсін!-деп, екеуіміз де қоштадық.

Тамақтанып болған соң, апай, қалаға Жамбылға қайтатынын айтты. Кетер алдында мен:

- Апай! Сіздің келісіңіз, біздер үшін біраз жұмбақтау болғанын жасырмаймыз. Бірақ, айтқандарыңызға сенемін және толық мойындаймын. Сіздей адаммен бұрын да кездескенмін. Бұдан 17 жыл бұрын, ол кісі де менің

болашағымды болжаған. Ол кісінің аты Қожағаппар, есітуіңіз бар болар? Болжамы тұппа-тура келіп жатыр. Сондықтан, өзіңізге де сондай сеніммен қараймын. Сонша жерден өз еркіңізден тыс, керемет күштің әсерінен келіп тұрғаныңызды жүрегіммен сеземін. Сіздердегідей қабілет, кез келген адамда бола бермейді. Ондай керемет қабілетті, Алла, тек сүйген құлдарына ғана беретінін түсінеміз.

Апай сонша жерден келгенде жөндеп те тамақтанбадыңыз. Мүмкін болса, қонақ болып кеткеніңіз жөн болар еді. Аты жөніңізді де сұрап білгеніміз жоқ. Жақынырақ біліскеніміз жөн болар ма еді - деген тілегіме:

- Қарағым, інім! Менде ерік жоқ адаммын. Келгеніме, бір сағаттан сәл-ақ асардай уақыт болды, енді маған келген тапсырма, қайту! Қайтамын. Өзіме белгілі күштің ғана әмірін орындаймын. Өзің жайлы берілген тапсырманы орындадым, айтар сөзімді айттым, енді қайтамын. Бұл жұмбақ апаларыңның аты - Зылиха болады. Луговой ауданының Ақыртөбе жанындағы Жамбыл колхозынанмын.

Құдіреттің күші, осылай дегбір таптырмастан адамдарға ізгілікті істер жасауға елпілдетіп, иілдіріп қойған бір жанмын. Айыпқа бұйырмаңдар, мен жүруім керек - деді.

- Қуыс үйден құр шықпаңыз - деп, жұбайым Ұлбосын, апайға жолын жасап, інім Әбілқасымды шақырып, машинаға мінгізіп шығарып салдық.

Айналасы, бір жарым сағаттай уақытта, Әбілқасым қайтып келіп, апаның Жамбылдың көк базарының алдынан түсіп қалған хабарын жеткізді. Біз болсақ, ол кісінің тосыннан келіп, айтқандарына таң қалғаннан басқа, кейін де апайдан еш хабар білмеген едік.

Бірақ, үйге өз аяғымен іздеп келген, сол апайдың болжамы, 1993 жылдың маусымында орындалып, мен, Жамбыл облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары болып ауысқанымда, шын таң қалдым. Айтқанындай-ақ, он екі жыл қызмет етіп, осы қызметтен зейнетке шықтым.

Апайдың болжамы тура келіп, жаңа қызметке ауысқан соң, Жамбыл колхозының барлық бөлімшелерінен, көше бойлап сұрастырғаныммен, ол кісіні таба алмадым. «Ондай кісі болған еді» дегендерді де кездестірмей, «бұл қалай болғаны?» - деп, тағы таң болдым. Зылиха апай бізге осылай, нағыз жұмбақ күйінде қалды. Сол жұмбақ апаймен кездесу ойға оралғанда, мынандай сан сұрақ көкейімнен кетпеді:

Біз көрген Зылиха апай, өзі айтқан мекен-жайдан табылмай сыры неде? Ол кісі өмірде болып, бізге мекен-жайын дұрыс айтқан болса, ауыл адамдары неге ол кісіні білмейді? Неге атын да есітпеген? Менің аты-жөнімді сырттай есітіп, біліп, жорта жорамалдап, пайда көздеген біреу, айтқан жорамалы жай кездейсоқтық дейін десең, көзбояшы, пайдакөздегендіктің нышаны да сезілмейді. Қарапайым, қазақтың «құдай» деген қара кемпірі. Бір жағынан, сондай бір хабары үшін, ешкімнің де ат басындай алтынды ұстата салмасы тағы белгілі. Ол кісіге, маған жолығып, менің алдағы өмірім жайында болжам айтып, өнегелі өсиеттермен пысықтауы не үшін керек болды? Бұрын-соңды білмейтін адам, өздігінен мені не үшін іздеп келеді? Сонда, ол кісіні алып келген қандай күш? Тек таң қаласың да, аңтарылып, құлазығандай күй кешесің. Сұрақ көп болғанмен, әзірге шешімі жоқ.

Қараңызшы, дүние не бір керемет, тылсым сырға толы! Сол тылсым сырдың бірі-менің өз басымнан өткен, осы күнге дейін жұмбақ болған, Зылиха апаймен болған осы кездесу. Осы іспеттес кездесулер, шындығында менде жиі болып тұрады. Кездескен сайын, ойланып, таңғаламын. Әлде, барлық адамдар да, осындай күшпен кездесіп тұра ма? Барлығы да осындай күй кешер болса сұрағым жоқ. Ал, керісінше болса, неге осындай феномен, телепатия күшін меңгергендер, мені жиі іздеп табады? Осында нендей байланыстылық бар? Бір жақсы жері, осындай жақсы ниетті, ерекше қабілетті адамдардың, әрдайым қасымнан табылуынан, маған еш зиян келіп жатқан жоқ. Болашағымды болжайды. Болжамдары дәл келеді. Ауырып, сырқасам, емдейді. Айығамын. Осы жасымда, мұндайлар өз басымнан өтіп, кейбіріне куә болып, сан қайталанғаны шындық. Сондықтан да, бұл ерекше құбылыстарға қарсы уәж айта алмаймын. Сенемін.

Жоғарыда баяндаған, жұмбақ апайдан есіткен, түйсікке байланып, түйінделген, адамгершіліктің биік шыңы болып, жүректен бұлжымастай орын тепкен, ұлағаттың ұмытылмас парасатты қаймағын, маған жеткізудің құпиялы тылсым сыры неде болды екен?-деп, әлі таңданамын.

Менің, құдірет таңғаларлық қабілет силаған адамдармен ниеттес болып, сезім күшінің, өмірге әсерін басымнан өткізуім, шын таң қаларлық, әрі ғажап, әрі қызықты, адам сенбес құбылыс!

Тылсым сырлы дүниенің, ашылмаған сыры көп қой! Соны аша түссе шіркін!

ЖОЛ КӨРСЕТКЕН ШЫРАҚ

Шырақ боп жебеп аталар.
Жол көрсеткен әкеме!
Жаратушы, Тәңірім!
Суынар күш-бас ере!
Құдіретіңе бас идім!
Ақ жолын бер ұрпақтың!
Кемшілігін кешіріп.
Бақытты шыңға жетеле!



Шырақ сырын баяндаған менің
әкем Тілеген немересі Мұхтармен

Ол кезде біздің әкей, Жамбыл орман шаруашылығында орманшы екен. Орманшы болғанда, құмды жерде өсетін сексеуіл, дүзгенді өсіру және қорғау жұмыстарымен айналысатын көрінеді. Ол кісіге Мойынқұмның Бескепе, Түлей тағы басқа сол айналадағы орман учаскелері бекітіліпті. Көлігі кәдімгі жұмыс аты. Апталап аралап, атпен ауылға оралатын көрінеді. Ауылға қайтар жолдағы, әкейдің өз басынан өткен, жол бастап, жол көрсеткен мына шырақ жайындағы уақиғаны, бұрынырақта өзі айтып отырушы еді. Енді соны өздеріңізге жеткізудің жөні келгендей. Ол уақиға былай болған еді дейтін әкем:

- Әлі намазшам мезгілі бола қоймаған кез. Жолдағы бір үйлі қарауылдың үйіне келсем, үйінде үй иесі болмай шықты. Кішкене екі баламен әйелі-ақ бар екен. Ері жоқ үйде бөтен еркектің түнеуі, ыңғайсыздық танытатын болған соң, шайға қанып алдым да, бір Аллаға сиынып, аттың тартпасын тартып, кеште болса жолға шықтым. Ойым, алдағы малшылар аулына жетіп қону. Біраз жүргеннен соң-ақ, күн батып кетті. Қою қараңғылық басты. Неде болса алға жылжи бердім. Күз мезгілі, кәдімгідей қара суық, желемік бар. Жел жақтан иттің үрген дауысы талып естіледі. Байқаймын, діттеген жерге жету, түнде қиынға соғатын түрі бар. Соны ойлап неде болса, ит дауысы шыққан жаққа аттың басын бұрып, сонда жетіп қонбақшы болдым. Жүріп келемін. Небір белес, құмдарға кезіктім. Иттің дауысын да, жоғалтып алдым. Байқаймын, күні бойы ауыздығы алынбаған атым титықтап, шаршағандай. Шаршайтындай да кезі бар. Жол ауыр, бір іздік қана соқпақ; сайрап жатқан сара жол жоқ. Түн жамылып, қараңғы түскелі бағытым да белгісіз, әйтеуір жылжығаныммен, жетер жерім күмәнді болып бара жатқандай...

Адасқаным ақиқат. Не істеу керек? Жолсызбен жүре бергенмен, ит-құсқа да тап болуың ғажап емес. Тоқтап бір қалқаға дамылдағаннан басқа амал қалмағандай. Солай етуге бел байлап, түсіп, атымның ауыздығын алып, шылбырды ұзындап жіберіп, атымның біраздап, айналасын шалуына жағдай жасап, түбіртек үстіне шоқиып отырдым. Таң атар алдында, түн суықтынын ескеріп, әлде қалай керек болар деген оймен, айналадан кепкені бар, суы бар, сындыруға келетін жүзген, қоян сүйектен бір-екі құшақтай отын сындырып үйіп алдым. Тамызық боларлық құраған шөпті де, отынымның астына салып, дайындап қойдым. Аллаға

сиынып, қайта-қайта шылым тартқаннан басқа қолдан келер басқа еш амал жоқ. Шамада екі сағаттан аса уақыт өткен соң, аттың тері басылған мезетте, ерін алып, тоқымын төсеніп, ерді жастанып қисайдым.

«Ұйқы дұшпан» деген, көзім ілініп кеткен екен. Бірақ, көңілім ояу секілді сезінемін. Түс пе? Әлде, аян ба? Әйтеуір бір түсініксіздеу елес, сезім! Ол кезде, намазға жаңа жығылып жүрген кезім. Үйде Құран аяттарын жаттап жатқандаймын. Саңқылдай қайталап, алдымдағы Құранға көз салып, әр кез қарап та қоятындаймын. Солай отырып, кеш болып, қараңғы түскенін де білмеппін. Қараңғыда Құран әріптерінің көрінбегенінде де жұмысым болмай, қайталап, Құранды дамылсыз жаттап жатырмын. Сол мезетте: «Қарағым» деген дауыс шыққандай болып, қарасам, үйге ұзын бойлы, шоқша сақалды, сары кісі келіп, «Құранды жаттап отыр екенсің. Ниетің дұрыс. Мағынасын терең түсінбесең де, Құранды жатқа білсең - Алланың ұлылығын мойындаумен бірдей. Солай жаттай бер! Ал енді күн батып, қараңғы түскенде жарықсыз үйде отырғанды қай мұсылманнан көріп едің? Міне, саған шам жағып берейін. Жарықта атқарған іс сара. Құран білген мұсылман әр кез қайратты! Соны біл! Құранды меңгер!

Алла тағала ең күшті қайрат иесі. Аллаға сиын! Адаспайсың!» - деді де, үйден шығып кетті. Бұл келген кім? - деп, аң-таң болып мен қалдым...

Желемік үдеңкіреп, ептеп қар ұшқындап, түн суый бастапты. Үстімде жамылар ештеме болмаған соң, тітіркене жаурап, әрі аттың пысқыруынан оянып кеттім. Аяғыма байлап, азда болса жайыла тұруына жағдай жасаған болып, ұзартқансыған шылбырдағы атым, құлағын қайшылап, елеңдегендей сыңай танытты. Сезіктенгенім сонша, басымды бірден көтеріп, тез ес жиып алдым. Атымның пысқырыңған жағына, көзімді уқалай, анықтап қарасам, құдды пілте шам жарығындай жылтыраған отқа көзім түсті. «Қасқырдың көзі түнде жанады» деуші еді, қасқырлар қоршауында қалған екенмін, енді не амал жасаймын? Айтпақшы, қасқырлар отқа жоламайды, олар шоқтан, оттан қорқады ғой, жаңағы жинағандарымды жақсам ба екен? - деген ой, санамды тез ақ жаулап өтті. Артынша-ақ, «ой, бұл жанып тұрған қасқырдың көзі болса, от, ең кемі, екеу болып көрінбей ме? Бұл біреу болып жанып тұрған жоқ па?» деймін. Ойыма сондай-ақ, басқа да шым-шытырықтар, шайтан ба, пері ме келіп, зер

сала қарасам, жанып тұрған жалғыз, кәдімгі шырақ екеніне көз жеткіздім.

Тілімді келмеге бірнеше қайтара келтіріп, Аллаға жалбарынып, білген дұғаларымды оқып жатырмын. Сөйтіп отырып, өзімнен өзім құдайдың құдіретіне таң қаламын. «Айдалада, маған көрініп жүрген, бұл қандай жұмбақ шырақ? Әлде, адам жерленген жерден, сүйек құрамындағы фосфордың әсерінен, түнде осы шырақ іспеттес от көрінеді дегенді естуші едім, сондай адам кездейсоқ жерленген, бейітті жерде отырмын ба? » деймін. «Алғаш келіп, отын жинап жүргенімде неге көрмегенмін, бұл шырақты?»-деп те қоямын. Не керек, бойымды біраз үрей биледі. Неше бір ойлар келіп, санам сан саққа жүгірді. Не істерімді білмей аңырып, отырып қалдым. Бар сенетінім, астымдағы атым. Ары ойлап, бері ойлап, атымды ерттеп, атқа ерік беріп, мына алдымдағы жанған шырақтан аулақ, жүре беруді ойладым.

Солай еттім де, «оңтүстік бағыт осы болар» - деп, жеті қарақшыны батыс жағыма бере, жүре бергенім сол еді, әлгі шырақ та алдыма түсіп, жылжи бастады. Аң-таң болып, не істерімді білмей, біраз жүрген соң тоқтап, аттан түстім. Мен тоқтағанда, алдымдағы шырақ та тоқтады. Біраз тұрған соң қайта қозғалып, жүргенім сол шырақ та алдымда жүріп берді. Алғашқыдай емес, бойым үйренейін деді. Санама ол шырақтың жай шырақ емес, мені жебеуші, демеуші шырақ екеніне сенімім шыңдалғандай күй кештім. Аян берген атаның: «Міне, саған шам жағып берейін» деген сөзі ойыма түсіп, ол шырақты медет көріп, соның бастауымен, сенімді жерге тез-ақ жетердей сезіне бастадым. Не де болса, ақырын күтуді ойлап, атыма толық ерік беріп, шырақты бақылаумен болдым. Таң қаларлығы сол атым, сол шырақтың артынан еріп жүрді де отырды. Шырақ жылжып, бастап келеді, мен аттың үстінде, шыраққа еріп келемін. Шамада екі сағаттай жүрген соң, тапталған жолға түскендей болдық. Малдың ізі де байқалып қалды. «Жақын жерде қоныс бар» - деген сенім, одан да бетер батылдандыра түскендей әсерде келемін. Сенімім алдамапты, бір сағаттай жүріп отырып, бір үйге жеттік. Түнгі салқыннан, аттың үстінде біраз тоңып та қалыппын. Атымнан түсіп, үй иесін ояттым. Ол таныс адам болып шықты. Мен үй иесімен үйге кіргенге дейін, жол көрсеткен шырақ, алғашқы тоқтаған жерінде, қимылсыз тұрды да қойды.

Үйге кірген соң, үй иесіне болған жайды баяндап бердім. Кештетіп шығып, адасқанымды, түн ішінде, кездейсоқ, Алланың кереметімен, шырақ кездескенін, сол шырақтың жол көрсетуімен, осы жерге жеткенімді айттым. Үй иесі, әйелі екеуі далаға шығып, айналада ешқандай да шырақтың жоқ екенін айтып қайта келді. Шай-пайымызды ішіп, атымды жайғап, сәскеге дейін демалып, ертесіне жолға қайта шықтым - деп, отырушы еді әкей.

Кейін, белгілі көріпкел-емші Қожағаппар Атаның «Алла жетектесе жүр»-деген, «Адам жетектесе ер» - деген сөзін есіткенде, Алланың күшінің теңдесі жоқ шексіздігін меңзегенін түсінгендей болып едім. Әкемнің жол бастаған шырақ жайындағы әңгімесі де, ата ойын қуаттайтындай. Құдай өзі кешірсін! Бұрын түкте мән бермеген екенбіз ғой. Құдірет неткен күшті!



СЫНЫҚШЫ ӘРІ ОТАШЫ ЖЕҢГЕММЕН СҰХБАТ



Алланың сиын меңгерген!
Мұқтаждыларды -
Еш алаламаған, тең көрген.
Азапты жанның жөнін түсініп,
Көмегін шұғыл беруге,
Жүгіретін жандәрмен -
Сынықшы әрі оташы -
Зияшкеліні Әуес жеңгеміз.

Бұрынырақта жазылған «Әлекеңнің тағлымы» атты эссе-естелігімде атап кеткенімдей, 1956 жылдың күзінен, Жамбыл қаласында тоғызыншы сыныпта нағашымның жақын аталас туысы - Нұртай ағаның шешесі, нағашы апамыз Өзипаның қолында оқып жүрген кезім.

Көктем шыға, Жамбыл ауданының «Бесжылдық» колхозында шопан болып жүрген Нұртай нағашымның әйелі-нағашы жеңгем Әуес, «Ойбай, басымдап», өте қатты ауырып келді. Дәрігерлерге айлап қаралды, еш нәтиже болмағанын

біліп жүрдік...

Жылдар өте, сол Әуес жеңгемнің, адамдарға жасаған әрекет-емі зая кетпейтін, үлкен сынықшы-оташы болып, даңқы бүкіл Одаққа тарады десем, өтірік айтқандығым болмас. Көріпкелдік қабілет те, жүре-жүре қалыптасқанын білетін едім.

Сол асыл жеңгем қайтыс болардан бес жылдай бұрын, шамада, 1991 жылдың қарашасы болуы керек, үйткені мен ол кезде совхозда директор болатынмын, үйде қонақта болды. Екеуіміздің сұхбаттасуымыз, жеңгеме Құдірет силаған қабілет жайында болып, былайша өрбіген еді. Менің жеңгеме қойған алғашқы сұрағым:

- Сезім күші арқылы әрекет ететін қабілеттің бойыңызға орныққанын қалай білдіңіз? Алғаш қалай болды, қалай сезіндіңіз?- болды.

- Ой жиен, (мені үнемі солай атайтын) сенің Нұртай нағашың қатыгез, дөкір ғой-деп, бастады Әуес жеңешем, өзінің шапшаң қимылдап, шұғыл шешім жасайтын, көлгірсімей көзге айтатын батыл әдетімен, өз күйеуі жайында, күліп қойып, жылдамдата сөйлеп:

- Оның ашуы, «мұрнының ұшында» тұрады. Ол кезде қойдамыз. Бір күні, болмашы тірлікке, қолындағы қамшысымен ағаң, бастырмалата жон арқамнан осып, көзімнің «отын» шығарды. Қаша жөнелдім. Ол қуып келеді, мен үйді айналып, базға қарай қаштым. Аяғым әр жерден бір тиетіндей. Бір күш көтеріп, жеткізер түрім жоқ. Жете алмасына көзі жетіп, ашудан түнеріп жүріп, қалай сүрінгенін де білмей, сұлап түсті дағы «ойбайына» бассын.

Сабап, ұрғаны үшін жек көріп тұрсам да, бір сезім, айтуға келмейтін алпауыт күштің әсерінен, баздың алдында сұлап жатқан сенің нағашыңның жанына қалай барып қалғанымды да білмей қалдым. Ол «мына жерім» - деп айтпаса да, қолына жармаса бергенімді білемін. Қолым еркімнен тыс сүйреңдеп, сынған тұсты дөп тауып, оның қатты ышқынып, қиналғанына да қарамастан, тартып жатып морт сынған сынықты орнына салдым. Нұртайдың жанына келген сәтте-ақ, бұрын сезбеген тылсым дыбыс, «былай-былай» деп жөн сілтеп тұрғандай үннен басқа, ештеме естімедім. Бір кезде, «болды, ағашпен қырсаулап таңып таста!»-дегендей сыбыс естігендей болдым. Бір жағынан жазықсыз ұрғанына өкпелеген ашуымда бар:

- Әй! Қитар, дәрекі-дүлей-дедім даусымды көтеріп. Осы сенің томырық, ұрт мінезіңнен-ақ күйдім ғой! Енді қимылдасаң,

тағы да бір жерің сынады. Отыр осылай! Мен қырсаулап таңатын ағаш жонамың, орайтын мата дайындаймын - дедім зілденіп.

Табан астында сынық орнына түскен соң, жәні жайланып, маған жәутендей қарап:

- Мақұл отырайың. Астыма төсеп отырар бірдеме әкеп берші?! - деді.

- Енді ұрмаймын!-деп, сөз берсең ғана айтқаныңды орындаймың. Жақсылап таңамың. Ұратын болсаң, сынығың ойнамалы болады-дедім.

- Е, айналайын кешір! Ұрсам, тағы бір қолым сынсын! Жәнім «көз алдыма» келгенде, тыныштандырғаныңа көзім жете тұра, неге саған қол тигізейін?! - деп күмілжіді.

- Онда, уәде!-деп, астына неге екенін қайдам? Ер жабдығының екі желдігі мен тоқымын әкеп, отырған жеріне тоқымды төсеп, екі желдікті көлденең қойып, шоқайтып отырғызып кеттім. Біраз уақыт жүріп, сынықтың екі жағын қимылдатпай ұстап тұратын ағаш дайындап келсем, маған бисініп, жөнсіз қоқиланатын Нұртайым, екі көзі жәутендеп маған қарап, орнында тапжылмай отыр екен. Жақсылап таңып, қолынан демеп үйге алып кірдім. Содан, бір айдан соң ғана келтекті шештім-ау. Сынған жері ақаусыз жазылып кеткенімен, екі-үш айдан соң, өзім аурушаң болып, бас көтере алмайтын жағдайға душар болдым. Ауылда жасаған әрекетімізден ештеме шықпаған соң, оны өзің де білетін болуың керек, қаладағы дәрігерлерге қаралғаныммен, еш оңды нәтиже көре алмадым. Ол кезде, жиен өзің, апамның қолында жүріп, сондағы мектепте оқитынсың.

- Иә, ол есімде - деген менің жауабымнан кейін жеңешем сөзін ары жалғап:

- Сәті түсіп, бір көріпкелдің қабылдауында болғандағы оның маған айтқаны: «Бабаларыңнан келе жатқан таза аруақ қонбақшы екен. Аруақтарды дұрыс күте біліп, жақсы ұстай білетіндей болып, оларды мойынсұнуың керек. Сынықшы-оташылық дарымақшы. Оны мойынсынбай ем жүргізбесең, ауырғаның ауырған, қысқасы аурудан көз ашпайсың. Артында майып болуың да ғажап емес. Ескерту менің парызым. Ойлаң, келіссең батамды алатын бол!» - деп шығарып салды.

Мұндайда, жақсы болсын, жаман болсын қосылып некең қиылған соң, еркек, әйелдің пірі екенін ұмытпай, алдынан өтіп, Нүрекеңнің келісімінен соң ғана, бата алдым - деп, өткен күнін жеңешем бір ойға алып өтті.

- Міне солай жиен, алғашқы сынықшылықты өз күйеуіме жүргізген тәжірибеден бастаған болсам, көріпкелдің қабылдауынан кейін, өзіме деген сенімділік артып, Алла берген ғажап істі жетілдіре бердім ғой.

Кейін білгенім: Мені жөнсіз жәбірлеген өз күйеуіме, аруақ аталардың назаланып, «ұратын қол мынау болса» - деп, құдіреттің күшін көрсетіп, өзіме салдырғаны екен.



Сол жақтағы бірінші:
Әуес Зияш келіні жерлестерімен Сарыағашта

Айтпақшы, Алла силаған көпшілікке пайдам тиер бұл істі, сенің қиқар нағашыңның қатар мінезімен алып жүру қиын болғаны рас. Ауру қабылдауды тежеп, шұғылданбасам, ғаламат қасиетті, іске асырмасам, ауырып жағдайым нашарлайтынын ескеріп, Алланың берген он жеткіншектері-ұлдар ер жетіп, қыздар бой жеткен соң, өз еркіммен бәйбіше болып, бөлініп шықтым емес пе?!

Алланың арқасында, әбиірім артты ғой, шүкір! - деген еді «БАТЫР АНА» Әуес Зияшкеліні менің сұрағыма жауап бере отырып.

- Жеңеше-ау, сынған сүйекті қалай білесің? Жабық сынықта, сүйектерді қалай жүйелейсің? - деймін ғой, білуге ынтығып.

- Ол өте күрделі жай! Әркім жөнді-жөнсіз түсініп біле бермейтін, бір тылсым күш! Сынған жерге қолыңның магнитше тартып, қалай барып басып қалғаныңды білмей де қаласың. Мен сынған сүйектерді біртіндеп саусақтармен жылжыта отырып, орнына орналастырушы, орындаушы ғанамын. Ғажайып күштің ықпалымен қимыл жасаймын. Ол құбылысты түсіндірудің жолын біле де бермеймін.

Неше бір майдаланып кеткен сүйектерді де өз орнына қоюдың арқасында, қаншама адамның көзі ашылды?! Лайым ондайлардың сауабы тисе екен - деп, тілеймін Жасағаннан!

- Өзіңнің қайның, Тұрлыбай нағашымның машина апатынан соң, аяғын кестіруге қалай ара түспедің? - дедім жеңешеме.

- О, айналайын жиен! Ол маған өте жақын адам. Өзін ерекше жақсы көремін, керемет силаймын. Нұртайдың ең жақын інісі емес пе? Өз ет жақыныға ем жүрмейді екен. Жақын жеңгесі бола тұрып, оның пәк денесіне, жуан санына менің қолым қалай тиеді?! Аталарымнан рұқсат болмаған соң, амалсыздық танытып, ішімнен тындым ғой!

Қандай қайратты жігіт еді! Бір маскүнемнің кесірінен, лажсыздан бір аяғын кестіруге тура келді. Жазмыш солай болса, амал бар ма? Шүкір! Жәні амаң, бала-шағасының алдында, аяқ кемдігі болмаса, өмірі қызықты өтіп жатыр. Алланың дегені болатыны рас сөз! Көрмейсіз бе? Айналдырғанда, Алла әмірі солай болған да! Менің қолымды тигізуге рұқсат болған болса, нәтиже басқаша болар ма еді?...

- Ол уәжіңе келісемін. Өте орынды. Бұл айтқаның, мұсылмандарға тән әдептен аспағаннан болғанын түсіндім.

Жеңеше, аурулар өздері іздеп келе ме? Әлде, өзіңнің керектігіңді сезініп, ауруды өзің іздеп барасың ба? - деген сұрағыма:

- Рухы күшті адамдарға көмегімді өзім сезетінім бар. Көпшілігінде, білетіндермен хабарласып, аурулардың өздері іздеп келеді. Ауыр ауру келердің алдында, аян арқылы біліп отыратын кездерім де болады. Ондайда, алдын ала өзімді дайындаймын. Кейде аурухана төсегінде мертігіп жатқандарға да, ара тұра барып қалатын кездерім де жиі кездеседі.

Әлгі сендердің аудандарыңды басқарған орыс жігіті жол апатына түсіп, ауруханада көп жатқанмен, белі қимылдауға келмей қалғаның, аян арқылы білдім. Жиен-ау оны, өзің арқылы барып емдегенім есінде болар?

- Иә, ауруханада ұзақ жатса да, омыртқа сынығы орнына келмей, үйінде төсек тартып жатқан, біздің аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Юрий Дмитриевич Зайцевті, айналдырған жиырма шақты күн ішінде орнынан тұрғызғаның ойымда.

Жеңеше, сол Зайцевтің сынған омыртқасын салғанда, жаныңа балаң Құнанбайды ертіп барып, ол да бір кәнігі оташылардай өзіңмен қатар тұрып жәрдем жасағанын көрген едім. Сонда қалай? Құнанбайда да оташылық қабілет бар ма?

- Е, ол бір Алланың қолындағы тірлік қой! Сол Зайцевтың омыртқасын салғанда, аталардың аяны бойынша, қиын жердегі ауыр жарақатқа, менің жеке өзімнің өлім еркін келмей қалуын ескеріп, Құнанбайды ертіп алуым керегін білдім. Ол еріп барғанда, оны құдіретті күштің өзі игеріп, қай жерден ұстап, қалай тартуды көрсетіп, жөнін айтып отырады десем, қиял көрінетінін түсінемін. Бірақ, шынында тап солай! Сену, сенбеу әркімнің өз еркі.

- Рухы күштілерге менің қажеттігімді өзіме аян беру арқылы сеземін дедің. Сонда, әлгі айтқан Ю.Зайцевтың рухы күшті болғаны ма?

- О, жиен! Қазақта бір анайылау мақал бар. «Тегін адам таз бола ма?» деген Рухтылығы да оның, қазақтардың ортасында жүріп, бірінші хатшылыққа көтерілуі. Бірақ оның өзінің, кейде рухты ренжітіп алатын кездері көп болады. Ондайда, рух нариза болып, жұмысы теріске айналары хақ.

Алладан алыс кеткенде - Адам кейбана болады. Кейбана-Алланың сөзі. Адам пиғылы пейіштегідей тыныш, пақыр таза, сапалы ісімен тура ойы болғанда ісі оңғарылады. Бұл өзі керемет күш қой! Зайцевтың көпшілігінде, өзіне берілген аянға мән бермейтіні бар. Содан жолы кесіліп отырады.

Түсінер болса, ондайларды ескертіп отыруды парыз санаймын. Кейбіреулер болса, ондайды бір айтылған сөз көріп, атүсті тыңдап, мән бермейді. Олай еткендерге «өз обалың өзіңе» - деп отырғаннан басқа менде шара болмайды.

«Сабыр түбі сары алтын, сақадай сайға бәрі алтын» дегенді ұмытпаған абзал

Өзіңе де кезінде, бір-екі ескерту жасағаным ойыңда болар.

Екі адамнан сақтандырған сияқты едім ғой. Сол болжамым, дәл келген жоқ па?-деп, өзіме қарсы сұрақ қойды жеңешем.

- Иә, сол айтқандарың айна-қатасыз келгені рас. Біреуінің әрекетінең, облыстық партия комитетінің бюросынан бір ақ шықтық қой. Өткен іс қой, екеуміздің құпиямыз болып қала берсінші - дедім жеңгеме.

- Жоқ, мен құпиянды ашқалы отырғаным жоқ. Тек, болжамның тура келгенін өзің арқылы дәлелденгенін жай айтқаным-деп, алды да:

Тура жандарды Алла қолдасын! - деп, бет сипады.

Өткен озбырлық, ойға түскендіктен бе, қарап отырып, денем дүр етіп, бойымды бір сезім билегендей болып, отырып қалдым.

- Не ойға кеттің? Қорқатын дәнеңе де жоқ. Аллаға шүкіршілік айт, алдың жақсы! Ойыңа қай-қайдағыны түсірдім бе? Сені біліп жүрсін дегенім ғой-деді жеңешем күліп.

- Е, кезіндегі жүйенің қалыпсыздығынан болған озбырлық ойға түсіп кетті дағы. Оқасы жоқ-дедім де:

- Жеңеше өзіңдегі ерекше қасиеттер, бабаларыңыздан келген таза аруақ екенін, алғаш қайрылған көріпкел айтқан екен. Сонда ол қасиеттер, менің нағашыларым жақтан ба? Әлде өз төркінің жағынан ба? Қайдан? Мүмкін болса, біліп жүрейік- дедім.

- «Шөптің басы жел тұрмаса қимылдамайды» - деп, аталарымыз айтып кетті емес пе?! Қай жағынан болғаны, бәрі бір ғой. Ең бастысы, Жаратушы иемізге деген мәлдір сезім, қалтқысыз сенім болып, көңілге кірбің алмай, таза пәк жүрекпен шынайы тілек тілей отырып, адамзаттың ең сенімді тірегі-Аллаға шексіз берілу керек. Тұқым қуалаушылықты жоққа шығаруға болмас. Түпкі ойыңды да түсініп отырмын. Қайдан болғанда да, әзір менде. Әйтеуір өзімдегі ерекше қабілеттің барын өмірде дәлелдеген сияқтымын.

- Оған ешкімнің дауы бола қоймас. «Қанына тартпағанның қары сынсын»- деп, айтқан да аталар емес пе? Нағашыларым жағына іш тартатынымды жасырғанмен, біліп отырсың...

Айтайын дегенім, өздеріңдей ғаламат күш иесін жалпы тілмен, орысша «феномен» дейді. Яғни, жұрттан ерекше, ерен қабілеті бар адам деген сөз.

- Е, онда маған келетін басқа ұлт өкілдері орысша «Ауес апа-костоправ» дейтіндері несі? - деді күліп.

- Иә, ол тіке мағынада. Сынық салғыш, сынықшы дегендері ғой. Жеңеше-ау сенің сынықшылықтан басқа, сыртқы жара,

ісіктерді пышақ жұмсап емдейтін хирург-оташы-халық емшісі екендігіңді қайдан білсін?!

Қалай ойлайсың? Тұқым қуалаушылық заңымен, келешекте, Алла берген бойыңдағы ерекше қасиеттеріңді ұрпақтарыңның бірі жалғайтын болар?-дедім білгім келіп.

- Иә, менің де жас келген сайын ойланатыным сол Құнанбай мен Сырлымда ондай қасиеттерге бейімділігін байқаймын. Құнанбай өзін ұстай білсе, арқалы, өте талантты, жан-жақты. Бірдеме шығар еді. Өкінішке қарай, көбінде теріс әрекеттер жасап қоятыны бар. Амал қанша?! Пешенесінде жазылғанын көрер...

Адамды адастыратын-өзіндік қосарлама сезім. Адамды азғырушы-күндік өмірдегі істер екенін біл!

Не болса да, олардың келешектерін енді сендер көрерсіңдер...

Даңқы шартарапқа тараған, сынықшы әрі оташы жеңгеммен кезінде болған екеуара сұхбат-әңгімеміз жоғарыда баяндағандай болып өрбіп еді.


Қайран аңқылдаған ақ көңіл кең пейіл, биік парасатты жеңешем-ай! Ортамызда жүре тұрғаның тек біздер үшін, ұрпақтарың үшін, ағайын-туғаның үшін емес, бүкіл өзіңді білетін, құрметтеп силайтын елің үшін, халқың үшін жақсы болатын еді ғой. Кездейсоқ кездескен азаптан, азап тартқан пақырларды шипалы қолыңмен тез-ақ емдеп, Алланың атынан жебеуің керек еді ғой!

Құдірет силаған тылсым күшке таң қаласың да, нәбір қолдан келмес кереметтердің жүзеге асқанын өз көзіңмен көргенде, бойдағы күдігің сейіліп, аруағыңа тағзым еткеннен басқа, қолыңнан ештеме келмейтінін ойға аласың. Біле түскің келіп, құлшынасың. О, шіркін пендешілік-ай!

Алланың кереметіне еш амал жоқ екен да. Қарамайсыз ба? Адам өміріне арашашы бола білген сынықшы-оташылығымен аты шыққан адамға шақтап өмір силады. Керемет құпия күш берді. Сол күш арқылы адамдарға қамқорлық та көрсетті. Соған қарамай, Жаратушының өзіне керек болды, жетпіске де жеткізбей, бақилыққа алды да кетті! «Бұл деген өмір ғой» - деп, тегін айтылмаған екен да! Өмірдің өзінің осылай-қым-қиғашы, қуаныш-өкініші болмаса, қызықта болмайтын шығар...

Айналайын асыл жеңеше! Қысқа ғұмырыңда елге тиген шапағатың үшін жәнің пейіште болар. Лайым солай болса екен.

КӨНЕ КІТАПТАР ҚАМҚОРШЫСЫ



РАЙЫМЖАН АФА!

«Коммунист жолы сара» - деп,
Хатшы да болдыңыз ұйымға.
Саясатты да сөз еттіңіз,
Неше топты жиында.

Араб харпін-тілімен,
«Оқымай қалай меңгерген?» - деп,
Шынымен-ақ таңданам!
Онымен тұрмай, атағыңыз бар!-
Ишансыз әрі халпесіз!
Бірақ біздіңше, молда емессіз?
Оған да әр кез таң болам!...
Менің ең бір қызығарым:

Жинаған көне-«тіс батпас»,
Араб әріпті кітаптартарыңыз-
Адамға рухани нәр берер,
Нағыз таусылмас «бұлақтарыңыз»!
Қазынаңызда білеміз біраз кітап бар...
Оқып, білмеген соң арабша,
Өзімізге де «обал» жоқ,
Болып жүрміз сізге «кіріптар»...
Біразын талдап берсеңіз,
Ашылар еді небір құлыптар?!...

Шығыс шайырларындай толғайсыз.
Қарттық «жеңем»-деп, өрепкігенмен,
Ізденгеніңізді қоймайсыз!
Бір өкініштісі -
Көп білгеніңізді хатқа түсірмегенсіз.
Болмаса, кәдімгідей-ақ толғайсыз.
Толғанғанда да, сол шайырлардан аумайсыз...

ӨЗГЕШЕ ЖАН

Кәзір сексеннің сеңгірінен асып, денсаулығына байланысты үйде отырып қалған Райымжан (Рекең) Көпбергенұлы қарияның руы Шымыр. Бір ауылдың адамдарымыз. Ол кісі Шымыр бабамыздың ұрпағы Шынғожадан тараған-Шаханның төртұлының бірі-Жақсылықтан, мен-Балығынанмын. Рекеңнің алғаш алған мамандығы-есепші. Колхозда есепші, бригадир, партия ұйымының хатшысы қызметтерін атқара жүріп, Шымкент педогогикалық институтының тарих факультетін бітірген. Бітіргенімен ол алған мамандығы бойынша мектеп қабырғасында бір күн де, шәкірттерге ресми түрде сабақ берген емес. Бірақ, мен бірінші класқа барған жылы, колхозда есепші болып жүріп-ақ, өзінің қанына сіңген ерекше әдетімен үйдің қасынан ары-бері өткенде, менің оқуымды «қадағалап» жүретіні есімнен шықпас. Бір күні өзімнен үлкен, жоғарғы класта оқитын әпкеме: «Мейраш, менің дәптеріме мұғаліміміз жазып келуді тапсырған «бесімді» жаза салшы»-деп, өзім шалқайып жатқанымның үстінен түсіп, ондай жалқаулықтың жолын кесу жөнінде көп әрекет еткенін қалай ұмытармын?

Үйіміз ауылдағы бастауыш мектепке, әрі колхоз кеңсесіне өтер жолдың бойында болғандықтан, ол кісі ары-бері өткенде, міндетті түрде соғып, маған жанама «ұстаздық» жасауды ұмытпайтын. Кейде отырғызып қойып, кәдімгідей көркем жазу жаздырып, есеп шығартып, диктант та жаздыратын. Бір күні диктантты былай жаздырды:

- Бүгінгі диктанттың бас тақырыбы: «Нұрмахан жаман оқиды». Жазып қой - деді.

Алғашта ештемеге мән берместен жазып қойдым. Неге екенін қайдам, осы сөзді буынға бөліп те жаздырды. Жазуын жазғанмен, артынша аң-таң болып, не жазғанымды ойланған болуым керек, долдана ызалы кейіппен.

- Неге маған олай жаздырасыз? Мен кәзір жақсы оқимын.

Алғаш оқыған кезде білместіктен ерініп, мұғалім берген тапсырманы әпкемнің жазып қоюын сұрайтынмын. Қазір олай етпеймін. Ондайдың қате екендігін өзіңіз маған түсіндіргенсіз. Содан бері жазуды өзім жазып, есепті де өзім шығарамын. Нанбасаңыз мұғалімнен сұраңыз!

Көріп-білмей, мені теріс бағалап, неге намысыма тиесіз? Мен сізге өкпеледім! Сіз менің мұғалімім емессіз. Енді еш сұрағыңызға жауап бермеймін! Ештеме де жазбаймын! Әкешеме айтқаныңызбен түк шығара алмайсыз! Олар менің мұғаліміммен сөйлескен. Менің оқу-жазуымның қандай екенін жақсы біледі. Сіз сабақты дұрыс үйретпейсіз! Адамды босқа шаршатасыз! Мені дұрыс түсінбейсіз! - деп, үйден жылай қашқаным да есімде. Содан, сол жердегі бастауыш мектепті бітіргенше, Рекеңнің төбесі көрінер жерде, мүмкіндігінше көзінен таса болуға тырысып, қашып жүретінмін. Бірақ, намысқа тырысып қатарымның алды болып, өте жақсы оқыдым. Бесінші класты Жамбылда жалғастырдым...

Кәзір ойлап отырсам, сол намыс екен ғой мені алға сүйреп келген! Намысымды қайрап, сезімімді оятуға жасаған Рекеңнің сол өзгеше әрекеті үшін рахметімді кейін, өзім Жамбыл аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында бастық болып, Рекең сонда финансист болып қызметте жүргенінде айттым. Істеген жақсылығын тізбелемейтін, бәлсініп міндетсінуді білмейтін Рекең:

- Е, үлкендердің басты парызы-балалар мен жасөспірімдердің жалпы жастардың тәрбиесімен түбегейлі айналысу екенін ұмытпаған абзал. Ерте жасалған тәрбиенің адам болмысының қалыптасуына зор әсері болары естен шықпау керек. Балаға-бесігінен тәрбие беруден бір күн де кешігіп қалма!-деп, бұрынғылар бекер айтпаған, - деген еді сәл ойлы жүзбен маған қарап:

- Қашанда өзің өнеге көрсетсең нәтижесі болады. Бала көзінше оғаш қылық көрсетпеуге тырысқан жөн. Бұрынғы айтқан уағыздарыңды уақыт өткізе қайталап, ретін тауып түсінігін сұрап, жадында ұстау, ой қорыту қабілетін біліп қойғанның, еш артықшылығы болмайды - деген болатын.

Райымжан ағаның басқалардан бір өзгешелігі-айналадағы болып жатқан кез келген құбылысқа немкеттілікпен қарамай, қызыға құмартып, әуестік білдіре отырып, ондайдың анық-



Райымжан аға немересімен

қанығын білуге құштарлығы, адамдарға сенгіштігі. Осы бір өзгешіліктерінің арқасында, қауіпсіздік комитетінің біраз бақылауында да болған жәйі бар. Ол кезде аға екеуіміз бірге, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында біріміз бастық болсақ, біріміз финансист болып істейтінбіз.

Қауіпсіздік қызметкерлері араласқан бұл іс, Ленинград қаласынан басталғанға ұқсайды. Арқалық қаласынан меймандықтан қайтқан аға мен Асхан жеңгеміз, самолетпен ұшып, Ленинградтан бір ақ шығады. Сондағы мақсаты - ел көру, жер көрумен қатар эрмитажды қызықтап, кітап іздеу.

Армансыз аралап, сонда кездескен бір татар жігітімен тіл табысып, оның үйінде әкесінен қалған арабша біраз кітаптардың бар екенін біліп, жүрегіне жолтабу арқасында бір-екі көне кітапты қолға түсіреді. Көңілін жайлап екеуі қыдыра жүріп, бір топ туристер тобына кездеседі. Қызығушылығы ұстап, әуестікпен аналардың берген сұрақтарының бәріне ағынан жарылып жауап берумен болады. Сөйте жүріп, сол топпен біраз жерлерді бірге аралайды. Өзінің қайдан екенін, жалпы біздегі жағдай, тұрмысы жайында, үй номеріне дейін тәптіштеп орталарындағы тілмәш арқылы сыр бөліседі. Кешке қарай самолетке отырып, ауылға келеді. Бар болғаны осы.

Кейін белгілі болғандай, ағалармен Ленинградта кездескен топ, арнаулы тапсырмамен «турист» атын жамылып жүргендер екен. Бәрін қадағалауда ұстағандықтан, ауылға келгеннен кейін мұндағы қауіпсіздік қызметіндегілер жан-жақты тексеріп, біраз әурелегені бар. Қызметі жайлы, өзінің болмысы туралы мінездеме беріп, жай әуестіктен болған жағдай екенін түсіндіріп жатып, олардың қыспағынан арашалап алған едік.

- Айдаладағы тілін түсінбейтін қайдағы бір туристермен, өзіңіздің аулыңызда емес, сонау Ленинградта жүріп байланысып, неңіз бар еді? - деп ортаға алғанымызда:

- Көрмейсіз бе? Сенгіштіктің, бос әуестік білдірудің, еш қауіп ойламастан адамдардың бәрін де өзімдей көріп, аңқылдақтық білдірудің неге апарғанын?! Ондай «сұмдықтардың» абайламаса, опық жегізер зәрі де боларын білмеппін ғой - деп ағынан жарылған еді аға.

Иә, ағаның осындай өзгешеліктері көп...

СҰХБАТТАСУ

Бірде, Рекең ағамен сұхбаттасып, біраз сыр тартудың сәті түсті. Денсаулығына байланысты кейінгі кезде, көңілі келмесе бет алды ашыла бермейтін әдетін білетін мен, көңіл-күйін бағдарлай отырып, екеуара сөз арасында, араб харпін қалай меңгергені жөнінде сұрағанымда:

- Оны айтсам сендер сенбеулерің де мүмкін. Ол жоқшылық кез. Тамақ бірде бар, бірде жоқ. Ең бастысы-нан жоқ. Бидай қуырып жеп, талғажау ететінбіз. Менен үлкен ағаның аты

Райымхан болатын. Медресе бітірген. Бірақ денсаулығына байланысты үйде отырып қалған. Менің болашағымды ойлайтын болуы керек, маған араб харіптерін үйретудің нешеме әдістерін қолданатын. Бүгінгідей есімде, екеуміз екі теріден жасалған бөстек үстінде қарама-қарсы отырып аламызда, ортадағы марка қозының терісінен жасалған бөстекке, ол кезде гигиенаны ойымызға да алмай, қуырылған бір уыс бидайды шашып қойып, әріптерді жекелеп атап, мені сұрақтың астына алады:

- Әліп, би... кез келген әріпті айтып, қалай жазылады? - деп сұрайды ...

Мен табылған қағазға сұрағандарын тура жазсам ғана, бөстектегі шашылған бидайдан, тура жазған әр әріп үшін бір ғана дән алып жеуге «құқылымын». Арабша жазылған сөзді дұрыс оқысам, онда да әр дұрыс оқыған әріп үшін бір ғана қуырылған дәннің «иесі» бола аламын. Әріптердің санына қарай, оған тиесілі бөстек үстінде шашылған бидайды санап теріп жеудің өзі де есеп, әрі еңбек екен ғой! Қарным ашып, бидай жегім келсе, ағама:

- Кітап оқымаймыз ба?-дейтінмін. Оны түсінген ағайым:

- Бүгінгі оқитынымыз қиындау соғуы мүмкін. Қателессең бидай жоқ!-деп, бөстекке бидайын шашып, менің оқуымды жіті қадағалайтын...

Міне алғаш араб харпін мен осылай танығанмын. Көзіргіше айтсақ, стимул-материалдық қызығушылық (материальная заинтересованность) басым болды-ау деймін.

Ағай дүниеден кеткен соң да, қалған кітаптарын өзімше оқып, харіптерді ұмытпауды мақсат тұттым. Ол кездегім тек харіптерді танып, сөз жазу, ежелеп оқудан ары аспайтынмын. Кейін Шымкент педагогикалық институтының тарих факультетіне сырттай оқуға түскен соң, араб харпін, грамматикасын, тілін қатар меңгерсем деген ой кетпей қойды. Ойлағаннан ба? Бірде түсімде баба кейіпте:

- Балам, дініміздің ошағы - Құран кәрім, пайғамбарымыз-Мұхаммед (с.ғ.с) өсиет-хадистері, бұрынғы ғалымдардың көне еңбектері араб-парсы тілінде, араб харпімен қағазға түскен. Араб харпін, тілімен жете меңгерсең ғылымға саған жол ашық. Араб тілін оқыту кітабын қолыңа ал! - дегендей сезіндім.

Әлгі кітапты (авторы ұмытпасам, Халитов болуы керек) іздеп жүріп, Тәшкеннен таптым. Өз бетімше оқып үйренуден

жалықпадым. Бөстектен бидай теріп жеп, араб харпін танып, үйренгенімнің пайдасын көп көрдім. Біраз меңгергендей болдым...

- Аға, ол жағы түсінікті болды. Халпе атағын қалай алып жүргеніңізді білуге болама? - деген сұрағыма:

- Институтты тәмәмдаған соң, сондағы ұстаздарымның ұсынысымен аспирантураға түсуге әрекеттендім. Бірақ, оған түсер алдында шет тілінен тапсырылатын экзамен-мен оқымаған ағылшын тілі болғандықтан орнына, араб тілінен тапсыруға рұқсат сұраған ректордың атына жазған өтінішімнің қанағаттандырылмауы себебінен, аспирантурадан күдерімді үзгенмен, араб тілі қызықтырып, өзімше білімімді жетілдіре бердім. Араб харпімен жазылған исламның тарихы, жалпы діні жайында әзірбайжан, тәжік, өзбекше жазылған кітаптарды оқыдым. «Алты бармақ», «Мухаммедия», «Мұхтасар» тағы басқа негізгі кітаптарға зейін қойдым.

Бірінен соң бірі, қызықтырғанын айтып жеткізе алмаспын. Ол нағыз бір мені арбаған сиқыр дерлік еді. Қызыққаным сонша, кей күндері танды көзіммен атырған кездерім де болатын...

Сөйтіп жүріп, 1964 жылы кітап іздеп, тағы да Ташкенге бардым. Сонда, Орта Азия Дін Хазретінің қызметшісі Алтынхан деген азаматпен танысып, өз жайымды түсіндірдім. Менің жайымнан толық хабардар болған ол, бастығы Бабахан Зияуддинге жеткізіп, мені аттестациядан өткізетін болып шешіпті. Ертеңіне Бабахан Зияуддин басқарған діни сарапшылардың ортасында отырып, діни білімімді тексеру қорытындысында, сол Ташкеннің өзінде халпе атағын иемденіп, мөр басылған тиісті құжатын қолыма алдым. Міне сол күннен бері мен халпемін.

- Дұрыс екен. Ал ишан атағы қалай берілді?

- Ишан-діни-мистикалық (сопылық) ілімді уағыздаушы мұсылман қауымының басшысы және дін ғұламасы ғой. Мен бұл атақты да Ташкендегі дін басқармасында алдым. Емтихан тапсырардың алдында, бір айлық діни қауымдардың басшыларын қайта дайындайтын курста оқып, білімімді жетілдірдім. Арнаулы комиссияның алдында емтихан тапсырып, ишан атандым. Жалпы ишандар мұсылмандық діни қауымдарды, діни оқу орындарын-медреселерді басқаруы керек қой. Мен бірақ ондай етпедім. Денсаулығымға байланысты діни білімімді үйде шыңдаумен келе жатырмын.

- Жақсы аға, түсіндім. Енді көне кітаптарыңыз жөнінде біраз сұрақ қойғалы отырмын.

- Е, не білгің келеді? Қоя бер.

- Қазынаңыздың көне кітаптарға бай екенін сеземіз. Бірақ оқи алмайтын болған соң, сіздің қажығаныңызға қарамай, бірдеме білсек пе? - деп, өзіңізді жағалаймыз ғой баяғы. Оларды қалай жинағансыз?

-Кітаптың саны баршылық. Сапалылары да аз емес. Осы араб харіпін меңгеріп, тілін түсінетін болған соң, еңбек демалысымды жылда Ташкен, Бұхара, Самарқан, Семей, Шымкент, Петрбор сияқты қалаларда өткізуді жоспарлап, жүзеге асырып отырдым. Сондағы мақсатым-көне кітаптарды іздеп тауып, қолыма түсіру, оқу, білу, үйрену болды. Сабылып шаршағанымға өкінбеймін. Бір жаңа кітап тапқан сайын, қуанышымда шек болмайтын, қанаттана түсетінмін.

Қалай қанаттанбайсың?! Қожа Ахмет Яссауидің қолжазбасы кімде бар, - деп есіттің? Ал менде ол бар десем, сенесің бе?

- Е, неге олай дейсіз? Қаншама Құран кітаптарын иемденіп отырған, ишан, халпе атақтары бар, Құдайдың шын сүйген құлына сенімсіздік білдіріп, күнәһар болар жайым жоқ! Сізге сенетін болған соң да, қасыңыздан қалмай, қаздыып талмай, ежектеп болмай отырғаным - деймін.

Көке, осы қазақта «Молданың айтқанын істе, істегенін істеме» деген сөз бекер айтылмаған ау сірә! Бірақ сіз халпе, ишан атағыңыз болғанмен, ондай молда емессіз ғой...

Сіздің айтқаныңызды да, істегеніңізді де қате деуге қақым жоқ. Сіздің айтқаныңыз Алланың сөзі, біз үшін-заң! - дедім әзіл-шыны аралас.

- Е, оны өзің біліп отырсың ғой. «Өлімді жерде молда семіреді, өлеңді жерде өгіз семіреді» деген тегін айтылды дейсің бе? Молданың да молдасы бар! Бәріне бірдей сыпыра баға беруге де болмайды. «Көзжұмбайлар» көп екенін жасыруға болмас. Қайткенде де бәрі адамына байланысты...

Көне кітаптар жайын сөз ете отырып, молдаларға ауысып кеттік қой. Ілім мен нысап дегендер екеуі екі бөлек әңгіме боларлық тақырыптар. Сондықтанда оларға тоқталмай-ақ, мендегі көне кітаптарға келсек, өте бағалы құндылығынан ба, сұраушылар өте көп келеді. Жай танысып қоймайды, сұрайды. Бермеген обал әрине. Ондайларға беріп те жіберемін.

Базаркүл Аязбайқызы және Динара деген қыздарға

Шынғысхан, Ақсақ Темір, Мао Цзу Дун, орыстың княздері, татардың хандары жайлы бас-аяғы жиырма шақты кітапты пайдалануға беріп жіберіппін. Ол кітаптардың бәрі білген адамға, менің нағыз байлығым, мұрам ғой...

- Көне кітаптарыңыздың бәрінің де бағалы екенін білеміз. Ішіндегі ең жүрегіңізге жақыны қайсысы дер едіңіз?

- Бірінші кезекке әрине ақиқаттың ұлы кітабы - Құранды қоямын. Мендегі Құран кітаптары әр жылдары әр жерлерде басылған. Жалпы санын айтпай-ақ қояйын, енді біразы бар. Оның ішінде мынаған қараңыз! Құран - XV 11 ғасырда, Семей баспасында басылған. Бағалы ма? Бағалы. Бұл Құранды өзіміздің Абайымыз иә, кәдімгі дүние жүзіне таныс, кеменгер ұлы ақынымыз-ақындардың пайғамбары атанған Абай (Ибрагим) Құнанбаев пайдаланған екен десем сенер ме едіңіз?

- Айттым ғой көке-ау, қалайша сізге сенбеймін?! Өзіңіз шын қартайып қалғанбысыз? Сенім жайына қайта айналып соға бересіз? - деп, көкеге жеңіл әзілмен жауап бердім да, өзімше тәу етіп:

- Әбден мүмкін. О, қасиетіңнен айналайын! - дедім Құранды сипап, ыстық ықыласпен:

- Он жетінші ғасырда басылған, Абай оқыған-нағыз қазына, жарықтық бұл Құран, қолыңызға қалай түсіп жүр? - дедім.

- Е, Нұрмахан! Біздің қазақ дана ғой! «Қалауын тапса қар да жанар», немесе «Жүйесін тапса, сөз-тас жарар, иә болмаса бас жарар» дегендерді бекер айтты деймісің?! Адамдармен тіл таба білсең, алынбайтын қамал болмайды! Құран иесінің жүрегіне жол таптық та! - деп жымыды да:

Ал енді мана жоғарыда айтқан «Мухаммадия» - Қазаннан 1894 жылы, «Алты бармақ» - ол да Қазаннан 1905 жылы, «Мұғалими сәни» - Қазанның «Умидь» баспасынан 1917 жылы, «Қасланбия», «Дін дәрістері», «Тұрмыс дәрістері» - Қазаннан 1911 жылдары басылып шыққан. Бұл кітаптардың бәрі де сөз жоқ, бағалы! Бірақ құны жоқ...

- Ана бір жылдары, «Тараз мемлекеттік университетінің ректоры Уәлихан Бишімбаевқа мұражайға қоюға көне кітап силадым» деген едіңіз? Ол қандай кітап еді?

- Ол өте бағалы кітап болатын. Қысқарта айтсам, қазақтың шығу тарихы жөнінде. Кәзіргі кезде ол жайында әркім әр қалай пікір айтып жүргенін білесіңдер. Ал ол

кітапта бұлтартпас дәлелдермен жақсы ашылып айтылған. Сол кітапты оқығаннан соң ғой менің «Имандылық әлемі» газетіне: «Қазақ атам Исадан бұрын туған» - деп бастап, «... Өсиет Мұхамедтен кітабым бар, «Қазақ» сөзі «қазан» - деп орын алған» - деп өлеңмен жазып жүргенім.

Тағы бір айтарым, сол Уалихан Бишімбаевтың Үнді жеріне барып, Мұхаммед Хайдар Дулати жатқан жерді өз көзімен көріп, топырағын осында әкелуде, сол кітап түрткі болды - деп, толық сеніммен айта аламын.

- Өте қызық мәлімет айттыңыз. Сізге үлкен рахмет!

Енді білгелі отырғаным, сонау сексенінші жылдардың орта кезінде, жеңгеймен Ленинградқа барған сапарыңыздағы олжа кітабыңыз жайлы не айтар едіңіз? Ол бір шипагерлік жайында деген сияқты едіңіз, солай ма әлде мен онда дұрыс түсінбедім бе?

- Иә, ол кітапта өте бір бағалы кітап еді. 1996 жылы Алматының «Жалын» баспасынан Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» атты кітабы жарық көрді емес пе? Менің сол жолы татар жігітінен аттай қалап алған кітабым да соған ұқсас болатын. Өкініштісі, ол кітапты жоғалтып алдым. Түсінетін біреу, қолды етті-ау дедім де қойдым. Бір жағынан өзім пайдаланып ем жасамаған соң, бірдемеден түйсігі бар адамның қолына түсіп, адам игілігіне пайдаланса жаман болмас деген сенімді бойыма қуат еттім де, ол кітапты іздемедім, тіпті ұмыттып та кетіппін.

- Маған Мойынқұмда өсетін бір сарғыш қызылдау сабақты шөп әкеліп беруімді сұрағаныңыз ойыма оралып отыр. Сол қандай шөп еді? Не себеппен алдырып едіңіз?

- Е, ондай шөп алдырғаным ойымда. Ол қурай-шөп тек құмды жерлерде өседі. Бірақ сол шөптің атын жария етпегеніміз жөн шығар. Себебі, атын білгендер өздігінен пайдаланып қателіктерге ұрынып жүруі ғажап емес. Кітаптағы дерек бойынша ол сарғыш қызыл қурай-шөптен есі ауысқандарды емдейтін дәрі жасауға болады екен. Ол енді басқа әңгіме...

Міне, алдыңғы тарауда «Өзгеше жан» - деп ат қойғанымыздай, Райымжан аға жан-жақты, бастаған ісін аяғына жеткізуге құлшыныс білдіріп, дүниедегі тылсым сырларды біле беруден жалықпайтын өзгеше қабілет иесі.

Ол кісінің басты байлығы-көне кітаптары, әлі де ел игілігіне қызмет етері айқын.

ИМАНДЫЛЫҚТЫ ҚОЛДАП, ТАРИХТЫ ҚОЗҒАП...

Имандылық жолына шын берілген Рекең, араб харпімен жазылған небір көне кітаптарды оқудың арқасында, мұсылман дінінің тарихын да терең меңгергенге ұқсайды. Өз ойын қағаз бетіне өлең жолдары арқылы сиректеу болса да кейде түсіріп те қояды екен. Ол өлеңдерін «Имандылық әлемі», «Әулиеата» және «Жас алаш» газеттерінде жариялатыпты. Мысалы мына, «Қазақ елі - ұлы халық» деген өлеңіне көңіл аударып көрейікші:

Қазаққа құдай берді Құран сөзін,
Құранды ер үстіндегі Алла құлы.
Қызыр, Ілияс, Ыдырыс, Иса-елшілері,
Елбасы-Президент Нұрсұлтан Әбішұлы!

Мисары-ол қазақтың бір баласы,
Керуен бастап, Хадиша құлы аталған.
«Тәубе», «Рахман», «Нахыл», «Нұр»-Құран сүрелері,
Мұхаммедке әрі сақшы, пірі болған.

Қазақ жері әлемге құтты мекен,
Тура ділді ұқтыру Әмірге тән.
Достық, туыстық арта берсін,
Сол арқылы кіреді өмірге сән.

Мұхтасым, Жуса-қазақ ауылы екен,
Жиырма үй-мешіті болған ғажап.
Жұма намаз оқылды бірінші рет:
Мұхаммед, Әбубәкір және сегіз адам.

Жусалы өзі Мәдинеге жақын еді,
Арасы бес шақырым ашық еді.
Қуанып күткен халық Мұхаммедті,
Екінші жұма оқыды қырық кісімен!

Бұндай өлең дүниеге жоғарыда тоқталғанымыздай, ескі діни кітаптарды оқып меңгерген соң ғана келетіні түсінікті болар. Ал «Қазақ елі ежелден ұлы халық» - деп тақырып

қойған өлеңі кәзіргі өмірмен байланыстыра отырып жазылған екен. Көп діни кітаптардың құдды бір резюмесі іспетес. Үзінділер келтірейін қараңызшы:

...Қазақ атам Исадан бұрын туған,
Мұхаммед пайғамбардың жолын қуған.
Егеменді елімнің астанасы-
Көп ұлттар орталығы күнде думан!...

...Акаша Мұхаммедтің серігі еді,
Соғыста Бәдір деген еріп еді,
Жел көтеріп көйлегін жотасынан,
Алла нұрын Акаша көріп еді...

...Әсиет Мұхаммедтен кітабым бар,
«Қазақ» сөзі «қазан» деп орын алған.
Қазақ уәзір, араб әмір болды,
Батуасы Мұхаммед орындалған...

Ілгеріректе «Жас алаш» газетінде жарияланған «Әсиет» деген өлеңінің құрылымы, мазмұны ерекше. Имандылық жолы-сара жол екенін меңзей отырып, намазға жығылуға, ораза ұстап, зекет, садақа беруге шақырса, білімнен кенде болмауды, еңбектен ерінбеуді әсиет өтеді. Көңіл аударайықшы, жұртшылыққа арнар әсиеттің қысқа да түсінікті биік үлгісі:

Аламыз еске өткенді,
Ерте намаз кешінде.
Намаздыгер, намазшам,
Құтпан оқу кезінде.
Жұма намаз өніміз,
Оқу керек бәріміз.
Мұсылмандық тәрбие,
Басшы-кіші кәріміз.
Ораза тұт, зекет бер,
Төреп өтеу аманат.
Айт намазы мейрамың,
Оқу керек жамағат.
Өмір жалған дүние,
Мешіт-үйің пейіште,

Ақырды ойлан азығың,
Таппа күнә кейісте.
Балағатқа жеттің бе?
Намаз үйрен-парызың
Сынаққа келдің өмірге,
Өтеу керек-парызың.
Басқалар көрсін, үлгі бол
Өзіңді жаттай сыйлағын.
Болсаң да ұлық-кішік бол
Жас-білсін, досың қуансын.
Садақаны сауда бер табысыңнан,
Айырады кездейсоқ намысыңнан
Адал бол іздең, білімді.
Ерте тұр да еңбек ет,
Құрметтеп өткіз күніңді!


ӘКЕЙДІҢ ҚҰРАН КІТАБЫ

Жылдағы қалыптасқан әдетпен, совхоздағы қой төлдеу қорытындысын шығарып, мамыр айының ішінде шопандарды, жалпы малшылар қауымын жиып, слет өткізіп жатқанбыз. Баяндама жасап мінбеден түсе бергенім сол еді, қатысушылардың ортасынан қолын көтеріп Рекең тұрып келе жатыр екен. Жарықтықтың аудан орталығында тұрып, 35-40 шақырымдай айдаладағы Көделі мал жайылымында, совхоз шопандарының слеті өтетінін қайдан білді? Қалай келді? Бұл кісі баяндама біте салысымен не айтпақшы?-деп, таңданып та қалдым. Сөз берген бермегеніне қараған жоқ, мінбеден

- Жыл бойғы тынымсыз еңбектеріңнің қорытындысын шығарып, мерейлеріңнің үстем болып отырғанын есітіп, үйде тыныш жата алмай, орталарыңа келдім. Шопандарың шетінен бәйге алайын деп жатқан көрінеді. Қуаныштан жүздері бал-бұл жанып тұр. Осы шат күлкілері ұзағынан болсын! - деп тілеймін. Осындай табысқа қол жеткізген директорларың өзіне-өзі бәйге тағайындамайтынын ескеріп, бәйгені мен беруді ұйғардым. Ол бәйгем мынау! - деп, мұқабалы бір кітапты көрсетті.

Мен өзімше, «менің кітапқұмарлығымды білетін Рекең, маған кітап силағалы тұрған шығар» деген оймен тұра бердім. Дәл сол ойымды оқып қойғандай Рекең:

- Бұл жай ғана кітап емес! Бұл қасиетті Құран кітабы!



Райымжан ағаның Құранды табыс ету сәті

Құран болған да да, директорларыңыз Нұрмахан інімнің әкесі-Тілеген көкемнің оқып пайдаланған Құраны! Тілеген көке дүниеден өткен 1972 жылы, көп кітабының ішінен Шаратай жеңгеме көрсетіп парақтары ыдырап бос жүрген осы Құранын алған едім. Жүйелеп тіктірдім. Жиырма жылдай пайдаландым, сиындым! Енді әкесінен қалған аманатты өзіне сіздердің көздеріңізше қайтарғалы отырмын.

Бұл Құран Нұрмахан інімді әркез бәле - жаладан сақтап жүрсін!

Жаман ып-ыласты істерді таптап жүрсін!

Жаманшылықты жолатпасын!

Жүрегіне тек жақсылық қонақтасын!

Өмірінде жол бастар Темірқазығы болып, сара жолға бастасын!

Аспасын, таспасын, асылық істерге баспасын.

Көсегесін көгертсін!

Басына бақ әкеліп, баянды бақыт орнатсын!

Отбасын айрандай ұйытсын,

Таба берсін небір істің қиысын!

Нұрмахан қарағым! - деді маған бұрылып:

- Жақсара берсін әрқашан, бір ісіңнен бір ісің, - деп қолыма Құранды берді.

Мен шын ризашылықпен, Рекеңнің қолынан алған қасиетті Құранды бағасы жоқ қастерлі жәдігер ретінде, жұрт көзінше сүйіп тағзым етіп, маңдайыма апарып, Аллаға іштей жалбарындым. Міне менің ойыма кіріп-шықпаған әкемнің пайдаланған қасиетті Құраны, Рекеңнің дархан көңілді ұқыптылығының арқасында өзімізге оралды. Сол Құран көзіңгі кезде өз үйімде, ең бағалы қолдаушым ретінде, бала қолынан аулақтау, құнды кітаптардың жоғарғы жағынан орын алған.

Ең көңілге қаяу түсіретіні-араб хәрібін білген болсам, сол Құранды мазмұнын жете түсінбесем де, үн шығарып оқысам қандай сауап болар еді?! Амалым жоқ, оқитын кезде атеист болдым, араб харпіне үрке қарадым. Қандай орыны толмас өкінішке жол бергенмін?! Өкінетінім Рекеңе ұқсап, араб харпімен жазылған небір құнды кітаптарды, оның ішінде үйдегі қасиетті Құранды парақтап оқи алмайтыным...

Оқи алмау дегеннен ойға оралып отырғаны: Кентауда тұратын Тұраркүл қарындасымның үлкен ұлы Қуандық, Ақтау қаласында жұмыс істейтін. Ол біздің үйдегі Құраннан еш хабары да жоқ. Бірақ екі мәрте, сол Құран жайында түс көргенге ұқсайды. Бір жағдайлармен биыл ғана сондағы бір көріпкелдің қабылдауында болады. Сонда әлгі көріпкел біздің үйде яғни, нағашысының үйінде ашылмай тұрған Құранның бар екенін, мүмкіндігіне қарай оқымаса да әр кезде Құранды ашып тұру сауап болатынын айтқан көрінеді. Құдіреттің күшін көрмейсіз бе? Айдаладағы Ақтаудағы жиенімнің түсіне кіріп, көріпкелдің қасиетті Құранның біздің үйде Тараз қаласында қимылсыз тұрғанын білгеніне таң қалар ма едіңіз? Таң қалсаңыз да, таң қалмасаңыз да шындық осы!

Бұл жайды баласынан есіткен Тұраркүл қарындасым жеңгесіне телефон арқылы хабарлап, не істеу керектігін жеткізісімен, оқи алмасақ та, екі аптада бір рет «Сүбіһан Алла», «Алхам діллә», «Аллаһу-акбарды» қайталай отырып, парақтап ашуды әдетке айналдырдық.

Дүниенің кілті-Құранда екенін кеш болса да түсінгендейміз. Айтары жоқ, Құран-нағыз қазына! Бірақ, Алланың сөзін аспандадып іліп қойып, парақтап аспағаннан оның киесі рух тазартпасын да кейін түсіндік емес пе?! Осы жайды кейінгі жас ұрпақ қайталамаса жөн болар еді-ау!

Біздің заман ағымына қарай жіберген қателігімізді Алла

өзі кешірсін! Алла әмсә қолдауға жазсын! Міне біздің үйдегі Құранның тарихы осындай!

Аса зор ыждағаттылықпен әкейдің пайдаланған Құран кітабын Райымжан аға түптетіп, сақтап, ойынан шығармастан өзімізге қайтарып, ол Құран-мұрат тұтар, табынып сиынар үй ішінің ерекше құрметтейтін қасиетті мүлкіне (реликвияға) айналып, көңілге сенімді медет болды.

Ағаның осы іспеттес өмірдегі басқа да игілікті істерінің қайырымы болып, Алланың нұры жауып, оған, үрім-бұтақтарына бар жақсылықты нәсіп етсе екен. Олар, Құдіреттінің құдіреттісі-қайырымды да мейірлі Алланың мол шапағатына бөлене берсе екен.

Райымжан ағаның нөмерелері, шөберелері жалпы ұрпақтары, жиналған көне кітаптарды оқып, зерттеп, лайым, келешекте ғылыми деңгейден көрінсе екен! Күнәдан пәк болып, Алланың ісіне шын берілсе екен. Шаттыққа кеңелсе екен! Дінімізден алшақ кетпей, иманды болып, ізгі ниеттілерге теңелсе екен!

19 шілде 2007 жыл
Тараз қаласы.



ДОСТЫ АҢСАУ немесе ҰРПАҚҚА ЕСКЕРТУ

Бірге жүрген достан ауырылу кімге болса да ауыр тиері шындық. Қалай ғана мән бермегенбіз? Жаратушы Алладан қашанда, ізгілік, унабат-уба, ар-намыс, зор табыс, жалпы жақсылық атаулыны шын ниетпен сұрап жалбарыну керек екен ғой! Бұндай жалбарынуға, келте оұлылыққа жол берілмеу керектігі бұрындары оұыма келмеуші еді. Ал кәзір, сол Құдаудың құдіретінің кереметтігі оұыма түскенде, кәдімгідей-ақ оұланатын болып жүрмін...



Айнабек Садуақасұлы
Есенаманов

Мына өлең жолдары, сондай ағаттыққа жол беріп алған, олай деп айтуға аузың да бармайтын, мүмкін пешенесіне солай жазылған болар, сонда дағы менің көкірегімнен кетпей жүрген, ешкімге жария етпеген құпиялы сыр, басқаларымызға сабақ болсын деген ниетте, қағазға түсті. Ауырлау болса да, Айнабек құрдасымның кенжесінің үлкену тоуында осы өлеңімді оқыдым. Әркім бұл өлеңдегі оұларды жете түсінсе жаман болмас еді...

Құрдасым едің, досым ең,
Ортамызға жайрандап,
Өң бойдақтың ішіне,
Тазакүлді алғаш қосып ең.

Тіл-ауыз тасқа! - деп айтам.
Сол Тазакүл жарады! -
Бауыр етің-көз нұрың -
Ұл-қызыңды өсірді.

Жақсылыққа баулумен,
Аулақ ұстап әңгүдік -
Жолатпады қорғаштап,
Кежеге тартқан кесірді.

Ержетіп бүгін кенжең де,
Келінді жарқын силады.
Қуаныш, көңіл шын тасып,
Кеудеге жүрек симады

Жетпей тұр бірақ, амал не?
Қуанышың досым, тек сенің!
Екініш бар жүректе -
Ерте ортадан кеткенің.

Тағдыр заңы - бұралаң!
Аруағыңмен жеберсің!
Өзің едің ғой келте ойлап,
Алладан тек сұарым:
«Ұрпағым өссе» дегенсің?!

Балықтайын өлермен,
Ұрпағы үшін жән берер.
Олай демей Алладан
«Қызығын көрсет өмір бер» -
Деген болсаң шын пейіл,
Бүгінгі тойды көрер ме ең?...

Алла берді тілеуді.
Шын сұрапсың қиылып.
Ойламаппыз ол кезде,
Ұрпағы үшін біреудің,
Құрдастары өзіндей,
Әке болмасын жиылып.

Балғындарым-балдарым!
Кең пейілі Алланың!
Айтарым бүгін ескертіп:
Жақсылық - медет көп сұра.
Жұмсақ болса жүрегің,
Сене бер, менің айтарым -
Орындалар тілегің!



Айнабектің жары
Тазакүл Садуақас
келіні

Қашық болсын сендерден
Надандық пен арамдық,
Дөкірлік пен обырлық,
Жамандық пен зарарлық,
Опасыздық пен қитарлық,
Қырсаулық әм жалқаулық.

Алладан сұра амандық.
Жалбарынуға Аллаға!
Көрсете көрме сараңдық!
Намыстанба жылауға,
Көзіңнің жасын тарам қып.
Жаратқан сені - Алла біл!
Бұл дүниеге адам қып!
Сондықтан сұра именбе!
Бақытқа бастар - даналылық.
Ұрпақтарға ұзақ өмір,
Әрі айнымас саналылық.
Бір-біріңе ынтызар,
Татулық пен тазалылық!

Денсаулық сұра иманмен,
Өмірлік байлық - жатқан кен!
Ибалы достың жүрегі -
Шапақ атқан нұрмен тең!
Мол ләззат сұра еңбектен.
Бабалар мен әжелер -
Қажымай-талмай бұрын да,
Еңбекпенен ер жеткен,
Сылана жүріп бойжеткен.

Сабақтастық жалғассын!
Жақсылықтар да алмассын!
Жалбарына берсең Аллаға
Құлақ салғын әлеумет!
Жаман боп өсте қалмассың!

ЕКІНШІ БӨЛІМ

АҒАЛАРЫМ - АСЫЛДАРЫМ !

ФИБРАТТЫ, ФОТОШЕЖІРЕЛІ
ЭССЕ-ЕСТЕЛІКТЕР,
ХИКАЯТТАР

Жастық шақ,
Шіркін, қызық-ау!
Жүгірген күндер.
Ағалап.

Бұл еңбегім, көп жылдар бірге қызметтес болған, еліне еңбегі сіңіп, көп құрметіне бөленіп, өңірімізге етене таныс болған, атпал азаматтар туралы фотошежірелі эссе-естеліктерден және хикаяттардан тұрады.

Кітаптің бұл бөлімінде аттары аталатын кейіпкерлер, кәзір ортамызда жоқ. Олар облыс, аудан, берісі қызмет атқарған шаруашылықтардың нығайып, еліміздің өсіп-өркендеуіне қомақты үлес қоса білген, сондай-ақ, жастар тәрбиесінде ұлағатын аямай, тәлім берген, үйреткен, парасат иелері. Жатқан жерлері жайлы, жандары жаннатта болсын-дей отырып, ол аяулы да асыл жандардың, еліне еткен бұрынғы еңбектерін, фәни дүниеліктер естеріне алғандығымызға, аруақтары о дүниеде де риза болса екен дейміз. Осы мақсатта, дүниеден өткен сол асыл жайсаңдарға, бұл еңбек, менің қолыммен аруақтарына бағышталып, жекелей тұрғызылған ескерткішім болсын!

Бұл «Ағаларым-асылдарым!» атаған топтама, толғаныс, эссе-естеліктерді жазуда, даналарымыздың төмендегі ғибратты сөздерін, жалпылай эпиграф етіп алдым. Олар маған бағыт сілтер, адастырмас темірқазықтай жеке шоқ жұлдыздарым болды. Солармен қуаттандым, солардан нәр алдым.

Автор.

- Асыл адам айнымас.

Абай.

- Адам-бар дүние өлшемі.

Протагор-ежелгі грек философы.

- Мөрт азамат әрбір кісінің бойындағы жақсылықты жетелейді, жамандықты елемейді.

Қүнфузди (Конфуции)-ұлы қытай ойшылы.

- Жақсылардың өзі өлсе де сөзі сау.

Шалкиез жырау.

- Қателіктің себебі-жақсыны тани білмеуден.

Демокрит-материалист-философ.

- Жаңбыр жаумаса жер жетім,

Басшы болмаса ел жетім,

Ұқпасқа айтқан сөз жетім.

Төлеби-шешен.

- Ердің ісі-елдің мойнында,
Елдің ісі-ердің мойнында.

Халық мәтелі.

- Көзіме мақтағаның,
Құлық сақтағаның.
Сыртымнан мақтағаның,
Алтынмен аптағаның.

Қадыр Мырза Әли.

АҒАНЫҢ ІСІ МЕН ІЗІ



Қуанышбеков Жолшыбек -
Еңбегінің арқасында,
Ат басындай қызылшаны өсірген.
Бейнетқор жаң, қашық еді -
Жаман әдет, кертартпалық кесірден.
Сол қасиет бойға дарып өмірде,
Асқақтата мәртебесін өсірген.

АУЫЛДАҒЫ БАЛҒЫН БАЛАЛЫҚ ШАҚ

Соғыс зардабының әсерінен, Жолшыбек аға (Жөке) Куанышбеков оқуға он жасқа шығарында, 1947 жылы барыпты. Үшінші сыныпта оқып жүрген, Серікбай аға екеуінің жанынан қалмайтын мен, ерте әріп танып, оқи алатындай жағдайға жеткен сияқтымын. Содан ба, ол екеуі бірдей қамқорлық жасап, мұғалімдеріне, менің жазып, оқи алатындығыма көздерін жеткізе жүріп, 1948 жылы, 6 жас 8 айлығымда бастауыш мектепке оқуға қабылдануыма ықпал еткен. Кейіндері олар мені, сабақ үстіне алып барып, жазғызып көріп, санатқанда, мұғаліммен кластағы балалардың алдында «қырыққа дейін санап, қы-ы-рық дегенде жылап жібергенсің» - деп, мазақтап та қоюшы еді.



Жолшыбек аға

Бұл екі ағаның жас айырмашылықтары, бір-ақ жас болатын. Ерте өмір көргендіктен бе, қиыншылықтарды бастарынан көп өткізгендіктері болар, менің түсінігімше, көп нәрседен хабардар, өте көп білетін сияқты еді. Екеуі бірдей, мені өз қамқорлықтарына алып, кез-келген істі үлкен-кішілігіне қарамай, жалықтастан ыждағаттылықпен үйрететін. Кәдімгідей-ақ, балапанша баулитын. Оның бір мысалы, елеусіздеу жай нәрсе көрінгенмен, ораза айында топтанып

жүріп, балалар айтатын кәдімгі жарапазанға тартуы.

Бұрынғы жылдарды қайдам, оқушылардың жазғы демалысына (каникул) шыққан сол бір жылдары, оразаны ата-аналарымыз жазда ұстаушы еді. Жастары үлкен Жөкеңдердің жасындағы 5-6 бала, ішінде одан екі класс жоғары оқитын Серікбай аға да бар, жандарына мені қосып алып, кеш болысымен жарапазан айтуға шығатынбыз. Шыққанда да ораза айында, жарапазанды басталғанда үш күн, ортасында және аяқталар алдында үш күннен ғана айту қағидасын бұзбастан, бізде жоспарымызды соған ыңғайлайтынбыз.

Бір күнде 7-8 үйге ғана жарапазан айтуды, алдын-ала келісетінбіз. Ол кезде, атеистер жар салып: «Жарапазан айту, ескіліктің сарқыншағы»-деп, үгіттегендіктен, мұғалімдердің



Серікбай аға

«Айтуға болмайдысына» қарамастан, балалар олардан жасырына жүріп, жарапазан айтуын жалғастыра беретін. Ауыл жаз айларында, қыстаудан жайлауға көшіп, көпшілігі, киіз үймен отыратын. Бастауыш мектеп мұғалімдері түгелдей, мектепті иесіз тастауға болмайтынын ескеріп, жайлауға көшпейтін. Яғни, балалар үшін жарапазан айтуға, олар тарапынан кедергінің жоқтығын пайдаланып, 3-4 шақырымдай жердегі сиыр фермасы, ешкілі ауыл аталатын малшылар және жиырма шақты үйлі Көлқайнар ауылын қамтуды жоспарлайтынбыз. Ересектерден, әйтеуір білетіндерден үйреніп, жаттаған бес-алты ауыз өлеңсімақтарымызды айтып келіп, әр шумақ аяғында, «Мұхаммед үмбетіне жарапазан, Оразаң қабыл болсың, ұстаған жан» деген тілегімізді айтуды ұмытпайтынбыз. Сөйтіп жүріп-ақ, жарапазанның жолын жасап, «жоспарымызды» орындаймыз. Үйден ешкім жұғарақта шыға қоймаса, патефон табағындай қайталап айтамыз. Тіпті кешіксе, «Жаңа туған ай еді, батайын деп барады, қулау еді серігім, себеп іздеп ортадан, қашайын деп барады» дегендей, асықтырып «өлеңдетеміз» келіп. Жарапазанның жоралғысын жасауға шыққан адамның ұсынған ізетін алып, бата беру, Жөкең бастаған «ересектеріміз» үшін қиынның-қиыны сияқты. Ұялама, жоламайды. Ол істі маған тапсырып қойғандықтан, бас-көзіне қарамай, іркілместен, «міндетімді» орындауға кірісіп кете беретінмін. Ойымда қалғаны, үлкен кісі шықса:

Бұрама темір, сом алтын
Отқа салса жанбасың,
Суға салса батпасың.
Тәңір берген нәсібе
Тепкілесе кетпесін
Әумин!

- деп бата беремін дағы, жарапазан жоралғысын жасауға жас бала, болмаса қыздар шықса, батамның мазмұны былайша өзгеріп сала беретін:

Жортқанда жолың болсын,
Қалтаң ақшаға толсын!
Қарын тоқ болсын,
Уайым-қайғың жоқ болсын!
Отбасыңа лайым,
Ортаймастай бақ қонсын!

- деп тақылдаймын. Ондай «мазмұнды» батаны есіткен кейбір үлкендер, періште көңілден шыққан батаға ризашылықтарын, қосымша симен еселеп толықтыратын кездер де болып тұратын.

«Жоспарымызды» орындаған соң, жиналған тиын-тебенді және тәтті, құрт, өрік-мейіз секілділерді жекелеп санауға кірісетінбіз. Ондай жұмыстарды да, Жөкең мен Серікбай аға, көзір ойласам, «төселе берсін» дегендері болулары керек, маған істетеді. Заттардың түріне қарай бөлектеп, санын анықтаған соң, екеуінің біреуі сұрақтың астына алады:

- Ақша немесе құрт, заттың түр-түрін бөлекше айтып, қанша болды? - дейді.

- Осынша-деймін мен.

- Оны, осы тұрған осынша балаға бөлгенде, әрқайсымызға қаншадан тиеді?

Мен ойланамын дағы, кейде дұрыс, кейде бұрыс, бір жауабымды айтамын. Әсіресе, тең бөлінбей, қалдық қалып қалғанда, көп шатасамын. Ондайда, олар ерінбестен түсіндіріп бағады. Мен үшін нағыз да нақты, тәжірибе сабағы сол болатын. Жиналған заттардан бөлінбей, жалқылап қалғандарын соңына қалдырып, бәрі біткен соң, өздерінше құндап, бағалап, теңестіре отырып, бөлуді «үлкендер» өздері атқаратын.

Бірінші классты бітірген жылдың жазында, сол ағалардан міне осылай санау, бөлу, жалпы төрт амалды және бата беруді үйреніп, машықтануым, өмір іргетасының қалыптасып, қалануына септігі тигендігін, ол кезде аңғармағаныммен, кейіндері ойға алатын болдым.

БАЛАЛЫҚТЫҢ ҚАЛАДАҒЫ ДӘУРЕНІ

Соғыстан қайтпай қалған інісі - Қуанышбектен қалған ұл мен қыздың жетілуіне бас-көз болған менің әкем, бастауыш мектепті бітірген Жөкеңді, Жамбыл қаласында бесінші сыныпта оқуын жалғастыруы үшін, бір әпкейдің үйіне орналастырыпты. Бір жылдан соң, артынан бойым бір-ақ тұтам мен де, сол үйге келдім. Тұрмыс ауыр. Нанға кезекке таң сәріден бармасаң, аш қаласың. Көбінесе нан кезегіңе, мені аяп, оятпастан, ерте тұрып Жөкең баратын. Наннан үш-төрт тілім, бір шақпақ қантпен өзек жалғап, оқуға ертерек кетеміз. Үйден ерте шығуда да, гәп бар. Ол - тамақ тойдыру.

Күздің қыркүйек, қазаны-көкөністің оның ішінде қызанақтың (помидор) нағыз піскен кезі. Мектепке Жөкеңнің тоғалы үлкен оқушы сумкасындағы кітаптарды, біздің ауылдан келіп оқып жүрген Жөкеңнің Сүндет құрдасы екеуіміздің сумкаларымызға бөліп салып босатамыз. Тоғалы үлкен сумка, бұйырған дәмді салуға дайын тұрады. Жалданып жұмыс істейтін жерді алдын-ала келісіп қойған болса, екеуі де білек сыбана кірісіп, көмір тасу, ағаш кесу, отын жару сияқты жұмыстарға төселгендері сонша, әп-сәтте-ақ бітіріп, бергенін алатын. Мен болсам, кітаптардың қарауылы. Жеңіл-желпі, жарылған ағаштарды тасып жинау болмаса, басқа ештемеге шамам келіп те жарытпаймын.

Істеген жұмыстарға ақшамен, тиын болса да есептессе, тіптен жақсы. Үнемдеп жұмсап, тамаққа көбіне бәліш, жұмсақ, құны 5 тиын тұратын бөлішке нан (булочка), газды су алып тамақтанатынбыз.

Бес тиындық нан дегеннен ойға түсіп отыр. Осы Абай көшесінің бойында, көмір босататын қойма болатын. Бір жолы, сол жерден бір сомдық ақша тауып алып күніне 15 тиыннан үшеуіміз апта бойы нанды - бөлішкелі болғанбыз. Қазіргі балаларға осы жайды айтсаң, күлкілі, мүмкін емес жағдай сияқты немкеттілікпен тыңдап, қабылдағылары да келмейді. Бірақ, бұл шындық. Дәл солай болған.

Жұмыс істеткендер, көпшілігінде орыс кейуаналары. Олар, көбінесе пісіп тұрған қызынақтан бос сумкамызға толтырып, нан, піскен жұмыртқа беруді де ұмытпайтын. Реніш деген ондайда еш болмайды. Біз үшін ол кезде, тамақ тоқ болса болды. Томпандап, тапсырған жұмыстарын орындау парыз сияқты болатын.

Ойымнан шықпайды. Бір күні, жұмыстың ыңғайы келмей, Сүндеттің үйден алып шыққан құрғақ нанын жеп, түйіліп тұрғанымызда ауылдан келген Айтбай деген олардың құрдасы жолығып қалды. Сүндет болса құрдасына:

- Оу, Айтеке ауылдан келдің ғой, бізге бір-бір стакан газвода әперсеңші - деген. «Газвода» дегенге түсінбегендей кейіппен Айтекең Сүкеңе:

- Газбадаларыңа ақшам жетпес, мақұл десеңдер қызыл су әперейін - деп, бәрімізді қыран-топан күлкіге батырғанын, әперген қызыл суын ішіп, терлегенімізді қалай естен шығарасың?!

Ой шіркін балалық ай, десеңші! Қарынның тоқ болуы үшін, басқа мүмкіндіктер болмай қалған кездерде,

босатылған тоғалы сумканы Жөкеңнің қызанаққа толтырып, тойдыратыны қалай естен шықсын. "Жоқшылықта жеген құйқаның дәмі естен шықпас" деген осындайдан айтылған шығар сірә. Кішкене ғана огороды қызанаққа толған орыс кейуаналардың демалатын уақытын білетін Жөкең, қас пен көздің арасында ақ сөмкесін толтырып жанымызда болатын. Кейін сол Пионерская көшесіндегі қарт кейуаналардың біздің әрекетімізді сезіп қойып, көшесінен жүргізбей қойғаны да шындық. Бәрі де жоқшылықтың көсірі ғой. Қазір болса, ондай әрекет түрпідей көрінетіні, айтпасақ та түсінікті.

Жөкеңнің қолынан, механизмдермен жұмыс істеу, құрал-жабдықты іске асыру келе беретін. Қайратты еді. Тобымызбен жалданып, жұмыс атқарып жүргенде, велосипедтің жарамсыздау тастаған рамасына кезігіп, оны құрап, жөндеп, жоғын түгендеп, алғаш велосипед мінгеніміз есімде. Велосипед тебуге менің аяғым жетпейді. Екі ортасына кіріп, бірәз айдауға-ақ шамам келеді. Сол велосипедпен апта аралатып болса да, қырық шақырымдай жердегі туған ауылымыз Сеңгірбайға алдына мені алып, бір күн түнеп, қайта қайтатынбыз. Ауылда ақша қайда бола қойсын. Бірде, шешелеріміз қырықшақты жұмыртқа пісіріп берді. Оны базарға апарып сатып, ақшасына мектеп буфетінен бес тиындық бөлішке нан алып, жүрек жалғап тұруымызды тапсырды.

Велосипедпен келіп, түс кезінде осы Атшабардың үстіндегі базарға жұмыртқамызды жайып қойып, сатуға мен отырдым. Бойым, жайма тақтайшадан бірақ қарыстай ғана асады. Алдымда жұмыртқалар. Ересектігі ме, жұмыртқа сатуға намыстанатындай Жөкең, алысырақта велосипедтің жанында сипақтап жүрді де қойды. Мен қарасам, жымыйып күледі де, жақындамайды.

Жұмыртқа сатамын деген менің алдыма, «Мына сатушының алдын қалқалап жаптық-ау» деген ойларына да келместен, өлдекімдер отырып, әңгіме соғады. Оларға, «ары барып отырсандаршы» деуге менде мұрша жоқ. Жөкең болса, жүрісі өлгіндей. Оған ызаланған мен, жұмыртқаны жерге ұрып, алды-артыма қарамастан Атшабардан Жөкеңнің қылығына өкпелеп, Абай көшесімен жүгіре қашқаным ойыма түссе «Шіркін, балалық-ай» деп ойға аламын. Ол өкпенің бір ұшы - ағаға деген інілік наз да ғой. Жөкең болса сол жолы, жете жалынып, апасының берген бір сом ақшасы бар екенін, бөліш, тәтті алып жейтінімізді, жұмыртқа сатудан

еш мандымайтынымызды, жалданып жұмыс істеп, ақша табатындығын айтып жұбатқаны қазіргідей көз алдымда. Шіркін, бауырмашылыққа дүниеде не жетеді! Бауырларың, асқар тауың ғой!

Қаланың өзі құралпы балаларына дес бермейтін. Оқудың алғашқы айларында қала балалары, ауылдан келетін біздердің жолдарымызды торитын. Әкеле жатқан жұмыртқа, құрт-майларымызды тартып алуға әрекеттің неше түрін ойлап табатын. Ондайда, қолдағы заттарды «Ие бол» деп маған бере сала, қаншасы жабылса да, жүгіре жүріп бойына жұдырық дарытпайтын. Қарсы топқа қайта соққы беріп, жеке шыққандарын сылқылдата соғып, жазықсыз жәбірлеудің аяғы жақсылыққа апармайтынын іс жүзінде дәлелдеп, «көкелерін көзіне» көрсететін. Жастайынан көкпар тартып, еңбек етіп шыныққан Жөкең, алқынбастан

- Әй, өңкей шиебөрі, ендігіде, жолымды кесіп, пасық ойларыңды жүзеге асыруға әрекет ететін болсаңдар, айтпады демендер, көкпар қып тартамын! Кетіңдер қане, көзіме көрінбей, жолдарың өне! - дейтін. Әр көшенің өз қоқанбайлары, қанша тыраштанғанмен, қолдарынан түк келмейтін. Құр бопсалаудан түк шықпасын білген, «көкірегіне нан піскен» қала шәртікейлерінің арының, өздерінен күші басым - Жөкеңнің мысы, осылай басып отыратын. Сондықтан да, біз ауылдан келгендер, Фурманов, Пушкин, Абай, Киров, Садовая, Трудовая, Қапал көшелерінде Жөкең қамқоршымыздың арқасында еш қауіпсіз, алшаң басатынбыз.

ЕСЕЮ ЖЫЛДАРЫНДА

Балғын балалық шақ, жоқшылықтың салдарынан балдай болмаса да, ер жеткендегі өмірі, еңбектің арқасында, өз арнасымен шаттықта өтті. Айбар етер алдында ағасы жоқ, сенетіні - өз күші, бейнетқорлығы. Орта мектептен соң, Жөкең кең профильді механизаторлар дайындайтын училищені бітіріп, еңбекке араласты. Еңбек жолың, шофер-механизатор болып бастап, жазда, комбайн рулінде отырды. Техникаға деген құштарлық, ел ризығы-астық жинауда, тәжірибелі комбайнерлерден қалыспай еңбек етуге жетеледі. Айналасы, екі-үш жылдың ішінде, егіс бригадасының көмекшісі, кейінгі, өмірінің соңына дейін, тапжылмастан, жиырма бес жылдан аса,



Жолшыбек аға отбасы мүшелерімен, орталарында ақ тоқыма киген менің Шынарым

совхозда егіс бригадасын басқарды. «Еңбек-бар қиындықты жеңбек»-деп, бекер айтпаған екен Бейнетқорлығының арқасында, өзін қабілетті ұйымдастырушы, бұқараға қамқоршы ретінде таныта білді.

Қоғамдық жұмыстарға белсене араласудың арқасында, өзін жақсы жағынан көрсете біліп, коммунист қатарына қабылданды. Партиялық тапсырма ретінде, совхоздағы Халықтық бақылау тобына КПСС тарағанша, үзбей жетекшілік жасады. Әсіресе қой төлдету аяқталғандағы болатын қорытынды қозы санақта, «қиын» шопандардың отарларына өзі барып санаққа қатысатын. Әр жылдарда, қырық-елудей жаңа туған қозыны есептен жасырған біраз сабаздарды талқыға салып, «көкелерін көздеріне танытқаны» пионерліктерің есінде болар. Қандай бір шиеленіскен келеңсіз істерге араласып, дұрыс шешіп екі жақтың да ризалығына қол жеткізіп отыратын. Істі тура шешетіндіктен тәртіп бұзушылар, Жөкеңнің алдында әр кез кінәлі сезініп, тәртібіне бағынып, бас иетін.

Кейінгі жылдарда совхозда Ақсақалдар алқасы құрылып, оның төрағасы болып, қарт ұстаз Әбдіғаппар Сейдахметов ағай істеген болатын. Мүшелері болып, қарттар: Шатай Сасықбаев, Шәден Мырзақалықов, Болысбай Жаңбыршиев, Рахметолла Бектенбаатар және тағы басқалармен қатар, қарттық жасқа жетпесе де, Жөкеңнің жоғары принципшілдігі ескеріліп, сол алқаның мүшесі болған етін. Тәртіп орнатуда ол құрылған алқаның беделі жоғары, істері өнімді, әркім санасатындай болғанын үлкен мақтанышпен айтуға тұрарлық болғанын айту артықтық етпес деймін.

ҚАЛЫҢ ҚАРДАҒЫ ҚАРБАЛАСТАР НЕМЕСЕ ӘЛИЯНЫҢ ӘҢГІМЕСІ

«Қатаң қалың қарлы қыс» - деп, ат алып, жұт әкелген қыстың толассыз қары, 1969 жылы қаңтардың он жетісі күні кешінде басталып, айналаның бәрін ақ көрпесімен қалыңдап тұмшалап, жолқатынасын қиындатып-ақ тастаған еді. Мұндай қысты, бұрындары, 1950 жылдары көргендер, «Аяғы қайырлы болса екен, бұның да сондағыдай жұтқа ұшыратпауын тілейік!» - деп, Тәңірге жалбарынғаннан басқа, шешімді әрекетке бара алмаған болатын. Оны көрмегендер болса әдеттегідей, «Қанша жауар дейсің, арты ашылып кетермен» жүргенде,

қар қатарынан алты тәуліктен аса күндіз-түні толастамай, аяқ көтеріп жүруге келмейтін қалыңдықта басып тастағанда ғана, есеңгірегендей күй кешіп, дәрменсіздік танытқандары да шындық еді.

Айтса айтқандай-ақ, жол бойында автомашина қозғалысы, қар жауған екінші күні-ақ тоқтаған. Дөңгелекті тракторлардың өзінің жеке басы ғана, ептеп қимылдау мүмкіндігі бар. Алыс-жақындағы мал отарларына қатынау мүмкіндігі жоққа тән. Тек шынжыр табанды тракторлармен ғана төменгі жылдамдықта қимылдауға болғанымен, қиын істе қол бере салу мүмкіндігі күмәнді. Бос дәрменсіздік танытып, отыра беруге де болмайтыны түсінікті. Әрекетсіздік, өлімге бас игенмен бірдей емес пе? Совхоздағы бар мүмкіндік, ақылдасып, кеңесу арқасында жүзеге асырылып жатыр...



Әлия абысыны Ұлбосынмен

Жөкең болса, егіс бригадасының бригадирі. Жиын-терін толық аяқталған соң, кезекті еңбек демалысын алып, үйінде жатқанына, үш-төрт күн-ақ өткен. Үйде жатуда да себеп бар. Жұбайы Әлия, ай-күні жетіп, дәрігерлердің болжамы бойынша, аптаның ар жақ, бер жағында босануы тиіс. «Жаман айтпай,


жақсы жоқ» деген, ұзап кетуге болмайды. Күнделікті түскен қардан, есік алдын қайтара күреуден, адам бойынан асатын, түйенің бөлінен бірнеше есеге жуан, қар қорғанының пайда болғанына таңдай қағып, таңданып, бас шайқағаннан басқа, табиғаттың дүлей күшіне не істемек?!

«Еңбек демалысындамын» - деп, үйде жата беруге де, табиғат апаты әкелген, жан-жақта болып жатқан әбігер істерге деген алаңдаушылық, адамгершілік сезім шыдатпай, қаңтардың 19-ына үш шақырымдай жердегі совхоз орталығына барып, жағдайды білуге итермеледі. Онда баратын көлік, машинадан қайран жоқ. Шынжыр табанды трактор жүріп өткен борпылдақ қарды жолдың ізімен, жаяу жүруге тура келді. Жол өнсеші! Қар толастар емес, әлі құйып тұр. Ізді, тез-ақ жасырып жатыр. Айналдырған үш шақырымдай жерді, толық екі сағат жүрген шығар.

Кеңседең, гараждағылардан білгені, мал түгел қолға қарап қалыпты. Жағдай айтарлықтай емес көрінеді. Алыста орналасқан маяларға жете алмай, кейбір отарлар қар қамағында қалған. Қардың толастар түрі көрінбейді. Облысқа хабар беріліп, танк, брономашиналарға сұрау салынған көрінеді. Вертолеттер жәрдеміне де жүгінуге шешім қабылдапты. Адам өміріне қауіп әкелер, әсіресе, шөп маясы алыс жиналған отарларға қатер төккен тілсіз жау- бет қаритын суық пен өкше көтертпес қалың қар-жұттың нағыз күш алып келе жатқанын, бір-бірімен үнсіз ұғысқандай кездескендердің бәрі де абыржулы. Көріп тұрып үнсіз кетуге ұяты жібермей, директорға кірді. Өзінің кезекті демалыста жата беруге, дәті шыдамайтынын, ел қатарлы жұмысқа шығып, қолынан келген жәрдемін беруге дайын екенін білдірді.

Кешке үйге келсе, Әлиясы тынышсызданып, ауруханаға бару тықырының таянғанын сездіргендей болды. Қар әлі жауып тұр. Не істеу керек? Жол жоқта, түнделетіп жолға шығып, әйелдер босанатын аудан орталығы, Асадағы аурухана үйіне апаратындай да, жағдай күтіп тұрғандай ма қалай? Көп ойланбастан, дайындықтың қамына кірісті. Басқа бригададан, дөңгелекті МТЗ тракторын тауып, үйдің жанына әкеп қаңтарып қою артық болмас деп, шешті. Автомашина сияқты емес, қалай болғанда да тіркемесіз салт трактор, өз жеке басын алып жүруге жарайтын болар.

Малтығып жүріп, діттеген жерден, тракторды от алдырып, түнделетіп айдап әкеліп, көңілін бір демдегендей күй кешті. Тракторды от алдырғанда байқағаны, қар жауып тұрғанмен,



Қос шаңырақ ұрпақтары. Ортада Жолшыбек аға, жұбайы Әлия және анам Шаратай

ызғар жоқ. Аяз жоқ, күн әлі суый қоймағандықтан трактор тез-ақ оталды.

Қойшы сонымен, келесі күні сол тракторды от алдырып, жанына өте сақтықпен жайлап қана Әлиясын отырғызып, ауруханаға бет алды. Жол бойы, ой-шұңқырды ажыратып болмас, қармен теп-тегіс боп көмілген. Жолдың сұлбасын, жол жиегіне егілген ағаштарға қарап ажыратпаса, жүру мүмкіндігі жоққа тән. Құнан шаптырым, әрі кеткенде, бір көш жер деп жүрген, Аса аулына, жетудің өзі азапты болғанын айтудың өзі қиын. Қарға адымдап жүріп, ары кеткенде шақырымдай жүрген соң тоқтап, суытпасаң, су қайнап, тракторды алға бастырмайды. Қайнаған радиаторды ашып, қар салып суытудың мүмкіндігі жоқ. Қақпағын ашсаң, буы бұрқырап, тасып төгіледі, әрі өзінді күйдіруі мүмкін. Өзі суығанша күтуге тура келеді. Азаптанып, аман-есен әйелдер босанатын ауруханаға да Жаратқанға жалбарынып, он сағаттан аса жүріп, жетті-ау әйтеуір. Бір жақсысы, шайқақтаған тракторда тістене отырып, өзін ұстай біліп, сыр білдірмей, аман жеткен Әлиясын дәрігерлер қолына табыстап, қайтады.

Әлия, 1969 жылдың 21 қаңтарында, аман-есен босанып, дүниеге шекесі торсықтай үшінші ұлын әкелді. Сол күні түнде, дамылсыз алты күн жауған қар да тоқтады. Қар тоқтасымен, күн суып, қылшылдаған кәрі құда-қыс, қатал мінезін танытып, жұрттың апшысын қуыра берді.

Босану үйінен Әлия, алтыншы күні шығатын болған соң, совхоз орталығынан бір машина жүрерлік қары ашылған жолды пайдаланып, өзі айдап жүрген «техникалық көмек» машинасымен, Жөкең өзі келіп, бөбегімен Әлияны алып шығады. Совхоз орталығынан ары қарай, Шайдана жаққа, машина жолы әлі ашылмаған. Дөңгелекті тракторлардың өз қара басы болмаса, басқа көлік жүре де алмайды. Не істеу керек? Босану үйінен бөбегімен жаңа шыққан жолдасын, үйіне қалай жеткізбек? Бар болғаны үш шақырымдай жерге, балалы әйелді жеткізу үшін не амал істесе болады? Нағыз шешуі қиын түйін, сол күні осы болды.

Осы жайды, Әлия кәзір былайша әңгімелейді:

- Көшенің шетінде, Көшербай деген жігіттің үйінің қасында тұрған тракторға көзі түсіп, әрекеттеніп жүріп, өзер жеттік. Мені сол үйге әкеп түсірді. Машина іші өте жылы болғандықтан, келгенше жаурағаным жоқ. Машинаны сонда тастап, әлгі тракторды от алдырып жүретін болғанша, кешкі суық үдеп,

ызғарлы желемік соғып, бет қаритын үскірік аяз, көз ашуға болмайтындай жағдайға әкелді. Үй иесі Көшербайдың:

- Күн өте суып кетті. Желемік ызғар, көмескі жолды жауып тастады. Жол ауыр. Жете алмайсың. Бүгін бөпеңмен әйеліңді біздің үйге-ақ тастап, ертең, жарық барда келіп, алып кеткенің жөн болар-деген сөзіне Жөкең:

- Таңертең, мен вертолетке шөп басып, Мойынқұмдағы малшыларға ұшуға тиіспін. Бүгін бұларды үйге жеткізбесем, ертеңгі ұшатын вертолетті қаңтарып қою, осындай қиын, қарбалас шақта ұят болады ғой. Мен қалайда, бүгін үйге жеткізуім керек-деген сөзінен соң үй иесі де тосылып қалды.

- Үйден ұзап, 200-300 метрдей жүрген соң-ақ, трактор қақалып-шашалып, жүруден қалды. Олай болудың себебі, кейін білгенімдей, күннің суықтығынан жанармайы, бізше айтсақ, сәләркәсі қоюланып, қатып, май жүрмей қалған. Содан қақалып, еш күш ала алмаған екен. От алдырар алдында, алғаш от жағып қыздырғанда от алып, ашық далаға шыққаннан кейін, қайтадан суықтан қоюланыпты ғой. Мен қайдан білейін, кейін Жөкеңнің айтқанынан ұққаным солай. Ары әрекеттенді, бері әрекеттенді еш нәтиже шықпасын көрген соң, тракторды жолға тастап, түскен ізбен, бір аяқ жолға түсіп, жаяулаттық. Баланы Жөкең тонына орап, көтеріп алды. Алдымда келе жатыр. Мен ілбіп келемін. Аяғыма кигенім, құрып қалғыр қысқа етік екенің, үш-төрт аттағаннан-ақ қарға толғанынан аңғарыппын. Алға жылжығаннан басқа амал жоқ. Аяғым мұздағанмен, жаңа босанған, балқыған дене, ауыр қиналыстан, күннің соншалықты суықтығына қарамай, терге малшындым. Неде болса, тоқтамай жүре бермесем, тер қатып, нағыз құритыныма көзім жетіп, қимылдай бердім. Маған қарайлап, ол да ұзай алмай келе жатыр. Бір кезде Жөкең:

- Мынауыңнан еш қимыл сезілмей қалды. Мен өзім бетін ашып көруге, суықтан қорыштанып, қолымның да ыңғайы келмей тұр. Қарашы тірі ме өзі? - деп, көтерген баласын маған қарай ыңғайлап.

- Шынымен шошып кеткен мең, өз жағдайым есімнен шығып, балаға жармасып, бетіне үңілсем, мұрнынан жылы леп сезгендей болдым. Қуанып:

- Тірі екен, е, құдай - деп, айқайлап жіберіппін.

Содан, екі ортада, нәрестені қатырып па, тұншықтырып па өлтіріп алармыз - деген ой келді де, Жөкең:

- Маған қарамай, баланы үйге жеткіз. Өлтіріп алармыз.

Мен шамам келгенше, қимылдай беремін. Апара салып, маған қайтып келерсің - дедім.

- Сөзімді түсінген Жөкең, жылдамдай басып, ұзап та кетті. Ілбіп мен келемін. Аяғыма түскен қар болмаса, басқа қауіп жоқтай сезінемін. Едәуір уақыт өткен соң, Жөкең қайтып оралып, азаппен үйге де жетіп едік-ау.

Үйде от жанып тұрған жылы екен. Басқа сырт киімдерімді шешкеніммен, етігімді шешу мүмкін болмады. Отырып алып, тартқызамын. Шешілмейді. Мұз болып қатып қалған, қайдан шешіле қойсын? Не істеймін?-деп, жылап жіберіппін. Апам марқұм:

- Әй, жылама! Онысы несі? Үйге келдің жау жоқ. Мына қалыңдатылып төселген көрпешеге отыр да, қос аяғыңды пештің духовкасына сал. Мұзы еріген соң, шешіледі. Шешілмесе, кесеміз-деді дағы, үстімді қалыңдап жауып, отырғызып қойды. Содан не керек, едәуір уақыттан соң, қалғып-мүлгіп отырып, адам қатарына келдім-ау әйтеуір.

Мені нәрестемізбен, азаппен үйге әкеліп салған күннің ертеңіне, таңнан тұрып, Жөкең тағы да жаяулатып, вертолетке шөп артып, Мойынқұмдағы шопандарға жеткізу үшін, совхоз орталығына кетіпті. Оның кеткенін, жол азабын көріп қалжырап, қиналып ұйықтаған мен, білмей де қалыппын. Оны таңертең апамнан естідім.

Қашанда, қоғам ісін бірінші кезекке қоюшы еді. Оны өз ойындағыдай істеп бітіргенше, еш тыным көрмейтін. Біткен іске тоқмейіліместен, жетілдіруге әрекеттенетін. Осындай әдет қанына сіңген Жөкең, сол мені үйге әкеліп салған күннен, наурыз мерекесіне дейін, жаңа босанған менің жағдайымды жасауға да қарамастан, үйдегі апама сеніп, уақытпен санаспай еңбек етіп, мал басын қатаң қыстан сақтауға өз үлесін қосқан еді...

Ол қаһарлы, қалың қарлы қыста да әрекет еткен, қоғам малына жаны ашыған, көп шопандар мал басының көп шығынына жол бермеген ғой.

Жөкеңнің айтуы бойынша, совхоздың озат шопандары-Байдалиев Әмірбек пен осы өзіміздің Құрманбек Тубаевтардың қалың қарлы қатты қыстағы әрекеттері адам таңғаларлықтай болса керек. Жөкең:

-Олар, екеуі бір-бірінен елсіз, өркешті құмдар арасында қаншама қашықтықта қоныстанған болса да, атқарған істері, әрекеттері бірдей. Тіпті, таң қаларлықтай! Қысқа дайындалған шөп маялары бір төбенің астында, шамамен бір шақырымдай

жерде екен. Қалың қарда, жүз метрге жетудің өзі, үлкен күш екенін өзің көрдің ғой, анада, Асадан ауруханадан босанып шыққаныңда. Ойпырмай, сондағы жолда, мына Жарқынымыздан шындап айырылған шығармыз-деп, қорыққаным ойыма түссе, тебе шашым тік тұрып, құйқам шымырлап кетеді. Кім ойлапты, таяқ тастамдағы аулымызға жетуіміздің сондай күшке түсерін-деп, Жөкең қалың қар басып салғандағы, мені ауруханадан ауылға жеткізгенін еске алып, сөзін жалғап:

- Иә, қар басып салғаннан соң, соншама қашықтыққа жетудің күш боларын ұққан олар, қар жауып қалыңдай бастағаннан, серкені алға салып, отар қойды ары-бері, мая мен үйдің арасына дамылсыз айдап, қайырумен болған. Күндіз ол істі әйелдері, көмекшілері атқарған. Шөп беру уақыты келгенде, маясынан шөбін шашып, қар дамылсыз жауған бес-алты күнде, айналасы биік қар жалымен қоршалған, қойлардың тұяғымен дамылсыз тапталып салынған қар жолы, кәдеге асыпты. Отардың шөпсіз қалмауына септігі тиіп, мал аман қалған. Тәжірибе мен ақыл-ойдың, қандай қиындықтан да құтқара алатынына, сол шопандардың жан кешті әрекетін есіткенде, шын тәнті болдым - деген еді.

- Вертолетпен шөп тасу, лажсыздықтан келген, қып-қызыл шығын болды. Мал амандығын ойлап, шығынға қарап жатқан ешкім болмады. Трактор, бронетанктер бастаған шөп тиеген машина колоннасында есеп болған жоқ. Тап бір, соғыс киносындағыдай. Вертолеттерге шөп көп симайды. Сонда да, жарымастай бір арба престелген шөпті, амалсыз апаруға тура келеді. Апармасаң мал қырылады. Аш мал бір-бірінің жүнін жұлып жеп, көрінгенді талғамай жұта беретіндігіне көзім жетті. Аштық деген, нағыз тажал ма дерсің? Беті аулақ! - деуші еді.

- Қалың ақ көрпеге оранған дала теп-тегіс, бәрі бірдей. Отарды вертолетпен тіктеп табу қиямет! Әйтеуір шөбі шошайып көрінбеген отар болса, қырық-елу түк боса да, әжетіне жарай тұрар деген мақсатпен, тастап кете бердік. Діттеген аумақтағы, өз совхозымыздың отары ма, жоқ көршініке ме? Оны айыру алғашта мүмкін болмады. Мал көрінсе болды, «шөп керек қой» - деп, тастап қайтатынбыз.


Кітаптардан оқыған «жұт» дегенді көзімізбен көріп, осылай басымыздан өткіздік. Елуінші жылдардағы қатал қысты, бала кезімізде, үйде жүріп көргеніміз болмаса, сырттағы жағдайды білмейтінбіз. Адам ойға алып, көзге елестетудің өзі

қорқынышты. Адам баласының басына, Жаратқаннан жеті ағайынды жұт, келмесе екен - деп тілейік!

Жайшылықта, күнделікті атқарылып жатқан істерді «мынау қиын екен, өте ауыр болды, тіпті шаршадық» дегендер, асылық айтады. Ондайды, шын қиындықты, жұт деген тажалды көрмегендер ғана айтуы мүмкін. Көрмей-ақ қойсын! Бейбіт күнде істеген еңбек, рахатты еңбек! Еңбегіңнің рахатын сезініп, одан жан ләззатын аласың! Өмірге құштарлығың артады. Керемет сезімге бөленесің, ғаламат жігерленесің-дейтін Жөкең - деп, Әлия ауыр күрсінді де, көзінің жасын бір сығып алды.

Жеңгеме мен тоқтау айттым.

ҚЫЗЫЛША АЛҚАБЫНДАҒЫ СЫР



Қызылша алқабында аудандық партия комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі Н. Тілегенов, бригадир Ж. Қуанышбеков және совхоз директоры Ж. Жұмашевпен

Мен өз аулыма, «Пионер» қой совхозына 1990 жылдың күзінде директор болып тағайындалдым. Келген бойда, бұрын өзім білетін егіс алқаптарында, егістің қай түрі, қайда орналасу жайымен танысу үшін, жаныма егіс бригадирі болып істеп жүрген, өзімнің Жөкемді алып араладым.


Қант қызылшасын жинауға дайындық жүріп жатқан кез. Барлық техника сақадай сай. Арықтар жатқызылып, комбайндардың жолдары ашылған. Қызылша алқабында бір тал бөтен шөп жоқ. Жапырақтары суға қанықтықтан тіп-тік. Минерал тыңайтқыштарға қанық, қара-қошқылданып, құлпырып тұр. Көзің тояды.

- Қаншама жыл аудан көлемінде қызмет ете жүріп, еш шаруашылықтан мұндай құлпырған қызылша алқабын кездестірген емеспін, өте жақсы екен. Тәжірибеңнен бөліспейсің бе?

Мына алқаптан қаншадан өнім түседі деп отырсың-деген менің сұрағыма:

Қызылшаның жаны-ауыспалы егіс,
Онсыз зая болар, көп іс.
Қызылшаны сәбидей сылап баптамасаң,
Аяғы, реніш, наразылық-сегіс!

- деп, тақпақтап алды да. Бұның жайқалып, көздің жауын алып, құлпырып тұруы-біріншіден, былтыр бұзылған жоңышқа алқабының орыны болса, екіншіден, әр істеушіге жүйектеп, алқапты бекітіп беруімнің арқасы деп білем. Үшіншіден, суы қанық, кезінде қопсыту, күтіп-баптау, минералды тыңайтқыштармен қоректендіруді қамтамасыз етуден.



Жолышбек аға механизатор
Т. Балажановпен



Қызылшашылар
қырманы

- Бұл жерде, бес жүз центнерден кем өнім жоқ-деп сөзін тұжырымдады.



Жарыс жеңімпаздары:
Е. Сматов, Ж. Қуанышбеков,
А. Пірімқұлов




Жолшыбек аға
байланыста

- Дұрыс екен! - дедім, ризашылықпен.

Әр істеушіге жүйектеп бекіту дегенінді қалай түсінеміз? - деген менің сұрағыма, қалтасынан жазу кітапшасын шығарып:

- Міне, мына кітапшада қай алқапта, қанша жүйек бар, оның ұзындығы, қай жүйек, кімге бекітілгені туралы сызба-карта бар. Олай етпесең, жауапкершілік бөсеңдеп, жұмыс сапасыздыққа ұрынарын өз тәжірибемнен білемін. Жүйектерді әркімге бөлектеп бекітіп берген соң, кім болса да қызылшаны жекелеуден бастап, шөбін шабу, қопсыту жұмыстарын жүргізгенде, сапасыздыққа жол бермей, жекелеуде де дақылды беталды шауып тастамайды. Барлық істе мұқияттылықпен еңбек етуге талпынады. Шабық өте сала, бір-екі аптадан кейін, алқапта шөп қылтиғанын көрсем, бекітілген сызба бойынша, ол жүйектердің кімдерге бекітілгенін біліп, қайталап істеуіне мәжбүрлеймін. Ұяты барлар ондай істі қайталамауға тырысады. Жұмыс сапалы атқарылса, іс нәтижелі.

Тағы бір атқарылатын жұмыс, қант қызылшасын жекелеу жүріп жатқанда, әркім өзіне бекітілген жүйектерде қызылша өніп шықпай қалған жерлерге қалтаға салып алған қызылша



Жолшыбек аға ауданның еңбек ерлері ортасында

тұқымын шотпен босатып, қопсыта отырып, қолмен егіп, тастап кетуді де ұмытпайды. Ол қолдан егілген қызылша ұрық, бірінші судан кейін-ақ, жетіліп кететіндігіне көз жеткізіп келемін.

Өзіңнің алдында совхозды басқарған директорлардың бәріне де рахмет!



Аудандық партия комитетінің хатшысы Ж. Кәрібаевтың жүлдені тапсыру сәті

Менің сөзімді жерге тастаған емес. Бірінші кезекте, бір алқапта екі жылдан артық қызылша себілмейді. Жоңышқа егілген алқаптарды үш жылдан соң жыртып, қант қызылшасын орналастыруға қол жеткізіп келемін. Тыңайтқыштар сіңіру, қанттылығын арттыруға уақтылы калий тыңайтқышын беру - күн тәртібінен түскен емес. Мол өнім сыры - осы.

Кейбіреулер «Артық егілген егіс көлемінің есебінен

жоғары өнім алып отыр» - деді, көре алмаушылықтан, оны өзің де білесің, арыз да ұйымдастырып, тексерілді де. Менің қалтамда жүрген сызбама сай, қалай тексерсе де, жалпы, артық жер болмайтыны өзіме мәлім. Тексерушілер босқа әуре-сарсаңға түскені болмаса, артық жерді таба алған емес. Олар қайдан білсін, ескерусіз егісте бақылаудың қандай екенін! Қай алқапта қашан, қанша минералды тыңайтқыш сіңірілгеніне дейін бақылауда. Сырт көз, жоғары өнімді, «көзбояушылық» - деп ойлайды да. Қайдағы көзбояушылық. Нағыз еңбек, тек еңбек - мол өнім сыры.

Құдайға шүкір, еңбектің арқасында елімізге елеулі, халқымызға қалаулы болып, өкімет наградаларын да алып жатырмын. Қант қызылшасын өсірушілер арасында белгіленген Сындыбала Оңғарбаева атындағы облыстық жүлде, жылда, менің қолымнан шыққан емес. Құдай қуат берсе, ол жүлдені қолдан шығара қоймаспын. (Ол жүлде белгісі қазіргі Жөкеңнің үйінде - мәңгілікке сақтауға қалған.) Бірнеше дүркін халық шаруашылығының Бүкіл Одақтың көрмесінің қола, күміс жүлдегері болып, үш мәрте Москваға да барып қайттым.

Енді басшылыққа өзің келдің. Табыс тілеймін! Табысыңа өз үлесімді қосуға сөзімді беремін - деп, қолымды алды.

- Егін шаруашылығының қыр-сырын жете меңгергеніңді бұрыннан да білемін ғой. Бүгін, оның аз да болса басты тұстарын түсіндірдің.

Агрономмен келісе отырып, егін шаруашылығының тізгіні-өз қолыңда екенін ұмытпа. Ойыңды маған уақтылы жеткізіп, келіскен соң, іске асыруға менен қолдау болатынына сенімді бол. Іске сәт! - деп ағайынды екеуміз егіс басында қайта қол алыстық.

«ШЕКЕР ТАМ»

Шындығында да егін шаруашылығы өрге басты. Қант қызылшасының әр гектарынан 498 ден 602 центнерге дейін өнім алынып отырды. Өнімнің артып, оның қанттылығының артуы арқасында, қызылшашылар тонналап шекер алып, қосымша ақыға қарық болды. Жұмысқа деген ынта күн санап өсіп, еңбек өнімділігі артты.

Шекер демекші, шекерге байланысты мына істер ойға оралып отыр. Алғаш совхозға барған жылы, қант

қызылшасын өткізуде, қызылша қанттылығын анықтайтын қант зауытының зертханасы, бақылаусыздықтан қалай болса, солай қанттылық пайызы көрсеткіштерін төмендетіп жүргендеріне көзім жетті. Ондай көлеңсіздікті кесу үшін, зертханада өз адамдарымыздың қатысуымен қанттылықты анықтауға қол жеткізу арқасында, қанттылық 11 пайыздан 17 пайызға көтерілгені есімде...



Аудандық партия конференциясының делегаттары

Бұл істе, ылдым-жылдым, сараңның бермесін алып қоятын, әйелдерді еліктіріп, көңілдерін майша ерітетін, берілген тапсырманы орындауда бар қабілетін аямайтын, аузында аңқылдаған сөзі бар, тамылжыта шырқар әні бар, анекдоттарды ақтаратын, жамандықтан сақтанатын - Тубаев Сәли деген қырықтың үстіндегі пысық жігітті таңдауымыз өте жөн болған екен. Күнде таңертең, өткен күннің сараптау қортындысы (анализ) жоғары пайызды қанттылықпен қолға тигенде, қуаныштан Сәлиді құттықтап та қоюшы едім.

Ондайда, директордың қас-қабағынан көңіл-күйді айыра білетін Сәли, зертханадағыларға дастархан жайып сыйлау,

ойында барын жеткізіп қоюды да ұмытпаушы еді. Көпшілік ісі үшін не аярсың? Дегеніне жетуіне қарсылық етпейтінмін.

Жиын-терін аяқталған соң, тиісті шекерді таси бастадық. Сақтайтын жердің бәрі толды. Ел де қарық болды. Салып қояр жер жоқ болған соң, қырман басындағы тұрғын үйді де пайдаландық. Темір қаңылтырды дөнекерлеп (сваркалап) уақытша болса да бастырмалы қойма жасап, оны да толтырдық. Алыс-беріс, жұмысқа керекті дүниелердің бәрі шекерге айырбасталып жатқанмен, өз қолымызбен жасаған байлығымыз - шекердің мұрты да бұзылар болмады. Трактор-комбайн, автомашиналарға керекті бөлшектер, небір жоқ құрылыс бұйымдары шекерге айырбасталып, бірнеше тұрғын үйлер де салынды. Оның бірі - директордың үйі еді. Иә, ол үй де сол шекерге айырбасталған құрылыс бұйымдарынан тұрғызылған-ды. Сондықтан да, кейбір ішітарлар, «Шекер там» - деген атты да бергенін білемін. Шындығында да, Алла жарылқап, бере берсе, шын бейнетке келген табыс таусылмайтынына сол жылдарда көзім жетті. Шекердің көптігі сонша, ұрланып, қолды да болды. Қырман басындағы тұрғын үйге сақтаған шекерден, үш жарым тоннадай шекерді ұрылар қарауылдың аузын тығындап, өзін байлап, машиналарына тиеп, алып та кеткен жағдай болды. Қарауылдың аман қалғанына қуанып, ел-жұртының, бүкіл ауылдың ауыртпалығы сонымен кетсін дедік те қойдық. Іздеу жұмысымыз нәтиже бермеді.

Тағы сол шекерге байланысты, бір оқиға ойыма оралып отыр. Машинамен ұрланған шекер табылмаған соң, ауылда тұратын, өзін нақұрыстау көрсететін, бірақ өз пайдасын жақсы білетін бір жігіт, бізді сынамақшы болғандай темірден дөнекерлеп жасалған уақытша қоймамыздың ірге тасы жоқтығын пайдаланып, астын бір адам сиятындай етіп қазып, бір қап шекерді алып кеткенін білгенбіз. Айқай-шу шығармастан, қамбашы қарияны үйіне жіберіп, ондай істің қайталанбауын көздеп, түсіндіріп, бала-шағасына бұйырсын-деп алмағанбыз. Ол да, өзіміз қолдан еңбекпен құраған молшылықтың арқасы еді ғой.

Осы күнде, еңбектің берекесін қолдарымен жасаған бейнетқор Жөкеңдер бастаған еңбеккерлер тобын, нағыз тәңір қолдаған, халыққа нәсібе сыйлаған берекелі жандар екендігін ойланып, еске аламын.

БЕРЕКЕ ІЗДЕРІ



Жолшыбек аға

Жөкеңнің жүрген жері қайда да береке болатын. Масақты дәнді дақылдарды жинауда, айға жуықтай уақыт, әй, үш-төрт сағаттан артық ұйықтап көрген жоқ шығар деймін. Себебі, түнгі екі-үштерде үйіне келіп, таң сызат ала, «техникалық көмек» машинасымен кетіп бара жатқанының талай куәсі болдым. Сондағы мақсаты-өзі аз комбайндарды екі ауысымда жұмыс істеуін ұйымдастырып, олардың тоқтап қалмауын қамтамасыз етіп, егінді жинау. Әсте, солай болды да.

Егін жинау - қашанда ұйымшылдықпен өтетін. Ел ризығы - алтын дән, қысқа мерзімде, төкпей шашпай жиналатын.

Қай дақылдың жиын-теріні болмасын, оның бітуін сабантойлатып атап өтуді Жөкең өзіне парыз санайтын. Социалистік жарыстың қорытындысын сонда шығарып, озаттарды марапаттауымызды сұранатын. Озаттарды рухтандырып, еңбекке деген құлшынысын арттырып отыруды ұмытпайтын.

Халықтың мұң-мұқтажын, өзінің қабырғасына батқандай сезініп, ондайларға көмек қолын созуға өз ұсынысын өткізіп, жағдайын жасатуға тырысатын. Қарамағында істейтіндердің, бала-шағасын аттарымен атап, олардың жекжат-жұраттарының кімдер екенін, қайда тұратындарын да білуші еді. Нә деген ұқыптылық, дархандық! Кең жүрек! Асылдық!

Қант қызылшасын жинап бітіру сабантойында қызылшашылар арасында өн жарысын, айтыс ұйымдастырып, елді қызыққа кенелтетін.

Әйелдердің сондағы айтысынан ел аузында, мынандай өлеңдердің қалғаны да бар:

Қызылша түсімізде, ісімізде.
Ретін көріп жүрміз, жылда күзде.
Еңбекке құлшындырып қызмет өткен,
«Бригат көке» рахмәт - дейміз сізге!

(Бұл жерде «бригат көке» дегені - бригадир Жөкең ғой)

Ал, қызылшашы құрдастары Сәлима, Жаңыл, Зада,
Шырайлар болса:

133

Гүлісің Жөке ортаның!
Жеңе бергін мойымай,
Қиындықтар қоршауын!
Қондырмағын бойыңа,
Жамандықтың кір-шаңын!
Қызылшамен жетілдік,
Қоспай-ақ ешбір өтірік!
Шекерге тойып бұл күнде,
Отырмыз атып кекірік

- деп, әнге қосса, орталарынан біреуі, сірә Сәлима жеңгей
болу керек, жеке дауыспен

Бола бер гүлі ортаның,
Бал жинаған арадай,
Шынысын жеңе ортаның
Еңбегің тәтті болғанмен,
Жеке қалуға өзіңмен,
Мұрныңнан, қоңқақ қорқамын

- деп, өлеңдете әзілдеп, әндетеді екен.

Қандай құрмет десеңші! Ондай құрметке Жөкең әбден
лайық, нағыз бейнетқор, жаны нәзік қамқоршы жан!

Жөкеңнің еңбегіне риза болған қызылшашы келіндер
тобы, әндерінің қайырмасын былай қайырады екен:

Қамқоршымыз - ағамыз.
Артық бізге - бағаңыз!
Өзіңіздің алдында,
Біздер, сізге баламыз.
Сөз келтірмей біз сізге,
Қыздырамыз еңбекті,
Келгенінше шамамыз.

Ісі өнеге ағаның, салған ізі, осы келтірілген жоғарыдағы
көпшіліктің таза ниетінен туындаған өлең жолдарымен
ұрпақтың есінде қалар деп ойлаймын.

Бейнетқорлықпен келген ыстық ықылас, зор құрмет,
осындай-ақ болар!

Сіз, туыстарыңыздың, таныстарыңыздың мәңгі жүрегіндесіз!
Сабақтастық жалғасып, ұрпақтарыңыз барда, сіз тірісіз!

2006 жылдың желтоқсаны.

ӘЛЕКЕҢНІҢ ТАҒЫЛЫМЫ



Парасаттылық пен ыждағаттылықты ту еткен,
Жан біткенді беріле сүйген жүрекпен.
Тағлымын үйретуден жалықпаған,
Жақсылықты істерімен,
Әліпбай-Омар Мамырайымов
Көрінген шың-биіктен.

ОҚУШЫЛЫҚ МҰҢСЫЗ ӨМІР

1956 жылдың күзі - менің осы Жамбыл қаласында, тоғызыншы сыныпта оқитын кезім. Ол кезде, таныс-тамырлардың, жекжат-жұраттардың үйлерін сағалап жүрмесек, интернатта орын жоқ.

Нағашымның аталас туысы - Нұртай ағаның шешесі, нағашы апамыз Өзипа, немерелерін оқытуға, небәрі дәлізден және кішкене ғана екі бөлмеден тұратын, ағаш еденсіз, төбесі жай қамыспен жабылып, сыланған үйге, сол жылдың көктемінде ғана көшіп келген екен. Оларға күзде, мен және әскери борышын өтеп келіп, педагогикалық училищеге жаңа түскен, Бесжылдық ауылының солдат жігіті келіп қосылдық. Оқушы - бесеу болдық. Нағашы апамыз Өзипа жасы келгенмен, тың. Бізге тандырға нан жауып, пәтір және тамақ пісіруден шаршамайды.

Қарасатын қалада мал болмаған соң, оқудан басқа жұмыс жоқ. Киноға жиі бара беретін, ақшамыз қайдан бола қойсын. Онда да сиректетіп барып тұрамыз. Бар жұмыс - сабаққа дайындалу, әдеби кітап оқу. Мектеп кітапханасында көзге түскенін кезегімен алып, оқи береміз.



Сырғабай
Нұртайұлы

Ойға алсам, әлі езу тартамын. Өзипа апамның ең үлкен немересі - Сырғабай әдеби кітап оқуда алдына жан салмайтын. Күнделікті сабағына дайындалу да ойынан шығып кетіп, әдеби кітап оқудан бір жалықпайтын. Оны білетін апамыз:

- Әй, сенің оқып отырғаның өз кітабың емес қой, көне қазір сабақ беретін кітабыңды оқы-деп, қасынан кетпей тұрып алатын. Кітаптың қызығына берілген кітапқұмарлығы шыдатсын ба, ападан көз ала беріп, Сырекең жасырып, ебін тауып, оқып отырған кітабын оқуды жалғастырып, бітіргенше басқаға құлқы болмайтын. Апамыз кейде, Сырғабайдың

оқып отырған кітабын алып қойып, сабақтарына дайындалып болғанына көз жеткізбейінше қайтармайтын.

Сауаты жоқ ол кісі, әдеби кітап оқуда, адамның ой өрісі көңіп, өмірлік тағлым аларын қайдан біле қойсын! Бар ойы оқулықтарды оқып, үйге берілген оқушы тапсырмаларын



Жиен-нағашылар: Сырғабай, Нұрмахан, Тұрлыбай

орындап, мұғалімнен жақсы баға әкелсе ғой. Жалпы Сырғабай, апа сенімін ақтап, жаман оқыған жоқ. Немеренің үлкені болғандықтан, «апамның баласымын» - деп, еркелікке салынғанымен, өте зерек, алғыр болатын. Бірақ, төбелес құмар еді. Бір көшеде тұратын өзі тұстас шешен ұлтының балаларымен сыртқа шықса болды, екі күннің бірінде төбелесетін. Мұрыны қанап, мұрындарын да қанатып келіп тұрса, апамыз алдына салып қуып:

- Әй жүгермек, олар жетіскенінен мұнда келген жоқ. Мұсылмандық жолды жақсы біледі. Күпірлік жасаушы болма! Неге балаларымен тату болмайсың? Олар ашынса, пышақты іске қосудан тайынбайды. Пышақ сұғып алса, мен қай бетімді айтамын-деп, те қорқытып қоятын.

- Я, пәленшенің (баланын атын атап) өзі ғой, менің айтқаныма көнбей, - деп, өз әрекетін «дұрыстап» қоятын Сырғабай.

Ондайда ортаға, Әлекең (Әліпбай-Омар Мамырайымов) араласатын. Ол кісі де нағашымның аталас інісі.

ӘЛЕКЕҢНІҢ ТАҒЫЛЫМЫ

Әлекеңнің шешесі біз тұрған үймен жапсарлас үйдің алдында тұратын. Өзі, Жамбыл ауданының Куйбышев атындағы колхозында басқарма бастығының орынбасары болып істейтін.

Үйіне сирек келсе, де біздерге тағлымын үйретуден жалыққан емес.

Айтатыны: "Қолыңнан келсе, жақсылық жасай біл, жоққа жәрдемдес", - болатын.

Ойыма оралғандарын айтсам, ол кісінің нақыл-әсиеті, мына тектес болып кете береді: "Жаманшылық жасасаң да өзің үшін, өзіңнің ұрпағың үшін.

Қиянаттан қашық жүр. Біреуге зияныңды тигізбе, өзіңе біреудің зиян тигізуіне жол берме.

Қиянатшылық - түбі өзіңді, өзің болмасаң ұрпағыңды, яғни немере, шөбере, шөпшегіңді қылқындыратынына кәміл сен.

Ысыраптың жолын кес, үнемшіл болсаң, ешқашан кедейленбейсің.

Дүние, мал байлық емес, байлық-нәпсінің тоқтығы, қайғының жоқтығы" - болып келетін.

- Ата тегінді жақсы білесің бе? - деп маған сұрақ қойғаны бар.

- Ата-тек деген феодализмнің сарқыншағы емес пе? Әке-шешенді, өзіңнің қазақ ұлтынан екенінді білсең жетпей ме? - деген қитұрқылау жауабыма:

- Жоқ, ол феодализмге жатпайды. Өз ата тегінді, туған-туысқандарыңды жақсы танып білмесең, сенің малдан айырымың не болмақ? Мал да қораласың, ит те ұяласын білмей ме? Сен шын айтып тұрсың ба? - дегендей таңғалыспен өзіме қарсы сұрақ қойған-ды.

Біраз үнсіздіктен кейін:

- Генетика деген ғылым бар. Туыстық жұптасуға болмайтынын дәлелдеген. Туыстар жұптасса ұрпақтың тұқымы құриды. Тоз-тозы шығып, адам өшеді. Алла, ондайдан сақтасын! Қазақта аталастардың қыз алыспауы - генетика заңына дәп келеді. Туыстық өзара қатынас

жасау үшін қажет. Егер қарым-қатынасың үзілсе, жақын туғаныңның да ешқандай пайдасы тимейді. Бір-біріңмен тату қарым қатынаста болсаң, өмір баянды болмақ.

Мысалға, сенің нағашыларыңның жақындығын біліп, үйінде тұрып оқып жатуың, сол туыстықты білдірмей ме? Туыс болмасаң, сен осында жүрер ме едің? Бөтен біреудің үйінде осылай жүре аласыңба? Түсінікті ме?

Мен басымды изеген едім...

Әлекең, Сырғабайдың төбелес шығарып, үйге бірдемелерді айта келгенін көрсе, басынан сипай, қасына отырғызып.

- Адам болам десең, адамдар арасына өсек айту, жала жабу, өтірік сөздер таратудан сақтан. Олардың арты жамандыққа әкеп соғады. Сенің жақсылығың - жақсылықтан үміттеніп отырып, жамандықтан тыйылуың. Ұрысу - күпірлік, төбелесу - пасықтық.

Адамдармен достасу - ақылыңның жартысы, әдептілікті үйрену - білімінің жартысы - деген әсиеттерін айтудан бір жалықпайтын.

Бірде, жоғарыдағы айтылған бізбен тұратын, педагогикалық училищеде оқитын солдаттан оралған сылқым жігітіміз, өзінің күн жылыда да киіп жүретін қайыс қолғабын оқу орнында қалдырып кетіпті. Артынша-ақ іздеп таба алмайды. Қолғабының қолды болуын айналасындағылардан көріп, бірнешеуінің аттарын атап, күдігін, қимас асылынан айырылғандай, аһ ұрып, бәріміздің көзімізше қайталап, сипақтаумен болды.

Оны естіген Әлекең:

- Інішек, сен неге сонша көрмей-білмей біреулерді ғайбаттайсың. «Қолғап» - деген адамның құны емес қой. Тегі, аса бағалы зат санайтын болсаң, ықтиятты болуың керек еді ғой. Қазақта: «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді», «Көршінді ұры тұтпа, өз-өзіңе сақ бол» деген сөздер бар. Мұның нағыз күпірлік. Күйгелектенбей, еркек-еркекше жүруі ләзім!

Маған көрсетуші болма, ондай осалдықты!

Иесіздің затын ит алып кетеді,

Енжарлық - өміріңді өкінішті етеді,

Енжарлықтан арылмағанның, жақсы адам болып қалыптасуы неғайбыл - деп сөзін түйіндеген еді.

Қандай әсиет! Қандай даналық! Қандай талап! Түйсігі барға, тоқтам жасар сөздер.

ӘЛЕКЕҢ-ТӘРБИЕШІ

Кейін Әлекеңмен қызметтес болдым. Мен совхозда бас экономиспін. Ол кісі қой фермасының менгерушісі. Ол фермада - бойдақ қойлар бағылатын. Еркек тоқтыларды, ісек жасына жеткізіп, семіртіп өтке өткізу, ұрғашы тоқтыларды бір жарым жасқа жеткізіп, тұсақ болғанда саулық отарлары шоғырланған екі фермаға бөліп, өткізу осы фермаға жүктелген болатын. Онда Әлекең әбиірлі қызмет етті. Өзі басқаратын ферма мүшелері ғана емес, бүкіл ұжым құрметтейтін. Ол кісі қашанда, ой толғағынан өткен мәселелерді қоя біліп, екі мың шақырымдай ауылымыздан қашық жатқан Сары-Арқа мал жайылымын игеруде қаншама тер төкті десеңізші?! Ол тер, совхоз үшін қаншама пайда әкелді. Экономист ретінде сол жылдардағы Сары-Арқа жайылымын игерудің экономикалық тиімділігін есептегенім ойға оралады.

Бүкіл бойдақ отарларын сонша қашықтыққа темір жол арқылы вагондармен жеткізіп, алты ай шұрайлы ең жайылымды тиімді пайдаланып, еңбекті дұрыс ұйымдастырудан қыруар табыс алынатын. Қырқылған жүн мен семіргеннен алынған қосымша салмақ есебінен, пайда орталықпен салыстырғанда екі жарым есеге жуық көп болушы еді.

Әлекең, өзі ұстанған: «Адамдарға жақсылық жасау, туған-туысқандармен байланыста болып, қайырлы істер атқару-сауапты іс» - деген қағидасын басқалардың да орындауын талап ететін. Халықпен тіл табысатын қабілетінің арқасында, Сары-Арқа төсіндегі Қаражал қаласы партия комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы болған, қазір бүкіл республика көлеміне танымал қайраткер - Қаратай Тұрысовпен тіл табысқан. Совхоздан шалғайда жүрген шопандар қауымының мұқтаждықтарын, малға керекті қажеттіліктерді өтеуге, ол кісінің кезінде шұғыл көмектерінің көп болғанын айтып отыратын.

«Қаратай - алтын жігіт. Қашан барсаң, қабағын шытпай қабылдайды. Хатшысына ескертіп қойған, кезексіз кіремін. Біздің табысымызға Қаратайдың үлесі мол» - дейтін. «Өзі жақсы кісіге қай жерде де, бір кісілік орын бар» деп бекер айтпаған ғой.

Сонау Жезқазған облысының, білдей бір қаласының дүрілдеп тұрған партия комитетінің бірінші хатшысы болып, кейінгі жылдарда белгілі қоғам қайраткері болған, Қ. Тұрысовтың жүрегіне жол таба білуі, Әлекеңнің қанмен



Әлекең жұбайы Ибашпен

кірген көпшілдігінің - кемеңгерлігінің, бойына сіңірген биік адамгершілігінің, тас жүректі ерітер жылы жүзділігінің,

даналықтың белгісі - сыпайылығының жемісі демей, не дерсің?! Әлекең басқарған ферманың «Тәрбие батальоны» атануы да тегін емес.

Жұмыстың қай саласы болмасын, жалқаулығынан, енжарлығынан, ішімдікке әуестігінен, басқа да жат әдеттерден кенде еместердің жұмысында мән болмайтыны түсінікті емес пе? Ондайлар саулық отарларын бағушылар арасынан да кездесіп қалатын. «Көрсеткішің жоқ» - деп жұмыстан сырттата салу оңай. Бірақ, ондай жалқаудың отбасын кім асырамақ?! Ол адам ғой! Сондықтан да, ондайларды кеңесе келе, Әлекең басқаратын бойдақ отарлар фермасына ауыстыру сөз болатын. Ондайда, директорымыз Сейітқалық Орманов: "Әлекең, айбатты арыстанның да, қиқар қабыланның" да тілін табады. Я, бұл «батыр» сонда ауыстырылсын деп келісім беретін. Яғни, тәртіп бұзушылар Әлекеңнің тәрбиесіне түсетін. «Жоқ, ол адамнан еш нәтиже күтуге болмайды, фермада өз болымсыздарымыз да баршылық» демейді.

Сөзің: «Ал айналайын інішектен» бастаған Әлекең оның отбасымен, туыстарымен сөйлесіп, мән-жайды зерттеп-біліп, құлдыраудың себебін ашып, оның жолын кесудің жолдарын айқындап барып, санасына сәуле құя отырып, тәрбие мектебінен өткізуден тіпті жалықпайтын. Әрқайсысының жеке психологиясын зерттеп, өмірге құштарлығын оятып, жүрегіне жол табатын. "Ой, біздің пәленше батыр!" -деп көтермелеп қоюды да естен шығармайтын.

Маскүнемдермен жұмыста, олардың санасын оятуда қолынан келгенін аямай, жанын салатын:

- Оу, қарағым! Барлық жаманшылықтың кілті - арақта ғой. Неге түсінбейсің?! Жаным-ау соны түсінші. Ұят емес пе?! Ар-ұят деген үнемі жақсылыққа бастайды ғой. Ұяттан айрылсаң, адамшылықтан айрыларыңды білесіңші! - дегендей сөздерді сан қайталап, жүрісін қадағалап, бір жолға түскенге дейін, тыныш табуды білмейтін.

Шопандардың бір-бірімен ренжісіп қалғанын естіп, сезсе болды, тез татуластырып:

- Қаскөйлік деген тажал, екеуіңе де жақсы тимейді. Одан сақтанып, өзара жаман қарым-қатынастан арылатын болыңдар-деп ара-ағайындық жасауды міндетіндей сезінетін. Шопандардың өз ауыздарынан талай естідік. Олар: «Малды жайылымға шығаруды қатты қадағалайтын. Таң қылаң бергеннен, тыным таппай аралап, өзінің шопандарға: «Ерте тұрған адамның нәсібесі артады, таңғы ұйқы-ризығыңды кемітеді. Қойды ерте өргіз, кеш әкел» - деген ұстанымын кім

қалай орындайтынын бақылаудан жалықпайтын» деуші еді.

Әлекеңнің фермада орнатқан темірдей тәртібіне бүкіл ұжымы мойынсұнып, тік тұратын.

Әлекеңнің тағлымын көріп, тыңдап, ұлағатты тәрбие беруінің арқасында, өздері адам қатарына қосылып, қазіргі жүргендер, оның ісін көргендер:

«Иә, асыл жан еді» - деп айтарына күмәнім жоқ. Ол, солай деуге тұрар жан!

Ортасының нағыз ұйтқысы болатын. Ағайындары қандай бір іс болмасын, сол кісінің тоқтамына бас иіп келісетін. Ардақ тұтатын.

БАБА ІЗДЕРІ

- Әліпбай көкем, біздің Қырғызбай бабамыздың бүкіл өулетінің қамқоршысы десем артық айтқандығым болмас-дейді кәзір сол өулеттің Орманбек ағадан кейінгі үлкені, менің туған нағашым - Түрекең (Тұрлыбай Әпсаматұлы).

- Әліпбай көкем және Қырғызбай бабамыз жайында бұрынырақта Қожамжарұлы Садуақас ақсақалдан естіген бір әңгіме есімнен шықпайды. Ол былай болып келеді:

Қариялар жиылған жерде, Қырғызбай баба жайында сөз қозғалғанға ұқсайды. Көне көз қариялар, баба туралы көргендері мен естігендерін ортаға салады. Сонда, ол кісінің мейірбандығын, кеңпейілділігін, турашылдығын, сөзіне берік, не керек бар жақсы қасиеттерін сөз етпей ме? Сонда топ ішінен ескі көз бірі тұрып:

- Е, жарандар! Мен сіздерге Қырғызбай бабаның мейірбан-кеңшілдігі, зор адамгершілігі, шапағат-қамқоршылдығы, туыстық сезімі жайында болған әңгімені айтсам, өздерің де арғы жағын түсінерсіздер-деп ойлаймын.

Ол кезде Қырғызбай өулеті «Көлқайнар» деген жерді мекендеген екен. Әруағыңнан айналайын баба, бір топ адамдармен таң сәріден шығып, осы Бурыл тауын бетке алып келе жатса, алдынан түйелі кіші керуен кездеседі. Алдыңғы түйеге ұзын тең теңделсе, екіншісінің үстінде, қолына үлкен түпкі тұмақ ұстаған біреуі отырады. Түйе үстінен, жас баланың іңгәлаған үні әр кез талып естіледі... Жөн сұраса келе, білсе:

Бурыл тауының етегін жайлап отырған, Жамбай руынан шыққан Қашпай қарттың әйелі, босану үстінде қайтыс болып, жерлеуге түйеге теңдеп, ата қоныстары - Көлқайнарға алып келе жатқан беті екен.

- Е, қарақтарым! Жайларың түсінікті болды. Қазаның арты қайырлы болсын! Алланың ісіне ешкім де ара тұрмақ емес. Берекесін Алла, басқа артында қалғандарға берсін! - деп, бет сипайды. Артын ала:

- Ана тұмаққа салып алғандарың жаңа туған нәрестеден сау ма?! Баланың дауысын есіткендеймін бе, қалай? Мәнісін түсіндіріңдерші?! Орталарыңда әйел баласы көрінбейді? Ол нәрестені неге мұнда алып келе жатырсыңдар? - деп, бастырмалатқан баба сұрағына, топ ішінен бірі:

- Байеке! Несін жасырайық. Бұл жаңа туған нәрестені біздің асырау мүмкіндігіміз жоқ. Бәрібір адам болмайды. Өлген шешесімен бірге көмуге алып келе жатқан бетіміз - деп ағынан жарылады.

Тосын шешімді естіген бабаның ойы он саққа кеткендей болып, түнеріп тұрып толғанып:

Жұртым-ау! Мынау не сұмдық!
Қатыгездік пе тек білгенің?!
Есітпей жүрсең бабалар -
Сақтаған жанын кірменің.
Сендер болсаң, қаныңды,
Сақтамақ тұрмақ, көмбексің?
Ойсыздықта опық бар,
Бұтақ бол, қалай өнбексің?!


- деп алады да, өз уәжін былай жеткізеді:

- О, туысқандар! Қанымыз бір қазақ екенімізде дау жоқ. Онан бері біз, бір атадан тараған Ұлы жүз - Жамбай руынан емеспіз бе?! «Тобымызды қайтсек көбейтеміз» - деп, ойлау орнына, тағдырмен ойнауымызға жол болсын! Былай өтуге болмайды! Қанымыз үшін қиындықпен күреспесек, біздің адам болып жүргенімізден кімге пайда?! Мал болғанымыз ба?! Айтыңдаршы?...

Мен сауынын көтеремін. Күтуге адам бөлемін. Жерге бергенше, маған беріңдер-деп, баланы алып қалады.

- Сол Қашпайдан қалған тұқым-тірідей көмуден құтқарған баланың атын Қырғызбай баба өзі, Қылыш-деп қояды.

Құдайдың құдіретін қарамайсыз ба? Алдынан Қырғызбайдай кеңпейіл баба кездеспесе, сол Қылыштан қалған жалғыз ұл - Сапарқұл, одан қалған кәзір кәзі тірі, Жамбыл ауданының Шайқорық ауылында тұратын Амантай да бұл дүниеде болмаған болар еді.



Қырғызбай баба ұрпақтары:
алдыңғы қатарда - Әсия, Мамырқұл, Тұрлыбай, Әшірқұл, Орманбек жарымен

Міне мұны, Қырғызбайдың шапағаты демей не дейсіздер?!

Кәзіргі Мамырайымұлы Әліпбай - Омарды көр де, көзіңе сол Қырғызбай бабаларын елестете бер. Ұзын бойлы, жылдам қимылдайтын, көк көз сары кісі болған екен. Көріп жүрсіздер, Әліпбайда сол бабасының қасиеттері бар. Ұлы Отан соғысы басталардан екі жыл бұрын әскер қатарына шақырылып, соғыстан аман-есен оралуының өзі де киелі баба аруақтарының жебеуі демей не дейміз?! - депті.

Шындығында да солайы солай-ау!

Сөзді енді қайтып Тұрлыбай ағаға берсек:

- Мынаны қараңыз! Ашаршылық жылдары әке-шешесінен тұл жетім қалған, жақындарының қолында жүрген Жезбала әпкемді, сол кездегі үлкендер, Әліпбай көкеммен келіспей, балалар үйіне өткізіп жібереді. Оны білген көке, өз тұрмысындағы қиыншылықтарға қарамай, артынша, анасы-Тұрсынқұл апамды жіберіп, балалар үйінен өз үйіне алдырып, өсіреді. Оқытады. Тұрмысқа береді. Әпкей кәзір балалы-шағалы. Немерелерінің алдында, әр кез ағасының жасаған жақсылықтарын тізбелеп айтудан бір жалықпайды.

Сондай бір әпкеміз, кәзір Байзақ ауданының Ынтымақ ауылында (бұрынғы Октябрьдің 40 жылдығы) тұрады. Аты-Әшіркүл (Ашат). Ол кісі де Әліпбай көкемнің тәрбиесінде болып, оқыған. Тұрмыс құрған. Бірнеше жыл жеткіншектер тәрбиелеп, мұғалім болып жүріп зейнетке шыққан. Айналасында «Апалаған» немерелерімен бақытты өмір кешуде.

Тізбелей берсе, көкенің ағайын-туғанға қайырымы ұшан-теңіз екен.

Әліпбай көкеге, менің Есенқұл жеңешем (анасын солай атайтын) қайыны ретінде, өте тәнті болатын. Шешемнің:

«Мырзағаның аузынан: «туысыңа жасаған адамгершілік, қайырымдылық және жақсы көрушілік-жұртты ел көшіп қонғандай мәре-сәре қуанышқа бөлейді. Солар қуанса, менің қуанғаным» дейтін сөздерін талай есіткен едім.

Шын кең пейілді, «осылар болса екен, толса екен» дейтін ниет, шіркін, әр ісінен сезіліп тұрады ғой - деп, тамсанып қоятын.

Ал Әліпбай көкенің біздермен кездескендегі айтатыны:

«Бір-біріңді жақсы көріңдер, қайырымды, мейір-шапағатты болып, қол ұшын беріп тұруды ұмытпаңдар. Кішіпейілділікпен салмақтылыққа, сабырлылық пен кеңпейілділікке үйреніңдер.

Нанды қадірлендер» - дегендей болып келетін, естен шықпас ұлағат болатын.

Шындығында да ол сөздер біздің санамызда жатталып қалды!

ҚАЙЫРЫМДЫ ДА, ҚАМҚОР ҚЫЗ



Әсия Омарқызы
Мамырайымова

Ж а с т а й ы м ы з д а н тағылымын тыңдап, ісін көрген дана-қазыналы қария Әлекең, Әліпбай-Омар Мамырайымов, кәзір ортамызда жоқ. Ортамызда ізгілікті ісінен тәлім алған, тәрбиесін, тәртібін бойға сіңірген қызы - Әсия бар.

«Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей, Әсияның ата-анадан, басқа да үлгі тұтар асыл азаматтардан алған тағылымы жетерлік.

Кәмелетке толмай жатып, қос аяғы жансызданып, мүгедектер арбасына таңылған Әсия мойыған

емес. Әсіресе, әке өсиетін орындауда, Ұлы Отан соғысында қайсарлығымен, өжеттілігімен, отаншылдығымен жандарын аямастан пидә етіп, ерлік көрсеткен Мәншүк пен Әлия әпкелерінің әрекеттеріне барабар істі, бейбіт өмірде Әсиядан көріп, көзге елестеткендей боласың.

Мүгедек арбасына отырып-ақ, дамыл таппай жүріп, облыс бойынша мыңға жуық жалғыз басты мүгедек аналар мен мүгедек сәбилерді, қалтасында «көк тиыны» болмай-ақ, қамқорлыққа алу үшін, қаншама еңбек, қаншама қажыр-қайрат мықты жүйке, төзім қажет екендігін ойлап көріңізші. Ал ол шыдауда!

Бұл дегеніңіз, ғажап ерлік, жалықпас жанкештілік, қажымас қайсарлық емес пе?!

Әсия Омарқызы Мамырайымованың 1998 жылдан бастап, құрған сол мүгедектердің «Қамқор Ана» қоғамдық



Әсия Омарқызы қамқорлығындағы балалар ортасында

бірлестігінің президенті деген лауазымын арқасына «арта» жүріп, оларға тұрмыстық жағдай жасау, дiмкестерiн дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, бiлiм алуларына жағдай туғызу, көпшiлiгiн киiммен де қамтамасыз ету, ең ақыры үйленiп отбасын құру мәселесiне дейiн араласады дегенге сенер ме едiңiз? Нағыз фантастика деуге боларлық. Әйткенмен сенсеңiз де, сенбесеңiз де, дәл солай! Мүгедектермен сөйлесе қалсаңыз, кейбiрiнiң дәрет алуына да жағдай жасайтынына көзiңiз жетедi.

Осы қыруар жұмысты ұйымдастыруға мүгедектер арбасымен, қаншама есiк ашуға тура келетiнiн айтудың өзi ауыр.

Қала көшелерiнен, мүгедектер арбасында, тынымсыз жүрген Әсияны жиi көресiздер. Ол қиын да болса, нәтижелi жүрiстiң мақсаты - қаладағы қайырымды жандарды iздеу. Олардың бiрлестiктерiне қол созуын ұйымдастыру. Бұл iс-жемиссiз де емес. Қайырымдылық бiрлестiгiнiң жұмысы жүрiп жатыр.

Шұрайлы тiл әкеден келген ұйымдастырушылық қабiлет, анадан дарыған қажымас табандылықтың арқасында, қайырымды жандардың жүрегiне жол тауып, мәселелер шешiлiп, орасан iстер тындырылуда.

Осының бәрi, айналасына шапағатын шашқан, ұрпақ

үшiн ұлағатын аямаған Әлекеңнiң берген тәрбиесiнен тағылымынан туындаған Әсияның тынымсыз әрекеттерiнiң нәтижесi.

МАҚСАТ- ТҮЙІН

Мысқалдай болса да, өмiрде тиер пайдасы болар деген ниетпен Әлекеңнiң тағлымдарын көпшiлiкке жеткiзудi жөн санадым. Әлекеңнiң әруағы риза болсын!

Әлеке!

Ерiнбей, талмай ешқашан жамандыққа бармай, жолсыздарды жолға салып, тәрбиеңiздi аямай, адам қатарына қосуыңыз Сiздiң iрiлiгiңiз!

Тағлымыңыздың тұншықпай, жүректерден тыңғылықты орын алуы, Сiздiң мәңгi тiрiлiгiңiз!

Тәрбиеңiздi көргендер үшiн, Сiз мәңгi тiрiсiз!

2007 жылдың қаңтары.



ҰСТАЗЫМНЫҢ ІСІ ҮЛГІ, НЕМЕСЕ АҒАМЕН СЫРЛАСУ



Сейітқалық аға Орманов -
Қиындықтарға мойымай,
Жат әдетпен белдескен.
Бойындағы қайсарлық,
Кішіпейілділігімен теңдескен -
Кеңпейіл еді, Наркескен!

АУЫЛДАҒЫ РЕФОРМА


Аудан колхоздарының көпшілігі белшесінен қарызға батқан. Бастық құтаймайды. Айлыққа ақша алу деген арман болған кез. Жылына бір рет, жиын-теріннен соң, колхозшылар, еңбек күн есебінен астық алғандарына мәз. Оған да шүкіршілік.

Мен колхозға зоотехник болып, жаңадан орналасқанмын. Сол 1964 жылдың жазында, арнайы Үкімет қаулысы шығып, экономикасы тұралаған колхоздар совхозға айналдырылып, халықты қамқорлыққа алу қолға алынды. Қарыздар кешіріліп, колхозшылардың еңбек ақысы толық төленді. Бұрынғы Куйбышев, Ворошилов атындағы, «Пионер», «Бесжылдық», «Еңбек», Қостөбе және Жамбыл колхоздары бірігіп, Куйбышев атындағы совхоз болып, қайта құрылды.

Колхоздарды совхозға айналдырып, қайта құру жөніндегі біздің колхозда өткен жиналысқа, Жамбыл облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы А.Асқаровтың өзі келіп қатысқаны ойымда. Ол кісі өз сөзінде :

- Колхоздардың көпшілігінің экономикасы, өте төмен дәрежеде. Қолдары ауыздарына бірде жетсе - бірде жетпейді - деді жасырмай. Колхозы кедейдің - өздері де кедей болары бүкпесіз шындық. Үкіметіміз осы мәселені сараптай келіп, совхозға айналдыруды шешті. Бұл сіздерге берілген бірінші көмек деп түсінген дұрыс. Колхоздың бар қарызы кешіріледі. Еңбек ақымен толық есептеседі. Ақ жаңа құрылғалы отырған совхоз дегеніміз-ол ауылдағы жетекші ірі социалистік ауыл шаруашылық кәсіпорыны. Онда өндіріс құрал-жабдықтар да, өндірілетін барлық өнім де мемлекеттікі. Совхоздың міндеті-ауыл шаруашылық өнімін жалпы халықтың қажеті үшін өндіру. Еңбекті ұйымдастыруда, жоғары еңбек өнімділігінде колхоздарға үлгі бола отырып, тұрмысты, мәдениетті ұйымдастыруда, адамға тәрбие беруде де колхоздарға өнеге болуы керек. Совхоздарға тән ерекшелік-ол өндірістің жоғары дәрежеде шоғырлануы.

Сіздердің Куйбышев атындағы совхоздарыңыз, бұрынғы жеті колхоз негізінде ұйымдасып отыр. Орталығы - бұрынғы Куйбышев атындағы колхоздың орталығы - Тастөбе ауылында болады. Директорларың болып, бұйрықпен, мына отырған білгір мамаң, қабілетті ұйымдастырушы Сайлау Құлжабаев тағайындалды-деп ол кісіні таныстырған еді.



Совхоз комсомол - жастары

Жұмыстарың табысты болсын, қоныстарың құт-береке әкелсін! - деп, сөзін аяқтаған-ды.

Сол жиналыста, жас коммунист ретінде, менде қатысушыларды совхозға мүше болып кіруге шақырып, топ алдында сөз сөйлегенім есімде.

Өзім, қой фермасының зоотехнигі болып тағайындалдым. Келігім-ат. Ол жайында, «Фибраты мол ғұмыр» деген естелік-эсседе айтылғандықтан тоқталмай-ақ қоямын.

Айдыңсоңында, орталыққакеліпайдыңесебінтапсырамын. Басқа уақытта түзде, малшылар арасындамын. Ұмытпасам, совхоз болғаннан кейінгі екінші айдың есебін тапсырардан бұрынырақ, жаңа совхозымыздың партком хатшысы Орманов Сейітқалық аға шақырып алып, коммунист ретінде маған, совхоз комсомол комитетінің хатшылығын қоса жүктейтін ойы барын жеткізді. Совхоздағы жұмыс, әскери тәртіпке ұқсас-деп түсінген еңбек жолымызды алғашқы құрылған совхоздан бастаған біздей жас коммунистке «Мақұлдан» басқа сөз болуға да тиіс емес. Мен келісімді бере отырып, менің жұмысымның орталықтан жырақта, көпшілігінде түзде өтетіндігін ескерте көтуді де ұмытпадым.

- Оны білемін - деді бірдеме айтқысы келгендей сыңай танытып, ойлы кейіппен сөзін жалғап:

- Өзірге осылай істей тұрасың, кейін бір шешімін жасаймыз. Жиналысқа дайындал-деп шығарып салды.

Жиналыс өтіп, қоғамдық негізде совхоз комсомол комитетінің хатшысы болып сайландым.

Екі жүзден аса комсомол мүшесі бар. Олар, үлкенді-кішілі, сегіз елді мекендерде тұратын. Оның сыртында, малшылар мен шопандардың тұрақтары түзде болатыны белгілі. Әр елді мекенде, цехтық комсомол ұйымын құрғанымызбен, комсомолдарды жиналысқа қатыстыру, шаралар өткізу - үлкен проблема. Ондайда, партком хатшысының жәрдеміне жүгінуге тура келеді.

Ұлы Отан соғысына басынан, аяғына дейін қатысқан, әскери шені капитан Сейітқалық аға, істі әскери тәртіппен шешіп, көмегін аямайтын. Ол кісінің көмегі арқасында, айналдырған алты айдың ішінде, комсомол жұмысын жолға қойдық. Комсомолдардың бір-біріне бауырмалшылдығын, силастығын, ұйымшылдығын арттырудың жолы ретінде, комсомол-жастарды біріктіріп, көркем-өнерпаздар үйірмесін аштық. Аудандық газетте бірнеше рет, біздің үйірменің жетістіктері, жеке орындаушылар жөнінде, мақалалар

жарияланып тұрды. Ол біздерді қанаттандыра түсетін. Бұл жетістіктер үшін біздер, партком хатшысы Сейітқалық ағаға қарыздар сияқты сезінетін едік. Басқа елді мекендерден үйірме мүшелерін орталыққа тасымалдауда арнаулы автоклубқа жабдықталған автомашинаның тоқтап қалмауын өзі бақылауға алып, қадағалап отыратын еді. Бізге парткомнан берілген тапсырма: қойылымдар дайындау, жақсы өнер көрсету. Оны білетін әр қатысушы, өздері дайындаған қойылымдарды, интермедияларды көрсетуде барын сала құлшынып, өз өнерін шыңдай түсетін. Жаңа әндерді айтуға ізденетін.



Комсомол - жастар ашық далада концерт беруде

Қойылым дегеннен ойға оралады. Бірде, қысқы жайылым - Мойынқұмның қақ төрінде, аудан штабында, Қ.Қуанышбаевтың «Ақсандық-көксандық» комедиясын қойып жатқанбыз. Сондағы Әштіби деген кейіпкерді мен ойнайтынмын. Қойылымда, Әштібидің өзінің әріптесі-келіншекке: «Сен іш киіміңнен басқаны шешіп, мұнда кел» - деген сөйлем болатын. Қызды-қыздыда мен, ол сөйлемді «Сен іш киіміңді түгел шеште, мұнда кел» - дегенімде, әріптесімнің бақырайған көзінен мүлт кеткенімді білсемде, түк болмағандай, пьесадағы мәтінді ары қарай жалғап, аяқтаған соң әріптесімнен кешірім сұраған болатынмын.

Үйірме жұмысына басшылық жасау, қандай қиын болды десеңші?

Парткомның тапсырмасы орындалуға тиісті. Бір жақсы болғаны, жұмысым мал ортасында болғандықтан, комсомол комитетінің хатшысы болып сайланған соң, Сейітқалық ағаның талап етуімен маған, ферма зоотехнигіне бір жүк машинасын бекітіп берді. Онымен бармайтын жеріміз жоқ. 170 шақырымдағы Мойынқұм мал жайылымына ерте кетіп, түнде ораламыз. Дайындық-репетиция болатын күні, ерте қайтуға тырысатынбыз. Бір күні, машинамыз сынып, өзім жол тосып, жол-жөнекей басқа келіп қалған көлікпен үйге жетіп, үйірме дайындығына велосипедпен түнде келгенім әсте ойымнан шықпас. Не деген жауапкершілік десеңші! Партком хатшысына берген уәдеде тұруда, қандайда қиындыққа мойымастан, үйірме жұмысын жолға қоюды мақсат еттік қой. Неткен жастық жалын, қажымас қайрат, өршіл талап! Дегенімізге жеттік те. Халық ілтипатына бөленгенде, қиналған күндеріміз естен тез-ақ шығатын.

ОҢАША ЖАҢА ОТАУДА – ЕҢБЕКТЕ БОЛДЫ ЖАҢАША

1965 жылдың бірінші қаңтарынан Үкімет қаулысымен, жаңа - «Пионер» қой совхозы құрылып, Куйбышев атындағы совхоздан бөлініп, енші алып шықты.

Директор болып, жеті ай бұрын іріленіп, колхоздар есебінен құрылған Куйбышев атындағы совхозымыздағы партком хатшымыз - Сейітқалық аға Орманов тағайындалды.

Мені бұрынғы совхозда комсомол комитетінің хатшылығына ұсынардағы: «әзірге осылай істей тұрасың, кейін бір шешімін жасаймыз» - деген ағаның аузынан шыққан сөздің шешімінің енді келгендігін сонда түсіндім.

Мен, өзім істейтін ферма ұжымымызбен түгелдей, жаңа құрылған қой совхозымызға өттік...

Комсомол ұйымы құрылып, совхоз комсомол комитетінің қоғамдық негізде, хатшысы болып, тағы да мен сайландым.

Сол жылы сәуір айында директорымыз Сейітқалық аға өзіне шақырып:

- Сенің қабілетің маған белгілі. Бұрынғы іріленген алғашқы совхозымызда ойға алған ісімізді абыройлы орындауда, өз белсенділігіңді таныттың. Түзде жүрсең де, қосымша жұмыс-совхоз комсомол комитетінің жұмысын едәуір белестерге

жеткізіп, маған шын көмекші бола білдің. Рахмет, айналайын! Енді міне, өз алдымызға отау тігіп, жеке совхоз болғанымызға да, үш жарым айдай уақытта өтіпті. Жаңа отауда, жұмысты да жаңаша істеуге тиіспіз. Колхоздағы сүрлеу, неге апарғанын білесің. Үкіметіміз адамдарға түскен қиыншылықты түсініп, дер кезінде совхозға айландырмағандағы жағдай басқаша болар еді. Сондықтанда, жұмысты жаңаша ұйымдастырып, озық тәжірибені өндіріске батыл енгізуіміз керек. Сонда ғана жұмыс нәтижелі болмақ. Комсомол ұйымының жұмысы тағы да өзіңде. Қалай дегенде де түзде жүріп, жас коммунистке берілген қосымша тапсырма-комсомол ұйымының жұмысын өз дәрежесінде жүргізу қиынға түсерін түсінемін. Сондықтанда мен, қарсы болмасаң, істі жаңаша жүргізуіміз үшін, сені штаб бастығына тағайындағалы отырмын - деді.

- Менің түсінігімде, совхоз дара басшылық принципімен басқарылады. Кіммен жұмыс істеуді директор шешеді. Өзіңіз солай шешсеңіз, мен неге қарсы болуым керек. Менің білгім келгені, штаб бастығы деген не қызмет? Немен шұғылданатынымды түсініпкіремей тұрғаным - деген сұраулы жауабыма:

- Штаб бастығы - деп отырғаным, осы совхоздың бас экономисі қызметі. Ол қызметке тағайындалған қызметкердің, араласпайтын саласы болмайды. Экономика өндірістің барлық саласына қатысты және тиесілі. Сондықтан да оны, бейресми түрде, штаб бастығы деп атап отырмын. Экономикалық жұмыстың өз дәрежесінде болуының басты тетігі-тиыннан сом үнемдеп, өнімнің өзіндік құнының арзандауын жіті қадағалап, негізгі қордың әр сомының өтелу дәрежесін көтеру. Ол іс, сенің қолыңнан келеді.

- Сеніміңізге рахмет! Өзіңізге штаб бастығы - бас экономист ретінде, ортақ істе әрдайым көмекшіңіз болып, күш-жігерімді аямаспын - дедім.

- Арызыңды жаз, табыс тілеймін - деді маған.

- Бұйрыққа қол қоятын болайын-деп, шақырып алған кадр бастығына қарап. Қоштасып, кадр бастығына ілесіп, шығып кеттім. Сол күннен жаңа совхоздағы, жаңа қызметім қызып, жүре берген еді.

1969 жылдың 31 шілдесіндегі республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінің 177-санында жарияланған, «Экономикалық талдау-шаруашылыққа тиімді» деген мақаламда мен, «Пионер» совхозының бас экономисі ретінде: «Міне, біздің совхозымыз құрылғаннан бері төрт шаруашылық



Қабырға газетін шығару сәті:
Н. Тілегенов, Т. Диханбаев,
Б. Қоскелова

жылын аяқтады. Әр жыл совхоз үшін шама-шарқынша табыс жылы болды. Шаруашылық алғаш ұйымдасқан жылы басқа шаруашылықтардан 46 мыңға жуық қой, 500 ірі қара, 477 жылқы алды. Совхоз коллективі жыл аяғында мемлекетке 1 миллион 11 мың сомның өнімін тапсырды. Ал кейінгі үш жылдың әр қайсысында орта есеппен 1

миллион 300 мың сомның өнімін берді. Пайданың дені қой шаруашылығынан алынды» - деп жазыппын.

Ол кезде, миллионер шаруашылық-аяғына тұрған, бай шаруашылық болып саналатын. Миллионерлер қатарына, бірден қосылып кетудің сыры неде? - деген заңды сұрақ туады. Ол - тынымсыз еңбек, еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыру, ұдайы экономикалық талдау, маңызды істі бастаушы-Сейітқалық ағаның ұйымдастыру қабілетінің арқасында, көп болып жұмыла қолға алуының игі нәтижесі болатын.

Сейітқалыққа, совхоз мамандарың, өндіріс командирлерін қолына қалам алып, совхоз өндірісіне жұмсалған әрбір сомның өтеуін есептеп отыруға үйретті. Олар оны, бірте-бірте дағдыға айналдырып, шығынды жорықсыз артық жазып қойғандармен тексерісіп, уәждерін жайып салып, кейбірінің қызыл кеңірдек болып жатқандарының талай куәсі болдық. Өзара келісе алмағандары, қазылық айтуға мәселелерін жайып салатын. Дұрыс шешуге тырысатынбыз. Қай сала, қайда кетіп бара жатыр, ол экономикалық талдауда көрініс тауып, тез шара қолданылатын.

Бірде, мал мамандары мен экономикалық кеңес мүшелері, орталықтағы жайылымдардың қолдағы малға тарлық жасап жүргенін ескеріп, сонау ен жатқан Сарыарқа жайылымын игеру мәселесін көтерді. Оны Сейітқалық аға қолдап, арнаулы адамдар жіберіліп, қоныс қарастырылды. Сол жылы оған, вагонмен 9300 ісек, 10 мыңдай тоқты жеткізілді. Нәтижесі қуанарлықтай болды. Сол жылы совхозымыз Сарыарқа

жайылымында бағылған әрбір ісектен 11 сом, тоқтының әр басынан 2,84 сом таза пайда тапты.

Бұл жұмыс жылда жалғасын тауып, мүмкіндікке қарай жетілдіріліп отыратын еді.

Кеңсе жұмысын жаңа бастаған мені, жоғарыдан келген қаулы-қарарлармен, хаттармен жұмыс істеуге үйрететін. Ондайларды көпшілігінде, алғаш маған оқытып, олардың мазмұнына қарай, қай маманның орындауын қажет ететінін анықтап, бұрыштамасын дайындауды тапсырып отыратын. Ондай елеусіз әрекеттердің кейінгі жұмыстарымда пайдасы ұшан-теңіз болғаны ақиқат.

Оңаша жаңа отауымызда, Сейітқалық ағаның басшылығымен еңбек те жаңаша сипат алып, халықтың әлауқатының көтерілгенін қалай ұмытарсың?!

Сейітқалық аға, ауыл шаруашылығын ұйымдастырудың нағыз хас шебері, ауыл Академигі еді ғой. Еш ерініп, жалығуды білмейтін.

СЕЙІТҚАЛЫҚ АҒАНЫҢ ШАРУА ЖАЙЛЫ «ТРАКТАТТАРЫ»

Еңбекке етене араласқан, әр құбылысқа мән беріп, оны бойына тоқыған жан, қайбір істе болмасын мол тәжірибе жинақтайтыны белгілі. Қой шаруашылығы бойынша ондай тәжірибе, Сейітқалық ағада да жетерлік болатын. Болашақ көдесіне жарап қалар деген мақсатты көздеп, бұл тарауда біразын келтіре кеткенді жөн санадым.

Қой совхозы болғандықтан, әр аптада өтетін лездеме-кеңестерде, жалықпастан мамандарды қой шаруашылығының қыр-сырына үйрету, ол кісінің әдеті-тіні.

Ең ақыры, шопан отарына барғандағы маманның әрекеті қандай болуы керек деген сұраққа, өзі жауап беріп:

- Ұялмаңдар, жазып отырыңдар. Келешектеріңе керек болады. Бұл айтқандарымды шаруамен айналысатындардың бәрінің де білгені жөн-деп, әр кезеңге қарай, былайша тізбелейтін:

- Отарға бара салысымен, ондағылардың амандық-саулығын сұра;

- Үй-жайы қалай, жылы ма, отын-су жетеме?;

- Шай-қант, ұн және басқа да тамақ жайы қалай?;

- Газет-журналды уақтылы алып тұра ма?;

- Радио істеп тұр ма?

Сонан кейін ғана, мал жайына ауысатын болындар. Адам өмірі, оның тағдыры, жайы, бірінші кезекті мәселе екені, естерінде болсын.

Ал мал жайына келсек, мынандай жайды білген дұрыс:

- Мал суға қанық па? Қойдың суды ішкен-ішпегенін, тою дәрежесін, құдық басына барып біл. Су ішкен құдықтың басындағы құмалақтың қашан түскеніне қарап ажырат. Су ішпеген қойдың құмалағы бірікпейді. Кебу болады. Иә, оған намыстанудың керегі жоқ. Құмалақты тексеретін болындар.

Құмалақ құрғақ болса, құрығаны.

Сусыз, азық болмасты жұғымалы-деп, тақпақтап алып, былайша жалғастыратын:

- Қыста, астауға көңіл аудар. Су құйылып тұрған астауға мұз қатпайды, судың ізі ғана болады. Мал су ішіп болған соң, тез тазалап тасталуын қадағала.

Қыста, құдық басының мал тұяғынан қары еріп, қарайып жатады. Су ішкен малдың жаңа іздері шыбыр болып, айқын білініп тұрады;

- Қыста, қойдың температурасымен су температурасы қарайлас болмаса, өте мұздай су-іш тастауға өкелуі мүмкін. Сондықтанда, керекті жылылықта кез-келген уақытта, астауды суға толтыру үшін, қыста, құдықты киізбен орап, саңлаусыз етіп жауып қояды қадағаландар. Жабулы құдықтан, сыртқы суықтың әсерінен бу көтеріліп, бүркеулі су моторы қатпағандықтан, оны от алдыру да онша қиындық келтірмейді;

- Тұз астаудың айналасы қандай жағдайда? Тұз жеп, тұз жаламаған қойдың жүні үрпіліп, қобырап тұрады.

«Дүниеде не төтті? - Әрине, тұз төтті» - деп, бабаларымыз



Сейітқалық аға Орманов

бір-біріне бекер сұрақ беріп, жауап алмаған. Тұз малдың ең керекті азығы екенін біліңдер;

- «Малдың жатын жері-жарты құрсақ» - деген ғой, бабаларымыз. Жататын жерінің құрғақ болуын үнемі қадағала. «Құрғақ ұста, әрқашан малдың астын. Малдың астысыз болса, мандымассың» - деген сөз, еш естен шықпасың;

- Қыста, қырау ерімей тұрып, малды өріске шығартушы болма. Қырау жеген буаз саулық, іш тастап кетуі мүмкін. Ондайда, өріске шығарғанға дейін, жел өтінен тасалау, арнайы алаңқайларда шөп шашылғанын қадағала;

- Өрісі жаңа малдың өзегі талмайды. Жайылымды күнде өзгертіп отыруды айтудан жалықпа. Отарды алғаш жайған жеріне он-он бес күннен кейін ғана апарып, жайғаны жөн. Сонда ол тың өрістен кем болмайды. Қашанда, қыстаудың маңын кейінге сақтауға дағдылансын-ол қорық, ұмытпасың;

- Қойдың жүні өнімнің көзі, ол нағыз байлық. Оның сапалы болуына баса назар аударуға тиіспіз. Тоғытқан қойдың торқасы жақсы. Шаңдақта, сортаң жерде жүрген қойды жиі тоғыту ләзім. Қойдың терісін тозаң мен тұз қапса, жүн жетілмейді. Жиі тоғытылған қой пысқырық ауруына ұшырай қоймайды;

- Өрістен қайтқан қойды қыста, бірден жылы қораға қаматпа. Жылы қора жүнді «жейді». Себебі, кешке пысынап, таң ата тоңазығаннан көктемде қой қотырға шалынады. Өрістен қайтқан қойды қора төңірегінде, ықтасында ұстап, солығын басқаннан соң ғана, қораға кіргізетін болсың;

- Қойды күйекке дайындау маңызды іс. Сол үшін қоңдылығын көтеріп, күйекке дайындау керек. Күз басы-қыркүйек. Бұл айда семіз көп болса-егіз көп. Семізі аздың - егізі аз. Бұл-аксиома.

Отар, күйекке семіз келсе,

Көктемде, көп егіз, қорада жүреді.

Күйекке көңіл бөлмесең,

Кіре қоймас, қораның сүреңі!

Осыны керек-ау әркімнің білгені

- деп алып, сөзді буынға бөле созыңқырап, сон-дық-таң, күздегі күннің салқындығын, қойдың табетінің ашылатындығын, күздің нәрлі шөбінен қой бас көтермейтіндігін пайдаланып, отардағы саулықтардың семіздігін бірдей етуге, бар мүмкіндікті жұмсай білу керек. Оның басты шарты-ерінбеу;

- Күйек алу кезінде күйі келген саулықтарды «көп болып кетті, бүгінге осы да жетеді» - деп, шектеу болмау керек.

Ұрықталған саулықтарға күндік белгі соғып тұрған жөн. Қай саулықтың қашан туатынын алдын-ала білудің бір жолы-ұрықтандыру журналы мен осы салынған белгі болуы тиіс. Бұл тірліктер өз дәрежесінде жүргізілген болса, сақпан кезінде адам күшін тиімді пайдалануға көп септігін тигізерін ұмытпа;

- Күйекке түскен қошқарлардың қоңды болуын қадағала. Олар титықтап қалып жүрмесін. «Жақсы қошқар-жарты отар. Қоңды болса - ол шахар» - деген сөзді шопан да, маман да ұмытпауы керек;

- Буаз саулыққа таза ауа қажет. Ауасы таза қорадан дені таза қозы өреді. Ызғырық деген нағыз-лаң. Ол-қойдың етін жеп, сындырмастан жілігін сорады. Соны ойлап, қыста үнемі ықтасын өрісте болғаны дұрыс. Таза ауа, тынық су, шұрайлы шүйгінде малдың тынысы кеңиді, сүбесі толады.

Міне, осы айтқандарым жадында болса, орындасаң, орындата алсаң, сен жақсы мамансың. Ісің оңға басарына мен кепіл!

Жүрдім-бардымдық танытсаң, жүнжіп өтесің, бүгін болмаса ертең өзің-ақ, жұмыспен қош айтысып, кетесің! Онда, маған өкпелеме! Өзіңе-өзің, өкпелейтін боласың! - деп қатаң талап қоятын.

БАСҚАРУ ТЕТІГІН МАМАНДАРҒА БЕРДІ

Сейітқалық аға, жаңа совхозда жұмыс жасаған бір жылдан кейін-ақ, шаруашылықты басқаруды жетілдіру жайлы көп ойластырды. Өйткені, совхоздың кәсібі, қой өсіру болғанымен, тарау-тарау әртүрлі саладан тұратын. Техника көп. Тонналап минералды тыңайтқыш сатып алынады. Қоймен бірге, ірі қара да өсірілетін. Егін шаруашылығы да жетерлік. Сондықтан оларды жеке-жеке шоғырландырып, басқару талабын өмірдің өзі туғызғандай да еді. Өндірісті көп сатылы жолмен басқару кезінде, мамандар көбінше, негізгі өндірістік мәселелерді шешуден аулақ қалатын. Әртүрлі өндіріс жетекшілерін ұстауға қаржы шамадан тыс көп жұмсалатын.

Басқару жүйесінің құрылымы ол кезде: директор-бөлімше-бригада болып келетін. Бөлімше деген ойлап қарасақ, совхоздағы кіші совхоз екен. Мұндай құрылым, шаруашылық тым аумақты болғанда өзін-өзі ақтаған да болар. Шынына келсек, бөлімше басқарушысы егін орағының қызу шағында

жиын-теріннің қамымен жүріп, мал шаруашылығын ұмыт қалдырады. Көктемгі егістің де осындай күйге душар етері талассыз болатын. Бұл жұмыстарды орнына келтірген соң ғана малдың жайына көңіл қоятын. Бұл кезде оны осынау салада шешлеуге болмайтын қат-қабат шаруа күтіп тұрады. Бір жағынан шөп шабу, зябь жырту, жер айдау сияқты жұмыстар тағы да қабаттасады. Мұндайда басқарушы шын мәнінде қайда жүгірерін білмейтін.



Экономикалық оқу жүргізілуде

Осылай сабылумен жүргенде ол қайсы бір ғылым жаңалығы мен озат тәжірибенің басын ұстасың?! Ал совхоздағы зоотехник, агроном, инженер басқарушының жұмысына қол сұға алмай, ақылшы ретінде қала беретін. Нақты істе шаруасы болмайтын. Сондықтан қолда адам да, техника да бола тұрып, прогрестік әдістерді қолдануға мүмкіндік табыла бермейтін. Басқарушылардың жаңалықтарды танып білуге қолы тимейді, не білімі жетіспейді.

- Мұндайда не істеу керек? - деген сұрақты көлденеңінен қойған еді Сейітқалық аға.

Басқару жүйесіне байланысты, жұмысқа кіріскен алғашқы күннен-ақ ден қойған болатынмын. Сондықтанда, жинақтаған теориялық білімдер жүйесіне сүйене отырып, мен өз ұсынысымда, орталық газеттерде жарияланған Москва түбіндегі «Константиновка» совхозының іс-тәжірибесінде, басқару жұмысы әр сала бойынша өз бетінше жүргізілетіндігін айттым.

- Көңілге қонатын тірлік екен. Газет редакциясына хат жазып, сол совхоздың іс-тәжірибесімен кеңірек танысудың жолын ізде - деп, маған тапсырды.

Әрекеттену арқасында, ол совхоз жайындағы толық мәліметтермен керекті іс қағаздарды қолымызға жинақтадық.

1968-1969 жылдарда үш ферма құрамынан үш трактор-егіс бригадасын бөліп алып, екі бригада жасақтап, бас агрономның басқаруына бердік. Мұнда егін шаруашылығы саласы бөлектеніп, бас маманның басшылығында болатын болды. Ол жылдарда фермалардағы қойларды екі фермаға шоғырландырып, уақытша басқарушыларды сақтап қалдық. Ал ірі қара мал бөлек фермаға шоғырландырылды.

1970 жылдың басында басқарушылар мен біраз мамандарды қысқартып, фермаларды басқаруды зоотехниктердің өздеріне жүктедік. 1971 жылдың 15 қаңтарынан совхозды басқарудың цехтық жүйесіне толық көшкен едік. Бұл жүйеге көшу арқасында, 16 бірлік қызмет орны қысқартылып, мал шаруашылығы, егін шаруашылығы, механикаландыру және электрлендіру, күрделі құрылыс және жөндеу, коммуналдық шаруашылық цехтары құрылған еді. Оларға өздерінің кәсібіне байланысты бас мамандар жетекші болды. Бухгалтерлердің бәрі де орталыққа топтастырылды.

Бұл әрекетіміз еңбек өнімділігінің артып, өнімнің өзіндік құнының арзандауына игі әсерін тигізіп еді.

Цехтық басқару жүйесі бір кәсіпке бейімделген шаруашылық саласына жетекшілік етуге негізделген-ді. Бас мамандар бұрынғыдай кеңесші емес, нағыз өндіріс ұйымдастырушысына айналдырылды. Барлық еңбек және материалдық ресурстар солардың қолына берілді. Олар өзіне тапсырылған жұмысқа іс тетігін біле жауап беретін болды. Цех бастықтары бір ғана совхоз директорына бағынды.

Ал бригадирлер, орта буын мамандары болса барлық

мәселелер бойынша цех бастықтарына бағындырылды.

Басқарудың мұндай жүйесін жүзеге асырудың пайдасын алғашқы күннен-ақ көрген едік. Бұрын көңілді көп алаң ететін кемшіліктер кездеспейтін болды. Өйткені, бір саладағы жұмыс технологиясында, ұйымдастыру жағын да, жан-жақты өзіндігі бар адам қолға алған еді. Әрбір өндірістік буында атқарылатын жұмыс, тайға таңба басқандай айқын болғандықтан, жұмыста нәтижелі болатындығына көз жеткізе басталған-ды. Ал бөлім басқарушысы бұрын барлық істі тыңғылықты атқарып үлгері алмайтын. Цехтық жүйеде, әрбір өндірістік буындарға біркелкі дәлме-дәл міндеттің бөлініп берілуі жұмысты едәуір жеңілдетті.

Цех бастықтарынан ғылым жетістіктері мен озат тәжірибені өндіріске кеңінен енгізу талап етіліп отырды. Цехтық жүйеде, агрономның егіншілік мәдениетін көтеруіне, зоотехниктің мал өсірудің жаңа әдісін енгізуіне мүмкіндігі де мол, оған жол да ашылған еді.

Шаруашылықта директордың жағдайы да мүлде өзгерген болатын. Ол перспективалық мәселелерді шешуге көп уақыт жұмсай алатын болған-ды. Бригадаларға, фермаларға жиі қатынап, істің барысын бақылауға алуға, қолма-қол көмек беруге мүмкіндігі молайды.

Басқарудың цехтық жүйесі еңбек тәртібінің жақсарып, кадрлық тұрақтауына, басшының да, жұмысшының да өзіне тапсырылған жұмысты жауапкершілікпен атқаруына зор ықпал еткен еді.

Басқарудың жаңа жүйесі бір арнаға түскенге дейін, апта сайын талқыланып, істің алға басуына Сейітқалық ағаның басшылығы арқасында, ілтипатқа ілінгеніміз дәл бүгінгідей есімде. Ағаның басқару жүйесін өзгерту жөніндегі идеясын жалғаушы ретінде, мен 1975 жылы, «Қайнар» баспасынан орыс тілінде «Новая структура управления производством в совхозе «Пионер» Жамбылского района Жамбылской области» деген кітапша шығардым. Бір данасын басқару жұмысындағы алғашқы ұстазым, Сейітқалық ағаға, мынандай өлең жолдарын жазып берген екенмін:

Басқару ісінде ұстазым болған алғашқы!
Өзіңізге деген сенімнен, рухани күш алып,
Идеяңыз қанат жайып осылай -
Менің қолымнан, кітапша болып жалғасты.
Рахмет сізге!

Ұстазым көп жасаңыз!

Жақсылықпен біз әлі-бас қосармыз.

Ісіңіз адал еткен халқымызға,

Жастардың ауызында, болсын аңыз!

Иә, асыл аға! Пионерді табысты шаруашылыққа жеткізгеніңіз бүгінде аңызға айналды. Оған өзіңіздің көз көргендеріңіз куә.

1969-шы, қар қалың түскен қыстың 1-қаңтарына, шаруашылық жоспарын жасап, тапсыруға аудан орталығы-Жамбылдың, көзіргі Тараздың Сүлейменов көшесіндегі МАИ жанындағы екі қабатты үйден ауылға жеткенімнің ертеңіне, мықырлау адамның бойына жете-қабыл қар жауып, көліктер жүре алмай тоқтап, апатты жағдайға тап болғанымыз қалай есімізден шыға қойсын. Сол жылы, жыл басында 51344 бас қой болғаны санамда сайрап, жатталып қалыпты. Өріске симай, төскей де, қыр мен жазық та қойға толған еді ғой. Қыс апатынан сонша малдан, көктемге 20 мыңға жуық қана қой қалып, жалқау шопандар қолындағы таяғын сүйретіп қалғанын қалай ұмытарсың?! Айтары жоқ нағыз әлек салған, дуайпат апат боды ғой.

Ол қиындықты да, мойныңызбен көтердіңіз-ау! Денсаулығыңызға қаншама зиян көлгенін, қинала ойға аламыз. Ұйықтамадыңыз-ау кей күндері! Түтіккен түріңізді адам шошырлық қалыпта көргенімде, арқалаған ар алдындағы жауапкершілігіңіз үшін, жаным қиналып, қалай жәрдем етерімді білмей, аңтарылғанымды қалай өстен шығарайын! Бар қолымнан келгені, өз жұмысымды тыңғылықты атқарып, сіз айтқан есеп-қисапты реттеп, өзіңіздің айтып берген жобаңыз бойынша, Сіздің пленумдар мен актив жиналыстарда сөйлейтін сөздеріңізді керегінше, екі тілде дайындап беруге ғана шамам келіп, айтқан идеяларыңызды жалғап, жетілдіріп, жәрдемімді сол арқылы ғана жасай алдым ғой деп ойлаймын.

Елге көлген апат-омбылатып жүруге де көлмейтін, қолдағы бар техниканың жолын бөгеген үскірік аязды жұтты, қайсарлықпен қарсы алып едіңіз-ау. Салған маясына жете алмай қалған кейбір шопан отарларына аспаннан вертолётпен де, шуаған танктер бастаған автомашиналар тізбегімен де шөп жеткізудің өзін ойға алу қандай қорқынышты! Қалың қарды көтере алмай, баздар құлап, қаншама отар қой ашық далада қалды?! Көпшілікті жұмылдыра білген, өзіңіздің

ұйымдастырушылық қабілетіңіздің арқасында ғана, сол біраз қойдың сақталып қалғанын сырт көз қайдан білсін! Бірақ, шындық дәл солай болған еді. Бұл теңдесі жоқ тосыннан келген зор апат жайында, белгілі жазушымыз Шерхан Мұртаза, 1972 жылы болу керек, отарларды аралай жүріп, «Ақ мылтық» атылған соң» деген көлемді очерк жазғанын біреу білер, біреу білмес.

1969 жылғы ауыр-апатты қыстан аман алып шыққан бар малды көңілге медет етіп, бір жылда-ақ қайта көтеріліп, ел қатарына теңеліп едік-ау.

Менің жоғарыдағы аталған кітапшамда мынандай цифрлар көзге ұрады:

Цехтық құрылымға өткенге дейінгі үш жылмен (1965-1968) салыстырғанда, жаңа жүйеге көшкеннен кейінгі үш жылда (1971-1974) дөнді дақылдар мен қант қызылшасының өнімділігі 127-130 пайызға өсіп, өнімдердің өзіндік құндары: шөп - 5, қант қызылшасы - 8, астық - 36, сүрлемдік жүгері - 43 пайызға арзандаған. Мал шаруашылығында өнім өндіру түрлері бойынша 13-тен 30 пайызға өсіп, өзіндік құндары арзандаған. Жалпы өндірілген өнім 47 пайызға, еңбек өнімділігі 93 пайызға өсіп, әр істеушінің табысы - 50 пайызға артқан.

Санмен таныс адамға, бұл үлкен жетістік! Бұл, Сіздің жетістігіңіз болатын!

Өкініштісі сол, қаһарлы қалың, ызғарлы, сұрапыл қыстағы сыр берген денсаулығыңыз, ойыңызды аяғына дейін іске асыруға мұрша бермеді. Ол да тағдырдың ісі. Амал жоқ. Көндік, көнеміз де. Көнбеске амалымыз да жоқ.

БАСҚАРУДЫҢ АВТОМАТТЫ ЖҮЙЕСІНЕ (АСУ) ҰМТЫЛЫС, АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ

- Болашақ АСУ-да. Осы бастан ыңғайлана бермесек, кейін кеш болады. Адамдардың жұмысын жеңілдетудің жолдарын ойлауымыз керек. Ондайдан қаражат аяуға болмайды. Істі шұғыл шешуге, бақылауға байланысты сенімді жүйесін, диспетчерлік басқаруды енгізуге күш салайық-деген ағаның тапсырмасы-1973 жылы жүзеге асты.

Сарамжал жігітіміз, Сәли Тубаев дамыл таппай жүріп, РСВ-1 маркалы 29 радиотелефонмен, 10 нүктелік диспетчерлік басқару тетігін тауып, рұқсатын алып, орнатқан

еді. Бастаған істі жүзеге асыруды да, директорымыз, сол Сәлиге сеніп тапсырып, ісіміз жосып жүре берген болатын. Тоқтап тұрған техниканы біліп, жедел жөнделуіне рация арқылы хабарласып, істің тез шешіліп, мамандардың жұмыс уақытын тиімді пайдалануға қаншама көмегі тиді десеңізші!

Адамдардың түсінігі, әрқайсысының болмысы да әртүрлі ғой. Рация орнатқан жылдағы, біраз мамандардың рацияға қызығушылығы жайында, рациямен берген хабардың жалғандығының беті ашылған жағдайлары ойға оралып отыр:

Бірде Сейітқалық аға, қаладан бір бас маманның машинасын көріп қалады. Ол маман, сол күні, тапсырма бойынша өндіріске байланысты жұмыстарды, ауыл жақта атқаруы тиіс болған. Тез қосұлы тұрған рациямен, пороль ұмытпасам, «Панцырь» болуы керек, әлгі маманды номерін айтып шақырып, байланысқа шығады.

- «Панцырь-1», мен тыңдап тұрған «Панцырь» - номерін атап, құлағым сізде, прием - дейді.

- Ау, ...атын атап, таңертеңгі тапсырма қалай орындалып жатыр, баянда! Прием-демейме.

- Ия, Сейтқалық Атамкулович! Мен сол істің басында тұрмын. Бәрі реттеледі-деп бөседі ғой баяғы. Шыдамы таусылған директор:

- «Панцырь» стоп-деп, табан астында:

Өтірігіңнің өрісі тарылғыр,
Қызық жансың ғой бір!
Көл-пал болып, көлгірсіп жүресің,
Айтатының шикі өтірік, кілі

Ертең сөйлесеміз! Конец связи-деп рацияны қояды.

Істің насырға шабарын түсінген әлгі маман, шұғыл қаладан ауылға қайтып, тапсырманы түнімен орындап, таңертең кеңсеге, Сейітқалық ағаға ерте келіп, кешірім сұрағанын өз құлағымызбенен бәріміз естіген едік.

Сейітқалық аға, түнделетіп болсада, әліде ұяты барлығын білдіріп, тапсырманы орындағанына әлгі маманға іштей риза болса да, болған іс басқаларға сабақ болуы үшін, біраз қызартқан соң, болған уақиғаны өзі күліп отырып, айтып берген еді.

Біздегі сол радиотелефондарды алғашқы пайдаланғанымыздан ба, рация бекітілгендер бір-бірінің не

туралы сөйлесіп жатқандарын есітіп отыратын. Рацияның барлық радиотелефондары жұмыс уақытында ашық болатын. Рация ортаға алғаш енгізіліп, қосылғандықтан ба? Пайдаланушылар тарапынан бір жағынан қызығушылық болғандығы шығар, бірде, диспетчер хабарласқанға барсам, рация арқылы төп-төуір дауыста ән айтылып жатыр екен. «... Угәй – ай, ән салшы бір бала-ай» - деп ән аяқталды. Кәдімгі қазақтың халық әні «Бір бала». Ол аяқталысымен Н.Тілендиевтің «Құстар» әні кетті сызылып. Сөйтсек, әншіміз өзіміздің зоотехнигіміз Сәтбай болып шықты. Ән аяқталғандағы паузаны пайдаланып, әнді аяғына дейін жалықпай тыңдаған директорымыз байланысқа шығып:

- Сәтбай, әніңе тәнтімін. Жақсы айттың, таласым жоқ. Саған ескертерім, біріншіден, көркем өнерпаздар үйірмесіндегілермен қосылып, шопандарға берілетін концерттерде ән айтатын бол. Екіншіден айтарым, рацияны ән айту үшін пайдаланғаныңды қой. Рация ән айту үшін емес, шұғыл мәселе шешу үшін берілген. Түсінікті ме? Прием-деп.

Шіркін жастық жалынға таңданасың да қоясың! Неткен талмайтын, шаршамайтын күш! Энергия! Жұмыста да жапырып, әнді де айтып, шалқып, қызыққа балқып, істі орындауда тек темірдей төртіп! Қанға сіңген әдет, тек осылай болатын. Бәрімізде Сейітқалық ағаға қарап бой түзеуші едік.

Жаңалыққа жәні құмар аға, бірде, «облыстық «Сельхозтехника» бірлестігіне витаминді шөп ұнын даярлайтын алып агрегат түсіпті, соның сипаттамасымен танысайық»-деп, қасына мені ертіп, сонда барып таныстық. Орнату жөнінде де келісімге келіп, бас-аяғы үш айдай мерзімде, «АВМ-0,65» алып агрегатын іске қосты. Шығарған ұны, витамин десе, витаминдей, малдың қоңын тез көтеретініне көз жеткіздік. Біздің совхозда сол жөнінде облыстық семинар-кеңес өткізіліп, бүгіл облысқа, витаминді шөп ұнын дайындаудағы біздің тәжірибемізді жүзеге асыруға жұмыс жасау тапсырылып еді.

Жоғарыдағы мен келтірген өндірістік, экономикалық көрсеткіштердегі жетістіктерге, ағаның қолымен жасалған басқарудың цехтық жүйесімен қоса, басқа да автоматты жүйені енгізудегі алғашқы ұмтылыс, тәй-тәйлаған алғашқы қадамның да ықпалы, үлесі болғандығын мақтаныш сезіммен айта аламыз.

ЖАҚСЫ ҚОШҚАР - ЖАРТЫ ОТАР



Ардагерлер. Шеттегі А. Талалаев

Алғаш совхоз құрылған жылдың жазында, зоотехник-селекционерлік қызметке тәжірибелі маман - Талалаев Афанасий Григорьевичті қабылдады.

Әрбір істі, «маңызды» - деп қарауға үйренген жан екен. Келе, асылдандыру ісін қолға алып, қиында болса бір

өзі, ферма зоотехниктерінің көмегімен өнімді тірлік жасай білді. Сұрыптаудың арқасында, 1969 жылдың қаһарлы қысына дейін, үш мыңға тарта жоғары кластыларға жататын дегендей саулықтарды шоғырландыра білді. Өкінішке қарай, тосыннан келген қыс апатынан, сол жылы ол саулықтардың жартысындайы шығын болып кетті. Бірақ мойымай, еш жалығуды білмейтін өз ісін сүйген тәжірибелі маманның күш-жігерімен, әріптесі, зоотехник - Сәтбай Әлімбековты үйретіп, асылдандыру ісіне жұмылдыра білуінің арқасында, 1972 жылдың басына, құжатталмаса да асыл тұқымдылар санатына жатқызуға болатын саулықтар саны 4000 басқа жете қабыл болғандай еді. Олар бір фермаға шоғырландырылған болатын.



Зоотехник С. Әлімбеков

«Жақсы қошқар-жарты отар» деген сөз біз үшін басты бағыт сияқты болатын. Мамандығыма байланысты, қой шаруашылығының өркендеуіне ат салысып, көбіне-көп бүйрегім бұрып тұрушы еді. Асыл тұқымды қошқарларды өте зейін қойып, таңдай

да, талғай да білудің өзі де, дара мектеп. Оларды жыл сайын жаңартып отыру керек. Ол үшін, қанша қаражат керек болса, ағаның қолдауымен бөлініп отыратын.

Осы қошқар сатып алу жөніндегі бір жағдай ойға оралып отыр. Бас зоотехнигіміз «Республикаға еңбегі сіңген зоотехник» Шәріпбай Байділдаев Шымкенттің «Күйік» асыл тұқымды совхозынан болуы керек, қазақтың оңтүстік меринос қойының екі асыл тұқымды қошқарын әкеле жатып, совхоз кеңсесінің алдына тоқтады. «Жақсыны көрмек үшін» деген, көруге шыққанбыз. Қошқарлардың келбетіне көз тоярықтай. Керемет сұлу мүсін. Тірідей салмағы 120 кг, әр қайсысы 16 кг-нан жүн береді екен. Сейітқалық аға да кеңседе екен, ол кісиде шығыпты. Қошқарларды көріп сүйсінгені сонша:

- Қошқарларың айтары жоқ маңғазданған, жақсы екен. Әрқайсысынан 18 костюм тігуге болатын жүн алынатын болса керемет қой! Өзіміз ұрық алып, асылдандыруды қолға алуымыз керек деген сияқты шаруаларға байланысты біраз мәселелерді айтты да, сөзінің аяғында:

- Көбейсін қошқар осындай, отарға, отар қосылғай! - деп, бет сипады. Ол кісіні, тұрған бәріміз де бет сипап қолдаған едік.

Кәзіргі кездегі «Пионер» асыл тұқымды зауыты атанып отырған шаруашылықтың, облыстағы қазақтың оңтүстік меринос қойын өсіруде табыстары болса, саулықтарды асылдандырудағы жұмыстардың негізі - сол жылдарда қаланған деуімізге толық негіз бар.

Бұл істе де, Сейітқалық аға жаңашылдығын танытып, көрегендігін көрсете біліп еді. Ол кісі асылдандыру ісіне ден қоймағанда, кәзіргі асыл тұқымды қой зауыты болар ма еді, болмаса еді?! Сол зауыт атағы ғой, кәзір ол шаруашылықты ұстап тұрған. Мемлекет тарапынан қаншама демеу қаржы беріліп жатыр. Ол қатарлы товарлық қой шаруашылықтарының заты тұрмақ, аты да қалмағаны, бұлтартпас шындық! Селекциялық жұмысты жете түсіне білген, кәзіргі зауытта бұрыннан қалыптасқан асыл тұқымдық қордың жетіле түсуіне бас зоотехник, көп жылдар зоотехник-селекционер болған жоғарғы дәрежелі маман Сәтбай Әлімбеков бастаған топ жете мән беріп келеді. Бұл қарапайым көзге көріне бермейтін нәзік, ықтияттылықты талап ететін жұмыстарды атқару арқасында, кәзіргі зауыттың аты бүкіл республикаға мәлім. Ол, әрине зор мақтаныш!

ТВОРЧЕСТВО АДАМДАРЫНА ҚҰРМЕТ, НЕМЕСЕ АҒАМЕН СЫРЛАСУ

Творчество адамдары десе, Сейітқалық аға ішкен асын жерге қоятындардың тобынан еді. Ақын-жазушылардың шығармаларына баға беріп, оқуға бағыттап отыратын. Шаруашылық жұмыстарынан тыныстаған аз ғана сәттерде, ағамен әңгімеміз әдебиетке, мәдениетке ауысып кететін кездер жиі болатын.

- Сенің жазу қабілетіңді танып жүрмін. Адамның ойын әдіптеп, түсінікті тілмен жеткізуге шеберлігің жетеді. Өлеңге де икеміңнің барын сеземін. Шаршы топ алдында, концерт жүргізу, екінің-бірінің қолынан келмейді - деп маған көпшік қоя сөйледі. Ол сөзге мәртебем өскен мен, алаулаған албырт кезім, сезімдімді жасырмай:

- Рахмет, аға! Сізден өзіме байланысты жоғары баға есіткенімнің өзі, мен үшін зор мақтаныш! Сеніміңізден шығуға тырысамын. Ешкімді де жерге қаратпауға берген сертімнен таймаспын деп, талпынып келемін. Сіздердің қолдауларыңыз ғой, біздейлерді қанаттандыра! Өлең құдіреті деген, керемет қой! Оны жақсы түсінем - деп, алдымда, өлең жайында ойымда жүрген мына жолдарды бастырмалата оқып жібердім:

Өлең - мүсін, ойлы өрнек.
Өлең - өмір, өлең - саз!
Қуат алып, түйсік-сезім шалқыса,
Ақылыңның суатынан сұрап алып,
Өлең жаз!
Өлең - құдіреті -
Патшаң да бас иетін!
Дөп басатың, небір істің жүйесін.
Төрт-ақ жолға сыйғыз, шалқар ойынды.
Шумақ болсың жұрт тамсанып жүретін.

- Керемет! - деді аға, бетіме барлай қарап.

- Бұл кімнің өлеңі?

- Қолдауы болса, көңіл тоқ болып, ой орындалып, орта толса, өзіңіздей ағалар қанаттандырса, өлең тасты жарған қынадай, қылтиып, жарыққа қарай құлшынып тұрады-ау?! - деп, - қалдым аға. Әлгі өлең, өз ой тұжырымым ғой - дедім күмілжіңкіреп.

- Өте жақсы. Айтары жоқ, нағыз философия! Жаз. Жаза



Абай

қалдырған Абайды айтар едім. Ия, ия өз Абайымызды!

Жылауық өлең оқысам,
Құлазиды көңілім.
Ал Абайды оқысам,
Ұзарардай өмірім

-деп тақпақтады, жанарын бір нүктеге қадап, ойлы кейіппен.

- Ия, аға дұрыс айтасыз, оған ешкімнің де дауы бола қоймас. Сөзіңізге қосарым:

Оқысаңыз Абайды -
Мәнін түсін байыппен!
Сезімің де оянар,
Ой - өрісің, байып кең! - дедім.

- Өлеңіме, өлеңмен жауап бердің, бұл жақсы нышан! Абайдың әр сөзінің көтерген жүгі-толағай! Таусылмайтын өсиет. Нақылият. Сырғытып емес, мән беріп, түсініп оқуға машықтан деуің өте орынды айтылған. Өлеңдері мен қырық бес қара сөздері өз алдына бір мектеп. Жан сарайыңды ашады. Кеңісің, кемелденесің! Не деген құдіретті сөздер! - деп, тамсанып еді-ау бір. Екеуміздің арамызда болған бұл сырласу-сұхбат, менің де мәртебемді өсіргендей болған еді.

Облысорталығында, жаңа, театрлық қойылым дайындалса, сырттан белгілі бір өнер шеберлерінің концертті өтетін болса, ұжым мүшелерінің қатысып, тамашалауына жағдай жасап отыратын.

Бірде, Қырғызстанның халық артисі, төкпе ақын - Естемес Тұрсыналиевті ауылға арнайы шақыртты. Ол кісі бастаған концерт бригадасына орталықтағы бүкіл ауыл тұрғындарына ашық далада, келесі күні-қырқын пунктіне, шопандарға,

бер, ұялма! Қандай жұмыс болмасын, ойыңды бүкпей, жасырмай, маған айтып тұратын бол Мен өзінді, Жақсылық ағаңмен таныстырып қоюым керек екен - деді дағы:

- Нағыз үлкен әріппен жазылатын Ақын - деп, Дана - деп, халқына байлық жетпес, асыл мұра

қырықтықшыларға тегін концерт бергізгені есімізде. Қаншама жұрт риза болып еді сонда. Қаншама жұрт рухани азық алды. Әрине өлшемі жоқ. Мұндай әрекет, тек жаны жайсаң, халыққа мейір-шапағатын төккен, Сейітқалық аға сияқтылардың-ақ қолынан келетін шығар! Асыл да дархан, әділ де, шыншыл едіңіз ғой, өндірістегі алғашқы ұстазым менің!

Творчествоға деген берілгендік, ағаның ұрпақтарына да әсері болғанын атап айтқым келеді.

- Осы Қалиямның өнерге, әдебиетке деген бейімділігі, көңіліме қуаныш сезімін ұялатады. Ән жанрына, өнерге бейімділігін байқаймын. Кім біледі, болашағы әлі алда. Мүмкін, белгілі композитор болып шығуы да ғажап емес. Ол үшін көп білім керек. Қандай да бір жаңалық өмірге оқумен, көңілге мықтап тоқумен келеді. Ең бастысы - осы қызымның бойында талап та, талант та бар-дейтін тұңғышы - Қалия жайында.

Иә, «Әке-балаға сыншы» - деген Сол Қалиясы әке сенімінен шыға білді. Ағаның 50 жасқа келген мерей тойына, «Алғашқы әнім - әкеме» - деген ән шығарды. Әннің сөзін Қалияның өзі жазып, кезінде белгілі ақын - Жақсылық Сәтібековтың (Жақан) әдеби өңдеуімен көпшілікке тараған еді. Ағаның Жақанмен араласып тұратынын естуші едік. Олар бір-біріне рухани жақындықтан басқа, екеуінің бір атадан тараған жақындығы да бар екенін кейін білдік. Сол Жақан жайында, ағаның бір лебізін естігенім бар. Ол кісі:

- Жақсылық інім, жақсы ақын. Ән мәтіндерінің өзі не тұрады. Күнсайын Қуатбаевтың «Таң сәріде» әні қандай нәзік лирика! Екі жастың жүрек лүпілін деп басқан мәтінге, жүрек тербер әуез қалай үндеседі десеңші! Осы әнді, алғаш ұйымдастырған, Куйбышев атындағы совхозда партком хатшысы болған жылдары көркем өнерпаздар үйірмесінің бір мүшесі, сол кездегі ауылдық кеңес хатшысының келіншегінің орындауымен ойда қалыпты. Шын тәнті болдым. Ән-нағыз орындаушысын тапса, құлпырып, жүректі тебіреніп, еріксіз елтітеді екен ғой! Ән құдіреті солай! - деген еді.

- Аға! - дедім бірде. - Бауыржан Момышұлымен майдангер ретінде қатынасыңыз қандай?

- Иә, ол кісімен демалыс орындарында үш-төрт рет бірге демалып, жете таныстым. Ол кісі шалқар теңіз! Тірі энциклопедия! Өзі жайында көп айтпайды. Сұрай қалсаң, «Әзілханның «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогын оқымағаның ба?» - деп, өзіңе дүрсе қоя береді. Тек, 1943 жылы Алматыға келіп, ғылым академиясында ғылым, әдебиет және өнер

қызметкерлерімен әңгіме-лекция өткізгенін айтқаны есімде. Онда қамтылған соғыстағы жауынгерлік жолдар, ұрыс тәжірибелері, қатардағы жауынгерлердің психологиясы жайында орыс тілінде жазылған «Соғыс психологиясы» деген еңбегін, майданнан жазылған хаттарын архивке тапсырғанын айтқан еді. Одан да басқа ой-толғаулары мен түрлі тақырыптағы жазып жүргендерін артына мұра етіп, қалдырып, о дүниеге аттанғаннан кейін ғана, бауыры белгілі ғалым Мекемтас Мырзахметовке жария етуге аманат ететіндігін айтқан болатын...



Бауыржан Момышұлы

Сардар сыншы, белгілі ғалым Мұхамеджан Қаратаевпен демалыс орнында бір болғаны жайында, Сейітқалық аға мынандай сыр айтқан еді:

- Екеуіміздің таныстығымыз былай болды - деп еске алған еді Сейітқалық аға.

- Менің Жамбылдан екенімді білген соң, Мұқаң:

- Дұрыс екең, Жамбылдан болсаң, «Пионер» деген ауылды білесің бе? - деді. Мен аңтарылып қалдым да:

- Иә, мен сол ауылданмын. Сол совхоздың директоры болып, 1965 жылдан істеп келе жатырмын - дегенім сол еді, Мұқаң тұра салып мені қапсыра құшақтап:

- Міне мұндай да кездесу болады екен да! Аруағынан айналайын кең пейілді Жамбылдың елі, азапты сапар басыма түскенде қол ұшын берген, байтақ даланы жайлаған қапалшымыр, жалпы Дулатымның елі тегіс аман ба? О, айналайын! Директор болсаң тіпті жақсы! Жұмысында табыс тілеймін! Менің туған інімді, шиеттей бала-шағасымен қиыншылықта қарасып, өз ұлындай қабылдап, жақсылығын аямаған елді неге естен шығарайын? Ол да бір өткен, бір қиын кез еді ғой! Мейлі арты жақсы болды, оған да шүкір! - деп терең күрсініп еді.

- Мүмкін есіткен боларсың інімнің аты-жөні Қожасбаев Фазыл. Келінім Мария екеуі де мұғалім-деді Мұқаң.



Сейітқалық аға
Б. Момышұлымен Сарыағашта

- Мен өзім көрмегенмен қариялардан естігенім барын айттым. Не керек, содан екеуіміз ағалы-інідей болып кеттік. Бірде Мұқаң:

- Сейітқалық, сен Жамбылдансың ғой. Жамбыл атаңның қиқарлығы жайында айтып берсем тыңдауға қалайсың? - деді.

- Тыңдайық Мұқа! Айта беріңіз дедік біраз адамдар.

- 1937 жылдың 22 желтоқсанында Тбилисиде өтетін Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған жиһанкез» поэмасының 750 жылдығы құрметіне арналып өтетін салтанатты юбилейге, Қазақ жазушылар делегациясы

да шақырылған болатын. Оған қатысуға Ораз Исаевтың ықпалымен, Жамбыл ақынның баруы ұйғарылыпты. Бірақ, Жәкең кесір сөйлеп, алып келуге жіберілген Қалмаханнның бетін қайтарып тастапты. Әбден «өлердегі сөзіне» илікпеген соң «Сіз бармасаңыз Сталин өкпелейді. Ш. Руставели ол кісінің жерлесі, әрі сүйікті ақыны» дегендей уәждерін айтып, қиқар шалды жұмсартқандай болғанда, табан асты айнып: «грузиндердің тойына, жаныма Кенен мен Сатышты өртсендер ғана барамын» - деп, шарт қойыпты. Ол шартына лажсыз келіскен Қалмахан алып келген соң, 16 желтоқсанда, Москва поезына Кенен, Сатыш, Тайыр, Павел Кузнецов пен алтауымыз отырдық. Москваға барғанда, Мирзоянның өзі телефон шалып, Жамбылдың халін сұрады да, шал шаршаса, қайтарыңдар дегенін есіткен Жәкең:

- Мырзажанға айт. Бір шыққан соң, қайтатын мен қатын емеспін-деген сөзін жеткізгенде, Мирзоян қарқылдап күліп:

- Вот чертов старик. Ну что подделаешь. Везите, под строгую вашу ответственность,-деп еді.

Содан Грузияға бара жатып та, барғаннан соң да Жәкеңді не айту керегін пысықтаған боламыз. Міз бақпайды, еш жауап

та, уәж да айтпайды, құр тыңдайды да отырады. Ойпырмай, ұятқа қалмасақ жарар еді-деп, біздің күйзелгенімізде ісі де болмағандай.

Ал тойдағы көсілгенін көрсең өзің таң қаласың! Домбырасын безектетіп, суырып салмалық өнердің не екенін жер жүзіне паш етті ғой жарықтық! Мінбеден түсіп келе жатқанда рухтанғаным сонша, көзімнен жас шығып кетіпті. Тайыр да мөлтілдеген көз жасын сығып алғанын көзім шалып қалды. Қиқар болса да атаң айтары жоқ дарын иесі болатын-деген еді Мұхаң.

Сейітқалық аға, сыншы М.Қаратаев жайында бір әңгімеде:

- М. Қаратаев, заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезов жайында да өте көп білетін. Қазақта, «Мұңластар, болар сырлас» деген бар емес пе?-деп қоятын.

Мұқаң, «Мұхтар карта ойынына өте қарсы адамның бірі» - деп қойып, біздің де карта ойнауымызға көзінше рұқсат бермейтін. Сол карта ойынына байланысты мына бір айтқаны есімде қалыпты дейтін Сейітқалық аға:

- Әйгілі бір ақынның үйінде қонақта болғандардың ішінен төрт-бесеуі суырылып, картаға кірісіп кетеді. Оны көрген жазушы тотығып қарауытқан кейіппен, тамағын кеңеп:

- Тағы картаға отырдыңдар ма? Бәлі өнерлеріңе болайын! Басқа кәсіптерің жоқ қой сірә. Бізді де бір елдің парасатты адамдары дейді-ау! Осылай бас қосқанда, қоғамға, халыққа, әдебиетке пайдалы әңгіме, пікір айтады десе, қызылға үймелеген құзғынша картаға төне қаласыңдар. Жоқ, бұл

парасаттылық емес. Бұл баяғыдан бері, әдетте, кері кеткен елдің азғын интеллигенциясының кәсібі болатын. Жоғалтыңдаршы осы бәленің көзін-дегенде карта жайына қалған екен.

- Содан бері менде қолыма карта ұстамаймын - дейтін белгілі сыншы-ғалым Мұхамеджан Қаратаев бізбен әңгімесінде.

- Ақындық жас талғамайды екен-деген-ді өзі бірде. Өмірден ерте кеткен, небәрі 20 жасында, ойлы, жаһұттай нәзік жыр жолдарын өрнектеген жас ақын - Артығали Ыбыраев жайында.

- Өзі бір ерекше бала еді.



Артығали Ыбыраев

Біздің үйде жиі болып тұратын Ойын баласы болып жүргенде-ақ, ойлы сөздеріне таң қалушы едім. Ол менің балаларыммен - бөле. Баршақұл жеңгелеріңнің сіңлісінің баласы. Мен өлең түсінсем, қысқа өмірінде жазған қырық шақты өлеңі, ойлы қырық кітаптың жүгін көтергендей әсерде боламын.

Ақындыққа баға, көп жазғаны үшін емес, аз да болса, саз жазғаны үшін беріледі емеспе?! Шығармалары не бәрі кішілеу екі-ақ кітапқа сиған данышпан Абайымызды, ақындардың пайғамбары-деп бекер атамайды ғой, қалың елі-қазағы...

Артығали менімше, шын ақын еді. Оның «Далам менің» деген өлеңін тебіреніссіз оқу мүмкін емес-деп, сол өлеңді жатқа оқи жөнелген еді:

Сағынып жүріп, көргенде құмар басылған
Қазақтың сен бір, алақанысың-ау ашылған.
Таулардың шыңы, тұрады тынбай жеткізіп,
Елес пен өңді, алдағы арманға асырған
Далам менің!
Алдымда күң, сыртымда Ай!
Егіліп келем, ескіден қалған жыршыдай.
Көктем сайың, тұрады-ау жаным көгеріп,
Бір гүлің үшін, қиылып кетсем қыршындай!

Неткен теңеу! Даласына деген шексіз махаббатың, оны қазағымыздың қасиетті де, аялы алақанына теңеп ой білдіру, сүйіспеншіліктің ең биік шыңы емеспе?! Даласын жырлауда, даласын толғауда, еш жалықпайтыны, ескі жыршыдай егіле жырлай беретінін қалай жеткізген?! Өзім қыршынымнан қиылып кетсемде, бір гүліңді жат жұрттыққа таптатпаймын деген ойды екі жолға қалай сиғызған?! Керемет-деп таңғалу аз. Дүниеге осындай өлең әкелген балғын бала, қандай іске, қандай әрекетке тарығып, қыршынынан қиылып кете барды екен?! - деп, ойланбасқа болмайды.

- Аға! - дедім, менде жұлып алғандай. - Осы айтқаныңызды мынандай өлең жолдарына түсірсем қалай қарар едіңіз? Жаратпасаңыз, өңдерміз. Әзірге былай десем:

Қандай ғана қиянатқа, төзбей кеттің албырт жас!
Ойлайықшы!
Кім өзіңмен болды екен, бұл өмірде тағдырлас?
Төлеген бе, Саттар ма өлде? -
Симай кеткен бұл өмірге бұлқынып.

Мұқағали өмірі де, қысқа ғой.
Бұйырғаны - 45 жыл тіршілік!

- Алтыным-ау, мына өлеңің тұнып тұрған поэзия ғой! Неге өзіңе сенімсіздік білдіріп өңдерміз - деп отырсың? Бұдан артық қалай жазбақсың? Дегенімен қабағы түсіп, даусын бәсеңдете күңіреңгендей күй кешті де:

- Артығали өзінің бір өлеңінде бұл дүниеден ерте кететінін білгендей:

Сынасып сабыр-меже, күле жетем,
Тақалды таусылуға, міне, мекен.
Сірә, мен аспан жаққа шығамын-ау
Соқпақ жол көк жиекке сіңеді екен!

- деп, өлең жазып кеткен. Мен еріксіз ойға аламын. Таланттардың бұл дүниеге симайтыны несі болды екен?! Ондайлар, неге өмірден ерте кетіп қалады? Осында бір ашылмаған құпия сыр бардай болады да тұрады маған. Артығали, әттең өмірден ерте кетті. Келешегінен көп үміттенуші едім - деді дағы, ойын ары қарай былай жалғады:

- Шіркін, жаңағы «Далам менің» деген өлеңіне ән шығарса ғой! - деген-ді ойлы кейіппен.

- Пенде болған соң айтады екенсің. «Жазмыштан озмыш жоқ» - деген рас қой. Тағдыр солай. Пешенесіне сол жиырма жас жазылған да. Тәңірдің берген талқаны таусылса, ешкімде қарсы тұра алмақ смес! - деп толғанып еді, Сейітқалық аға бірде.

Ия, қадірлі аға! Өзіңіз айтқандай, Сізде пешенеңізге жазылған, Пайғамбар жасы - 63-ке келгенде, Артығали ақын меңзегендей, аспан жаққа аттанып кете бердіңіз. Амал не?! Биыл 88 жасқа келер едіңіз! Өкініштісі сол ортамызда жоқсыз. Бірақ, қысқа ғұмырыңызды зор адамгершілікпен, үлкен парасатпен, кереметтей ұйымдастырушылық қабілетіңізбен, азаматтық пен кісілікті мұрат етуіңізбен ел есінде қалдыңыз. Артыңызда қалғандар күрсінседе, «Шүкіршілік» - дейді. Қуанатынымыз, сабақтастық жалғасып жатыр. Оған тоба! - дейік. Өз тәрбиенізді көрген үлкеніңіз Қалия, үйлі-баранды. Творчество адамдарына деген құрметіңіз, өнерді ардақтауыңыз сол Қалияға жұғысты болғандай. Өзіңіздің Қалия жөніндегі болжамыңыз, айна-қатесі жоқ шындыққа айналды. Өзіңізге арнаған «Әкөме» өніндегі «Адалдыққа баулыдың сен. Үмітінді ақтаймын мен» деген сөзінде тұра білді. Қазір өлге белгілі



Сейітқалық аға ұлымен

сазгер. Қырықтан аса әннің авторы. Жазған өнінің бірі - «Қызыл қайнар». Әке туған, өзі дүниеге келген жерге деген ыстық махаббат! Әкеге деген сағыныш! Бұл әң, селт етпес жүректі де тебіrentіп, тас жүректі жібітіп, сағыныш қылын шертетін болар! Айтары жоқ, тамаша ән! Жоғарыда келтіріп кеткен, бұрынырақта әке жүрегін тебіrentкен Артығалидың «Далам менің» өлеңіне, жақында «Қалия ән шығарыпты» - дегенді естідік. Сірә, әке жүрегін қозғаған бөлесінің ойлы да, сиқырлы өлеңі, Қалияның жүрегінен шыққан сазды әуен іздеп тапқан болар. Ылайым, ол әннің сазы-тыңдарманының жүректеріне жол тапса екен! Қайткенменде Қалияның творчествосы өз алдына бөлек әңгіменің арқауы болуға тұрарлық.

Ал қыздарыңыз Әлия, Фатима, егіздеріңіз - Қабыланбек пен Нұрланбек, кенжелеріңіз - Сара мен Қалдыбек өмірден өз орындарын тапқан. Сіздің өміріңіздің жалғастары солар. Өзіңізден алған тәрбиенің жемісін көріп жүрген жайлары бар. Сабақтастық ары қарай да, жалғаса берсін деп, тілейік!

2007 жылдың ақпаны.

ИСЛАМ АҒАНЫҢ СЫРЫ



Ислам Елубаев

Кішіпейіл, сыпайы - пәк көңілді баладай.
Дархандығы, кісілігі - кең жазира даладай.
Имаңдылық, ізгілікпен, ар-ұятты ту еткен,
Еңбек сүйген, шын дарынды - математик бұл ағай.

КІШІПЕЙІЛДІЛІК-КІШІЛІК ЕМЕС

Шамада, жетпісінші жылдардың басы болуы керек, мен ол кезде, өз ауылым, Жамбыл ауданының «Пионер» совхозында бас экономист болатынмын. Кабинетке бірде:

- Ассалаума-ағалейкум! - деп, өзіміздің совхоз орталығындағы орта мектептің оқу ісінің меңгерушісі, дүйім жұртқа «Ислам ағай» атымен таныс, Ислам аға, Елубаев кіріп келді.

- Уағалейкума-ассалам, аға! Келіңіз төрге өтіңіз - деп, орнымнан ұшып тұрып, қарсы шығып, сәлем бердім.

Келген жұмысы, оқушыларды оқытуда, өндіріске жақындастыра білім беру үшін, өздері тұрған шаруашылықтың жай-жапсарын жақсы білуге үйрету мақсатында, толық мәлімет алу екен.

- Айтып отырғаныңыздай, оқушыларға керекті мағлұматтар жан-жақты болғаны дұрыс. Өндіріс көрсеткіштерінен басқа, совхоздың төл құжаты болып саналатын мәліметтер, әр саладағы еңбек озаттары, олардың жетістіктері, толық қамтылғаны дұрыс болатын шығар. Оны оқушыларға түсінікті болатындай етіп дайындау, едәуір уақытты қажет етеді. Дайындалған құжаттарды машинкаға бастыруға да біраз уақыт керек. Сондықтан да, сұрағандарыңызды өз дәрежесінде дайындауға, маған толық бір апта уақыт беріңіз-дедім. Бітірген соң, апарып беруге уәделесіп, ол кісіні шығарып салдым.

Мектеп оқушыларына керекті ақпараттық материалдар толық дайындалды.

Машинкаға бастырып, бір данасын өзіме қалдырып, бірінші данасын неде болса, сол келіскен күні, мектепке апарып беретін болып, бөлектеп қойғанмын. Келісілген күнге, әлі бір күн бар. Келесі күні апарып беруге шыққалы жатқанымда, түске тамаң, кабинетке тағы да Ислам ағаның өзі келді.

- О, аға! Айтқандарыңыздың бәрі дайын болды. Ақыр өзіңіз келіп қалған екенсіз. Міне, алыңыз. Бірақ, мен өзім апарып беруге келісіп едік қой? - деген сұраулы сөзіме:

- Мында, машина-трактор паркінде бір жұмыстар болып, өзіңізбен келіскен қағаздар дайын болса, жолай ала кетейін деген едім да. Сіздің уақытыңызды босқа алғым да келмегені рас. Бұл қағаздарды маған апарып келгенше, қыруар уақытыңызды сарп етесіз! Адамға көзіргі кезде, уақыт зәру. Уақытты үнемдей білуге қалыптасқан жақсы. Бір жағы, өзім



Мектеп ұжымы

сіздің алдыңызда дайындағандарыңызды көріп шығып, түсінбегендерім болса, өзіңізден осы жерде сұрап, түсініп алайын дегенде ойым болды-деп, мен ұсынған құжаттармен таныса бастады. Біраз жерлерін анықтап алғаннан кейін, ризашылығын білдіріп, алып кетті.

Ислам аға шығып кеткен соң, өзімнен-өзім отырып, ойланамын. Неге, соншама жасы үлкен кісі, отыздағы жас жігіттің алдында да, кішіпейілділік жасап, ілтипатпен «Сіз» дегеннен жазбайтын болды екен? Қандай өнегелі тәрбие? Иә, деймін өзіме-өзім «Сіз» дегеннен ол кісі, кішіріп қалып жатқан жоқ қой. «Әдептіліктің белгісі - иіліп сәлем бергені»-деп, халық бекер айтпаған-ау. Неткен даналық! Ізеттілік, қазағымыздың қанына сіңген ибалылықтың бір түрі емеспе?, деймін дағы өзімше тағы аңтарыламын. Содан, ойыма сөзім Мұзафар Әлімбаев жазған, Шәмші ағамыздың елге танымал «Ақ маңдайлым» әні оралады. Ән мәтінінде: «Сен» деген ыстық сөзің артық еді. Өзіңе іштей мені тартып еді. «Сіз» деген салқын сөзден қорқамын ғой, «Сен» десең көңіл қайта шалқыр еді» - демей ме? Ақын ағамыз олай-деп, неге айтты екен? Бірақ, дейді ішкі түйсігім, бұл жердегі «Сіз» сөзінің мәніне көңіл аударсақ, бірін-бірі сүйгендер, «Сіз» деп, сыпайылық жасамастан, «Сен» деген сөзді ыстық көретіндігі айтылған. Ақыл таразысына салсаң, оның шындыққа да жөні келеді. Ал Ислам ағай болса, өзінің сыпайылығынан танбай, бойына біткен ибалы мінезімен үлкенді де, кішіні де, «Сіз» деуден бір ауытқыған емес.

Мектепте, жоғарғы кластарға математика мен физикадан сабақ беретін Жасыратыны жоқ, оқушылардың көбі, меңгеруге қиын пән ретінде, жете көңіл аудармай ма?, әлде көңіл аударғысы келмей ме? Сол пәндерден ақсап жататыны рас қой. Соларды жиып алып, қайталап түсіндіріп, шып-пыр боп жүретінін талай естуші едік. Келесі күні сабақ сұрағанда, әлгі оқушылардың біразы, тағы да жауап бере алмай қалған жағдайда:

- Қарағым-ау, кеше қосымша өткізілген сабақтан да, ештеме кәлпаға ілмегенсіз бе? Мұныңыз жарамайды. Айтыңызшы, қай жеріне түсінбедіңіз? Бірге түсінісейік - деп, педагогтарға тән тәсілмен түсінбеу сырын ашқанша ынтыға түседі екен. Сол сабақ білмей тұрған оқушының кімнің болса да, жүйкесіне әсер ететіні белгілі. Бірақ Ислам ағай ондайлардың енжарлығына айқайлап, ұрысу - деген, ойына да кіріп шықпастан:

- Енді не? Амал жоқ, бүгін Сізге екі қоюға тура келіп тұр - деп, оқушыны отырғызған соң, қайта түсіндіруден еш жалықпайды екен.

Оқу білмеген оқушыға да, «Сіз»-деп, қайрылу, әй қайдам, көзір еш мектептен кездесе қоймас. Кездесе де, өте сирек шығар. Ислам ағай болса, өзінің қанға сіңген әдетінен еш танған емес Сыпайылық - даналықтың белгісі - деген, сол сыпайы қалпын сақтаумен өтті. Қай жерде болса да, ретімен сөйлеп, орынсыз сөздерден сақтанып, таза жүретін. Сыпайылықтың, ізеттілік пен ізгіліктің биік шыңына көтеріле білген бір адам болса, сол осы-Ислам ағай болар. Иә, кішіпейілділік-кішілік емес, ол адам бойындағы ең сүйікті қасиет.

ӨКТЕМ СӨЙЛЕУ-КІСІЛІК ЕМЕС

Ол кездерде, совхозда қой саны көзіргідегіден үш-төрт есе көп болатын. Қаптаған отар. Бір-біріне, бір-екі шақырым аралықта тығыз орналасушы еді.

Қой төлдету-қой совхозы үшін басты науқан. Сақпаншыларды көп керек ететін болғандықтан, адам күші жетіспей жататын. Сондықтан да, автогараж, құрылыс тағы басқа салалардағы істейтіндермен қоса, қызметкерлер мен мамандар да сонда жұмылдырылатын. Жетпейтін сақпаншылардың орнын, аудандығы училищенің және жергілікті мектептің жоғарғы сынып оқушылары толықтыратын.

Жоғарғы сынып оқушыларын сақпанға көмекке жіберу жөніндегі мектепте болған жиналысқа қатысқаным бар. Сондағы, оқу ісінің меңгерушісі Ислам аға Елубаевтың оқушылар алдында сөйлеген сөзі, көзіргідей есімде. Оқушыларға өзіміз тұратын аулымыздың, қой шаруашылығымен айналысатындығын айта келіп, шопанның бір жылғы төккен терінің қорытындысы шығарылатын мезгілдің келгендігін түсіндірді. Түсінікті тілмен мән бере, әр оқушының санасына жетердей етіп, былайша уағызды-есиет айтты:

- Әр оқушы, өзі бекітілген отарда, еңбектің үлгісін көрсетуге тырысатын болыңыздар. Сіздер, отарға меймандыққа бара жатқан жоқсыздар. Онда бір ай бойында, өте қарбалас жұмыс болады. «Шопан»-дегендер, темірден жаралмаған.



Мұғалімдер мектеп бітірушілер ортасында

Олар-адамдар. Адам болған соң, түрлі мінезділер де болатынын есте сақтаңыздар. Шаршап жүрген адамнан тосын мінездердің біраз қырлары көрініп қалуы ғажап емес. Ондай келеңсіздіктердің кездеспеуін, совхоз мамандары да, біздің тарапымыздан, мұғалімдер де, бақылап отыратын боламыз. Сіздер жассыздар. Келешектеріңіз әлі алда. Осы бастан, ашу келгенде, сабыр сақтап үйренгендеріңіз жөн. Ол өздеріңіздің келешектеріңізге керек. Айналаңыздағылармен жақсы қатынаста болу әр кез, берекеге бастайды. Жаман мінез, орынсыз айқай-шу, үлкеннің сөзін тыңдамау, өкінішке әкелерін ұмытпағайсыздар!

Бойларыңызда ибалы мінез қалыптастырып, тапсырған істі ұқыпты да, тыңғылықты етіп орындауға, осы бастан дағдыланғандарыңызды қалаймын. Жарасымды жақсы сөз бен мейірімділіктен абзал іс жоқ. Ешқашан да тілазар болмаңыздар! Сыпайылық әр нәрсеге көрік береді. Қай істе де сыпайылық болмаса, ол іс бұзылады, кері кетіп тұрады. Өктем, дерекі сөйлеу-кісілікке жатпайды. Сабырлылыққа, сыпайылыққа үйренулеріңіз керек.

Сіздер, бір ай бойында малмен жұмыс істейтін боласыздар. Малдың сіздерге айтар тілі жоқ. Сондықтан да, малды аяйтын болыңыздар. Қой-ол береке. Түйе-бүкіл мұсылман қауымына қадірлі. Ал жылқының жолы әрдайым жақсылық. Олар-біздің қызметшілеріміз. Әрі достарымыз. Оларға жақсылық жасау ойыңыздан шықпасын. Әркез көмектесу ойда болсын. Мысалы, құдық басына мал жиылып қалса, «ол жұмыс маған тиісті емес» - деп, кері бұрылмай, суға қануына көмектесетін болу керек. Жем-шөп беру уақыты келгенде, малды телміртпестен көмек беруге тырысқан жөн...

Мінген аттарыңызды бет-алды шауып, қинап, тұралатып тастаудан аулақ болыңыздар. Мал жусап жатқанда, мінген атыңыздың да оттап тұруына жағдай жасай біліңіз.

Қозы туған соң, анасына табыстыру, емізу, сіздердің ойларыңыздан шықпас бірінші іс болуы тиіс. Уыз ембеген қозы-ауруға шалдыққыш келеді. Қайткенде де, қозыға уызын емізуге зер сал. Анасымен табыстыруға жәрдемдесі!-деп, тәптіштеп жеткізген еді. Сонан соң, баратын оқушыларға киімдерінің жылы болуын естеріне салып, жеке гигиенаға керекті сабын, тіс щеткасы, сүлгілерін естен шығармауларын айтуды да ұмытпаған-ды.

Ислам ағайдың оқушыларға арнаған сөзін тыңдап

отырған мен айтқан сөздерін түртіп алып, «Неткен ой өрісі жоғары, ақ пейілді, ақ көңіл адам.Тіпті, зоотехниктер түсіндірер малға қатысты түйткілдерді де жете меңгерген»-деп, таңғалғанымды жасыра алмаймын. Сөз жоқ,эрудит! Бұл сөзді қазақшалар болсақ, терең білімді! Айтқандарының бәрі, көңілге ұялайтын, қонымды дана сөздер! Сыпайылық пен кішіпейілділік, ізгілік пен ізеттілік-даналықтың белгісі екенін сонда терең түсінгендей едім.

Келген оқушы-сақпаншылардың жұмысын мұғалімдер кезекпен бақылап, жиі аралап тұрушы еді. «Көделі» мал жайылымының нақ ортасынан қой төлдеу науқаны кезінде бақылау штабын орнататынбыз. Бір күні, штабымызға кезегі келген бе, әйтеуір Ислам ағай, оқушылар жүрген отарларды аралауға келді. Мектептегі жиналыста сөйлеген тұшымды сөздеріне қанық мен, бірге ілесіп жүруге сыңай білдіріп, рұқсат алып, ол кісімен жүрдім.

Бірге аралап келе жатып, талай әңгіменің басын қайырдық. Ол әңгімелермен оқушыларымызды таныстыруды, басқа тараудың еншісіне қалдырғанымыз жөн болар деймін.

Отарларды аралап келе жатып, ондағы балалардың жұмысына риза болған Ислам аға:

- Осы өмірімде байқағаным, тұрмысы жұпыны отбасынан шыққан балалар қайткенде де пысық, ширақ болатынына көз жеткіздім. Олар қарапайым ғана киінеді. Ол екі бастан имандылықтың белгісі. Салмақтылық пен жуастық та солардан шығады. Мұндай қасиеті бар адам-табысты адам болмақ! Баланы шектен тыс, үлде мен бүлдеге орау, келешегіне кесір. Перзентінді оқу жасында киімге малтықтырып, қолына алтын сақина, құлағына бағалы сырға тағу, баланың нәзік түйсігіне кері әсер етеді. Оларды шамадан тыс жақсы киіндіруден басқа да құрметтеудің жолын қарастыра отырып, баланың мінез-құлқын жақсы тәрбиелеуге күш салса ғой. Келешек қалай құлпырар еді!-деп бір көсіліп еді-ау...

- Иә, аға. Бәрі тәрбиеге байланысты екені түсінікті. Баланың санасына сіз айтқандарды құя берсе ғой, шіркін! Ойында бірі болмаса - бірі қалатын болар. Адамдардың жарастығы мол болса, шешілмейтін мәселе жоқ-ау - деп, ойлаймын. Тәрбиеге байланысты, мысалы, кейбіреу үйінде

отырып алып, сырттан біреу келсе, «мені жоқ» - деп, айт деген тәрбиеден не күтеміз?! Шындық айтуға үйретпеген соң, ол жас өспірімнің келешегі қандай болмақ?! «Өтіріктің құйрығы-бір-ақ тұтам» - деген, ол өтірік ертең ашыларына көз жеткізбейтіні қалай? - деймін мен, күйіп-пісіп.

-Тәрбие-бала өміріндегі бірінші кезектегі мәселе ғой. Баланы туғанынан тәрбиелемесең, кешігесің. Олай өтпеу, болашақ үшін күнә.

Әңгімелесіп отырып, көрсеткіштері көңілден шықпай жүрген бір отарға келгенімізде, ферма зоотехнигінің бір сақпаншы баланы қора ішінде ренжітіп, зекігенінің үстінен түспесіміз барма? Ислам аға, баланы шетке шығарып алып кетті. Болған істің мән-жайын біліп, баланы жақсы сөздерімен иландырып, тыныштандырған соң, менің қасымда тұрған зоотехникке келіп:

- Қарағым, көңіліңе ауыр алма. Көмекке келгендердің бәрін айтпай-ақ қояйын. Мұндағы оқушылар, бір-бір үйдің үкілеп отырған үміті, болашағы. Бала болған соң, әрқайсысының мінезі, бітім-болмысы әр түрлі. Еркелеулері де, тотай жалғыз да, шолжаң-қиқарлары да, қой аузынан шөп алмас жуас, момын-момақандары да бар. Кейбірі, қателікті біліп тұрып істесе, кейбірі, іске жете мән бермегендіктен жіберіп алады. Ондайда, «бастық екенмін» - деп, өктем сөйлеп, дерекі сөз айту-кісілікке жатпайды. Қайда болмасын, адамға сабырлылық пен кеңпейілділікті мұрат тұтқан абзал. Иманның абзалы сонда. Менің білетінім, дүниедегі бақытты адам-қастандықтан қашық жүретін, сабыр сақтай білетін адам. Біле білсеңіз, адамды жәбірлеу күнә. Мүмкіндігіңіз болғанша, біреуге зиян тигізбеңіз, өзіңізге біреудің зиян тигізуіне жол бермеңіз. Сонда, сіздің алдыңыз ашық, жарқын болады.

Айналайын, Сіз әлі жассыз. Осы айтқандарым ойыңызда болса, келешегіңіз жаман бола қоймас. Осыған келістік қой-деп, ықыласты раймен бетіне қарап, қолын ұсынды. Зоотехник жігіт болса:

- Ағай, кешіріңіз! Мұндай қателікті жібермеуге тырысамын. Маған арнап айтқан ұлағатты сөздеріңіз, біле-білгенге шегі жоқ ақыл. Айтқандарыңыз, жадымда жатталатынына сөзімді беремін. Рахмет сізге! Сіздейлердің сөзі, бізге тәрбие мектебі екендігін ешкімде жоққа шығармас-деп, қолын берді.

Иә, Ислам ағаның ұлағаты-нағыз тәрбие мектебі екеніне осылай көз жеткізген едім кезінде.

ҚАРЫЗДАНЫП ӨМІР СҮРУ- ТІРШІЛІК ЕМЕС НЕМЕСЕ ИСЛАМ АҒАНЫҢ СЫРЫ

Жоғарыдағы айтып кеткенімдей, отарларды машинамен бірге аралап келе жатып, сондай-ақ, біраз тыныстаған кездерде, әңгіме тізгінін Ислам ағаға беруге тырыстым. Ол кісіден әңгіме тыңдаудың өзі бір ғанибет. Мен тек, дйттеген жерге келіп қалғанда үзілген, алдағы айтылған әңгімеміз, қай тұсқа келіп тоқтағандығын, есіне түсіріп отырумен шектелдім. Ислам ағаның бұл жолғы әңгімесінің өзегі-адалдық, дүние-байлық жайы, және кейбір қарыз алушылар мен аманат жайлы сыр болды. Дәл сол жолы, Ислам аға ағынан жарылғандай көрінді маған. Себебі, әңгімесін балалық шағынан бастап еді.

- Менің балалық балғын шағым, мына қала іргесіндегі Жалпақ төбе (көзіргі Дунгановка) ауылында өтті-деген-ді, сонда Ислам аға.

- Мектепте мұғалім болып істейтін кәріс жігітінің отбасымен көрші болдық. Ол жігіт, математика пәнінің маманы екен. Мені өзіне жақын тартып, қабілетімді байқады ма, әйтеуір сол саланың қыр-сырына қызықтыра білді. Небір шешімін табуға тиіс болатын қиын есептердің жолын үйретіп, өзіме шығартатын. Не керек, содан бастап, математика менің бүкіл санамды шындап жаулады. Ол кезде, ұзап оқуды жағдай көтермейді. Қалада жоғарғы оқу орны жоқ. Тек, мұғалімдер дайындайтын педагогикалық училище ғана бар болатын. Бұл жерде де көршім, кәріс жігітінің ақылын тыңдап, қолымнан жетектегендей боп, ертіп өкелген соң, училищеге құжаттарымды тапсырсам да, оқуды өте жақсы бітіріп шықтым. Көршімнен қосымша дәріс алудан жалықпадым. Осы күнге дейін сол көршім, басқа ұлттың өкілі болса да, маған өзінің бірге туғанындай қамқорлық жасап, жалықпай үйретіп, адамгершіліктің биік үлгісін көрсеткеніне қызығамын. Қандай адал ниетті жан еді десеңші! Жас кездегі көрген, естіген, еш естен шықпайды ма деймін. Сол көршімнің жақсылығы еш ойымнан шықпайды. Енді өзімізде есейіп, ел ағасы болған шақта, сол кісіге еліктеп, мүмкіндігінше, дәл сондай болмасамда, соған жақындау болуға әрекеттенетінім бар. Кейінгі жылдары, Қызылорда облысына қоныс аударған сол ұстазыма, мыңда бір рахметімді жаудыра отырып, өзін еске аламын..

Педучилищені бітіргеннен соң да, өзімше көп іздендім.



Жалпақтөбе. В. Чкалов мектебінің педагогикалық ұжымы.
1950 жыл


Математикаға тиісті, кітап, журналдарды іздеп, тауып, сырына терең үңілетін дәрежеге жеттім. Институтты да тамамдадым. Ол ізденісімнің рәтін көріп жүрген сияқтымын. Мақтанғаным емес, бір жерден «мынандай есептің шешімін таба алмапты»-дегенді есітсем, сол есепті шешкенше тынышым кетіп, дегбірсіз күй кешетінім бар. Бұрынғыларды айтпай-ақ қояйын, былтырғы оқу жылында, жоғарғы кластар үшін жоғарыдан жіберілген, «бітіру экзамені есептерінің шешімін таба алмай отырмыз» - деп, келген біраздардың алғысын алғанымды айтсам, басқасын өзіңіз түсіне берерсіз-деген еді, жылы жымыып.

Шынында да, аудандағы айтулы, білгір математиктердің бірі - деп естуші едік. Сол жолы, әркімнің қолынан келе бермейтін, адам бойына керекті жақсы қасиеттерді ғана жинауды керек ететін, адам миының түкпірінен орын алған, түйсікке ғана бағынып, бас иетін-математика ғылымын бағындырған ауыл мұғалімінің, сырға толы өңгімесін тыңдау, мен үшін үлкен мәртебедей сезілген еді. Неткен дарындылық, сыпайылық, төзімділік, еңбекқорлық, білімділік, дарқандық!

- Ар-ұят, адалдық, адам баласындағы нағыз керекті, басты қасиет болуы тиіс-деп бастаған еді аға, машина ішіндегі бір өңгімесін.

- Ұят жоғалса, бәрі бітті дей бер. Аярлықта, арамдықта, арсыздықта, айлакерлікте, жемқорлықта, ашкөзділікте

ұяттың жоқтығынан андыздап, қаптап кетеді. Ұяла білмейтін адам, қайтіп нәпсісін тия алсын? Арсыз, ұяттан жұрдай, қуаяқ, жәдігөйлерді қолымнан келсе, үлкен әріппен жазылатын АДАМ қатарына тіпті де қоспас едім. Ондайлар, жай адам-зат. Түріне қарасаң, адам. Ісі-надан. Надан да емес-ау, жаны жоқ зат! Ондайлардан кәдеге жарар бәлкім, затта артық болар. Иә, иә тап солай! - деді менің таңғалысты жүзіме барлай қарап, өлгі сөздерін қуаттап. Ары қарай, сөзін былай өрбітті:



Жас отбасылар: сәбилері - Рахима мен Құрман

- Ата-анамыздан алған тәрбиеміз: еріншектікке, жайбарақаттыққа жол бермеу, қиыншылыққа төзу, еңбектен жиренбеу, адал болу, уәдеде тұру, опасыздық пен сатқындықтың аулынан алыс қону. Осы қағидалар өзімнен бастап, отбасымның әр мүшесінің қанына сіңісті болса деген мақсатпен, күнде емес, сағат сайын жұмыс жасап, құлақтарына құя беруден еш жалыққан емеспін. «Малым жанымның садағасы, жаным, арымның садағасы»-деген қазағымыздың қанатты сөзі, еш есімнен шықпайды.

Біреудің ала жібін аттау деген күнәнің ең үлкені. Еңбексіз келген дүние елеусіз. Қолдың кірін жуғандай нәрсе. Қол жуғанға дейін су бар болатын, қолыңды жудың, су жоқ, жерге



Ислам аға Елубаев нақсүйері Сәлимамен туысқандар
ортасында

сіңіп жоқ болды. Ондай дүниенің, қазақтың қара байыр
тілімен айтсам, қауқары қаңбақ құрлы жоқ.

- Еңбекке жаңа араласып жүрсің, ондай жаман әдетті
бойыңа жақындата көрме. Ондай дүниенің сұрауы қатты-

дейтін ілгеріде қариялар. Обалы, зияны, өзіңе болмаса,
болашақ ұрпағыңа тиеді. Байлықты әркім өз қолымен,
еңбегімен жасау керек. Байлық біле білсең, дүние-малдың
көптігі емес, нәпсінің тоқтығы. Бұл қағиданы өзім өте қатал
ұстанамын. Адалдық пен даналық жөніндегі өз идеологияңды
жүзеге асырып, насихаттаудан еш жалығушы болма.
Тәрбиеге, жаны бардың бәрі де, көнеді!-деп, түсін. Жолын
таба білу ләзім. Қайткенде де, «жақсы сөз-жарым ырыс»-
деген, ойда қалмауы мүмкін емес. Осыған кәміл бол «Адам!»-
деген атқа кір келтірер, жаман әдеттер мен әрекеттерді,
ар-ұждан тазалығымен арашалап алуға дағдыландыратын
бол. Ақылы алғыр, жүрегі сәулелі болса, өзі-ақ, ары алып
кетеді. Амал жоқ, ар-ұятты сақтап, бойына адалдық серік
болмағандарды жоғарыда атағанымдай тек, «адам-зат»-
деуден танбасын. Осы айтқандарыма байланысты, менің
өз басымнан өткен бір хикая дейміз бе, жоқ жәй оқиға дейміз
ба, айтып берейін. Ол былай болды:

- Осы Жамбыл қаласына келіп, жұмыстарымды бітірген
соң, Абай көшесінің бойындағы моншаға түстім. Жуынып
шыққанымда, кәдімгідей сіркіреп, жауын жауып тұр екен.
Жаяу жолға түскенім соң, алдымда су-су болған кәдімгі
ақша салып жүретін әмиян қалта (кошелек) жатыр. Жауын
сіркіреп тұрғандықтан ба, жан-жағымда қыбырлаған адам
баласы көрінбейді. Алдым. Ашып санасам, ішінде 45 сом
ақша бар екен. Не істеу керек? Егесін қайдан табамын?
Ішкі түйсігім: Кетпе, күт дегендей. Күту деген қиын емес,
сіркіреген жауыннан қалай қорғанамын? Не болса да, ақша
жоғалтқанын білген азамат, жүрген жолын бір шолып өтер
деген ойдамын. Моншадан жаңа шыққанымға қарамай,
жауыннан тоңазысам да, үлкен қара ағаштың астында күттім.
Ақшалы әмиян қалтаны, жерден көтеріп алғанымды ешкім
де көрген жоқ қой-деп, алып кетуге арым жіберер емес. Ей,
неге «бюро находкаға» өткізбеймін деймін дағы, онда егесіне
тимей обал болатындай сезінемін. Не керек, көкірегімдегі
бір сенім (интуиция) жеңіп, малмандай су болсамда, сол
жерде, екі сағаттай тапжылмадым. Бір кезде, бір адам жоқ
қарағандай, жерден көзін алмастан маған қарай жақындады.
Неде болса күткенім осы болар-деп, одан көзімді алмай, жіті
қадағалаудамын. Жақын келген соң көрдім, өзімнен төрт-бес
жастай ересектеу, орыс жігіті екен. Орысшалап:

- Е, дос не жоғалттыңыз?-деген менің сұрағыма:



Көзіргі үлкен шаңырақ иесі - Нұрланмен

- Шайтан алғыр, асығыстықтан, бүгін ғана кассадан алған айлығымды әмияныммен түсіріп алыппын. «Үмітсіз тек сайтан» - деген қағиданы ұстап: - Әлде қалай? Жауын жауып тұрғанда ешкім де жүре қоймайтын шығар. Табармын - деген

мысық дәмемен, көзді жерден алмай келе жатырмын-деп, ағынан жарылды.

- Әмияныңызда қанша ақшаның барын айтпас па екенсіз? - деген сұрағыма:

Көз жанары жалын ата, сүмірейген алғашқы қалпынан лезде арылып:

- Ой, жарқыным-ау, сен тауып алдың ба? Тура, 45 сом! Купюрасымен айт десең де, айта аламын. Дегбірімді алмай, айтшы! - деді жалынғандай болып.

- Әмияныңыздың түрі қандай еді - деген сұрағыма, жұлып алғандай:

- Сенбей тұрсың ба?, Қоңыр-деді.

- Неге сенбейің, сендім. Адал еңбегіңіз екен! Мінекейіңіз! Өзіңізге бұйырды. Әмияныңызды тауып алғаныма, екі сағаттай уақыт болды. Жауын болса мынау! Осы уақытқа дейін қайда жүрсіз? Іздемей? - демеймін ба?

- Неткен адал ақжүрекжан едің! Ақшамды жоғалтқанымды, үйге барған соң, бір ақ білмедім бе, мен сабаз?! Жоғалтқанымның өзіндей ар-ұжданы таза, адал жанға кезіккенін қарамайсың ба? Құдай бар екен! Шын айтамын, жаңа айтпадым ба? Таза, бүгін ғана алған айлығым ғой! Қой, бұл не тұрыс! Өзің де көп күтіп, жауын астында жаурап қалыпсың. Атап өтіп, сүйіншіңді берейін - деп, асханаға жүруімді өтінді. Мен еш жаққа да баруға зауқымның жоғын, ешқандай да сүйіншінің керек еместігін айтып:

- Маған керегі, ақшаның егесін табу еді. Таптым. Адал ақшаңыз өзіңізге бұйырсын! Рахмет! Менің басқа баратын жерлерім бар еді, кешіктім-деп, қоштасқандай нышан білдіріп жүре бергенімде:

- Оу, інішегім мен сені түсінбей тұрмын! Өкпеледің ба? Асханаға бармасаң барма. Онда, мына ақшаның жартысын берейін. Сенен басқаға кезіккенде бәрі бір, мұның жұрнағы да қолыма тимес еді ғой! - деп, - өзінің қанына сіңген европалық психологиямен жатып жабысқаны. Лажым құрып, үстімнің малмандай суына қарамастан, қолқалап қоймаған соң, жалпы жағдайды былайша түсіндірген болдым:

- Біздің тәрбиемізде, әрі шариғатта: Кімде-кім нәпсіге ілесіп, қандай бір затты, дап бүгінгі жағдайдағыдай ақшаны, еңбексіз, немесе қиянат жасап алса, қиямет күні ондайға тозақ бұйырмақ. Менің тозаққа барғым жоқ-деп, күлдім.

- Сіз түсініңіз, өмірде дүниеге құмар болу-байлыққа қуану. Ондайданаулақ болуымыз керек. Тәрбиеміз солай. Тәрбиеден

ауытқуға жол жоқ. Адам адал еңбегімен сыбағасын алса, береке табады. Берекенің арты-байлық. Нағыз мызғымас байлық. Біздер, қандай істің де жауабы боларын ойымызда ұстауға дағдыланғанбыз. Кісі ақысын жемеуге, озбырлық жасамауға, обал мен сауапты, ақ пен қараны сезініп, айыра біліп, адамдар бір-біріне мейірімді болуға тәрбиеленгенміз. Ұрпақтарымызды да, солай тәрбиелейміз - дедім сенімді түрде.

- Осы өмірімде, сендей адамды бірінші рет кездестіріп отырмын. Біреуге айтсам сенбейтін де шығар. Мені, «фантазер!» - деп. Сені өзім көріп, сөзіңді естімеген болсам, менде сенбес едім! Ғажап қасиет - деді басын шайқап.

- Ренжіп едім, енді көзімді жеткіздің. Өсіріп, тәрбиелеп отырған бала-шаға қызығын, олардың игілігін көруге жазсын! Бойыңа сіңірген ұстанымыңның жемісін көр! Ризамын, достарыма айтып жүретін болдым. Аты-жөніңді, тұрағыңды беруге қарсылық білдірмессің? - деген соң, керегін жазып беріп, қол алысып, қимас досымдай қоштасқан еді.

Міне, менің өз басымнан өткен осы хикаяны балаларыма айтып беріп, «осыдан не түсініп, не түйдіңіздер?» - деп, сұраймын ғой баяғы. Ондағы мақсатым, менің өз басымнан кешкен уақиғаны, олар қалай бағаларын білу. Түсініктері, өңгімені қабылдау дәрежесіне қарай, қандай тұжырым жасайтындарын сараптау. Өзімше жасаған эксприментімнің қорытындысына қатағаттанғандаймын. Ерінбестен, оларды жекелеп отырғызып қойып, берген жауаптарына қарап, өзіме-өзім риза болғандығымды ешқашан да жасыра алмаймын. Олардың маған



Ислам аға сүйікті қызы
Рахимамен

берген жауаптарының, түсініктерінің ұзын-ырғағы, жалпы тұжырымдап айтар болсақ, мынаған саяды:

- Қашанда, еңбекпен тапқан-нан тәтті! Біреудің ала жібін аттап өтпе! Адалдықты аттап өтіп, ар-ұятты ойламай, ыпыласты істерде, дегеніне жететін адам, нысапсыз, обыр, жәдігөй, ашкөз адам!

«Ашкөз» - деген сөзді естігенде, ағаға сұрақты бүйірден қойып:

- Аға, ашкөз, ашкөзділер-деп неге айтады? - дегенімде:

- Жалпақ тілмен айтсақ, ашкөз, ашкөзді дегендер-дүниеге өзі де, көзі де тоймайтындар. Ондайлар, көлденең қамыс жатса да, дүние көреді. Ойына түсіп, көзіне көрінгенді, басын қасып тұрып, артынша үйіне тасып алады. Құдды, шаңсорғыш! Шаңсорғыш, еденде жатқан инені, жіпті, түсіп қалған түймені, жалпы көлденең жатқан қыл-қыбырды үйдегі, сора бермей ме? Ашкөзділер, суреттеп айтсам солай. Көзіңізге елестеткен боларсыз-деп, бір тыныстады да, сөзін ары қарай жалғады.

- Олардың бар ойлары: қымқыра беру, байбалам салу. Ала беру, кінәсіз боп қала беру. Ашкөзділер, ар-ұятты білмейді, арсыздықтың шыңына жеткен, барды жоқ етеді, еңбекті сор етеді. Ісінен сөздері көп, көзбояушылықпен, жоқты бар дейді, төбені сай немесе жар дейді. Керек-деп тапса, тап-тақыр жатқан жерді де, жазық емес, «толарсақтан келер қар» - дейді. Шімірікпестен, көлгірсіп көсемсиді, өзінен биіктің алдында ғана бәсеңсиді-деп, тоқтады.

- О, аға ақындық шабытпен, кандидаттық диссертация қорғағандай жіліктедіңіз ғой - дегенімде:

- Шындық сөздің өзі, солай болғандықтан өлеңге ұқсап кеткен болар - деді дағы, сәл жымиып қойып:

- Между прочим, - деді, аға орысшалап. Біраз ойға шомғандай болды да, сөзін былай жалғады:

- Өзіміздің бабамыз, Әл-Фараби, Әбу Наср әл-Фарабиді айтам, - Аристотельден кейін дүние жүзіндегі білім мен мәдениеттің екінші ұстазы атанған данышпан, ойшыл, энциклопедист-философ ғалым. Математик ретінде өзара тығыз байланысты үш салада еңбек еткен. Олар: математиканың методикалық мәселелері, математикадағы жаратылыс тану және математиканы жеті тарауға бөлуі. Бұл кісіде де, ақындық болған. Ал орыс математигі Софья Ковалевская-жазушы, публицист болса, Николай Лобачевский қаншама еңбектің авторы. Көзір бізде, сіз қатарлас,

Асқар Жұмаділдаев деген жас математиктің еңбектерін газет-журналдардан оқып жүрмін Болашағы зор. Құдақаласа, ол жігіт, ірі математиктер қатарынан орын алатын болар. Оның да, өлеңнің аулына ептеп, қонатынын байқаймын. Демек, математиктерден, ақындық талант алыс кетпейді. Тек, шындап шұғылданып, шыңдау керек. Менің жоғарыда айтқандарым, өлеңге ұқсап кетсе, таңданбаңыз-деп, бір сырдың сәл шетін ғана шығарған еді.

Екеуара әңгімедегі, Ислам ағаның, көзгі белгілі ғалым, математика ғылымының докторы, академик Асқар Жұмаділдаев жөнінде сол кездегі болжамының тұппа-тура келгеніне, таң қалмасқа болмас! Адамды көріп-білмей, жазған-сызғандары арқылы тану да, табиғаттың адамға силаған сыйы болар. Кездесе бермес, дарындылық, қабілет болар. Оған да үлкен талантты қосу керек шығар. Оның бәрі де, Ислам ағаның бойында болған-деп, үлкен сеніммен айта аламыз. Оған, ағаның өсиеті-өзіндік өмір мектебі куә!

- Рахмет аға! Ризалығымнан болар, сөзіңізді кандидаттық диссертацияға теңеп жатқаным. Мына сапарымыз, бір есте қаларлықтай болды-деп, қуанып отырмын. Сізден тағлым аларлық, үлкендердің көбінің аузынан шыға бермейтін, тәрбиелік мәні зор, ұлағатты сөздер есіткеніме төбем көкке жеткендей әсердемін. Енді, бір-ақ сұрақ сұрасам-деп, отырмын.

- Сұраңыз, тыңдаушым түйсікті болса, түкірігім көпкенге дейін сөйлеуге бармын. Естір құлаққа жеткізбей, ондай өсиет, ұлағат, тәрбиелі сөздердің сыртқа шықпай, менің бойымда



Академик
А. Жұмаділдаев

тұншыққанынан ешкімге де пайда келмейді Құлағым сізде-деп маған қарады. Менің сұрамағым:

- Осы, «қарыз күліп келіп, күңіреніп шығады» - дейтін сөз қалай? - болды.

- Қарыз алғанда, алушы, аузына сиған уәдесін беріп, қарыз алады. Алған қарызын шын әжетіне жаратса, әрине қуанады. Мұқтаж адамға қарыз берудің сауабы, садақа бергеннен де жоғары болады екен. Қарыз алушы, қарыз алғаннан кейін, оны қалайда өтеу ниетінде жүріп, тапқанын жинап, әрекеттенсе, ондайдың жолы болып, ісі оңына басатынына көміл сену керек. Ал қарыз алушы, қарыз алған кездің өзінде, дұрыс ниетте болмай, жеп кетуді ойлаған болса, ондайдың ісінің берекесі болмай, қожырап, құри беретініне сене бер. «Уәде құдайдың үйі»-деп, бекер айтпаған. Уәде еткен соң, уәдеге опа етіп, оны орындау керек. Осыған байланысты, сіздің сұрағыңызға жауапты былай берсем. Жоғарыдағы көрсеткен екі топ та, қарыз алғанда қуанатыны анық. Яғни, екі жағдайда да қарыз күліп келеді. Ал, дұрыс ниетте емес қарызданушы, қарыз алғанның өзінде жеп кетуді ойлағандықтан, ісінің берекесі кеткен соң, күңіренбегенде не болады? Аманатқа ешқашан қиянат жасауға болмайды. Қарыз-кісі аманаты. Одан уақтысында құтылуға әрекеттен. Мен мысалы, қыста соғым айында соғым алғанда болмаса, қарызға кірмеуге тырысамын. Қалай айлық алсам, сол күні қарызымнан құтыламын. Себебі, мен соғым етін алғанда уәдені солай бергенмін. Уәдеге опа ету, менің міндетім, маған парыз. Ал жалпы ұжымдық шаруашылыққа байланысты, өзіңіз білесіз, колхоздар есепсіздіктен қарызға белшелерінен батты. Ол колхоздарды қарызға батырған басқарма бастықтарының ісі неге өрге домаламады? Себебі, ол бастықтардың көкейінде, өкімет өлтірмейді, қарыздарымызды кешірім жасайды - деген, ой көкейлерінен кеткен емес. Өкімет, кешіруін кешірді. Кешіргені сол, сондай қарызы бастарынан асқан колхоздарды совхозға айналдырып, істеуші колхозшыларды қиыншылықтан құтқарып алды. Ал, сан ауысып, колхозға құт әкелмеген бастықтар не болды? Істері кері кетті. Бұл жоғары айтқанымызға бұлтартпас дәлел. Бұдан шығатын қорытынды, қарызданып өмір сүру-тіршілік емес. Адам дүниеге өмір сүру үшін келеді. Яғни, өміріміз, бір күндік емес. Болашағымызға көз жібере отырып, жұмыс жасағанымыз жөн.

Шіркін, көңіл тазалығына не жетсін!

ІЖДАҒАТТЫЛЫҚ - ІСТЕ КЕРЕГІ



А. Қонырбаев

Мектебіміздегі, Ислам ағайдың атындағы жабдықталған кабинетке кіргенімде, ағайдың рухының алдында тағзым еткендей күй кешемін. Адал ниетті, ақ жүрек жан еді ғой. Ойыма үлкен тәрбиелік мәні бар, ұлағатты сөздері, магнитофон таспасына жазылғандай, санамда сайрай жөнеледі-деп, бастады сөзің, Ислам ағайдың шәкірті-ағаның саналы ғұмырын өткізген, Жамбыл ауданындағы кәзіргі Сартбаев атындағы «Пионер» орта мектебінің директоры Амангелді Қоңырбаев.

- Ол кісі-адалдықтың үлгісі.

Нағыз тәрбие берер мектеп еді

ғой. Ол кісіде «ұсақ-түйек» - деген болмайтын. «Адам қолымен жасап, адам атқаратын, адамға қажеттің бәрі маңызды» дей келе, жұмыс бабында, кейбір істерді, «е, ол ұсақ-түйек қой» - деп, көңіл қоймаған кездер кездескенде, «Әрбір іске іждағаттықпен қарап үйрену керек» - деп, Ислам ағай тиып тастап отыратын. Үлкенге де, кішіге де, ілтипатты, «Сіз» - деп сөйлеу, қанына сіңген «Мен оқу ісінің меңгерушісі екенмін» - деп, тәкаппарлық таныту, маңызсыну, маңғаздық көрсету, ол кісі үшін мүлде жат болатын.

Отыратын бөлмесінде барлық зат ретімен, өз орнында тұратын. Жөнімен қойылатын. Нақ бір, еңбекті ғылыми түрде ұйымдастыру теориясында айтылғандай, жоғары іждағаттылық сезіліп тұратын.

Мұғалімдердің календарлық жоспарларын, сынып журналын жиі тексеріп, бәріне де, мән бере қарайтын. Оқушыларға қойылған бағаларға көңіл аударып, төмен баға алғандардың себебін анықтаудан бір жалықпайтын.

Үй ісінің шаруасына да уақыт табатын. Малды өзі жайғасып, шөп шашу, жем беру, суару жұмыстарын қанша, қай мезгілде беретіндігін балаларына түсіндіріп, олардың орындауларын қадағалайтын-деп, жан сырын ақтарады Амангелді ініміз,



У. Үкібаев

Ислам аға жайында.

Әріптесі болған, физика пәнінің мұғалімі, кәзіргі зейнеткер інісі - Уәзи Үкібаев былай сыр шертеді:

- Ислам ағай, кез-келген іске, өте дәлдіктің шегіне жеткен ұқыптылықпен қарайтын жан еді. Қызметтік жұмыстан қолы қалт еткенде, ойында жүрген ой толғаныстарын, мамематикалық теңдеулерді, түрлі қиын есептерді қағазға түсіріп отыратын кездерін байқайтынмын. Бірақ, ешқандай еңбегінің баспасөзде жарияланғанын көрген емеспін. Мүмкін, үйдегі отбасылық архивінде іске асатындары болса,

зерттеп, оқушы қауымға жеткізсе, сауабы болар еді-ау-деп, ойлаймын.

- Қарт математик, Қырғызбай Қаңтарбаевтың «Білім және еңбек» журналында жарияланған «Жоғары дәрежелі түбір табудың ұтымды (рационалды) жолдары туралы» жаңалығын құптап, менімен ой бөліскені де есімде. Математика мен физиканың қыр-сырларын мейлінше жетік білуші еді. Ойымдағы кейбір түсінбеген күдіктерімді ол кісіден сұрап білуге еш арланған емеспін. Сұрағыңа, бар ынтасын сала түсіндіре отырып, жауап беретін. Математикаға байланысты ойларыңызды неге жария етпейсіз? - деген сұрағыма:

- Уәзи-ау, менен де өткен математиктер бар ғой. Сол ғұламалардың алдында мақтанғандай боп, ілімділердің назарын өзіме аударуға тыраштану, күнәһарлық болады. Мен ғылым кандидаты болсам бір сәрі. Жай қатардағы, математика және физика пәнінің мұғалімімін-деп өзінің қарапайым қалпын сақтауға тырысушы еді.

-Мен,Исламағайдыңшаруагерлігі,




**Т. Садуақас келіні
немесімен**

жермен жұмыс істеуге құлшынысы жайында айтқым келіп тұр. Біз бір көшеде, жақын тұрамыз-дейді зейнеттегі, бұрынғы бастауыш сыныптарының мұғалімі Тазакүл Садуақаскеліні.

- Қолы бос кезінде, ағайдың сыртта жүріп, немен шұғылданатыны маған белгілі. Әсіресе, көктемде ағай бір тыным таппайтын. Үй жанындағы жердің тұтқыштайы да бос болмайтын. Миуалы жеміс ағаштарын, жүзім отырғызу ол кісінің машықты ісі болатын. Жемісі көңіліне жақпаса, ауыстыра салу, ол кісіге түк жұмыс саналмайтындай еді. Ағай өз сөзінде:

- Миуалы жеміс ағашын отырғызу сауап. Оның жемісін ең ақыры-құстар жейтін болса да ол сауапқа жатады. Сондықтан да, жеміс егуге аңсарым ауады да тұрады - деген-ді.



Ислам аға бақта

- Диқаншылық-берекелі іс. Жер-Анаға ексең, күтсең берекеге кенелтеді. Бізді асыраушы, Жер-Ана! Оны құрметтеп күте білу, адамзатқа жүктелген парыз-деп түсінемін. Жермен жұмыс істеуге құлшынып тұратыным сондықтан-дегендей сырды, жайып салған еді кезінде, қадірлі ағамыз-дейді Садуақаскеліні менімен әңгімесінде.

- Естен кетпес, 1969 жылдың, қалың қарлы қысы болатын-деп, бастады әңгімесін, Ислам ағамен көрші тұратын ағайын иісі, бұрынғы механизатор, көзіргі зейнеткер - Төле Такеев.

Бір жөткерініп алды да:

- Бeluардан жауған қар, наурыздың басына дейін кетпей, сіресіп, жатып алды. Біраз адамдардың жиған шөбі таусылып, «әлде қалайға керек болар» - деп, оқшаулаған жүгері паясы, сабаны, қамыс құрағы, тал шыбықтары да бітуге таялған кез. Ислам ағамен шарбақтас, жетпістен асқан, Қоқысбай атаның да, шөп қарамының көрінбегеніне біраз күн болған. Жақын тұрған соң, көзден таса етуге, дәтің шыдамайды. Мал жайғап жүріп, ағамен



Төле Такеев

тілдесеміз. Түс мезгілі болатын Жөн сұрасып тұрып, сөз арасында, Атаның да шөбінің таусылғанын әңгіме еттік. «Кімді айтсаң, сол келеді» - дегендей, үй жағынан шапанын жамылып, Қоқысбай ата бізге қарай аяңдады. Сәлем алысқаннан кейінгі әңгімеміз, мал жайы, шөп жайы болды.

- Қиындыққа төзе білу де ерлік! Бүгінгі қиындық, тек бір адамның басына емес, жалпымызға түскен қиындық! Мұны, жұт - дейді. Жұт-өзі, жеті ағайынды болады екен-дейтін ілгеріде қариялар. Ол жетеуі: қарлы үскірік аяз, яки, суық, апатты жер сілкініс, тосыннан келер-тасқын-сел, өрт, індет-сырқат-ауру, жер күйдіріп аптап-ыстық салдарынан көлер-қуаңшылық және түйені түгімен, көлік біткенді жүгімен жұтар-жемқорлық, яғни, құлқын болып келеді екен. Бұлардың ішінде, өрт пен құлқын адамдардың көпшілігінде, өздеріне байланысты болса, қалғандары бір Алланың ғана қолында! Алланың бұл қаһарына төзбеске болмайды. Бұл адамдар үшін сын! Жағдай ауыр, ауыр да болса, көтеріп, шыдап жатқан жай бар. Күзде, «шарбақты түзерміз»-деп, біраз шеңгел шаптырған едім. Тал шыбықтарын да бөлек жидырғанмын. Әжетке солар жарап жатыр. Балаларға, балтамен туратқан соң, малға талғажаулыққа, аздан беріп отырмыз. Шөп біткен. Бұйырған болса, мал қалар, бұйырмаса, не амал?! Шөп жинауда, бұрынғы жанға жайлы болып қана өтіп кететін қыстарға сеніп, сәл есепсіздік жасағанымыздың жазасы

болар. Қамсыздарды қапы қалдырар, амалсыздан «ала қоржын» салдырар, жұт-деген осы. Арты қайырлы болсын! Бәрінен де, жан аман болсын! Жан амандығы болса, мал орнына келуі, қиын емес. Алла, өзі жеткереді. Ел амандығын тілейік, аман болыңдар! Сәндердің төбелеріңді көрген соң, жағдайларыңды білуге бұрылғаным ғой. Шөптерің жетіп қалар. Шүкірлік етерлік, бар екен. Бұларың дұрыс! Ал мен кеттім-деп, ата үйіне қарай аяңдасымен, Ислам аға маған қарап:

- Төле! - деді. - Мына қыс, әлі он-он бес күнсіз райын бермейтінін біліп қойыңыз. Көріп отырып, мына қарияның малының қырылып қалуына немқұрайдылық танытсақ, бізге сын болмай ма? Айналырған, он тұяққа, онша көп шөпте кете қоймас, бөліскеніміз жөн болар! Қалай қарайсыз? Сіз өзіңіз шешерсіз. Мен мына қалған шөпті, ертеңнен қалдырмай, тең бөліп беремін-деп кесімін айтты.



Т. Такеев зайыбы Тоқтақұлмен

- Ертеңіне, сөзінде тұрып, қалған шөбін тең бөліп, шанаға салып, түгел жеткізіп берді. Есігінің алдына шанамен әкелген шөпті көріп, қария ризашылдығын, көзінің жасын мөлдірете тұрып, қолын жайып бата бергенін, шөп апарған баласы айтып келіпті. Менде қарап

қалмай, өзіңіздің әпкеңіз, Төлебике апамның рұқсатымен, қолымда қалған жүгері паясымен жәрдемдескен едім.

Ислам аға, айтары жоқ, кішіпейіл, сыпайы, еңбекқор, іждағатты, ұқыпты өте қайырымды жан еді-деп, еске алады көзір, Төле қария.

Міне, көз көргендердің лебізі. Иә, бұдан Ислам ағаның тағы да біраз қырлары айқындалғандай. Әр адамға үлгі сол туралыққа тізе бүгі! - деп, ақын сөзіндегідей, қандай бір істе де, ол кісінің ұқыптылығы мен іждағаттылығы, аса

зор, жүрек жылуын таратар қайырымдылығы алдында тізе бүгесің. Бұл қасиеттерін, ұрпаққа мақтаныш, желбірете ту өтіп, насихаттау керек сияқты болады да тұрады. Сөз жоқ, елдің құрметіне бөленген бала мінезді, жұмсақ жүректі кішіпейілділігі мен сыпайылығы, білімділігі мен шаруагерлігі, мұқтаждыларға елжіреп, қайырымдылығы тең түскен асыл ағаны ұрпаққа үлгі етуге тұрарлық.

ІЗЕТ-ҚҰРМЕТ ӨЗІ ІЗДЕП КЕЛЕДІ



Бала Құрман мен Ислам аға

Бүкіл дүйім жұрттың жүрегіне жол тапқан Ислам ағаның тәрбие мектебін, еңкейген көріден, есі кірген балаға дейін білетін де шығар. Қанша буын ұрпақ, шәкірт даярлады. Ол кісі оқытқан, кейбір жаңа ұрпақтың көбінің әке-шешелері де, ол кісінің шәкірті болған. Тәрбиесін

алған. Сондықтан да, бүкіл ауылға «Ислам ағай» дейтіндей дәрежеде қызмет атқарған. Қайсы бір шәкіртімен кездеспейсіз, аузының суы құрып, «Шіркін ұстаз-Ислам ағайдай болса»-дейді. Ол, Ислам ағаға деген ізет, Ислам ағаға деген құрмет! Қашанда, ізет-құрмет-әр адамның биік тұтар мұраты. Ол мұратқа Ислам аға, Елубаев жеткен адам!

«Абзал адам азбайды арын сүйген»-дегендей, асылдың атын ардақтау қашанда, артында қалғандарға аманат. Соны ескеріп, көпшіліктің сұрауы бойынша, «Пионер» аулындағы орталық - Ленин атындағы көшеге бүгінде, «Ислам ағай» аты берілген. Ұрпақтар есінде, Ислам аға Елубаев, «Ислам ағай» көшесі деген атау арқылы қалып отыр. Орта мектепте жоғарыда атап өткеніміздей, педагогиканың жоғары талаптарына жауап берерлік, үлкен математика кабинеті жарақтандырылып, ол кісінің есімі берілген.

«Ұстаздың ісі үлгі» деген осы да. Ислам ағаның өткен жолы, ұлағаты, бүкіл адамзат қауымына үлгі деп сеніммен айта аламыз. Бұлжымайтын заңдай жүзеге асыратын, тәрбие мектебі болып табылады. Ол кісінің аузынан түспейтін, жоғарыда баяндалған тәрбие қағидаларын, әркім мүмкіндігінше, сіңіре білсе ғой шіркін! Ізгілік пен ізеттілік жолын таңдаған әрбір отбасы мүшесін ертелі-кеш, ізет пен құрмет өзі іздеп табары кәміл! Оған, Ислам ағаның қалдырған ізі кәе!



Ислам аға зайыбы Сәлима,
келіні Гүлвира және немерелері

Өзіңізден тараған ұрпақтарыңыз да, әр кезде де, ізет пен құрметке ие бола берсе екен деп тілейік!

2007 жылдың наурызы.

ҒИБРАТЫ МОЛ ҒҰМЫР



Сәтбай аға Әбдіқұлов

ТУЫСТЫҚ БАЙЛАНЫС

Сәкең (Сәтбай Әбдіқұлов) маған жиен, мен нағашы. Сәкеңнің анасы Кебетай - менің әпкем. Әкемнің әкесі Керімбаймен, Кебетай әпкемнің әкесі - Шалабай, Мәмбет бабамыздың балалары.



Кебетай Шалабайқызы



Тілеген Керімбайұлы

Сәкеңнің түп нағашысы менің әкем болғандықтан, мен де ол кісіге нағашымын. Жасым көп кіші болса да, жолым үлкен. Ол кісі мені әрдайым «тайекем» деуден танған емес.

Сәкең бізбен, қойы қоралас, жандары аралас, Шайдана деген ауылдан. Ықылымнан аралас-құралас болғандықтан да бабаларымыз қыз берісіп, қыз алысып, құда-жекжат болып, біздің де нағашы-жиенді болып жатқанымыз.

Шынын айтсам, өмірдің қиыншылдығы ма, жоқ менің жастығым ба, жиенім Сәкеңмен ат жалын тартуға жараған, етене жұмысқа араласқан, өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының бас жағына дейін, араласуымның мүмкіншілігі болған емес. Ол кісінің Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталған соң, оқу іздеп бізден жырақта жүріп, кейін қызметтерді басқа аудандарда істеуі әсер еткен болар деймін. Бірақ, сүт пісірім, ары кеткенде бие сауым жердегі жездеміз Әбдіқұл тұрған Шайдана ауылына, оқушылардың жазғы демалысында апталап қыдырып баруды айтпағанда, қалаға қарай жол үсті болғандықтанба, ары-бері өткенде, ата-анамызбен соқпай

кетпейтін күндер болмағанда шығар. Ол кездерде Сәкең әрине, ата-анасынан бөлек, өмірдің ащы-тұшысын өзінше тартуға жарап, қызметке де араласып, елден жырақтап қалған кезі ғой...

АЛҒАШҚЫ КЕЗДЕСУ

Барлық жастық жалынын жұмысқа арнап, мамандығы бойынша газеттерде түйінді проблемалық мәселелер көтеріп, өздері қол жеткізген табыстары жайында мақалалар жариялап тұрды.

Шынымды айтсам, бала кездегілер ойымда жоқ, өзімнің жиенім Сәкеңмен мен, осы газетке жарияланған жазылымдар арқылы таныстым. Кездесуге ынтықтым. Оның сәті-өзім үйленген 1966 жылдың маусымында ғана түсті. Жүрек жарылардай болып қуанғаным әлі есімде. Әпкеме тартқан, кең жауырынды зор тұлғасы, мейірім төккен қос жанары күлімдей, жүрегінің мол шапағатымен мейірлене, маңдайымнан сүйіп, арқамнан қаққаны, Бабамның алақанындай әсер етті. Баба алақаны дегеннен шығады, біздің әкей, «Құданың құдыреті, осы Сәтбайжиенім, Мәмбет бабамыздың ауызынан түскендей. Қан (гена) тартпай қоймайды екен»-дегені құлағымда бар. Сондықтанда, осы кездесуден төбем көкке жеткендей әсерде қалдым.

Той күнгі қарбаласқа қарамай, тәжірибелі Ұлы ұстаздан дәріс алғандай болып, өмір, іс-қимыл, әрекет, жар-жайы, жалпы адамдармен қатынас жайлы зор мағлұмат алдым.

Сәкең менің жұмыс жағдайыма қаныға келіп, ой тұжырымдарымды газет-журнал арқылы жариялап тұруыма кеңес берді. Өзінің де өмірінде газет-журналдармен тығыз байланыста екенін, баспасөздің ой өрісінің кеңейуіне әсер етерін тілге тиек етті. Мендағы, ол кісіні баспасөз арқылы оқып, танып, ой тұжырымдап жүргенімді білдіріп, баспасөзден қол үзбей оқып, жазып тұруға уәде бердім. Ол уәдемді орындадым ғой деп ойлаймын. Республикалық «Социалистік Қазақстан» газеті, «Народное хозяйство Казахстана» журналына, облыстық «Еңбек туы» кәзіргі «Ақ жол», «Знамя труда», аудандық газеттерге үзбей экономикалық мәселелер, партия тұрмысы жайындағы ойымды, істеген, істелетін істерді жазып тұруыма Сәкеңнің берген ақылы әсер етіп, зор ықпал етті деп айта аламын.

Сәкеңді жанымдай жақсы көріп, оған еліктемесем, менің қаламымнан газеттерде жариялағанымдай ойлар тумаста еді. Ол үшін Сәкеңе мың да бір рахметімді айта отырып, қазірде ойға аламын.

ТҰҢҒЫШЫНЫҢ ТОЙЫНДА

Менің үйлену тойымдағы кездесу, ес біліп етек жигандағы кездесуіміздің басы болып, кейін өскен ұл-қыздарымыздың жақсылығында бас қосуымыз жиіледі.

Ойымда анық қалғаны, Сәкеңнің әкесі Әбдіқұл жезденің қолында тәрбиеленген тұңғышы-Нұрланның үйлену тойында той құттықтауым, әрі тойбастар есебінде әндетіп айтуға лайықтап, өлең сөздерін жазған екенмін. Болашақ кәдесіне жарап қалса әжеп емес деген ниетпен оны осындада келтіре кетуді жөн санадым. Ол өлең мынау еді:

Кешірер мені жалайыр
Кешірер мені сары үйсін!
Тойды бүгін бастайын
Болғандықтан мен де үйсін.

Тілейік қауым келінге,
Сәт сапарын өмірдің.
Қолы ұзарып жеңешем,
Кер маралдай керілгің!

Ақ көңіл көл-пал жеңгежан,
Келінге болғын енді бас.
Құсың кеп қонды қолыңа,
Бақытты болсын екі жас!

Ер Сәкем саған келейің,
Мақтамай сені не дейін?!
Дос үшін жанын аямас,
Аңқылдақ жомарт - кедейім!
Шүкірлік айтқын тәңірге,
Еңбегіңмен жетілдің.
Жұрт куә, жомарт жампозым,
Тәртіпті ұл-қыз өсірдің.

Қанатын кеңге сермеген,
Қырандай енді желпінгін!
Өрісің кеңіп өмірде,
Орындалғаны осы сертіңнің.

Қыз берісіп, қыз алу,
Өмірдің берген қызығы.
Көп ұзамай шырылдап,
Өмірге келсін бұзығы.

Шілдеhana той болсын!
Бас қосары халықтың.
Қыдыр Ата қолдасың,
Болсыншы әмсе жарық күн!

Келінің саған құт болсын!
Ашық - жарқын қабағы.
Ғалиядай ененің,
Өмірден мол сабағы.

Шат болсын, әр кез жанұя,
Татулық орнап ошақта.
Тілектес осы жамағат,
Орнаған жаңа ошаққа!

Сәкең, нағашы мен жиен арасындағы болатын зілсіз қалжыңнан да құралақан еместің. Қалжыны астарлы, ойланғанға сабақ боларлық өсиеті де жетіп жатар еді.

Тойға құттықтауымды аяқтағанда, Сәкеңнің анасы—Кебетай әпкем келіп құшақтап, ризашылығын білдіріп жатса, Сәкең: «өлеңмен өрілген тойбастарың бір қаралық болды. Рахмет! Тойбастарың үшін, жездеңіз жылқышы болған, бізде жылқы тұқымы баршылық, Сізге бір қылқұйрық»-деп, маған жақындады.

- «Әр тойдан бір қылқұйрықтан (жылқыны айтқаны) ала берсең, тіпті Бадан нағашыдан да асқан, шіріген бай болатын түрің бар ғой» - деп әзілдеді. Сәкеңнің «Бадан нағашы» - деп, тұрғаны менің Мойынқұмның ен жайлауын жалғыз жайлаған, малды бай туысқаным болатын. Сол кісідей бай болмаса да, байға жақындау болсын дегені да.

- Ой Сәке, нағашысы жиенінен не аяйды? Нәсіп болса, кейіннен құралар байлығымда жетер, жиеншарымның тойына

әкелген қылқұйрығыма, тойбастардан мінген қылқұйрығымды үлкен-кішісіне қарамастан қосақтап силадым. Мен бердім, сіз алыңыз, - дедім.

- Ниетіңе жет! Бізге деген ақ жүрек пейіліңнен айналдым, нағашымнан аумаған болмыс-бітім, кейібіңнен айналдым-деп, тақпақтай жөнеліп, аса бір мейірбандылықпен маңлайымнан сүйді. Артынша ақ, «менің тойбастарға шаша берер жылқым көпте емес, атауын атасам да, ақылы бар еді ғой, нағашым міне шаппайтын шығар - деп, айтқаным еді. Рахмет! Нағашым екі жылқы тойға әкелді деп есепке алатын болдым» - деп, бір рахаттана күлді.

Мен Сәке-ау, «алмақтың да салмағы бар» - деген,

Істі ақылға салуды,
Сізден үйренгем.
Өлең өруді - ақындықты,
Дала - түзден үйренгем - дедім.

- Ақылды менен үйренгеніңді айтып, мені пір тұтып, силағаныңа ризамын. Ал өлеңді түзден үйрендім дегенді қалай түсінуге болады? - деп, маған қарсы сұрақ қойды.

- Мен, өзіңізге белгілі, оқу бітірген алғашқы жылдары совхозда ферма зоотехнигі болған жоқпын ба? Ферма зоотехнигінің жұмысын ойнап жүріп-ақ атқара алатынымды білесіз. Отарлардың арасын атпен аралап, жүруге тура келеді. Жұмысың жүріп тұрған соң, ат үстінде жалғыздан-жалғыз жүрген кезде, өлең өруден басқа не қалады? Өлеңді өруді түзден үйрендім деуім содан.

Күз кезі болатын. Бірде, 170 шақырымдай жердегі Мойынқұм қысқы жайылымынан атпен жеке шығып, ауылға қайтып келе жатып, өлең жұптаймын деп, басқа жолға түсіп кетіп, адасып, көрші Свердлов ауданындағы Кеңес колхозынан шыққанымды бірақ білгенім бар. Қона жатып, келесі күні ғана ауылға жеткенмін. Түз маған өлең өруді солай үйреткен - дедім.

- Еріншектік жасамай, дамыта берсең, өзіңнен аздап ақындық та шығар түрі барын байқағандаймын. Жұмысбастылық қандайда талантты тежейтін кезі болатынын түсінемін. Кәзір, тапсырылған қызметке деген жауапкершілік бірінші кезекке қойылған.

Қайткенде де, ақын болмасаң да, ақынжандысың ғой, өлең жөнінде өзің шешерсің, бірақ өз мамандығың, жұмысың, өзекті мәселе-проблемалар жайында жазып, баспасөз-

ақпарат құралдарымен байланысыңды үзбеуің керек - деп, түйіндеді.

Сәкеңнің бұл сөзі - ешқашан есімнен шыққан емес. Сәкеңнің сол ақылы әдетке айналып, баспа құралдарынан қол үзген емеспін. Мүмкіндігіне қарай, әр түрлі газет-журналдарға мақалалар жариялап келдім деп айта аламын. Ол кезде одақтан шығатын «Экономическая газетаға» біреу болса да шағын мақала жарияласам, совхозды басқарудың цехтық жүйесі жайында орыс тілінде республикалық «Қайнар» баспасынан кітапшамды шығардым. Газет-журналдармен байланысымды жоғарыда айттым.

КЕНЖЕСІНІҢ ТОЙЫНДА

Сәкеңмен кездесу, сырласу мен үшін үлкен мектеп сыпаттас еді. Мен үшін ол кісі - Темірқазық. Сондықтан да әркез кездесуге өзімді дайындайтын сияқты едім.

Сондай бір кездесу - Сәкеңнің құдай берген төрт ұлының бірі - Қайраттың үйлену тойындағы жастарға айтқан құттықтау тілегімді келтіре кеткенді жөн көріп отырмын. Ол тойда былай деген едім:

- Адам ер жеткен соң, өміріндегі ең бір жауапты, қызық кезеңіне қадам басады. Өмір өзінің қызығын, сырын ашып, алдыңа жайып салады. Оның ең кереметі, әшекейі, өмір нәрі, өмір қызығы, адамның ең бір тамаша да шынайы сезімі махаббат боп сыртқа шығады.

Махаббат өмір қызғалдағындай тартып, біріңе біріңді қызықтыра береді. Себебі, махаббат деген, адамның ең жоғарғы сезімі. Махаббат гүлі нәрсіз, көріксіз бола алмайды. Махаббатыңмен сүю деген талап, сол талапқа сай өмір сүру, бір біріңе көмектесу, адал болу, көңіл кіршіксіз болу. Сонда ғана бақытқа, қуанышқа жол таба аласыңдар.

Махаббаттарың мәңгілік болсын! - деп, бір қайырдым да, былай жалғап кеттім: Бүкіл қазаққа белгілі би, Қаз дауысты Қазыбектің «Әкенің айтатын өсиеті балаға, баланың беретін анты анаға - Арымнан жаным садаға» дегені ойларыңнан есте шықпасын.

Мен өз атымнан:

Арыңды сақта,
Сөз келмесін.

Несіне адам болып жаратылдың
Артыңнан,
Жаман-Ғайбат сөз ергесін
дей келе, бата-өсиет ретінде, сөзімді былай сабақтадым:

Жақсылыққа жақын болыңдар,
Жамандыққа жасын болыңдар!
Қиындыққа өсте мойыма.
Асылық жасап аптықпа,
Оң-солың толса тойына.
Қандай істі бастарда,
Отбасынан басталған -
Отаның болсын ойыңда.

Бастар істі сырғытып,
Ертеңге өсте қалдырма.
Қайтара айтқызба,
«Қамшы» салдырма!

Ұқыптылық қаныңа сіңсін.
Ондайды әр жанұяң білсін.
Жұмыста тындырымды бол
Өмірде шын білімді бол
Ешқашан тайыздық көрсетпе,
Көктей бер, өсе бер,
Бүр жарып бүршікше.
Бауырмал бол қашанда.
Орынсыз қолға тас алма,
Жауды сезсең сойыл ал
Еш аяусыз қарсы тұр,
Сұрамас төңір сұрауың.
Ойыңда әр кез болсын - деп,
Өздеріңе осылай,
Өсиетнама құрадым

дегенімде, алпамсадай алып тұлғасымен маған
жақындаған Сәкең :

Алтыным, Аталы өсиет айттың ғой. Қырықтың бірі - Қыдыр
деген, айтқаның келсін! Нағашы сен мен үшін асқарсың,
нағашымның тек қана көзі емес өзісің.

Періште "Әумин" - деп, жастардың болашағына сенің
айтқан жақсы тілектерің қабыл болсын! Өсиеттеріңді жастар
өресіне тоқи білсін! Мыңда бір рахмет! Ризамын! - деді.

Менде қанаттанып:

Өзіңіздің үлгіңіз, өсиетіңіз! Еріншектік жасамай,
дүниетанымыңды қалыптастырып, дамыта берсең деген
сөздеріңіз ойымнан кетпей, балаңыздың тойының жоғары
дәрежеде өтуіне қосқан үлесім болсын дегенім ғой - деп, бір
рахаттандым.

Тойында тілек айтып, міндет жүктеген, өсиет тапсырған,
аттағы Әбдіқұл атасының алдынан түспейтін періште бала
Қайратымыздың бала-шаға өсіріп, отағасы жасқа келіп,
халқымыздың бар жақсы қасиетін, тілін, дінін, әдет-ғұрпын,
салт-сана дәстүрін дамытуға үлес қосып, адам жанының
арашашысы болғанына қуанамын.

Қайраттың бақыты да, берекесі де, байлығы да, мерекесі
де, сақшысы да, қорғаушысы да бола білген Дина келінмен
бірге менің өсиетнамамды асыра орындап жүргеніне сүйсініп,
бойымды мақтаныш сезімі кернейді. Қалай мақтанбайсың?!
Жұрт көңілінен, істің үдесінен шыға білу, әкесі Сәкеңнен
келген тәрбие екендігі, оның жұғысты болғанына қалай
қуанбайсың?!

ТАҒЫ ДА ТОЙЛАРДА

Сәкеңмен кездесу - мен үшін мереке, мені әр кез
қанаттандыратын.

Облысқа белгілі азамат, Тұрсынхан Нұрбаев 50 жасқа
толу мерей тойына шақырды. Тұрсынхан болса, Сәкеңнің
күйеу баласы. Тұрсынханның қосағы Шолпан, Сәкеңнің
әкесімен бірге туған інісі Сәрсембі ақсақалдың қызы. Бізге
құдаша. Бұл тойға біздің Сәкеңнің де шақырылып, баратыны
белгілі болғандықтан, Сәкеңнің алдында уәдеге берік мен,
Тұрсынханды өлеңмен әндетіп құттықтауды жөн көріп,
мынадай өлең жолдарын дайындадым:

Ат жалын тартуға сен жарағалы
Қаншама қыз келіншек қарамады!
Ішінен жар болуға өз өмірде
Шолпанға таппадың сен баламаны.
Шолпаның жөнің
Кешетін бәрін
Басынаң, қыз келіншек
Сенің жаның

Сүзілген моңғол шатыс көзің қауіп!
 Арбайтын әб жыланды сен бір дәуіт
 Бойыңда әйел тартар антен барма
 Алады қыз келіншек сені тауып
 Әзілім жұмсақ
 Той думан құрсақ
 Осылай амандықпен
 Қауышып тұрсақ


Тұрсынхан аман болғай мал жаныңыз
 Болсыншы аман бүкіл ауданыңыз
 Әзілмен айтқан сөзді ауыр алмас
 Шолпандай нағыз Шолпан жан жарыңыз
 Шолпаның күнің
 Естілер үнің
 Қызыққа қиялықшы
 Өмірдің жарты түнін

50 жас ердің жасы дейді халық
 Арнаймын өзіңе өлең, жаным салып
 Саналы өміріңнің тең жартысын
 Келесің дәл көкемдей топты жарып
 Тұрсынхан алтын!
 Өмірің жарқын
 Саналы өміріңе
 Риза халқың

Көкемдей батыр бол деп қалар едім
 Өзіңді ел басшысы санады елің
 Батырды бұйрық жазса аларсыңда
 Өмірде Адам болып қала бергін!
 Мақсаты айқын
 Қанатын жайсын
 Әулеті Нұрбаевтар
 Жайсандарсың!

Құптаймың, үлкендердің батасын ал!
 Сен дағы өсіп тұрған бір мәуе тал
 Жемісі ризық болып, ұрпағыңа
 Өмірден орныңды тап сен қара шал

Мақсаты айқын
 Қанатын жайсын
 Әулеті Нұрбаевтар
 Жайсандарсың.



Қазақстан Республикасының Президенті
 Н. Назарбаевтің Сәкеңді құттықтауы

Тойда осы өлеңді әндетіп айтып, өлең жазылған парақты Тұрсынханның қолына тапсырдым. Тұрсынхан болса да толқып, «Сәтбай көкем Нұрекеңнің арнау өлеңдері бір жылқылық деуші еді. Енді не істесек екен» - деп, маған қарады.

- «Ізетке найза бойламас» - деген, не атасаң да, өзің «көке» дейтін үлкен қайнаған Сәкеңе бер. Өзіңнің мерейтойыңа арнаған өлеңнің тууына, тек Сәкеңнің ықпалы болғанын түсін-дедім салмақты өзіне салып.

Мұндағы айтпағым, Сәкеңнің ләбізінде адамға күш берер, шабыт берер, қанаттандырар айтқаны жазылмаған заңға барабар, тылсым құбылыстың бар екендігі. Ол кісі бұрынғы кездесулерде маған ақылдылық, өнер, өлең, өмір жайында бұрын, міндеттегендей болып ишырат білдірмеген болса, тойға әдейі арнау өлең де жазбаған болар едім.

Кәзір болса, аруағыңнан айналайын ер Сәкемді осы тұрғыда ойға аламын.

Осы үрдісті, Сәкеңнің өзінің 75 және 80 жылдық мерейтойларында да жалғастырып, арнайы өлен арнадым. Ол арнау өлеңдердің мәтіндерін осы кітапта бөлек жариялауды жөн көрдік.

* * *

Мерейтой дегеннен ойға оралады, мен Сәкеңнің алдында бір қателік жіберіп қойдым-ау деп өкінемін. Ол былай болды.

Сәкеңнің 80 жылдығын ұл-қыздары 2003 жылдың мамырында атап өтуді шешкенін есітіп, қалай аузымнан шығып кеткенін бір құдайдың өзі біледі, бір кездескенде, бас-аяғын аңдамастан, газеттен оқыған, «қарттардың мерейтойларын жиі өткізу, олардың өмірлерінің қысқаруына әсер ететіндігі» жөнінде жазғанын айтып салмасым барма?

Ол кісі сұраулы жүзбен бетіме таңырқай қарады да, «Неге?» - деді.

Мен онда да қоймай, «Қарттарға байланысты ол мәселені ғылыми жолда ғалымдар дәлелдепті»-деп, өрекпідім.

Біраз отырған соң, күліп «ой нағашеке, әшейін шығынданып қалам деп, айтып отырған жоқсыңба»-дегені.

Басыма сонда ғана сарт етіп, артық кеткенімді біліп, сасқанымнан, «ұялған тек тұрмас» дегендей, «көзір той көбейіп кетті»-деген біреулердің сөзінен туындаған мынандай өлең сөзімен жауап бергенсідім:

Жаңа ғана таныс дос,
Қайрылды маған қалжыңмен
- Қалтамыз мүлде қағылды,
Той тойлаумен сан апта.
Той жасайтын ендігі –
Қалды екен қанша санақта?
Кезінде жауап бермеп ем,
Сол сұраққа жауабым –
Құлағың сал ал тыңда!
- Той жасау емсе молшылық,
Жақсы ниет, ізгі арман –
Алып шығар шайқалтпай,
Шатқалды биік құздардан!
Айтпағайсың асылық,
Ылайым қалта қағылсын.
Дос бар жерде әлеумет,
Өшпейтін шок, жалынсың,

Бір-біріңнің бағыңсың!
Дұшпан үшін - бас имес,
Мұнарланған сағымсың!

Біріңе-бірің:
Қуанышсың,
Тірексің!
Жұдырықтай жұмылсаң
Қажырлы,
Күшті білексің!

Қиындықты жеңесің!
Бағынар қандай болғанмен,
Көз қорқарлық алынбас,
Арман болған белесің.
Ал сен болсаң,
«Той көп» - деп,
Күңкілдеумен келесің...

Алла өзі жеткерер,
Қалта толу қиын емес,
Ниет түзу болса егер.
Дос қызығы теңеуі жоқ,
Қызық өмір боп өтер.
Аңқылдаған шын досты
Қайдан іздеп табарсың?
Бақал есеп жүрсе арада,
Ішек қалай ағарсын?
Дос боп санда жүргенше олар,
Жоғалтсыншы қарасын!

50 өтсе, 55 бар
Онан кейін 60 бар!
Өте берсің, зор думан!
Келмей-ақ қой,
Күтпеймізде.
Сыртты жылтыр,
Құр сумаң.

Абзал достың қуанышы –
Мерейлі той, бал-шекер.
Бақал есеп ой ойлау,

Пендешілік құр бекер!
Өмір үшін, дос үшін!
Көңілдің кәусер қосы үшін!
Дос силайтын ағайын,
Шынайы достық көңілмен,
Қалаған дәммен тост көтер-деп,

өлең арнаған едім. Сәке, жаңағыдай ой, түсімеде кірмес – дедім.

- Өлеңіңе рахмет! Қарттардың той өткізуі жайында, өзің айтқандай газетке жарияланып, оның ғылыми дәлелденгенін жазса, ойлануға тұратын мәселе екен. Әй бірақ, құдай берген жанды, құдай алады. Онда тұрған ештеме жоқ шығар. Балалар шақыру қағаздарын жіберіп қойды. «Пешенеге жазылса, пешке тығылсаң да қоймас» - деген. «Нартәуекел! Пешенедегі болар» - деді.



Роза Рымбаева Сәкеңнің отбасы мүшелерімен

Мен де қайтадан ақталып, «менікі бақай есеп емес, ондай ойдағылар түсінерме екен деген мақсатпен әдейі, өлең жазғаным да сондықтан. Әншейін сөз реті келген соң, оқығанымды айтып жатқаным ғой» дегенсідім.

Той өз дәрежесінде өтті. Тойға, Республикаға белгілі Роза Рымбаева бастаған халық артисімен бірге, бір топ өнер шеберлері өнер көрсетті. Сәкеңмен қызметтес болған қарттар, дос жарандары, жекуат-жұраттары жылы лебіздерін аяған жоқ. өте жоғарғы дәрежеде ойда қалды.

Өлгі сөзді айтарымды айтып алып, қарт кісіге бекер



Облыс әкімі С. Үмбетов Сәкеңнің омырауына медаль тақты

айтқаныма өкініп, Сәкеңнің амандығын тілеп, жарты жылдай есімнен кетпеді.

Қарттық жаста болса да, жастайынан еңбекте шынығып өскен, спортпен достасып, тұлғасын тік ұстап, кәрілікке бас имеген асау жүрек, газетте жазылған ғалымдардың мен баяндаған тұжырымын жоққа шығарғанына қуандым.

«ЕЛ»-ДЕП, ЕЗІЛГЕН, НАҚЫЛ ӨРЕР СӨЗІНЕН

Сәкең қашанда, «ел» - деп, езіліп тұрушы еді. Жырақта болса да, ауылда болып жатқан жаңалықтарға қаныға отырып, жетістіктеріне қуанса, кемшіліктерге күйініп, ренішін білдіруден таңған емес.


Мен ауылда директор болып істеген жылдар ішінде, совхозда атқарылып жатқан барлық істерден хабардар болып, қажет деп тапқанда кеңесін, ой-пікірлерін батыл айтып, жәрдемін беріп тұрды.

Ұсақ-түйек көрінгенмен, мына бір ойға оралған болмашы ғана тірлікті, еске салып кеткім келіп отыр.

Басшылыққа алғаш барған жылы, жол бойына жақын орналасқан 10-12 гектардай егістік жерге бас агрономымыз - Әлиомар Қалиұлы қарашаның ондарына таманғы кезеңде, «күздік бидай себе салсақ» деген ұсыныспен келді. Елдің

көзінше, қиылып отырып алған соң, «бұл жерді эксперимент есебінде кеште болса сеуіп көрейік. Бірақ, барлығың куәсыңдар менің тәжірибеден көргенім бойынша, кеш егілген дәнді дақылдың әр гектарға 5-6 центнерден кем өнім берерін ұмытпа» - дедім.

Содаң, сол әңгіме болған жерде, күздік бидай себіліп жатқан қоңыр күзде, Сәкең үстінен түсіп, тракторшыны тоқтатып, неге дәнді кеш сеуіп жатқандығын сұрап жүріп кеткен. Бір кездескенде, агроном, маман ретінде кеш сіңірілген күздік бидай дәнінің өнімі кем болатынын айтып, менің елдің алдында айтып, ескерткен ойыммен дәп түсіп, өзінің жанашырлық ескертпесін жасап, «диханшылық-берекелі іс, оны қорғайтын сақшыларды көбейту керек»-дегені де ойымда.



Астана. Сәкең тың игерушілердің мерекесіне барғанда

Шаруашылықтың кәзіргі басшылары, егістік егудегі мерзімнің болашақ өнімге әсерінің зор екендігін, халқымыздың «көктемнің бір күні-жылға азық» - деп бекер айтпағанын түсіне білсе, нұр үстіне нұр болған болар еді.

Бұрынғы «Пионер» совхозының екі елді мекенінің барлық көшелерін жөндеп, асфальт төсегендегі қуанышында шек болмай, «елге еткен еңбектің елеусіз кеткенін көргенім жоқ, еңбектерің жансын. Енді су құбырын жүргізуге күш салғандарың



Облыс әкімі
С. Үмбетовтың Сәкеңді тың игеру
мерекесімен құттықтау сәті

сонда оның бар айыбын бетіне басып, кінәлама, сонда күнәсі-оған, сауабы-саған болады» - деп тоқтады.

Мен

- О, Сәке пайғамбарымыздың Хадисінен дәріс оқыдыңыз ғой дегенімде,

- Ой, біліп қойдың ба?! Білгенің жақсы. Хадис деген - қасиетті сөздер жиынтығы ғой. Нақылият. Оны ойға тоқып, басшылыққа алып отырса, асыл мұраттардың қайнар көзі болары хақ-дәді.

Хадис сөздерін бойына сіңірген Сәкеңнің бойында ізгіліктік, пәктік, әділдік-турашылдық, кішіпейілділік пен ұстамдылық, ойлылық, салмақтылық, ашық қабақ, ибалы жақсы мінез, мейірбандылық пен ізеттілік тұнып тұратын.

Жақсылықтан үміттеніп, жамандықтан тыйылу оның басты қағидасы еді. Ол кісімен кездескенде жаның ләззат алатын.

Қайран қазына қартым-ай...

жөн. Істеген істі пендешілікпен кейбіреулер көрмесе, төбеде тәңір көріп тұрады.

Аллаға бәрі ақиқат. Алла-жомарт, жомарттарды дос тұтады. Мінезі жақсы адамдарды ұнатып, мінезі жаман адамдарды жек көреді.

Жақсылықтың үлкен-кішісі болмайды. Су сұрап келген адамға ашық қабақ танытып, шелегіне су құйып беріп, ізгілік жаса. Кеуде керіп қыр көрсетуден сақтан. Алла төкаппарларды жек көреді. Егер сені біреу ғайбаттаса немесе жоқ айыптар тағып, қорласа-сен



Сәкең политехникалық колледжде қонақта.
Ортада екінші - колледж директоры Д. Әбдірайымов

Естелігімнің басында атап өткенімдей, «менің жасым үлкен болса да, нағашеке сенің жолың үлкен» - деп отыратын еді. Ол да болса ізеттілігі, кішіпейілділігі ғой.

Бірде, ауылдағы шопандар тойында дастархандас болдық. Тамақ ішіліп болған соң мені сынағысы келдіме, әлде ізет-құрметке бұлжымас мейірбандылығы ма «менің жасым үлкен болғанмен, менен жолы үлкен нағашым отыр»-деп, асқа бата қайыруды маған ысырды.

Табан асты олай боларын ойламай отырған мен, ойымды жинақтап, қол жайып, ауыл әкімі мен қой өсіретін шаруашылық басшысына қарап, өзім түртіп жүргендерімді жүйеге келтіргендей болып, мынадай бата жасадым:

Әрбір атқан таңдарың,
Мерекедей болсын!
Дастархандарың,
Дәмге толсын!
Істерің әр кез мығымды,
Байлықтарың тынымды,
Татулықтарың шырынды,
Астарың болсын сіңімді!

Отырған бәрің,
Немерелі болыңдар,
Достық пен ынтымақтың,
Аулына қоныңдар!

Қораларың төрт түлікке толсын!
Қозыларың егізден болып,
Қойларың семізден болсын!
Үй іштеріңнен қуаныш көтпесін.
Бастарыңа бақ қонып,
Көсегелерің көктесін!

Ынтымақ ыдырамасын!
Ісінен сөзі көп –
«Судыр Ахметтер»,
айналасыңда,
Судай судырамасын.
Шат көңілде өмір кешіп,
Болашақтарың,
Еш бұлдырамасын!
Жамандық болмасын!

Ұрпақтарың жұлдыз боп жарқырасын!
Несібелерің таусылмасын!
Қыдыр ата қолдасын!
Алла тағала әмсе қорғасын!
Аумин! - деп бет сипадым.


- Бәріміздің бас қосар жеріміз той-думан болсын, менің нағашым, Нүрекеңнің жүректен шыққан Батасы, баталы боп, періштенің құлағына шалынсын. Әбиірге ортақ болыңдар! – деп, Сәкең, дастарханды жинауға рұқсат берді.

Сәкеңнің осы Бата бергізуді маған ысырудағы әрекетін, қыран бүркітті балапанынан баптап үйрететін құсбегілерге ұқсатып, еске алмауға болмайтын еді.

Қайран менің берекемі Сәкем-ай! Қалай ғана ойға алмаймын, өзіңіздей Асыл ағаны!

МЕНИҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫМ

Мең осы естелікті өзіңіздің рухыңызбен тілдесіп отырғандай болып жаздым. Кей жерлерінде, толғанғанда, өзіңізге деген



Қазақстан Республикасы Президенті әкімшілігінің жетекшісі И. Тасмағамбетовпен
салтанатты мерекеден кейінгі үзілісте



Сәкең облыс ардагерлері ортасында.
Домбырамен тұрған Қазақстанның халық ақыны
Әлімқұл Жамбылов

ыстық махаббатымның жүрегімді еріксіз елжіретіп, көзімді жасқа толтыра, сағыныш моншақтарын селдеткенін де жасыра алмаймын.

Қалайша босамайсың?!

Алдымда Темірқазықша жарқырап, менің өмірде қол жеткізген табыстарыма, қабілетімнің ашылып, қалыптасуыма, адамдармен жұмыс істеудегі мүмкіндікті жетілдіруге өзіңіз ғана себепкер болғандайсыз. Себебі, мен өзіңізге ғана еліктеп, өзіңізге қарап, бой түзедім. Өзіңіздің ұлағатыңызды ұғуға, бойға сіңіруге талпындым.

Жасыратыны жоқ, жасы үлкен еңбекке ерте араласқан жақын жиенім ретінде, қызмет бабында жоғарылауға, өзіңіз де емеурін білдірмепсіз, менің де ойыма келе қоймапты, сіздің таныстарыңызды пайдаланбаппын ғой. Оқа емес, бойға біткен қабілетті бір Жаратушы-Алланың қолдауы арқасында, жаман қызмет істемеген сияқтымын. Қатардағы ферма зоотехнигі және есепшісінен бастап, неше түрлі жауапты қызметтер атқарып, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасарына дейін көтерілу мүмкіндігін алып, осы қызметтен зейнетке шықтым.

Басқаларға бұйығы көрінетін, кездейсоқ сезімге селт етпейтін, көп қысыр сөзді қаламайтын, бөспелерден безе қашатын, дос-жолдастықты тек қызметтегі тәуелділікке

тірейтіндерді «он метр» қашықтықта ұстайтын мен, өзіңіздің алдыңызда сөзуар бола кететінімді, кәзір ойласам, Сіздің адамды қанаттандыраар, мейірбандығыңызбен өзіңізге тарта білер, жоғары адамгершілікті, туа біткен қабілетіңіздің арқасы екен ғой.

Кәзір арамызда Сіз жоқсыз. Орныңыз ойсырап-ақ тұр. Тағдырға солай жазылған да. Қалай болғанда да Алпаға шүкіршілік етеміз.

Шүкір, ізбасарларыңыз бар, сабақтастық жалғасып келеді.



Сәкең балаларымен

“Ата көрген оқ жонар” дегендей, Сәкеңнің тәрбиесін алған інісі Таласбайда еліне еңбегі сіңген, облыс көлеміне белгілі азамат.

Зейнет жасында болса да, Қазақстан социал-демократиялық “Ауыл” партиясының Жамбыл облыстық ұйымының төрағасы болып қызмет етуде. Үйлі баранды. Зайыбы Алтынмен алтындай екі ұл: Алмас пен Сырымды, құндыздай құлпырған, қырмызы қызғалдақтай өмір гүлдері, қыздары - Шәрипа, Әсел, Ақтоты, Ақеркелерді тәрбиелеп өсірген үлгілі жанұя.

Ұлағатыңыз ұл-қыздарыңызға сіңісті болып, олар өмірден өз орындарын тапты.

Еңбек жолын, қатардағы байланыс шеберінен бастаған Тауғазыңыз, республикамыздың төрт бұрышында болып, түгелдей аралап, қызмет етіп, республикалық «Қазтелеком» акционерлік қоғамының вице-президенті дәрежесіне көтеріліп, еңбек етіп жатса, ол өзіңіздің тәліміңіздің арқасы демей, не дейміз?!



Сәкеңнің інісі Таласбай зайыбы Алтынмен

Мен сияқты, болмысы менен аумаған, оны - мұныға селт ете қоймайтын, жұмысын біліп, әсемдіктің, әдеміліктің, әдептіліктің, нәзіктіктің, инабаттылықтың үлгісін көрсетіп сыпайы ғана жүретін Нұрипаңыз ше?! Ол білгір экономист, болашағынан үлкен үміт күттіретін маман.

Аттарының бас буындары Нұрдан басталатын Нұрланыңыз, Нұрила, Нұрғазыңызда жүздерінен мейірім төгіліп, айналасындағыларға аттарына сай, нұрларыңтаратып, шапағаттарын шашудан танбай келеді. Әрқайсысы бір-



Ерлі-зайыпты Халия мен Сәкең, қыздары Нұрипа және Нұрилә

бір мамандықтың иелері. Сәкең берген тәрбиенің жемісін мүмкіндігінше көріп те, көрсетіп те жатыр.

Бұған тек «шүкіршілік» деуден басқа сөз болуы тиіс емес.

Сабақтастықтың жалғасуына, Сіздің ұл-қыздарыңызға өмір силаған, олардың

тыныштығын, бірлігін ойлап, олар оңсын, көктесін, көгерсін деп
тыным таппаған, отыңызды лаулатып, оның құты, берекесі,
ұйытқысы, ұйымдастырушысы, жарығы мен жылуы болып
отырған жан жарыңыз Халия жеңгеме, ұл-қыздарыңызға
Алла, қызықты ұзақ өмір берсін дейік!



Сәкең жұбайы Халиямен отбасы мүшелері ортасында

Кәзір арамызда жоқ Сәкеңді мен текке мақтамаймын.
Сәкеңдей жиенімнің болғанына мақтанамын. Әр кез ойға
аламын.

Жатқан жерің жаннатта, топырағың торқа болсын!
Алдың пейіш, артың кеніш болғай!

2006 жылдың қаңтары.

КЕРІМБАЙ БОЛЫСТЫҢ ҰРПАҒЫ - СМАҒҰЛ АҒА, ЕРЕКШЕ ЖАН ЕДІ



Смағұл Беспайұлы Әбілеков

Әрқашан әдепті бол, білімді бол!
Адал бол, еңбегіңмен күніңді көр!

Қайырымды, бауырмал бол!
Дайын бол әрқашанда бастауға қол!

С. Әбілеков

КЕРІМБАЙ БОЛЫС КІМ?

1924 жылдың ақпанында 63 жасында дүниеден өткен Керімбай Бұралқыұлы, он тоғыз жасынан, Әулиеата губерниясының оңтүстік батысында жатқан, Билікөл өңірінің болысы болып, ұғымталдығы, сезімталдығы, біліктілігі мен іскерлігі арқасында, аса жоғары беделге ие болған. Ол кісінің бабалары-Шымырдан тараған-Қаратеке, Шақан, Сарт, Қойгелді, Сарымырза-бәрі де жоңғар басқыншыларына қарсы, жән аямай күрескен батыр, би, қолбасшы болғандар.

Керімбай болыс-өте қайырымды, ер көңілді, шешен, әділ билігімен танылған, көкпаршы, домбырашы-сазгер, тоғыз құмалақ ойнаудан алдына жан салмаған ой-тұжырымы жоғары, шежірені жақсы білетін, бір сөзбен айтқанда, сегіз қырлы бір сырлы адам болған екен.

Туған елінің қамы үшін, басын қатерге тігіп, кейбір кезде патшаның отарлау саясатына тікелей қарсы да шыққан. Ол кісінің атағы-Әулиеата оязынан тыс жерлерге де кең тараған. Керімбай болыстың беделімен патша отаршылары да санасуға мәжбүр болып отырған.

«Кезінде туған елінің елдігі, әдет-ғұрпы, адамгершілігі үшін күрескен, қаріп-қасірлерге, жетім-жесірлерге қайырымдылығымен, әділ биліктерімен аты шыққан Керімбай Бұралқыұлы туралы жұрт аузында аңыз-әңгімелер көп. Кейінгі ұрпақ осындай ата-бабаларымыздың өз дәуіріне сай әрекет еткендігін де білуі тиіс»-деп, жазды 1992 жылдың 23 мамырында Жамбыл облыстық «Ақ жол» газетінде, бір топ зиялы қауым өкілдері.

Міне, біздің әңгіме еткелі отырған кейіпкеріміз, сол Керімбай болыстың ұрпақтарының бірі-бабасы мәңгілікке тыныстаған жеріне өз қолымен күмбез орнатқан, Тараз қаласындағы орта мектепке бабасының атын алып беруге көп тер төккен атпал азамат - Смағұл Беспайұлы Әбілеков.

АЛҒАШҚЫ ТАНЫСТЫҚ

Менің, Смағұл (Сәкең) ағаны білуіме ол кісінің Өрнек ауылындағы мен аттас мұғалім ағасының ықпалы болды ғой деймін. Біздің Серікбай ағамызбен аралас-құралас, жолдастық қатыстығы бар Нүрекеңнен білгенім, Сәкең өз ауылында комсомол ұйымының хатшысы бола жүріп, Жуалы аудандық

комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып сайланғаны, кейін Алматы жоғарғы партия мектебін бітіріп, біздің Жамбыл аудандық партия комитетіне нұсқаушы болып, келгені еді. Атына сырттай таныс Сәкеңмен, өз ауылымда совхоздың бас экономисі қызметінде жүргенімде етене таныстым.

Ол кісінің, біздің ауылға келуіне мынадай істер себеп болған еді.

Совхоз партия ұйымының есеп беру-сайлау жиналысында, коммунистер, бұрынғы партком хатшысына, моральға жат қылықтары, нәпсі құмарлығы үшін сенімсіздік білдіріп, аудандық партия комитетінің бірінші секретарының өзі, Сәкеңді ертіп келіп, аудандық комитеттің, коммунистерге совхоз парткомының хатшылыққа ұсынған алғашқы шешімінің жаңсақтығына кешірім сұрай отырып, секретарлыққа Смағұл Беспайұлы Әбілековтың кандидатурасын ұсынып, өмірбаянымен таныстырды. Коммунистер болса, өздері тарапынан аупартком хатшысына, жергілікті жердің талап-тілектерін ескеріп, түсіністік білдіргендері үшін, ризашылдықтарын жеткізе отырып, бір ауыздан, әкелген кандидатурасына келісім беріп, Сәкеңді совхоз партия комитетінің хатшылығына сайлады. Мені, бұрынғы хатшының болмысын ашып, жұмыстарда көрсетіп жүрген белсенділігімді ескеріп, парткомның бюро мүшесі етіп бекітті. Бұл шешім, менің Сәкеңмен қоян-қолтық біріге жұмыс істеп, ол кісіні жете танып білуіме септігін тигізді.

Сәкеңнің, партком хатшысы болып алғашқы сайланған есеп беру-сайлау жиналысында, коммунистер алдында сөз сөйлегені бүгінгідей көз алдымда. Совхоз коммунистеріне, көрсеткен сенімдері үшін алғысын айта келе, Бөлтірік шешеннің:

Жерді су көтереді,
Елді ер көтереді.
Жердің құты күйінде болады,
Ердің құты үйінде болады,
Елдің құты биінде болады,

- деген өсиетін айтқанда, бүкіл денеме ток ұрғандай әсер етті. Залда қозғалыс көбейіп, күңіренгендей күй кештім. Қалай толқымассың. Жылуы бар жүректі тербететін сөз, еріксіз толқытар сөз! Сонан соң, бейнелеп айтқанда, «Ауылдарыңызға құт болсам»-деп келдім. «Өсек-аяңнан сырт болсам»-деп келдім. Партия айтты, мен көндім, міне

алдарыңызға Бөлтірік баба айтқандай, би бола келдім» дегендерді жеткізді.

- Енді бір кісідей, ауылымызды көркейтуге, көтеруге жұмылып, ерлік жасайық! Жапондар айтқандай, ақылсыздық іс істемейтін болайық! Ызақорлықпен, жеңілтектікке тежеу қояйық! Нәпсі құмарлықты тыяйық, солқылдақтық пен дүние қоңыздықты кейін сырайық!

Міне сонда ғана, жұмыс табысты болады.

Мен сіздерге осындай талап қоймақшымын-деп сөзін аяқтаған еді.

Аудандық партия комитеті ұсынған, партком хатшылығын басқару, ұйымдастыру жұмыстарында тәжірибесі бар Сәкеңнің келгенін қолдап, өзімді партком мүшесі сайлағандарына рахметімді айта келе Сәкеңнен қалыспай, мен де коммунистерді өмірде жақсы адам болып қалыптасу үшін, ұжым аяғынан тұруы үшін, Порфирий Ивановтың сарандықтан, ашкөздіктен, жалқаулықтан, маскүнемдіктен, пайдақорлықтан, екіжүзділіктен, өркөкіректіктен арылу керек деген қағидасын, әркім де есте ұстап, дағдыланып, өзін-өзі тәрбиелеу керектігіне шақырғаным да есімде.

Қандай бір мәжіліс, не болмаса жиналыс өткізбесін, өзінің ұстанымын, көпшілікті тыңдап, ой таразысынан өткізген соң ғана жария етіп, шешім қабылдауына байланысты, қолға алған істер, өз дәрежесінде орындала беретіндігінің талай куәсі болдым. Оның бір мысалы: ауылдағы Сеңгірбай көлінің жағасынан қой өсірушілердің комсомол-жастар бригадасын құруы дер едім. Ол бригаданы ұйымдастырып, құру алдында атқарылған жұмыстар, шегі жоқ ұшан-теңіз болды. Шоғырланған отарларды орналастыруға дайындау, жем-шөппен, техникамен қамтамасыз ету жолдары, су жүйесін жүргізу, істеуші жастарға мәдени-тұрмыстық жағдай жасау дейсіз бе, қойшы әйтеуір адам мен өсірілетін малға деген жағдайды жасауда, жар құлағы жастыққа тимеді-ау. Күннің қай мезгілі болмасын, «Нұрмахан, (мені үнемі солай атайтын) жүр» - деп әлгі бригаданы ұйымдастыру барысында да, ертіп алатын-ды. «Кәзір совхозда бас экономист болғаныңмен, сенің басты мамандығың зоотехник қой, ауылдан қой өсіруші жастардың фермасын қалай ұйымдастырғанымыз жөн болатындығын кеңесейік, барып көрейік»-деп, машинасын көпшілігінде өзі айдап, жөнел беретінбіз.

Көп болып қолға алып, ақыл-кеңесті іске асыра білу арқасында, аулымызда ол бригада қысқа мерзімде-

ақ құрылып, әжептеуір жұмыс істеді. Қозы бөлу кезінде, шопандардың жетіспеуі салдарынын, әр шопанға бекітіліп берілетін анасынан жаңа бөлініп алған қозы саны, шамадан тыс көп болып, толық мәнді күтіп баптау, әсіресе көк шөппен қамтамасыз ету, мүмкіндігі болмағандықтан, тамыз, қыркүйек айларындағы қозы өлімі шамадан тыс көбейетін. Содан, ай соңында «Неге? Неге өлім-жітім көп?» - деген мал мамандарына бос кіжінуден басқа шара болмайтын. Құрылған комсомол-жастар бригадасында бес мың басқа дейін анасынан жаңа бөлінген «балғын» еркек қозылар топтастырылып, айрықша күтім жасалып, көңіл бөлінген соң, Сәкеңнің табандылығының арқасында, жоғарыдағы айтқан айқайдан да құтылған едік.

Шіркін, ол бригадаға «Ақиық» - деп атын Смағұл ағаның өзі қойып еді-ау.

Неге «Ақиық»-деп қойдыңыз? дегенімде:

-Бұл бригада көлдің жағасында, күн шығыс беткейге орналасқан. Алыстан қарағанда, қомданған, ақиық құстың қанатындай болып елестейді. Екіншіден, бұл бригадада еңбек өткендердің еңбегі ешқашан елеусіз қалмақ емес. Мүмкін өз ісінде, бәрі болмаса да кейбірі, «Ақиық» атанар деген ниетте, ойымда болды - дегенді.

Иә, Сәкең болжағандай ол бригаданың алғашқы қарлығаштары, өмірден өз орындарын тапты да. Бригада жетекшісі Тұрарбек Саршаев – орденді механизатор атанса, бір мүшесі болған Нұрғали Әшіров Қазақстан – Тараз телерадио компаниясында қызмет етіп, кәзір Қазақстан Республикасы Парламентінің баспасөз қызметінде істейді. Ол қарымды журналист. Баласы-Нұркен Әшіров күй жарысының бірнеше дүркін жүлдегері, республикаға танымал күйші-сазгер. Келешегі әлі алда. Нұрғалидың еңбек жолын бұлайша жалғауына, кезінде Сәкең ұйымдастырған бригададағы мәдени шаралардың, мәдениетке баули білудің арқасы болар деп толық сеніммен айта аламын.

СӘКЕҢНІҢ ӨНЕРГЕ ҚҰРМЕТІ

Сәкең, ақын-жазушылар жалпы творчество адамдары дегенде «ішкен асын жерге қойып» жүгіретіндердің тобынан. Ол кісі Крупская колхозында басқарма бастығы, мен «Пионер» совхозында директорым. Бірде, ол аулына қарағандылық

төкпе ақын Шынболаттың келіп жатқанын, енді біздің ауылға алып келуге ойын айтты. Ағаның ұсынысын қайда да қабыл көретін мең, уақытын белгілеп, концертін бірге көріп, қонақ ретінде күткен едік. Төкпе ақынның, екі машина қорабын қосып жасаған сахнадан кетпей, екі сағатқа созылған көрермендерге тегін көрсетілген концертін ашық далада, ризашылықпен қошеметпен, құлшына құптағандарын шапалақтарымен білдіріп, рахаттана көрген ауыл адамдарының көңіл күйі, ойыма оралса, «қандай дархан ой, көпшілдік болмыс»-деп, таңданамын. Бұл бір жағынан, ақынды сүю, ақынға деген құрмет болса, екіншіден, «концерт көріп, ән-жыр тыңдап, менің өз аулым қуанғанда, неге өзіме жете таныс пионерліктер қуанбауы тиіс» деген оймен, қасына жары, Қазина әпкемізді ерте келіп, ақынның өнерімен сусындатуы нағыз қазағымызға тән аңқылдақтық емес пе?!



Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев
Сәкең басқарған ауданда

Осы бір өткен жазда, менің машинамен қасында кішкене немересі бар, бір ауылға бірге бардық. Машина кобдишасында, қол қалт еткенде көз салып қоятын, өзіміздің жерлес ақынымыз Серік Қалиевтің «Егіздің сыңары» деген жыр жинағы жататын. Соны көре сала, Сәкең, жерлес ақындар жайында ойын айтып, өзінің Байзақ ауданында әкім болған жылдары, айтыс ақындары Мұхамеджан Тазабеков пен Алтынкүл Қасымбековалардың творчестволық ұшталып, қалыптасуларына ықпал еткендігін айтқан еді. «Қандай өзәзілдің бұзғанын білмеймін Мұхамеджанның кейінгі

жолын құптамаймын». Сақалын жіберіп, мұсылмандықтың жолы сақалда тұрғандай, бекер сарсаң болып жүргендігін, келешегінен көп үміт күткен ақынның, көпшіліктің көңілін қалдырып жүргендігін айтты. Сөз кезегінде, Серікті де айтыс ақыны ретінде мойындайтынын, бірақ оның жазба ақындығын аңғармағандығын білдірді. Мен де сөз кезегінде, айтыс ақындығынан басқа Серіктің бірнеше кітабының жарық көргенін айттым. 2002 жылы, «Нұрлы әлем» баспасынан шыққан «Ғашық хат» кітабының қол жазбасын маған оқытып, менің ой-пікірлерімді қолдап, кейбір жерлеріне түзету де енгізгенін мақтанышпен айтқан едім...

- Серіктің мына қолыңыздағы «Егіздің сыңары» кітабына риза болдым. Ризашылығымды бірінші бетіне пікір есебінде былай жаздым-деп, оқып бердім.

Онда былай жазылған болатын

Серіктің мына кітабың,
Алып келіп жаймадан.
Оқып, елтер күй кештім,
Тыңдағандай ғажап үн -
Құйқылжып, бұлбұл сайраған.
Өлеңі-өрнек сан түрлі,
Адами өмір жайнаған!
Айтыскер, әм әдіскер,
Ортасы думан, өртістер.
Жаһұттай нәзік жырымен,
Шартарапты шарлаған!
Салғанмен қанша байбалам,
Серіктен озар, қай балаң?!

- Па, шіркін, молодец! - деді орысшалап.
- Рахмет, өзіңіздің үйреткеніңіз ғой, - дедім
ризашылықпен.

КӨП НӘРСЕНІ ҮЙРЕТЕТІН

Иә, расында да мен Сәкеңнен көп нәрсені үйрендім.

Партком хатшысы болып келген соң, партия жұмысын қолға алған Сәкең, партия мәжілістерін, жалпы партия жиналыстарын өткізуде, жоғарғы партия мектебінде оқыған тәжірибесін кеңінен қолдана отырып, хаттамалар, жиналыс

шешімдерін, қаулыларын жазу, құжаттап дайындау жөніндегі бекітілген партиялық нормалардан ауытқымай орысша да, қазақша да жазуда нағыз шеберлік көрсететін. Үзіп-созбай, қандай бір шара өте салысымен, тез арада жазып дайындау, ол кісінің қаңға сіңген әдеті болатын. Қандай бір пленум, мәжіліс, пленумдарда ол кісіге табанда сөйлеп, пікір білдіру, түкке тұрмайды. Екі тілде бірдей, шешен сөйлеп, ойын ашық айта алатын. Ол кісінің кейбір қатарластарымен, аудандық партия комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімін басқарған жылдарда істес болдым. Оларға, «Сізді сөйлеушілер тобына жоспарлап отырмыз» - десең, азар да, безер болып, сөз сөйлеуден қашатын. Олардың көбі іштері білер, бұл жолдарды оқыса кешіріп жатар. Ол кезде ресми жерлерде сөйлеу де, іс жүргізу де орысша болғандықтан ба, сөзден гөрі тыныш отыруды қалап, сөйлейтіндері өзіме келетін. Ал қолқа Сәкеңе түссе, ол кісінің жауабы: «Бопты, ойымызды айтамыз»-деп, төске озатын. Сөзін тыңдағанда, дәл ойыңнан шығып, рахат сезімге бөленетінсің.

Ол кісінің өсиеті:

"Әр қашан әдепті бол, білімді бол!
Адал бол, еңбегіңмен күніңді көр!
Ызақорлықтан, нәпсі құмарлықтан,
дүние қоңыздықтан арыл!" болушы еді.

Айналасындағыларды еңбекке тәрбиелеудің көрінісі ретінде, мен басшымын деместен, өзі, "Екі қолға-бір жұмыс" - деп, етене араласып кетуші еді.

Қай жылы екендігі толық есімде жоқ. Әйтеуір, 1974-1977 жылдар аралығында қатты қуаңшылық болып, малды шөппен қамтамасыз ету, үлкен проблемаға айналған кез.

Бүкіл ауыл болып, көтеріліп, шөп дайындауға шығатын. Ондайда, алдымызда әдеттегідей, партком хатшысы бола



Сәкеңнің айтары бар...

тұрып, мен басшымын деместен, шалғы орақпен шөп, құрақ орудан тіпті шаршамайтын. Артынан ілесе жүріп, ол кісінің орған құрағын баулап, үлгере алмай алқынғаным әлі есімде. Құрақты баудай түсіріп, аңқылдақ мінезімен үлкен-кіші арасында, құлаққа жағымды әзіл-қалжың, анекдоттарды айта отырып, партияның қаулы-қарарларын, үндеулерді, жалпы саясат мәселелерінен, саяси хабарлама жасатуды да ұмытпайтын. Табан асты, "Ал енді сен жалға"-деп, хабарламалар жасауды маған сырғыта салу, болмаса, қаспен-көздің арасында, "Ал кеттік, Пленум материалдарынан халық шоғырланған жерлерде хабарлама жасап келейік"-деп топқа салып жіберу, ол кісінің әдеті болатын. Оған үйренген мен, қашанда да саяси мәселелерді тезистеп, бастыларын күн құрғатпай қағазға түсіріп, тоқып алуға дағдыландым.

Бір қатты қиналғаным ойыма оралып отыр. Ұмытпасам, жылда қараша айында өтетін КПСС Орталық Комитетінің пленумы болуы керек. Толық танысып та болғанмын. Совхозымызда, ірі қара мал бордақылау алаңында үш-төрт орыс жігіттері мен келіншектер жұмыс істейтін. Табан астында, солардың ортасында саяси хабарлама (политинформация) жасауымды тапсырып, жарты сағаттың ішінде сонда алып баратындығын айтты. Газет материалдарынан қазақша бір оқығаныммен, түпкілікті ой қорытып үлгермей тұрып, онда да орысшалап хабарлама жүргізуге қиналып қалармын деген күдіктен, қырсығу ойымда болғанымен партияның сол кездегі солдаты ретінде, партияның жергілікті жердегі көзі-партком хатшысы не айтса да партия мүшесі, оның ішінде бас маман үшін жазылмаған заң болғандығы ма, жоқ әлде, силасып жүрген ағаның көңілі қалмасын дедім бе, "нар тәуекелді белге буып", ол кісі келгенде қазақша газетімді қолыма алуға ғана үлгеріп, ілесіп жүре бердім.

Далада тұрмыз. Бордақылау алаңының бір шеті. Бара сала маған сөз беріп, өзі шетте қарап тұр. Газетімдегі керектілер деп астын сызып, қоршап қойған абзацтардағы сөйлемдерге көз жібере отырып, онда қамтылған мәселелердің біздерде қалай орындалып жатқандығына мысалдар келтіріп, қырық минутқа жуық, орыс тілінде хабарлама жасап бердім.

-Сұрақтарыңыз бар ма? - деген партком хатшысының сөзіне, барлығы бірауыздан

- Өте түсінікті, қарапайым жалпақ тілмен айтты, түсіндік. Хабарламашыға және жұмыс орнымызды елеп, бізге, болып

жатқан жаңалық хабарлар жеткізгендеріңіз үшін, партком хатшысы сізге үлкен рахмет! - деп, олар тарады.

Үстімнен ауыр жүк түскендей жеңілденіп, мен де өзімше масайрадым.

ӘЙЕЛДЕР МЕЙРАМЫНДА

Бірде, Халықаралық әйелдер күні - 8 Наурызда баяндама жасағаным бар. Мерекеге бір күн қалғанда, әйелдер мерекесіне менің баяндама жасауым керектігін айтты.



Ұлы тұлға Д. Қонаев,
С. Әбілеков басқарған ауданға келгенде

Әйелдер мерекесіне, әйел жолдастың бірі баяндама жасағаны дұрыс болмай ма? - деген менің сұраулы таңғалысыма:

- Жоқ, сен ж а с а й с ы ң , дайында! - деді қатқылдау үнмен.

Ол кісі айтты болды, орындау керек. Себебі, бұл алдын-ала ойланып жасалған шешім. Баяндаманы маған

жүктеуде, менің жайшылықта айтып қоятын әйелдер жайында ойымды біле тұра, соған көз жеткізу үшін жасап отырған шешімі екені, маған түсінікті де еді.

Ойлана отырып, берілген мүмкіндікті пайдаланып, мерекелік құттықтау бола тұрса да, әйелдерде кездесетін жат қылықтарға тоқталып, құлақ қағыс еткенім дұрыс болар деп түйдім. Бұл әйелдермен бөлек диспут өтпесе, талқылау болмаса, мерекелік жиын болғанмен мұнда айтпасам, енді қайда айта аламын. Азар болса, орда бұзар отыздан асқан жігіттің әйелдерге мереке алдындағы жай ескертпесі, назы деп түсінер...

Нар тәуекел!

Баяндамамды, бұл мерекенің әйелдердің халықаралық ынтымақтастығын білдіретін күн екендігін айта келіп, оны

жыл сайын өткізу, 1910 жылы Копенгагенде, К. Цеткиннің ұсынысы бойынша қабылданғанына тоқталып, 1914 жылдан бері, барлық елдерге өткізілетін болғанын баяндадым. Әйелдер күні, әйелдердің өмірде еркектермен тең құқыққа ие болғандығының белгісі ретінде өткізіліп отырғандығын айттым да, осы тең құқықтық дегенді кейбір әйелдердің біржақты түсініп, еркектерше «тайраңдағысы» келетіндерінің де кездесіп қалатынына қынжылыс білдіре келіп, «дүниеде әйелдің тасыраңдағанынан, әйелдің тайраңдағанынан, әйелдің есіргенінен асқан кесапаттың жоқ екендігін бабаларымыз босқа айтпағанын әркім өз жүрегімен түсіну керек» - дедім. Данамыз Әл-Бұхаридің:

«Әйел есірсе - екінің бірі-не жесір қалады, не кесір болады» - деген сөзін айтуды да ұмытпадым.

Дайындалу үстінде ойға оралған, мына бір өлең жолдарын да келтіріп жібердім. Ол өлең былай боп келетін:

Арақ ішкен әйелде
Адалдық болмайды.
Ар-ұятты, масандық торлайды.
Жат әдеттің жолын кеспесе,
Ондай отбасынан құрылған
Қоғам да оңбайды!
Болашақ кешпес ондайды!
Әйелдердің арақ ішуі - қауіпті!
Ұлтымыз үшін,
Боп жүрмесін сол қайғы.

Масандықтаң, ар-ұят жоғалса,
Аярлық, арамдық, арсыздық
Андыздап алға шығады.
Ұяла білмеген,
Нәпсіні тия алмайды,
Арты жедігөйлікпен тынады.

«Біз еркектермен тең праволымыз» - деп, көкігендерге менен сәлем айта жүрерсіздір. «Еркектің аты - Еркек! Әйелдер нәзіктігін сақтауға күш салуға ләзім. Себебі, әйел ажарымен емес, әсем де нәзік сезімімен шыншыл да, сыршылдығымен сыйлы». Мен соны білем. Заңғар жазушымыз М. Әуезов: «Ал қазак, мешел болып қалам демесең, тағылымыңды, бесігіңді түзе! Оны түзейім десең, әйелдің халін түзе! - деп бекер

айтпаған. Халдеріңді түзеуге ат салысу, біз - Еркектерден, әйелдер сіздердің тағылымдарыңды, бесіктеріңді түзеу сіздерге үлкен сын!». Аузын анасы тыймаған, мойнын жаға қимаған түлектен үміт аз, осыны ұмытпассыздар! Имандылыққа баулығайсыздар.

Имансызда қасиет болмайды!
Ондайдың тұқымы да оңбайды.
Жылпостарды қолдағанның,
Ақыры, өзі сорлайды.
Сорлап, опық жеп қалып жүрмейік ағайын!

Жанұя құру-қоғамдық құбылыс. Керек десеңіз бұл экономика, азаматтық борыш, әдет-ғұрып, мінез-құлық. Жалпы адам баласына керектердің тоғысатын торабы.

«Ер үйдің тірегі, әйел сол шаңырақтың соғып тұрған жүрегі» - деп, бекер айтпаған. Сіздер жүрексіздер, аяулы асыл жарлар!

Өздерің өмірдің қызығы - тұлғасы!
Ерлердің сырласы,
Түлектердің саятшылары -
Қабақтарыңа кірбің ұяламасын!
Өмір патшалары!
Жүздерің жарқын, мінездерің жібек болсын!

Нәзік жүрек пәк сезім иелері!
Еркек деген алыптың иегері!
Қыз-келіншек, жүректің қылын шертсе,
«Ана» - деген ат қандай киелі еді!
Аналар аруағыңнан айналайың,
Өмір мұхитының - «нар түйелері!»

Гүлдей құлпырып, мерекелеріңді ерлермен қолтықтаса, қуанышта қарсы ала беріңдер! - деп, ықыласымды білдіріп аяқтаған едім.

- Ой айналайың, ниетіңе жет, бала-шаға қызығын көр! Кемшілігімізді де айттың, асқақтатып көтердің де. Дау жоқ, айтқандарың өсиет. Өрісіміз кеңігендей болдық-қой деп ақ батасын жаудырған ақ жаулықты аналардың ризашылығынан төбем көкке жеткендай болғаны бар.

Айтпақшы сол кеште, Сәкең бастаған топ, әйелдер жайған

кеш дастарханының қонағы болдық. Жылы лебіздер көл-көсір болған кеште, тостар көтерілді. Бұл кештен байқағаным, менің ел алдындағы айтқандарымның әсері ме қайдам, әйтеуір әйелдер жағы ішімдіктен қашқақтағандай, ерін тигізіп қана, ізет көрсетуден аспады.

Шіркін, сөз құдіреті не деген күшті. Басшы болмасам да, қатардағы коммунист, жай ғана совхоздың бас экономисі, уыздай жас жігіттің аузынан шыққан сөздің өзі, түйсігі бар жүректерге жеткенін сырттай бақылап, менің түпкі ойымның орындалғанына, ондай етуіме мүмкіндік берген Сәкеңе, іштей риза болған едім.

Өзіме сөз кезегі келгенде, мерекелеріментағы да әйелдерді, барша қауымды құттықтай келе, тәрбие мәселесіне ойысып едім. Сөзімді былай қорыттым:

Мақсатсыз,
Беймезгіл көп жүрген -
Бәлеге кезігер.
Жат әдет,
Жасырғанмен, сезілер.
Болмысын жайбырақаттық жайлаған,
Адамдағы енжарлық,
Түбінде опық жегізер!

Әйелдер үшін, Аналар үшін бала тәрбиесі бірінші кезектегі мәселе. Себебі, ол еліміздің болашағы үшін керек. Қабілетті қоғам қалыптасу үшін керек. Осыны ұмытпайық-деп, тоқтадым.

«Ал алып қойындар» - деп, те айтпадым. Мұхаммед пайғамбардың «Мас қылатын ішімдіктерді аз ішуге де рұқсат жоқ» - деген хадисін мықтап бойға сіңірген, менің, қазірге дейінгі әдетім, дастархан басында сөйлегенде, тілек айтамын да, «сол үшін алып қоялық» деген сөздерді еш аузымнан шығарған емеспін.

Думан аяқталып, дастархан жинар алдында, тағы да Сәкең өзі тұрып, жиналысты қорытындылағандай, отырысқа да саяси мән беріп, қорытындылады.

Ортамызда жастардың өсіп келе жатқанын, келешек жастарда екенін, олардың тәрбиесіне әйелдердің, оның ішінде Аналардың қатысы жөнінде кеңінен толғап, рахметін айтты. Сөзіңнің сонында:

- Дәстүр бойынша, дастарханға бата беру жолын, бүгінгі

мерекелік жиналыстың баяндамашысы болған, өнегелі өсиет айтқан Нұрмаханға беруді жөн көріп отырмын-деп, батаны маған қарай ысырды.

Келешекке керек болуы кәдік. Сондағы батаны мұнда да келтіріп кетуді жөн санадым. Ол мынау еді:

Қазандарыңда қуаныш дәмі асылсын,
Дұшпандарың аяқтарыңа бас ұрсын.
Орындалып армандарың,
Перзенттерің даңқтарыңды асырсын!

Отбастарың айрандай ұйысын!
Таба беріңдер небір істің қиысын.
Жақсара түссің, әр қашан,
Бір ісіңнен, бір ісің!
Ұрпақтарың жұлдыздай жарқырасын!
Несібелерің таусылмасын.
Қүдірет қолдасын.
Ешқашан жаманшылық болмасын!

Қазір ойласам, Сәкеңнің менің қабілетімді тани жүріп, жоғарыда айтқандай, әйелдер жайындағы ойымды білген соң, әйелдер мерекесінде баяндама жасауды әдейі тапсырып, ізденуіме, ұйқыдағы талантқа жол ашқаны екен ғой... «Ұзын арқау, кең тұсау» болмай қай кезде де, неге болса да дайын болуға үйретуі екен ғой.

ТӘРБИЕДЕ ДЕ САБАҚТАСТЫҚ ЖАЛҒАСТЫ

Өзі солай да болды. Ол кісіден үйренгенім, сол кісіден кейін, сол совхоздың партия комитетінің хатшылығына сайланғанымда, аудандық партия комитетіне бөлім меңгерушісі, одан аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, облыстық ауыл шаруашылығы бастығының экономикалық мәселелер жөніндегі орынбасары болып қызмет істеген жылдарымда кәдеге асты, іске жарады деп сеніммен айта аламын.

Сәкеңнен алған тәжірибемді, кейінгі жастарға үйретуден мен де жалыққан жоқпын. Бірақ мысал:

Аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы болып қызмет істеп жүрген кезімде апта сайын

қызметкерлердің алдында, бір-бір адамнан кезекпен саяси хабарлама жасап тұруын талап еттім. Кәдеге асар тәрбиенің бір түрі ретінде, аппаратқа жұмысқа институт қабырғасынан жаңа келген, Сәкеңнің үлкен ұлы - Кемелханға ылғи да көп тапсырма жүктеп отырушы едім. Кемелхан болса, берілген тапсырмаға ұқыптылықпен қарап, ел алдында ұятқа қалмауын ойлап, хабарлама жасауға жан-жақты дайындалып келіп, менің ойымнан шығуға тырысатынын сезетінмін.

Кемелханның, қазіргі кезде, менің сол тәрбиенің жемісін бүкіл жұртқа көрсетіп тәуір қызметтер атқарып жүргенін мақтаныш ете аламын.

Мені әкесі Сәкең тәрбиелесе, мен баласын тәрбиеледім. Осындай сабақтастық жалғаса берсе деп тілеймін.

ОЛ ШЕКСІЗ ЖОМАРТ ЕДІ

Сәкең қашанда да, айналасына шапағын шашып, шапағатын төгуден бір жалықпаған, жані жайсаң жан. Қолындағы барын аямайтын. Туған-туысқандарының, жолдастарының, таныстарының қуаныш, қайғысына ортақтасу - ол кісінің болмысынан біткен, қанына сіңген, айнымас қағидасы іспеттес болатын.

Сәкең аудандық атқару комитеті бастығының орынбасары кезінде, грузиялық бір танысының Сочиге ұшатын самолеттің ақауына байланысты, Жамбылда алты-жеті сағатқа кідіретін хабарын есітіп, оған қазақтың дастарханын, қазы-қарта, жал-жаясымен сыйлау үшін, қаншама әуреленді десеңізші...

Неткен жані жайсаң дархандық, шіркін! Бірде бір совхоз жұмысшысының Сәкеңге келіп, қызының Саратов қаласында оқитынын, оған, Дальдің «Толковый словарь» керек болып, еш жерден таба алмағанын, «Бір болса, сізде болар»-деп, келіп, тұрғанының үстінен түстім. Ол сөзге көлместен, оқу іздеген ондай талапты нұр жауар қызға үйіндегі сөздігін ертеңіне қайтаруды да талап етпестен беріп жіберді. Сәкеңнің ықыласы түсіп, дуалы ауызынан шыққан лебізі қабыл болып, сол талапты-нұр жауған қыз, қазір үйлі-баранды, аудан судьясы болып қызмет етіп жүр.

Мұндай қайырымдылық, жайсаңдық Сәкеңде екі күннің бірінде кездесіп отыратын десе артық болмас еді.

Сәкеңнің, жадында ұстау қабілетінің күштілігіне тәнті боласың.

Бұдан 25-30 жыл бұрын болған істі, қолмен қойғандай етіп, адамдардың аттарына дейін, «майын тамыза», әсерлі етіп, айтып бере беретін.

Кітаптарды да өте жылдам, жоғары түсінікпен оқи білетінді.

Қайтыс болардан екі-үш ай бұрын, Сәкеңнің үйінде, жуалылық қаламгер Амангелді Ормантаев жазған «Керімбай болыс» повесінің алғашқы (сигналдық) данасын талқылауға, автордың қатысуымен жазушы-драматург, ақын ағамыз Арғынбай Бекбосынұлы бастаған төрт-бесеуіміз жиналды. Сәкең кітап нұсқасымен қолжазба күйінде алдын-ала танысқан екен. Кітапты мен оқып отырмын. Тиісті жерге ой айту керек болғанда тоқтатып, әркім өз ойын ортаға салып, пікірлесіп отырғанбыз. Сәкеңнің ойға ұстау қабілетінің жоғарылығын білетін мен, кітап оқи отырып, кітаптың кейбір тұстарында образға шын беріліп те, кейде, Сәкеңді сынау үшін кітапқа қарамастан, сөйлем ырқына қарай тұспалдап өзімше соққаныымда, «ой, ол жері былайша болу керек сияқты еді ғой»-деп, үш-төрт түзеткенін еске алсам, «осындай жадында ұстау, сөйлеу, жаза білу қабілеттерімен неге бұл кісі, жазушы болмады екен» - деген де ой келетіні бар. Мүмкін біз білмейтін жазғаны да бар болар...

Бірақ та, сондай қабілет, құштарлық болмаса, тап осы өзіміз оқып сүйсініп жүрген «XXI ғасыр. Әулиеата Азаматы» газетін шығаруды да армандамаған болар еді-ау.

Көпшіл, жәні жайсаң демей енді Сізді не дейін?!

Көп үшін, қоғам үшін газет шығару, теңеуі жоқ көпшілдік..

Қаншама ой, ұсыныс, тәжірибе насихатталады. Бұл болашақ үшін керек.

Арманыңыз орындалды, аяулы Ер Сәке!

Армандаған газетіңіз оқырмандарына жол тартты.

Ізбасарларыңыз ізіңізді өшірмесін деп тілеймін!

Жорналшылар газет бетінде, Сәкеңнің замандастары жайлы естеліктерді ұрпаққа ұлағат ете отырып, асқақ ойды, мәнді оқиғаларды кескіндесін деп тілеймін!

2006 жылдың қарашасы

ОЗАТ ТӘЖІРИБЕСІМЕН ЕЛЕНГЕН...



Құрманбек Тубаев

ЖАРИЯНАЛБАҒАН РЕПОРТАЖ

Сәуір айының екінші онкүндігі енді ғана басталған еді.

- Совхоз партия комитетінің хатшысын қайдан табуға боларын айтпас па екенсіз? - деген кеңсе алдында топтанғандарға бейтаныс бір жігіт, сұрақ қоя келді. Топтағы тұрғанның бірі:

- Әне, шығып келе жатқан сол кісі - деп, жігітті маған қарай бағыттады. Қарсы кездесіп, амандастық. Ол өзін:

- Облыстық «Знамя труда» газетінің әдеби қызметкері, әрі уақытша фото- корреспондентімін - деп, таныстырды.

Аты-жөні: Амантай Айзахметов екен. Редакция тапсырмасымен, бізге, облыстағы қой өсіретін шаруашылықтардың ірісі ретінде, қой төлдетудің барысы жөнінде шұғыл фоторепортаж дайындауға келіпті.



Еңбек даңқы жалауын озат
шопан Қ. Тубаевтың құрметіне көтеру сәті

Кабинетте отырып, біраз әңгімелескеннен кейін, фоторепортажды, төл алуда жылма-жыл жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп жүрген, қос «Еңбек қызыл ту»

орденінің ковалері, Тубаев Құрманбектің (Құрекең) отарынан жасау жөнінде нақты тапсырма алғандығын жеткізді.

Мен ол корреспондент жігітті, Құрекеңнің қой төлдету науқанын аяқтап, 10-сәуірге, бекітілген 642 бас саулықтан, 976 қозы алып, қой төлдетуде ірі көрсеткіш-әр жүз саулыққа шаққанда, 152 қозыдан алғанынан хабардар еттім.

Амантай біраз сенімсіздік танытқандай болып отырды да:

- Қалайша бітеді? Сіздерде сонда, қой төлдету, наурыздың басынан басталған ба?-деді.

- Жоқ-дедім, жұлып алғандай. - Әдеттегідей, бізде де күйек алу, жылда басқалардай, 25 қазаннан алынады. Саулық 152-154 күндей буаз жүретінін ескерсек, біздің шопандарымызша «туыт»-деп, айтсақ, (олар, қой төлдету науқанын өздерінше туыт-дейді) ол туытымыз, 25 наурызға тура келуі тиіс. Есептей беріңіз, Құрекең биыл 16 күнде, өте қысқа мерзімде, қой төлдетуді өздерінше айтсақ, туытты аяқтады. Аяқтағанда да, ірі, ауыз толтырып айтар жоғары көрсеткішпен! Жаңа айттым ғой-152 қозы! Басқа шопандарда бекіген саулық саны, алты жүздің ар жақ-бер жағы, яғни сол төңіректе болса, бұл кісіде саулық-642 бас. Ол кісінің әдеті-жылда 15, ары кеткенде 18 күнде, қозының бір жылдық есебін береді де отырады. Содан, сол алынған қозылардың аман болу жағын қарастырумен болады. Сақпаншыларға туған қозыларды күніне қарай бөлектеп бекітіп беріп, әбден оттыққан соң ғана, сақпанды үлкейтіп отырады. Егіздер толық жетілгенше, жалқыларға қосылмайды. Олар ерекше таңбаланып, белгіленеді. Биыл Құрекеңнің отарында 334 егіз қозы алынды. «Еңбек даңқы» жалауы жылда, сол кісінің құрметіне көтеріледі. Егде тартқанына қарамай, алдына жан салмайды-дедім.

- Түсінікті. Ол кісі жөнінде фоторепортаж дайындау жөніндегі жоспарым орындалмайтындай болып отыр-деп, ойланып қалғанын пайдаланып:

- Фоторепортаждыңыз, қойдың қоздап, қорадағы шуды кескіндейтіндігін көрсетуді мақсат ететін болса, кешіккеніңіз рас. Қой төлдетуді 16 күнде аяқтап қойған шопанды, «Міне қойы қоздап жатыр, өйтіп жатыр, бүйтіп жатыр» деудің реті келе қоймас. Фоторепортаждыңызды қойы қоздап жатқан басқа бір шопанның отарынан-ақ дайындаңыз. Алып барайын - дедім.

- Олай етуіме болмайды. Себебі, бүгін таңертең редакторымыз шақырып:

- Жамбыл ауданындағы «Пионер» совхозының қайда екенін білесің бе? - деп, сұрады. Мен:

- Иә, білемін. Сеңгірбай көлі орналасқан аймақтағы совхоз ғой-дегенімде, фоторепортажды, осындағы аға шопан Құрманбек Тубаевтың отарынан жасауымды тапсырған болатын.

- Олай болса, мақұл десеңіз, Құрекеңнің отарына барып, өзіңіз көзіңізбен көріңіз. Фоторепортаж жарияламасаңыз да, үш-төрт суретін шалып алудың зияны бола қоймас. Әрі, бастықтарыңызға түсіндіруіңізге де жөні келер тірлік болар деймін.

- Иә, солай өткенім дұрыс болар. Бас аяғы 16 күнде қой төлдетуді аяқтап, өте жоғары көрсеткішке жеткен шопан жөнінде, фоторепортаж шығаруға кешіккеніме көзім жетті. Жариялай алмайтын болдым. Ұсынысыңызға келістім. Барсақ барайық. Суретке түсіріп ала кетіп, жағдайын өз көзіммен көргенім артық болмас. Мүмкін болса, әңгімелесерміз-деді, Амантай шын ынтыққан кейіппен.

Құрекеңнің отарына жақындағандағы көрініске көз тоярдай. Таяқ тастам жер бос емес. Көк шалғындар, ақ шағаладай топ-топқа бөлінген, сақпандардағы қозылы қойлардан көрінбейді. Машинадан түсіп, жаяу аралап келе жатырмыз.

Құрекең бір сақпаншымен, егіз сақпандардың бірінің басында екен. Амандық-саулықтан кейін мен, Амантаймен Құрекеңді таныстырып, қой төлдету барысынан фоторепортаж дайындауға облыстық газеттен келгенін айттым.

- Інішек-деді жымылып, күлкі үйіріліп тұратын көңілді әдетімен Құрекең. Менің отарымда қой төлдеп бітті. Тап кәзір, қолымдағы бары-976 қозы мен жаңа жылдағыдан бір басы да кем емес - 642 саулық. Бәрі осы совхоздыкі. Жыл бойы еткен еңбегімнің нәтижесін көріп, көңілім шаттанып, хатшымның алдында мақтанып тұрған жайым бар. Мұның бәрі, осы маңдай тер мен білек күшімді белдік етіп, тынымсыз еңбектенуімнің арқасы-деді шаттана.

- У аксакала очень фотогеничное лицо. Если можно, сфотографирую. Потом продолжим беседу-деп, Амантай орысшалап, фотоаппаратын туралап алды да, ары-бері шығып, бірнеше рет суретке түсіріп алды..

- Ага-деді, орыс акцентімен. Қалай, двойняшек-егіз, көп алуға болат? деген, Амантайдың сұрағына:

- Е, інішек! Егіз деген еңбекпен келеді, көп еңбектенуді

керек етеді. Оның сыры әріде! - деді Құрекең.

- Сізден, егіз қозыны көп алудағы тәжірибенізді сұрап тұр ғой. Түсінікті тілмен айтып бергеніңіз жөн болар. Бұл кісі бірақ, орыс тілді журналист. Жазса жазар, жазбаса ойында жүрер-дедім, Құрекеңді сөзге бағыттап.

- Айтайын онда. Бәлсінетін түгім жоқ. Бірақ бұл жерде тұрмай, үйге қарай аяңдай берейік-деп алды да, үйіне қарай бастап, сөзін жалғады.

- Мен шопандық таяқты совхоз болған, 1965 жылдан алдым. Биыл міне, 13 жыл болды. Қой бағудың қыр-сырын, бір-екі жылда-ақ толық меңгердім. Оған жылма-жыл жетіп отырған, еңбек көрсеткіштерім куә.

Алғашта, бір жылдай бойдақ қойда болып, кейін саулық отарына ауыстық. Мектептен кейін, екінші ұлым Әбілез, жәрдемші болып келді. Оған білетінімді үйреттім. Алғашта, кейбіреулердің менің қозы алудағы еңбегіме күмәнмен де қараған кездері болды. Қозы бөлік кезінде шетінен «басқа ұрып» санап, өткізген соң ғана сене бастаған. Саулықтардың егіз табуының сыры әріде-деп алды да, Құрекең егіз қозы алудағы өз тәжірибесін баяндап кетті.

ЕГІЗДІҢ СЫРЫ-ӘРІДЕ

- Биылғы бекітілген 642 бас саулықтарымының 334-і егіз қозы берді. Оның сыры неде? Сыры әріде! Оларды таратып айтар болсам:

Семіздің аяғы-егіз болары мен үшін белгілі жай. Ең бастысы, саулықтарды күйекке семіз әкелуді мақсат етемін. Ол үшін, өрісті тарылтпау яғни, шұбырынды болмауын қатаң қадағалаймын. Жаздың аптабында қой көп үйездейді. Мұндайда, үйездеген қойларды міндетті түрде, түс ауа, мұздай суға қандырып, салқында тойдыру үшін түнделетіп жайып, қоңын көтеруді әдетке айналдырғанмын. Жазда қой жаю ел ойлағандай жеңіл емес. Себебі, тұяққа тұяқ қосылып, қозылармен қосқанда екі жарым отарды құрайды емес пе? Шілде кезінде, ыстық түспей тұрып, күнге қарсы жаямын. Қойды шақырайған күнге қарсы айдауға болмайды.

Әсіресе, күздің салқынын тиімді пайдаланамын. Шөпті быртылдата жұлып жеген малды, күн ашықта ұзақ жайып жүруден бір жалықпаймын. Керек деп тапсам, күзде де түнделетіп жаятын әдетім бар.

Ерінбесең, еңбектенсең, еңбегің жанады, қораң егізге толады. Егіз қозы- еселенген байлық! Егізді береді тек, қонды саулық! Осыны естен шығармау керек-деп, бір тыныстағанда, үйіне де жетіп қалған едік.

Есік алдынан, біздің келгенімізді сырттай бақылап жүрген Күнтай әпкей, жайрандай шықты. Амандасып, жөн сұрасып, журналисті таныстырдым. Күнтай әпке болса, үйге кіріп кетіп, қанына сіңген меймандостық әдетімен, легенге салып, ұйытылған, майы алынбаған қою айран құйған үш тола кесені алып шықты да, бізге әкеліп:



Шопанның көмекшісі Күнтай Тубаеваға еңбек жеңімпазы белгісін қадау сәті

- Айналайын балам, үйімізге алғаш келіп тұрсың. Құдайға шүкір! Қорамыз қозыға толып, көңіліміз көкке өрлеп, шаттанып тұрған жайымыз бар. Жарты ай дамыл көрмей, еш уақытпен санаспай, қорада көз шырымын алып, былайша айтқанда, бел шешпей еңбектенсек, қойымыз да төлдеп бітеді. Міне, дәм алыңыздар. «Алыстан келген ағайынға, ақ алып шығу, ата салты, ана парызы» - деген, ас болсын!

Асыл ананың шын пейілімен, жүрек елжіретер сөзінен кейін, бір-бір, тола кесе ұсынған айраның, дем алмастан сімірдік. Құрекең де бізден қалыспады. Айранға мейірі қанған Құрекең, сөзін былайша жалғады:

- Бұл қой шіркіннің де, өзінше қыры да, сыры да, жыры да

көп. Оның ішкі сырына үңілген сайын, біле беруге аңсарың ауып тұрады. Асылдандыру жұмысы-өз алдына бір сиқыр. Шопан, зоотехниктердің жұмысына да көңіл аудармай тұра алмайды. Сол зоотехниктерден үйренгендерімнің бірі-қойдың сыртқы пішініне, біздің селексенер Афанастың (зоотехник-селекционер Афанасий Талалаев) тілімен айтқанда, экстерьеріне қарап, таңдау. Қойдың экстерьері бір қалыпты болуына көңіл аударамын. Экстерьеріне қарап, қойдың өнімділігі мен денсаулығын бағалауға болады. Мұнда, қойдың жеке мүшелеріне көңіл бөлінеді. Экстерьері, сүйектің мықтылығы, терінің қалыңдығы, қатпарларының көптігі, тері запасының молдығы, жалпы, қойдың дене құрылысының қоршаған ортаның әсеріне бейімділігі-қойдың конституциясы деп аталады. Мен, саулықтарды өз отарыма, өзім таңдаймын. Міндетті түрде, мықты конституциялы, дене мүшелерінің бәрі біркелкі жетілген, тұрқы ұзын, тұлғалы, сүйегі мықты, терісі жұқа, жүні тығыз болуына көңіл аударамын. Осылай таңдалған саулықтарымды, алтын қордай сақтауға тырысамын.

Мысалы, қой қырқыны кезінде, сондай бағалы, алтын қорымдағы саулықтарымның, тәжірибесіз жас қырықтықшылардың қолынан желіні, үрпі қырықтықпен қырылып, қанжоса болып қалатыны жасырын емес. Ондайды емдеп жазғанмен, сүт жолдарының бітеліп қалуы, көп кездесіп қалады. Көріп тұрып, тұлғалы саулықты етке «брак»-деп өткізуге, қалай көзің қисын. Тіпті қимаймын. Міндетті түрде, қартайғанша егіздетіп қозысын аламын. Ондай саулықтан алынған егіз қозыларға, көп еңбек сіңіруге тура келеді. Ертең-ақ қатарға қосыларын біле тұрып, қалай ғана, ондай қозыларды сүтке жарытпай жетімсіретесің?! Оған біздің үй-ішіміздің дәті шыдамайды. Ерінбейміз. Ондай тірі жетімдер мен шын жетімдерді басқа жалқы саулықтарға телуге тура келеді. Ол-өте күрделі, еңбекті көп керек ететін, ерінбей, біліктілікпен атқарылатын жұмыс. Қозының амандығы, оның келешегі үшін, уақытпен санаспай еңбектенемін. Сөйтіп, оларға өсуге, мал болуға, өз қолымнан өмір силаймын. Мұндай қозылар мүмкіндігінше аз болуы үшін, саулықтардың желінсау ауруымен де күресемін. Ондайлардың желініне антибиотиктерді тікелей жіберіп, емдеуден ерінбесең, ол саулық саған жылда егізін аямайды.

- Осы айтқан тәжірибелеріңіз, кімге болса да, өмірде қажетті. Ондайды көпшіліктің білгені артық болмас.

Мүмкіндігіңізше, қысқа болса да, өзіңіздің сөзіңізбен, түсіндіріп айтып берсеңіз? - деген менің ұсынысымды қабыл көргендей, Құрекең бір жымиып алатын әдетімен:

- Менің айтқандарым, ниеттінің құлағына жетіп, олар ерінбей-жалықпай еңбектеніп, жарық дүниеге келген қозыны қатарға қосып, игілікті істерге ықпалым тиер болса, тәжірибемді неге бүгіп қалайын? Айтайын, әжетіне жаратар, тыңдаушыларым барда-деді дағы,

- Неден бастағаным дұрыс. Қозыға бірінші керегі сүт қой. Сүттен бастайын онда. Сүтті саулықтың, қозысы мықты болады. Қозы туа салысымен, кешікпей, енесінің уызымен көректенетін болуы керек. Әсіресе, уызға тойған қозы, оңайшылықпен ауруға берілмейді. Ауырмайды, індетке қарсы тұра біледі. Сондықтанда айтарым, қалайда, қозыны уызға жарыт! Алғашқы 20-30 күнде сүтке болсын қанық. Осыны істеген адам, кім болса да мен кепіл, боларына қозыға қарық!

Сүтке, бастысы уызға жарымаған қозының өсуі баяулап, ауруға шалдыққыш болып, ілжуаз нәзіктіктен, өлім-жітімге жиі ұшырауы, тікелей саулықтардың сүтінің жетімсіздігіне байланысты. Желінінің кінәраты бар саулықтарға, ерекше белгі салып қою, артықтық етпейді. Сүт шықпайтынын білген соң, ондай саулықтан алынған қозыларды дереу басқа сүтті саулыққа теліп жібер. Қозыны басқа саулыққа телуді қалай жүргізу керектігіне тоқталар болсам, өз тәжірибемде былай жүзеге асырамын.

Сүтсіз саулықтан туған қозыны, жылы сумен жақсылап жуамын да, үстіне жаңа туған қозының шаранасын сіңіре жағып, оны жаңа туған саулыққа өз қозысынан бұрын жалатамын. Сонан соң, өз қозысын жалатып, жеке орында біраз сеніміме кіргенше ұстаймын. Телінген қозыны өз қозысынан кем көрмей, бауырына басқанына сенімді болған соң ғана, сақпанға шығарамын.

Ал, туған мерзімі әр түрлі ересектеу қозыны телу үшін, оны да жылы сумен жуып, үстіне телітін саулықтың өз сүтін шылқылдата жағып, күштеп ұстап, бірнеше күн басып емізіп, жеке, тарлау клеткада біраз көндіккенше ұстаса, өз қозысындай қабылдап кете береді.

Саулық туған соң, зоотехниктердің сөзімен айтсақ, денеге ең қажетті биологиялық ағым (процесс) болу үшін, қозыны жалаулары керек. Жалау арқылы, саулықтың қозыға деген мейірімі артады. Сонымен бірге, қозының

денесі жылып, қан айналымы жоғарылап, тыныс жолдары ашылады екен.

Бет алысым дұрыс па? Айтқаным түсінікті болар-деп, маған қарады.

- Өте жатық, әдемі, бейнелеп, өте түсінікті етіп айтып жатырсыз. Сөз жоқ, сіздің бұл тәжірибелеріңіз жалпы қолдауға тұрарлық-деп, арқасынан қаға құшақтадым.

- Хатшымнан қолдау болса, ары жалғай берейін-деп, әдетімен жымиып бір күліп алды да, сөзін былайша жалғады:

- Қой баққаннан кейін, қойға байланысты ұсақ-түйекке дейін өзің меңгергенің жөн. Мысалға, мал дәрігерінің тек сенің ғана отарыңда отыруына мүмкіндігі тіпті де бола бермейді. Сол үшін, дәрі егуден бастап, ветсанитар атқаратын жұмыстарды да атқаруға тура келеді. Қой төлдету кезінде, саулық өздігінен туа алмаған жағдайда, дер кезінде көмек көрсету керек. Мысалы, қозысы дұрыс жатпаған саулықтар толғағы келгенмен, туа алмай қатты қиналады. Уақтысында көмек болмаса, ондайда, ішіндегі төлдің өміріне үлкен қауіп төнеді. Мұндайда, өзім көмекке келуіме тура келеді. Ұқыптылықпен көңіл аударсаң, меңгерілмес іс жоқ. Туа алмай жатқан саулыққа, жақсылап тырнағымды алып, қолымды бірнеше рет жуып, тазалап, вазелиндеп майлап, саусақтарымды біріктіре отырып, саулықтың қынабына салып, теріс жатқан жатырдағы қозының жатысын қолмен итеріп, жөнге келтіремін. Бұл өте асықпай, ыждағаттылықпен, қойдың толғағы келген кезінде ғана атқарылатын жауапты жұмыс. Толғатқан саулықтың күш жинауына мүмкіндік жасау керек. Қозы көрінісімен, әуелі аяғынан, кейін желкесінен ұстап, қой толғағына жәрдемдесе отырып, төмендете, желінге қарай тартып, тудырып алуға тиіспіз. Өте ескеретін жай-толғақсыз, не толғақ басылғанда, саулықты еш қозғауға, жоғарыда айтылғандай әрекеттерді жасауға болмайды. Мұндайда жасалған әрекеттер, саулықтың жатырын зақымдап, өліп кетуі де мүмкін.

Ескеретін бір жай, қиналған саулықтың денесіндегі су алмасуын қалпына келтіру үшін, қоздағаннан кейін жарты сағат өткен соң, бір шелекке 200 грамм есебінен тұз қосып, су ішкізілуі тиіс. Саулықтың қалайда суды мүмкіндігінше көп ішкені жақсы. Ол үшін, аздап кебек қосып берген жөн. Сонан соң, мынаны да білгеннің артықтығы жоқ. Қой төлдетуде, қиналмай, бір қалыпты жағдайда қоздаған саулықтың шуы

туғаннан кейін бір-бір жарым сағаттан соң түседі. Егер шуы, 4-6 сағат аралығында түспесе, 2-3 рет синестрол дәрісін немесе бір-екі күндей бір рет прозерин егу керек.

Жалпы буаз саулықтарға деген көзқарас күтім-азықтандыру, бағу ерекше болады. Буаз саулықтарға мезгілінде жете көңіл аударылмауы салдарынан іш тастап кетуі мүмкін. Сол үшін мынандай жайларға көңіл бөлген жөн:

- Саулықтар қорадан шыққанда, кіргенде, суарған, азықтандырған кезде, қысылып, бір-бірін итерісуге жол бермейтіндей жағдай қалыптасатын болсын. Буаз саулықтың мұндайдағы нағыз жауы, ешкі малы. Ешкілер мүйізіне сенеді. Қасына келген қой буаз ба, қысыр ма, бойдақ па, олар үшін бәрі бір. Өзімшілдіктен, қасына ең ақыры, су ішуге келгенде де, қойды жолатпауға тырысып, тек сүзіп, бездіреді. Мүйізделген саулықтың ақыры, дұдамал;

- Қорада жатқанда кең жатсын. Бастығырылуға жол бермеу керек;

- Саулықтарды қарға, мұздаққа, шалшық жерге, қырау ерімей жаюға болмайды;

- Малды судан таршылық көрсетіп, мұз, қар жалайтындай жағдайға жеткізу, шопан үшін басты айып;

- Саулықтың жатын жері кебу болсын. Тоң жерге жатып жүрсе, қозы құрыды дей бер;

- Тоңазыған, көгерген жалпы бұзылған азықтан сақ болған жөн;

- Саулықты үркітіп, шошытуға жол беруші болма;

- Қорада қуыс-қуыстан жел өтпесін, жел улемесін;

- Саулықтардың қоңдылығының бір қалыпты болуын қадағалау керек, арықтауға жіберуге болмайды;

- Ауырғандары болса, дереу оқшауландырылып, бөлек бағылатын болсын.

Егіз алудың тағы бір сыры-қой ұрықтандыру кезінде, күйі келген саулықтарды бөліп шығарып, ұрықтандыруда шектеуге жол бермеу. Бір күнде қанша шықса да ерінбестен, ұрықтандыруға тырысатын болу керек. Ұрықтандырылған саулықтарға күнделікті белгі соғып отырудың бір пайдасы, қой төлдету кезінде өзіңе көп көмек болады. Таңбаңа қарап, қай саулықтың қашан туатынын алдын ала біліп, кезінде бөліп алып, қадағалауға жақсы. Кейбір шопандар, күйек алу кезінде, жете мән бермей, кейін қой төлдету кезінде қиындық болмасын дегендей жеңіл оймен, саулықтардың күйі келгеніне қарамай, 25-30 бас шыққаннан соң, ұрықтандыруды шектеп

қоятыны бар. Ол дұрыс пікір емес. Ондай шопан, өзінің қолын өзі байлап, кескенмен барабар. Қайткенде де, алғашқы күйге келген саулықтың күйі қайтпай тұрып, ұрықтандыруға үлгеру керек. Екінші рет, 12 күннен соң, қайта күйттеген саулыққа қарағанда, алғашқы күйі келгенде ұрықтандырылған саулықтың, егіз беру мүмкіндігі жоғары болады.

Мен жылда, 15, ары кеткенде, 18 күнде қой ұрықтандыруды аяқтап, қой қоздатуды да сонша күн ішінде аяқтаймын. Ол тәжірибем, оң нәтиже беріп келе жатқанына өздеріңіз куәсіздер.

Тағы бір менімше маңызды мәселе, ол-ұрғашы туған егіздердің болашақ тағдыры. Жоғарыда айттым ғой, өз отарымнан өрген егіздердің тағдыры менің көз алдымда. Зоотехниктермен келісе отырып, олардың ұрғашыларын бір отарда шоғырландырып, бонитировкадан соң, белгілі бір шопанға тұсақ болып өтуін сұраймын. Дәл солай етудің арқасында, ол отардың нәтижесін де көз алдында бақылауда ұстап, келешекке тиімді, шұғылданса мал басының кебеюіне көп септігі тиетін әдіс екеніне, көз жеткізгендейміз.

Мысалы, биылғы алынған 334 егіздің тең жартысы ұрғашы болғанның өзінде, тек менің отарымнан кемі, 300 бас егіздің сыңары тұқым қуар, болашақ егіз берер саулық болуына жұмысты жалғастыра беруге тиіспіз. Зоотехниктердің ойы да, менің осы ойыммен ұштасады. Басқа отарларда да осы жұмыстарды жалғастырып жатқандарына көз жеткізіп келемін.

Егіз қозылардың отар ауыстыру қозғалысына арнайы бақылау қойып, олардан отар құру, совхоз тәжірибесінде өз нәтижесін беріп жүр. Жылма-жыл төл алу көрсеткішінің жоғары болып, әр жүз саулыққа есептегенде, совхоз бойынша, жоспардағы 94 қозы орнына, жүзден асыра қозы алуымыздың бір сыры осында жатыр-деп, Құрекең сөзін аяқтаған еді...

ЖАС ОТАУДЫҢ ТОЙЫНДА

Сол жылы қозы бөлу, әдеттегідей тамыздың бесінде басталып, айналдырған алты күннің ішінде аяқталды. Құрекең бірде-бір бас шығын бермей, 976 қозыны санап өткізді. Қозы бөлікке әр жүз саулықтан 95 тен 100 ге дейінгі өсірген әр он қозының бірің, ал одан артық өсірген әр бес қозының бірін

тірідей алу туралы бекітілген қаулыға сәйкес, сол жылы 70 бас тірі қозы алды. Саулықтарын іріктеп, жарамсыздарын бөліп, жаңа еңбек жылына жаңа отар жарақтады.

Қой шаруашылығындағы күз алдындағы жұмыстарды аяқтай сала, ол кісі маған жолығуға келіпті. Келгендегі мәселесі, екінші ұлы Әбілезді үйлендіру, оны жеке отау етіп бөліп шығару, өз алдына бір отар қой бекітіп беру туралы ақылдасып, ой бөлісу екен.

Ақылдаса келе, баласының үйлену тойын, алдағы қауырт жұмыстарды ескеріп, уақыт аз қалғанына қарамай, күздің алғашқы айы- қыркүйектің екінші жұлдызына өткізу шешілді.

-Келінді, осы аудандағы Ерназар аулының шымырларынан алатын болдым. Құда түстік. Құдай қаласа, сіздерге бұрын күйеу едім, енді құда боламын. Кейбір оспадарларыңыз, жөнді-жөнсіз күйеусініп, тыныштық бермеуші еді, енді ондайлардың аузына «құм құямын» - деп қуанышың, рахаттана күлумен білдірді.

Құтты болсын айттым. Той өткізу мәселесін, жан-жақты ақылдастық. Той, орталықтағы өз үйінің жоңыршқалы шарбағында өтетін болды. Тойға үш жүзден аса қонақ шақырылмақшы екен. Той өткізуге керекті жабдықтарды орнату, оны көркемдеу, жарық жүргізу жұмыстарын совхоз қызметкерлері атқаратын болып келістік.

Тойға айналдырған он бес күндей уақыт қалғанын ескеріп, тиісті адамдар шұғыл жұмылдырылып, столдар мен отыратын орындар дайындалып, той өтетін жерді айналдыра кілемдермен қоршауға, қадалар орнатылды.

Тойымыздың тәрбиелік мәнінің жоғары болуы ниетін көздеп, айнала қоршалатын, біріңғай пішімді көлемі 2х3 кілемдерге іліп қою үшін, бірнеше плакатты сәндеп жаздырып, той болатын күні ілдірдім. Сондағы ілінген, тәрбиелік мәні бар, ұлағатты сөздер, келешек кәдесіне жарап жүрер деген ниетпен, ел арасында көп тарамағандарын теріп, келтіре кеткен артық болмас. Ол сөздердің біразы, мынандай болып келетін

- Ал қазақ, мешел болып, қалам демесең, тағлымыңды, бесігіңді түзе!

Оны түзейім десең, әйелдің халін түзе! (М.Әуезов).

- Тойда болып, дастарханнан дәм татқан әрбір пендешірікін осы тойдың қарымтасын ағайын-туыс, тамыртаныс, дос-жаранның басын қосып, бір қайтарсам-

деп ойлайды. Ойларыңыз орындалсын! Ниеттеріңізге жетіңіздер!

- Жақсы әйелдің ішінде, алтын бесік ұл жатады,

Жақсы еркектің ішінде, алтын ерлі ат жатады;

- Әйеліңе құл болмасаң үй болмайсың,

Халқыңа құл болмасаң би болмайсың;

- Бар жиғаның тойға шашылсын!

Дұшпандарың алдыңа келіп, бас ұрсын!

- Қуана білу-рухыңның күштілігінің белгісі.

Міншілдер дос бола алмайды.

- Әділ сөз жүйесін табар,

Әділетсіз айтылса, қайтып, иесін табар;

- Әйелдің мылжыңынан сақтағай (Демокрит).

- Бүгінгі тойдан ғибрат алып, рухани байып, демалуларыңызға тілектеспіз!

Әңгіме, той өткізу жайында болып отырғандықтан, мына бір той қызметі туралы мәселені де айта кеткенім артық болмас.

Ол кездегі той басқарушы тамадалар, қызметін, бәрі де жақсылық, игілік үшін, тегін атқаратын. Кәзіргі кездегідей, «осынша доллар бересің»-деп, саудаласу санаға да кірмейтін. Өзім де, осы партком хатшысы болып сайланғанға дейін, бірнеше жұп, жас жұбайлардың тойларын өз қолыммен атқарып едім. Қызметіме бірдеме дөмету туралы ой болған емес. Ең ақыры, отырып тамақ ішуге де уақыт таппай, дегбірсіздене жүріп, айраң қымыз сіміріп-ақ, тойдың қызықты өтуіне бар ынтамды салатынмын. Тек бір рет, кәзір үйлі-баранды, екеуі де зейнеткер, Ахмет пен Ынтықкүл Оспановтардың үйлену тойын атқарып, тойды таратып, кетіп бара жатқанда, жұбайымның қолына той иесінің жеңгесі: «Отырып тамақта іше алмадыңыз. Қызметіңізге рахмет! Мынау тойдан тобықтай деген, ризашылық ниетім болсын»-деп, орама ұсынғаны ойымда қалыпты. Ол орама ішіндегі, костюм екенін үйге барған соң бір-ақ білгенбіз. Сөйтіп, той атқарып жүріп, бір костюм кигенмін...

Ал кәзір болса, бір-екі әні үшін, тойған соң, «Осынша бересің» деп, аузын «жыбырлататындардың» өзі де, ұялмай сұрайтын боп алды. Осы «бересіңге» байланысты, бір уақиға ойыма оралған соң, айтпай кеткенім болмас. 2001 жылдың жазында, өзім тәуір көріп, тілеулес болып жүрген бір әнші жігітті, кенжемнің үйлену тойына, ән айтып беруге шақырдым. Келуін келгенмен, тойда екі-үш ән айтқан соң,

басқа жаққа баратынын, енді қайту керегін айтып, біреуді жіберіпті. Құдалармен болып, сәлем айтқан адамынан, «жол кіре жасасың, қызметі үшін рахметімді жеткізерсің»-деп, бір мың теңгедей беріп жіберсем, әлгі жігітім, «мен 50 доллардан кемге ән айтпаушы едім» - деп, қарап тұр дейді. Таңғалдым, әрі өкіндім. Айналдырған бір-бір жарым сағатта бір мың теңге тапса, аз ба? Танысымның ұяты қайда кеткен? Не деген нысапсыздық, не деген көргенсіздік! - деп, кіжіндім де қойдым.

Мүмкін, нарық заманы болған соң саудаласа ма? Ей, қайткенде де адам, адамгершілігін ұмытпай, үлкенге деген ізгілік ізетін пұлдамау керек шығар. Жасаған жақсылығыңды міндет етпей, нәпсіңді тисаң, жаның дем алады. Барша жақсылық - қайырымдылықта ғой! Сол қағида қаңға сіңген біздің буын өкілдерінің ойы да, шыны да солай.

Иә, Құрекеңнің баласының тойы туралы айтып келе жатып, жалпы халықтық проблемаға да барып қайттық қой. Өмірде жиі кездесіп тұратын болғандықтан онымыз артықтық болмас.

Содаң, Әбілездің тойын өткізуге, Құрекеңе берген уәдеден шығуды көздеп, той жүргізушіге арнап, қысқаша сценарийдің жобасын жасап, өзім той бастар ретінде өлеңмен той құттықтауын дайындадым.

Ауылдағы әдет бойынша, тойға шақырылғандардан басқа, ауылдағы бала-шаға толып, отыратын бос орын қалмады. Той басталды. Алдын ала келісім бойынша, тойды ашу, әрі жастарға алғашқы бата-тілекті, екі жастың ата-аналарына беруді ұйғарғанбыз.

Жар-жардың ырғағымен жас жұбайлар ортаға еніп, орындарына отырған соң, ата-аналар шақырылды. Қос жұп ата-ана, шалқыған сазды музыка әуезімен ортаға келгенде, көпшілік орындарынан тік тұрып қошеметтеді. Сөз жоқ, бұл құрмет, еңбегімен еліне силы болған, омырауы ордендерге толған, құрметті шопан Құрекең қарияға жасалған құрмет еді.

Қошемет көрсеткен көпшілікке рахметін айта отырып, өзінің ошағында, он бір жылдан кейін өтіп отырған, екінші ұлының үйлену тойына қатысып, қуанышын бөлісіп отырғандары үшін, жасаған осы шат өміріне ризашылығын тебірене тұрып білдіріп, көпшілікке басын иді.

- Мен бай адаммын - деді Құрекең құдасына қарап.

- Байлығым, бақытым-құдайдың берген он перзенті-

балаларым! Өзім шынымды айтсам, оқығам жоқ. Сондықтан да рухани байлықты ұрпақтарымның бойынан көріп, шаттанамын, солардан аламын. Ал дүние жию ойымда да болмапты. Жалпы дүние-байлықты қумадым, қаламадым. Онан соңғы байлығым-маңдай теріммен келген еңбегімнің жемісі-мол тәжірибем. Жалықпағандарға үйретумен келемін. Деген ой болған емес: «тек өзім білейін».

Құдағиларың міне, алдыңызда. БАТЫР АНА! Бүгінгі қуанышымда шек болмауға тиіс. Бір балам екеу болып, той тойлап отырмын. Осы күнге жеткізген жаратқанға мың да бір шүкіршілік айтамын! Барлықтарыңыздың отбасыларыңызға бүгінгі менің қуанышымдай, шынайы қуаныш тілеймін! Отырғандар дүркірете шапалақ ұрып, тағы да Құрекеңді қошеметтің астына алды. Шапалақ саябырсыған кезде, жиналыстарда мінбеде тұрып сөз сөйлеп үйренген қария:

- Жолдастар! - деп, «қойып қалғанда», жұрт ду күлді.

Сөзге қатар тұрған жұбайы Күнтай әпкей араласып:

- Бұл кісінің түсіне де, түнде қойы кіреді, қозы кіреді. Жиналыста тұрғандай, Жолдастардан бастап, сөйлейді. «Ауру қалса да, әдет қалмайды» деген рас екен. Қоғам үшін, елі үшін бойындағы барын аямас, қагілез қара шалдың ондайына үйренгенбіз. Отырғандардың бәрі, жолдас екендеріңіз шындық қой-деп, жұртты бір серпілтіп тастады.



Құрекеңнің тұңғышы -

Сәли, келіні Дина

Сөзін Құрекең былайша жалғады:

-Тұңғыш ұлым, Салиім, 1967 жылы үйленгенде, қуаныштан аузыма сөз түспей, біраз абыржығаным бар. Бұл тойыма біраз дайындықпен келдім. Жазып алып, жаттадым. Бүгін алдарыңызда, келіп тұр көңілімдегі барды, ақтарғым.

Құдайға шүкір, еңбегімнің арқасында, табыссыз емеспін. «Еңбек ер атандырады, шаттыққа бөлейді,

даңқ әпереді» деген қанатты сөз рас екен. Жөңгелерім,

бұрынғы қойған аттарын (есімдерін) өзгертіп, «герой» дейтін болды. Ел көрдім, жер көрдім. Пайғамбар жасына келдім. Партиямыздың ісіне кәміл сендім. Әбиірге кезінде талаптандырған, қанаттандырған Сіздер де ортақсыздар! Қолдап, қолдарыңызбен көтеріп жүргендеріңіз үшін, рахметім шексіз! Бүгінгі қуанышыма ортақтасқандарыңызға алғыстан басқа айтарым жоқ! Үлкен рахмет!

Елге әйгілі батыр Бауыржанның батасын өзімше жаттаған едім. Бүгінгі тойымда, сол Момышұлы ағамның әруағы жебеп жүрсін-деп, батырдың батасымен ақ тілегімді бастап, жұртқа жеткізгім келіп тұр-деп, алды да, былай тебірене термелеп кетті:

Е, жаратушы жасаған!
Тілегімді қабыл ет,
Иманымды кәміл ет.
Дозақтағы оттан сақта,
Кездей соқ, оқтан сақта.
Ашу жеңген ақылдан сақта.
Қайырымсыз жақыннан сақта,
Көкдолы қатыннан сақта.
Қанқұйлы қастықтан сақта,
Қадір білмес пасықтан сақта.
Жалқау бала намыссыз,
Ожданы жоқ ұлдан сақта.
Ұятсыз қыздан сақта.
Е, жаратушы жасаған!
Өмір берсең - жайлығын бер,
Дәулеті мен байлығын бер.
Еңбек өністі болсын,
Қамба жеміске толсын.
Көсегеміз көркейіп,
Мыңғырған мал өріске толсын.
Құда-құдағилар кең пейілді болсын.
Келіндер келісті, қыздар бақытымен
Ұрпағы көп өрісті болсын.
Төскейде төл көбейсін,
Жайқалып дала егісті болсын.
Дәні толық өністі болсын.
Ұрпақтарды намысты ғып бер,
Тұлпарларды табысты ғып бер.
Ағайынды ақаусыз

Өнегелі өмірмен тату - тәтті
Табысты ғып бер! - деп, бір тоқтады да.

- Дуалы ауыз Бауыржан аталарыңның батасы сендерге жұғысты болсын дей келе:

- Бүгінгі үйленіп, үй болып отырған менің балғындарым, менің болашақ үміттерім, сендерге өз атымнан тілерім, Бауыржан аталарыңның айтқанына қосарым-деп, былай бата берді:

Дастархандарың байып,
Қазандарың қуанышқа қайнасын.
Өмірлерің жауқазындай жайнасын!
Қайғы бұлты үйірілмесін,
Қызыр баба қымтасын үй іргесін!
Жастық тұғыр таймасың,
Отбасыларыңда,
өмір бұлбұлы сайрасын!
Мамыражай ғұмыр кешіп,
Ұрпақтарыңның атағы,
Алты алашты жайласын!
Дәулет түпкілікті орнасын!
Денсаулық беріп бәріңе,
Алла тағалла әмсе қолдасын!
Аумин! - деп, бетін сипады.

Дүркіреп дамылсыз ұрылған шапалақты тоқтату мүмкін еместей болғанымен, шапалақ дуылы, тамада микрофонды құдалар жағына бұрғанда барып толастады. Тойға қатысқандар, тағы да сол Құрекеңе деген шын көңілді құрметтің куәсі болды. Шіркін, еңбекпен келген құрмет, неткен шынайы еді!

Той өте қызықты өтті. Оның бәрі, еңбек адамына деген адал ниет, пәк сезім, ыстық ықылас, шынайы ілтипат екендігі, той барысында айқын сезіліп тұрды. Әсіресе, Күнтай әпкейдің келіні, Сейітова (аты Майра болуы керек) орындаған өз жерлөсіміз, Кенен Әзірбаевтың, «Сексен жас» деген әнін, жүрек тербер шынайы толғаныспен жеткізгеніне риза болып, көпшілік сұрап, қайталап айтқызғаны ойда қалыпты. Тойға арнап дайындалған мына тойбастар-той құттықтауды, жаттап алуға үлгермеген менің жұбайым Ұлбосың, ерекше шабыт, нәзік сезіммен, қағазға көз жүгірте тұрып, әндетіп айтып берді:

Кіргізелік өлеңмен тойдың сәнін.
Тойың тойға ұлассын ағатайым!

Қыза түссін тамаша!
Аға, жеңге бекзатсың.
Құда шалғай, ел жақын.
Құда болған мың жылдық,
Құтты болсын жекжатың!

Тойыңызға келдік біз, қоңыр күзде,
Даңқтарың жайылсын жапан - дүзге!

Ағажан шалықта!
Қызмет ет халыққа.
Тойыңызды бастасам,
Бұйырмаңыз айыпқа.

Құтты болсын құсыңыз інім - жаным!
Бақ тілейді жиылған жұртың сенің.

Туған ел тамаша!
Жадыраған жайнаған,
Қызық думан қайнаған.
Жекжат-жұрат, өз досың,
Тамаша ғой айналаң.

Атың сенің келінжан көңілге шат.
Сөзің тәтті болсыншы, күлкің жұмсақ.

Жас келін тамаша!
Қонысың құтты, жақсы елің.
Шынайы өмір тұрмыста,
Бола берші бас келін.

Әбілезбен өмірде бір болыңдар.
Жарқырандар, жақсы боп жырланыңдар.

Бола берсін тамаша!
Бүлдіршіндей баламыз,
Ел аузында бол аңыз,
Шартараптаң, құрбыңның,
Таңдағаны сен жалғыз.

Тартынбандар халайық, ойнада күл
Ініміздің тойы ғой өтетін бұл!

Күнтайдайын жеңгем-ай,
Шақырған соң келгем-ай,
Барыңды сен аяма!
Тойға келген елден-ай.

Күй төгілсін, көмейден әндер ақсын.
Көңілдері жұбайлар, судай тассын!

Қызсыншы тамаша!
Қысылмандар, жер кең-ай,
Отырмалық бекер жай.
Билеп, шырқап берелі,
Бар өнерді жасырмай!

Жақсы болсаң ел жұртың сүйінеме?!
Әр жыл келсін бір бала дүниеге!

Келінжан еркем-ай,
Бола бергін көркем-ай.
Бүгін болған тамашаң,
Болсын тағы ертең-ай!

Отанынан аямас әркім күшін.
Бастайықшы бұл тойды бақыт үшін!

Қыза түссін тамаша.
Тойлар өтсін жаңаша!
Аяқтаймын өнімді,
Көпшілік жұрт қаласа.

Әнді аяқтаған Ұлбосынға деген қошемет те аз болған жоқ...

Тойбастар кәдесіне мәз болған оң жан-жағындағыларға, алдындағы сиға әкелінгендерден, «ырым болсын, тойдан тобықтай деген, мынау сізге» - деп, шын көңілімен таратып жатты.

Тойы дүрілдеп өткен Әбілез, той өтісімен-ақ, бөлек отау тігіп, өз алдына үй болды. Жеке отар қабылдады. Көзір,

сол Әбілезіміз, Лескүл екеуі, ұлдары ержетіп, қыздары бой жетіп, сүттей ұйып отырған ынтымақты, мұқым жұртқа сили отбасылардың бірінен саналады...

АҚЫНДАРМЕН КЕЗДЕСУ

Мен ол кезде, «Пионер» совхозында директор болып істейтінмін. 1993 жылдың 9-мамыры - Жеңіс күні, Көделі жайлауында, шопандардың қой төлдетуді аяқтау құрметіне, жылда өткізілетін мереке-шопандар слетімен бірге өткізуді ұйғарғанбыз. 18100 саулықтың әр жүзінен 102 қозы алынған. Мақтануға тұрарлық көрсеткіш!




Ақын Қадыр
Мырза Әли

Слетімізді өткізерден екі-үш күн бұрын, Қазақстан жазушылар одағының үш бірдей мүшесі келген. Олар - көрнекті қаламгер, майдангер ақын Сағынғали Сейітов, «Сезім лепіртер серпіннің емес, ой марқайтар парасаттың ақыны»-деп, баға алған - Қадыр Мырза Әли және өзіміздің жерлесіміз, республикалық «Ұлан» газетінің бас редакторы, ақын Сұлтан Қалиұлы болатын. Бұл зиялы топ, ақын С. Қалиұлының 50 жасқа толуына байланысты, аудан оқырмандарымен оның ішінде, көбінде оқушылармен бірнеше кездесу өткізді.

Соңғы кездесу, біздің, 9-мамырда өткізетін шопандарымыздың слетінде, шопандармен болса деген ұсынысымызға келісіп, топтарымен жұптарын жазбастан, Көделі жайлауына келген еді.

Келе, майдангер ақын С.Сейітов ескі майдангер достардай, Құрекеңмен тіл табысып, ұзақ-сонар біраз әңгіменің басын қайырғандарының куәсі болған едік. Болашақ шығармасына керек, кейіпкер етіп көрсету ойында болдыма, әйтеуір кете-кеткенше, Құрекеңді қасынан жібермеді...

Кездесуде сөз кезегі келгенде,



Майдангер ақын
Сағынғали
Сейітов

Сағынғали аға, шопандар алдындағы сөзін былай бастады:

- Сөзімді Досбол шешен жайлы аңыздан бастағалы тұрмын. Досбол шешен Қорлыбайұлы 18 ғасырда өмір кешкен би екен. Ол кісі, ағайынды татулыққа шақырған, момын қара шаруа болса керек. Артына, «Арғымақты жамандап, буданды қайдан табармың, ағайынды жамандап, туғанды қайдан табармын» дейтін сөз қалдырыпты. Сол Досбол туралы мынандай аңыз бар:

Бір топ ел жақсылары ел аралап келе жатып, қой жайып жүрген балаға жолығып:

- Ана көрінген қай ауыл? - деп сұрайды.

- «Мезгіл» - депті бала.

- Одан әрі қандай ауылдар бар? - десе

- Алда, «Қайда-қайда», онан соң, «Әттеген-ай» ауылы қатар.

- Әкең барма? Үйіне қонақ қондыра ма? - деп, сұраса

- Қондырғандақандай! Қонағасыда береді. Бар болса біреу, жоқ болса екеу немесе үш қой сояды - деп тақылдапты.

- Мына бала не айтып кетті? - дейді дағы, баланың сөзіне байыптап, мән берместен, топ ілгері жүріп кете береді. Алдан, әлгі бала айтқан ауылдар кездеспей, адасып, қайта бала көрсеткен алғашқы «Мезгіл» аулына келіп, шеткі үйдің біріне түседі. Үй иесі бәйек болып, қонақтарға жалғыз қойын сойып, қонағасы береді. Ет пісіп, тамақ келер алдында, қолдарына су құйып жүрген, әлгі алғаш кездескен бала екенін білген қонақтардың бірі:

- Е, балам, сенің жол сілтеуіңмен біз біраз адасып, дәм айдап, айналып, өз үйіңе келіппіз. Соның мәнін түсіндірші? - депті.

- Менің сөзімнің төркініне түсінбеген кінә өздеріңізден. «Мезгіл» дегенім, күн батты, енді адасасыздар. Соңында, «Қайда-қайда»-деп, іздеп, «Әттеген-ай» дегенді айтып, қайтатындарыңызды меңзеген едім. Әкем сіздерді қабылдап, қондырды. Қонағасыға бір қой, болмаса екі немесе үш қой сояды дегенім, қолында бар буаз саулығын айтқан болатынмын. Өздеріңіз менің сөзіме мән де берместен, алға кеттіңіздер. Бірақ, мен айтқандай-ақ, өкініп, «Әттеген-айларыңызды» айтып, қайттыңыздар. Енді міне, мейманымыз ретінде, қолдарыңызға су құйып тұрмын. Есімім, Досбол - депті бала.

Сол қой баққан кедей қара бала, басында айтқанымдай, бүкіл қазаққа танымал би, шешен дәрежесіне көтерілген

екең. Көріп отырмың, небір жалындаған жас жігіттер бар екен. Олардың біраздарымен, мына Құрекеннің қатысуымен, біраз сұқбаттастым да. Келешек-жастарда! Олардың болашағы алда. Бұл жастардан, ақыл-ойлы, данышпаң, шешен, дана ғалым, жүзі жарқын Досболдардың шықпасына кім кепіл?! Өздеріңізден шықпаса, немере, шөберелеріңізден аты әлемге әйгілі қазағымыздың мақтаныштары шығар. Лайым, солай болғай!

Сол шешен бабамыздан қалған мынадай:

Қол бастау қиын емес,
Көк найзалы ерің болса,
Жол бастау қиын емес,
Соңына ерген елің болса.
Бәрінен сөз бастау қиын,
Тауып айтсаң береке қылады,
Таппай айтсаң келеке қылады! - деген де сөз бар.

9

Сол бабамыз айтпақшы, жаңа сөз алғанда, өзiмдi Досбол шешеннен бастауым, жақсы ниеттен туған шешiм едi. Өсiп келе жатқан жастарымызға жарқын болашақ, қиындыққа бейiмдi төзiм, шынайы сезiм, түйсiктiлiк, естурашылдық, байыптылық, ақылдылық тiлейтiнiмдi бiлдiруiм едi.

Жақсылықтарыңыздың үстiне келгенiмiзге, өте қуаныштымыз! Қой төлдетуде, әр 100 саулықтан жоспардағы 94 қозы орнына, 102 қозы алуды қамтамасыз етiп, өрiстерiңiздi мыңғырған мал - қойға толтыруларыңыз, қуанышпен тойлауға тұрарлық жайт. Досбол шешен айтқандай, «Дүйiм жұртты, көк найзалы ерлердi, жiгерлендiре бастай бiлiп, елiн соңдарынан ерте бiлсе» алынбайтын қамал жоқ екенiн делелдепсiздер. Қамалдарыңыз қашанда берiк болсын! Алда да табыстан табысқа жетiңiздер!

Орталарыңызға келiп, марқайып қалған жайым бар. Құрекендей құрдаспен таныстым. Құрдас болғанда да қандай! Сырластым. Нағыз елгезек, еңбек адамы! Өз iсiне, өте сауатты екен. Облыс басшысының ұсынған қой шаруашылығын жүргiзудегi жаңа жобасын да, егжей-тегжейiне дейiн түсiндiрдi. Жоғары көрсеткiшке жетулерiңiзге жасына қарамай, ол кiсiнiң үлесiнiң қомақты болғанына шын көңiлiммен қуандым.

Сiздердiң отарларыңызда кәзiр үш түрлi меншiк: қоғамдық мал аралас меншiктегi мал және жекеше мал бар екен. Аралас

меншiктен алынған өнiмнiң бәрiн, шопан өзi пайдаланып, қажетiне еркiн жарататын болса, бұл деген, шопан үшiн, жатқан байлық көзi емеспе! Айтары жоқ, бұл жаңалықты, жақсылық-деп бағалауға тұрады. Еңбектерiңiзге ризамын! - дей келе, өзiнiң үш-төрт өлеңiн жатқа оқыған болатын. Әсiресе, «Ақ шашым менiң» деген өлеңiн көпшiлiктiң сұрауымен қайтара оқып, елдi шын риза еткен едi.

Көпшiлiк, Қадыр Мырза Әли мен өз жерлесiмiз Сұлтан Қалиұлының ләбiздерiн де қызыға тыңдап, арты түрлi мәдени шараларға ұласқан, ұлттық ат спорт ойындарын, бөйге, жорға жарыс, көкпарды тамашалаған едi.

Қайтар кезде, Құрекен ақындарды ертеңгi күнi келiп, қонақ болуға шақырды. Құрекеннiң шын көңiлден шақыруына риза болған Сағынғали аға, сөзiн тағы да Досбол бидiң бiр әңгiмесiмен бастап, былай дедi:

- Тағы да, әлгiде айтқан Досбол биге қайта оралуымның жөнi келiп тұр. Досбол би, ағартушымыз, бүкiл қазаққа таныс, Ыбырай Алтынсариннiң бабасы, Балқожа биде қонақта болыпты. Екi күн жатып, үшiншi күнi жүруге рұқсат сұраса, Балқожа жiбергiсi келмейдi. Оған: «Бiр қонғаным - құдайы меймандығым. Екi қонғаным - ағайын туғандығым. Ал үшiншi қонсам болмай ма, тоя iшер тамақты қуғандығым» - деп, Досбол көнбеген екен. Сол айтылғандай, айтар уәжiм, ауылдарыңызға келгенiмiзге бiраз күн болды. Құдай қалап, жолды берсе, таңертең, аулымызға қайтқалы отырмыз. Тоя iшер тамақты қуғандығымыз болмас. Пейiлдерiңiзге үлкен рахмет! Бiз көрген шопан қауымы, iрiктелген сайдың тасындай, еңбек десе құлшынып тұратын, намысты қолдан бермейтiн, қиындыққа мойымай, өршелене өрге өрлейтiндердiң тобынан екендiктерiңiзге кәмiл сенiмдiмiз. Құрманбектей құрыш қайрат, сәби көңiл, мол тәжiрибелi, ысылған, ыспандияр тарландарыңыз барда, сiздерде алынбайтын қамал болмас деймiн.


Құреке Сiзге риза болдым. Ризашылықтан, мына бiр жаңа өлең туып кеттi. Оқиын-деп, қойын кiтапшасынан сол арнау өлеңiн оқыды.



Ақын
Сұлтан Қалиұлы

Ол кезде, өлеңді алып қалу ешкімнің де ойына келмепті, ал ол кісі бізге бермепті. Сол өлеңнің жалпы нобайы төмендегідей болып келген еді:

Шопаным, құрдасым!
Біраз біз сырластық.
Ғажайып, мәнді екен,
Мазмұнды өмірің!
Өзіңе жүректен,
Лебізім құрдастық;
Еліңе арнапсың ісіңнің,
Мәндісің, сәндісің.
Көріпсің пайдасын.
Еш қарың талмасын!
Өмірің жайнасын!
Сырыңа үздігіп,
Зер салдым, шын жібіп,
Тәнтімін ісіңе,
Тілеймін ізгілік!



Аудандық партия конференциясының делегаттары

Өлең аяқталысымен, Құрекең болса, жас балаша елпілдеп, абыржып, майдангер ақынға деген ризашылығын немен білдірерін білмей абдырап:

- Төбем көкке бір-ақ елі тимей тұрғандай күй кешіп тұрмын.

Құрдасыңызды көтердіңіз ғой, көкке. Сәке ризамын! - деп, қайта-қайта қолын алып, қимасындай қоштасты.

Жылы лебізді, ақыннан артық асырып, кім айта алсын! Біздер де, Құрекеңе қосылып, ақын ілтипатына, ыстық лебізіне, тобымен келіп, шопандар қауымымен жүздесіп, ауыл еңбеккерлерінің әдебиетке шөліккеп, сусаған көңілдерін көтергендеріне, ризашылығымызды айтқан едік.

ТҮЙІН

Ақындармен болған сол кездесуден кейін, бір ай өткен соң, мен облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына, жұмысқа ауысып кеттім. Ал Құрекең қария, Төле би бабасының «Қарап отырғанша, бір нәрсеге жарап отыр. Кәсіп болмай нәсіп болмас» - деген сөзін ту етіп, жасының ұлғайғанына қарамай, «Маған еркін жүрер байтақ далам керек. Мен тұнық таза ауасыз, өзімді жайсыз сезініп, қысыламын» - деп, өзі бауыр басып, үйренген, әбиір алған кәсібі-шопандықты қимай, еңбектеніп жүрген болатын.

Өкінішке қарай, 1994 жылдың тамызында, жылдағыдай қозы бөлуді аяқтап, ауыл орталығына келгенде, кездейсоқ бір болбыр, босбелбеу, болымсыздың кесірінен, жол апатына ұшырап, о дүниеге, бақилық болып кетті. Тағдырға не шара! Сол суқансызға тап болмаса, кім біледі, әлі алдымызда адал көңілмен, аршаң басып, еркелей, алдымызда жүрер ме еді?! Әрине, өкініштісі сол, аңқылдаған адал жүректі, асыл адамнан айырылып қалдық...

Көңілге демеу болары, өмірінде сыннан өткізген, қой өсірудегі озық тәжірибесі, өнегелі игі істері, тағлымы қалды. Олар-кейінгілер үшін үлкен мектеп, даңғыл бағдарлама. Құрекең салған жолмен жүргендер, өмірден айшықты орындарын тауып, адаспастарына сенімді болары хақ.

Өсиетін өреге асырар, жақсы әкенің отын өшірмейтін, даңқын жаңғыртып, аспандатып, өсіретін, ұл-қыздары бар. Олардың ұрпақтары өсіп келеді. Олар-күн сәулелі-Қазақстанымыздың бір-бір кірпіші.

Нақсүйері-кең пейілді, мол дастарханды, табалдырығына табан басқан кез-келгенді ақпен силап, дәмін алдына тосатын, ақ ниетін ақтаратын, ошағы қазанды, тәлім-тәрбиесі азанды, жақсылыққа, ең жақсы істерге, ізгілікке ап баратын, «Батыр Ана» - Күнтай әпке бар.



Қ. Тубаев ауылдастарымен. Шеттегі інісі Дүйсен

Ауылдағы жастың да, көрінің де, бүлдіршін - балдырған баланың да аузынан түспейтін бір көше бар. Ол көше-Пионер ауылында. Артында қалғандардың есінде жүрерлік,

Құрманбек Тубаевтың есімімен аталады. Ол да болса, зор құрметтің белгісі!

Осыларды ескеріп, Жаратқанға деген ақ ниетпен, Шүкіршілік! - дейік.

Ерте ме, кеш пе, бұл фәниден бақилық болу табиғат заңы. Құрекең, сол жазылмаған заңның талабын орындап, өзі айтқандай, білек күшін белдік ете жүріп, ерен еңбектің үлгісін көрсетіп, еңбегімен еленіп, қуанышқа, шаттыққа бөленіп, зор ілтипатқа кенеліп, өз өмірдең, өз орнын тауып кетті.

Жатқан жері жаннатта, топырағы торқа болсын!

Ісі, кейінгілерге жұғысты болсын деп тілейік!

Құреке! Сіз көз көргендеріңіз, ұрпақтарыңыз барда, озық тәжірибелеріңіз іске асырылып жатқанда, мәңгі тірісіз, арамыздасыз!



Құрекең кәсіподақ комитетінің бастығы
Т. Қабышаевпен

2007 жылдың сәуірі,
Тараз қаласы.



ТҰРСЫНБЕКТІҢ ТҰҒЫРЫ



Тұрсынбек Жапаров

Бақпаса мал өспейді,
Баптамаса егін өспейді.

Малды бақсаң қойды бақ,
Май кетпейді шарадан.

Малды іріктемесең, тұқымы азады.
Қонысты сақтамасаң, өріс тозады.

(Қазақ мақал-мәтелдері)

ТАҢДАУ

Мен ол кезде, Жамбыл аудандық партия комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі болатынмын. Ауданымыздағы биязы жүнді қой өсірумен айналысатын, ірі шаруашылық саналатын менің туған аулымдағы, «Пионер» қой совхозының директоры, аудандық партия комитеті бюросының шешімімен, орнынан босағанына екі-үш аптадай уақыт болған Сәске кезінде, ішкі тікелей телефон байланысы арқылы, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Тұрсынхан Бейсебайұлы Мүсіралиев хабарласты. Ол кісі, өзінің нықтап, дауыс ырғағын сөз буындарына қарай түрлендіре интонация беріп, сөйлейтін дағдысымен:

- Уақыт болса, жылжып барады. Анау Пионерді, басшысыз қойғанымыз дұрыс болмайды. Кетер басшы кетті, иә...

Еге болмай, жұмыс оңбас. Істі іліп әкетер, іскер басшы болмаса, кемшіліктің орны толмас. Сенің өз аулың ғой! Басшылыққа кімді жібергенімізді жөн-деп, ойлайсың? Біздегі басшылар резервіндегі тізімде, кімдер бар еді өзі? Әкелші, қарап, ақылдасайық! - деп, телефонды қойды.


Кадрлар резервінің жалпы тізімі, ұйымдастыру бөлімінде сақталғанмен, мен ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы ретінде, аудандағы барлық ауыл шаруашылығы кадрларының резервімен де шұғылданатынмын.

Резервтер тізімін біраз шолып өттім де, неде болса, өзімнің бұрыннан ойымда жүрген, Тұрсынбектің кандидатурасын ұсынғаным дұрыс болар-деп шешіп, хатшының алдына бардым. Тізімді алдына қойып жатып өз ойымды былай жеткізіп үлгердім:

- Ол шаруашылыққа басшы болуға, менің ойымша, мына резервтегілердің ішінен, Тұрсынбек Жапаров ыңғайлы болатын шығар.

- А, Тұрсынбек дейсің бе? - деп, маған қарсы сұрақ қойып, бетіме, неге? - дегендей кейіппен қарады. Мен де бастырмамата:

- Иә, Тұрсынбек Жапаров! Ауыл шаруашылығының білікті маманы, жоғарғы білімді мал дәрігері. Аудандық ветеринарлық стансада меңгеруші болғанына көп болмаса да, сапалық жұмыстарды саралап, өз дәрежесіне көтеріп, жолға қойды. Өзін жан-жақты, жақсы жағынан көрсете білді. Тәжірибесі мол Ең бастысы, ауылдың жайын жақсы біледі. Мына жұмысының алдында, үш жылдай сол совхозда партия



Тұрсынбек тұңғышы Жанатбекпен

комитетінің хатшысы болған. Ол совхоздың жағдайы оған жете таныс. Адамдармен тіл табу қабілеті өте жоғары-деп, мақтай жөнелдім.

- Ойың жалпы дұрыс та сияқты. Менің пайымдауымша ол жігітін: сөзге шорқақтау, тұйық, қитар бір беттігі де бар. Дүлей, томырық, дүңк, ұрт мінезді дей бергенде, ойын басқа арнаға бұруды көздеп, кімде болса, ойымды мезгілінде ашып айтатын қызу қандылығыма салып:

- Тұрсынхан Бейсебайұлы, сөзіңізді бөлгеніме кешірім өтінемін. Мінезсіз адам басшы бола аларма еді?! - дедім дағы, бастырмалата:

Мінезсіздің баламасы - енжарлық!

Енжар адам,

Опасыз доспен, қатыгез жаудан қатерлі!

Басшы болса, мінезсіз - енжар ғайыптан,

Көрер халық, азаптанып, кері кеткен әсерді!

- деп, өлең оқып жіберіп ем, бетіме таңғалыспен қарап тұрды да:

- Ақын дұрыс меңзеген! Бұны айтқан қай ақын? - деді.

Мен үндемеген соң, сөзін ары өзі жалғап:

- Бірақ, басшыға мінез де керек. Істің артын ойламай болмайды.

Мінезсіз басшы қолбала, ондайларды қолдама деген бар.

Өзің айтқан жаңағы енжарлық туралы:

Енжардан еш жақсылық күтпе! Күткенмен, шықпас түкте-дегенді де естіп едім.

Сенің Тұрсынбегің бір тоға, тұйық, айбарлы. Қабағы қатыңқы, шын айбатты, салмақты, жан-жақты, істі байыппен шешетін, көңіліне қонбайтын істерде былқылдатпай, дүлей дауыл болып дуылдай соғып, боран болып бұрқырап, кесімін айтып, өз шешімін орындаттыратындардың тобынан болар деп, есептеймін. Ең бастысы - елірме, жел өкпе, даңғой емес. Менің көз алдыма, Тұрсынбек сондай елестейді.

"Үлгісізден би қойсаң, өсиеті болмайды. Қаһарсыздан хан қойсаң, қасиеті болмайды". Мұны бабалар тегін айтпаған. Еске алмасақ бұл жайды, теріс басшылықтан, басшының қабілетсіздігінен, ұрда-жықтығынан, көңілі «тоқтығынан», қайғысы «жоқтығынан» қаншама адам сорлайды. Басшыға қаншама адамның тағдыры байланысты! Жан-жақты ойлануды керек етеді. Басшыны таңдауда, мың ойланып, мың толғану, артықтық етпейді. Жақсы, ойланайық. Бюро мүшелерінің де ойларын білейік-деп, тағы бір-екі адамның аты-жөнін өзіне түртіп алды.

Бір күннен соң, Тұрсынхан Бейсебайұлы «Пионер» совхозына директорлыққа, Тұрсынбектің кандидатурасымен келісетіндігін білдіріп, өзімен сөйлесуімді, келісімін берсе, бюро мүшелерімен таныстыруымды тапсырды. Бірінші хатшының мен ұсынған Тұрсынбекке келісім бергенін ести сала, істі жылдамдата аяқтауға кірісіп те кеттім. Тұрсынбекті шақырып алып, аудандық партия комитетінің ұйғарымы жөнінде әңгіме жүргіздім. Бірінші хатшының ол туралы қандай мінездеме бергендігін де жасырмай айттым. Сөз арасында, ұсынылғалы отырған қой совхозының директорлығы қызметінің қорытындысы, бірінші кезекте, қой шаруашылығының қарыштап дамуымен қатар, еңбеккерлердің көңіл-күйі, елдің әл-ауқатының өсуімен бағаланатындығын да түсіндіріп өттім.

- Аудандық партия комитетінің бюросы, оның ішінде бірінші хатшымыз үлкен сенім білдіріп отырса, бойымдағы бар күш-жігерімді аямай сенімнен шығуға бар мүмкіндігімді пайдаланатындығымды бюро мүшелеріне жеткізуіңізді сұраймын. Жіберген жерлеріңізге баруға мен дайынмын-деген еді, Тұрсынбек балғын пионерлерше сөз арасында.

- Ол сөздеріңді, жалпы ойыңды, жоспарыңды бюро мүшелерімен кездесуде өзің айтып бересің. Директорлық қызметке кандидаттығыңды, сен өзіңнің істейтін ісің мен жоспарларыңды баяндап, қорғайсың. Ол үшін өзін таңертеңге дейін, бюро мүшелерімен кездесіп - әңгімелесуге, жан-жақты



Тұрсынбекті совхоз ұжымымен
таныстыру сәті

дайындауын тапсырдым да:

- Тұрсынбек - дедім, сөзімнің соңында. Менің сол ауылдан екендігімді өзің жақсы білесің. Ауыл бір орында тапталып әлі тұр. Қойбасы көбеймейді, өлім-жітім көп. Сол ауылдың перзенті болған соң, шырылдап жүріп, тәжірибелі зоотехник-селекционер Афанасий Григорьевич Талалаевті жан-жақты қолдап, алпыс тоғызыншы жылдың қаһарлы қысында да мүмкіндігінше сақтап, асыл тұқымды саулықтардың ядросы боларлық, жоғарғы класты жеті-сегіз отар жарақтаған едік. Ол

жұмыстар да шиырланып, бір орыннан жылжыр емес. Құжаттап заңдастырылмаған баяғы, сол жеті-сегіз отар. Бұл өзі, көп болып жұмылып, келісіп жұмыс істегенде ғана жөнге келетін жұмыс. Мұны мен өзіңе тәптіштеп айтып отыруым, өзімнің мамандығым болған соң, саған, асылдандыру жұмысымен жете жұмыс істемеген мал дәрігеріне түсіндіру деп ұғынарың.

Осы асылдандыру жұмысына байланысты бір басымнан өткен жайды айтып берсем деймін. Ол былай болған еді:

Ол кезде колхозда зоотехник болып жаңа істеп жүргенмін. Қойды бонитировка жасауды, неге екенін қайдам? Облыстағы малды асылдандыру стансасының мамандары өткізетін. «Келіп бонитировка жасаймын, ертең бір отар қойды дайындап қой» - деген соң, дайындағанмын. Ертеңіне, «бонитировканы мен жасаймын»-деп, аты ұмытпасам, Аманжол болу керек, жасы үлкен кісі келді. «Мақұл»-деп, отарға барайық. Бастады. Жай бақылап қарап тұрсам, әлгінің бонитировкасы домбай, нағыз қара дүрсін! «Баймолда шама». Жан-жағына қарау жоқ, отыз шақты қойдың құлағын шорт кесумен болды. Ол деген «брак» деген сөз. Шыдай алмай:

- О, көке! Неге олай етіп жатырсыз? Мына қой неге брак болуы керек? Қошқардан ұрық сіздердің стансадан алынса, бұлардың бәрі шетінен брак болғанда, келешектен не нәтиже күтпекпіз? Конституциясы берік, жүні қалың. Жүннің жіңішкелігі мен ұзындығы біркелкі, бауыр жүні көріп тұрсыз жақсы өскен. Дене құрылысы ойдағыдай, денсаулығы мықты! Мұндай қой өнім бермейді деуге болмас! - десем

- Ой, сен не білетін едің? Менікі дұрыс! - деп, намысыма тиді.

- Онда, мына қойды бракқа жіберуіңіздің себебін түсіндіріп бермейсіз бе? - деген сұрағым жауапсыз қалғаннан кейін, білімінің таяздығын бетіне шіркеу етіп, банитировка жасатпай қойған болатынмын.

Асылдандыру жұмысында сондай тұрпайылыққа жол бермеу үшін, біліктілігі жоғары адамдардың істеуіне қол жеткізген дұрыс болады. «Керек»-деп тапсаң институттармен байланыс жасаудың да артықшылығы жоқ. Асылдандыру жұмысын бірінші кезекте қолға алсаң, ұтпасаң, ұтылмайсың. Кететін шығыннан еш қорықпа. Ол өтеледі. Жалғыз ғана зоотехник-селекционердің қолынан ештеме де келмейді. Себебі, асыл тұқымды малдарға қанша мың болғанына қарамай, жеке-жеке, әр қайсысының ата тегінен бастап, олардың өнімділігі көрсетілетін, зоотехния, генетика ғылымдарына тән талданатын, есеп карточкалары толтырылады. Ондай карточка толтырылмаған саулық, қаншама асыл дегенмен асыл тұқымды мал санатына қосылмайтынын айттым.

Айналасы бір аптаның ішінде мәселе толық шешіліп, Тұрсынбек, «Пионер» қой совхозына директор болып тағайындалды.

ҚОЙ ӨСІРУДЕ, АСЫЛДАНДЫРУ БАСТЫ ЖҰМЫС

Екеуіміз келіскеніміздей, совхоз басшылығындағы істі, Тұрсынбек бірінші кезекте, қойды асылдандыру жұмысына көңіл бөлуден бастады. Маған келіп, асыл тұқымды отарлардағы жүргізілуге тиісті зоотехникалық жұмыстардың атүсті дайындалғандығынан, қағаз жүзінде дәлелдеу мүмкін еместігін жеткізді. Екеуіміз келісе отырып, бірінші кезекте, малдың асылдандыру есебін жүргізу жөніндегі техниктердің (техник по племучету) штат бірлігін алуға әрекет жасадық.



Жамбылдықтар Москваның Қызыл алаңында.
Солдан оңға қарай: Н. Тілегенов, Н. Әлібеков, А. Шупта,
Ю. Клачков, И. Үмбетбаев

Аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Исатай Сатиұлы Үмбетбаевтан штат кестесіне, сол жылға екі бірлік, келесі жылдарға төрт бірліктен қосымша кіргізуге қол жеткіздік. Жұмыс жасауға көрсетілген көмекті жақсы түсінген оң айландырған екі адаммен, совхоздағы бар бірінші және элита класты саулықтарға есеп карточкаларын толтырып, біраз істі жөнге келтіріп үлгерді. Бір келгенінде:

- Толық алты отарды, жоғарғы класты асыл тұқымды отарлар санатына жатқызуға болады. Барлығы 3600 бас. Ендігі мақсат-әзірге, осы отарларды асыл тұқымды ферма қатарына өткізуге жұмыс жасау. Облыстық тәжірибе стансасында, саулықтардың біразын, биязы жібек жүнді көп беретін, Австриялық меринос қошқарлармен ұрықтандыру қолға алынып жатыр екен. Көңілге қонатын тірлік сияқты.

Сондықтан мен де, сондай қошқардың әзірге, екі басын алып, саулықтарды мүмкіндігінше, ұрықтандырып көрсем қалай болады? -деп, ақылдасқан еді.



Зоотехник С. Әлімбеков

- Ойың өте дұрыс! - дедім мен оның жаңалыққа ұмтылғанына риза болып. Сондай-ақ, Мойынқұмда қыстаған саулық отарларын, буаздықтың соңғы айы - наурыздың басынан, орталыққа мал төлдету аймағына 150-200 шақырымнан аса қашықтықтан айдап, қоңы нашарларын тасып жеткізу, төл алу нәтижесіне кері әсері болатындықтан, оны болдырмаудың тиімді жолдарын зерттеп, шешімін айтуын сұраған болатынмын.

Тұрсынбектің бір ерекшелігі, берілген

тапсырмаларды сөз бұйдаға салмай, шұғыл шешіп, өз ойларының жүзеге асуына күш-жігерін аямай еңбектенетін. Осы қасиетінің арқасында өте ыждағаттылықты, қыруар уақытты керек ететін қой шаруашылығындағы асылдандыру жұмысын жолға қоя біліп, алғашқы жылдарда жоғарғы класты саулықтардың қатары, жылма-жыл бір отарға толығып отыруына қол жеткізе білді.

Мәселені кейінге қалдырмай, 1984 жылдың басында, саулық отарларын қыстап шыққан жері, тап Мойынқұмның өзінде төлдету жөнінде ұсыныспен келіп, өз жоспарын жайып салды. Ауданнан арнаулы комиссия құрылып, саулықтар төлдейтін орындар жеке-жеке тексеріліп, зерттелді. Комиссия ұсынысымен, қосымша құрылыс бұйымдары бөлінді. Бірнеше құрылыс бригадалары жасақталып, оларды төл алуға дайындық біткенге дейін, қосымша күш, өндірістің

басқа саласында істеушілерімен толықтырды. Оларға жағдай жасай отырып, уақытпен санаспай, Тұрсынбек өзі тікелей араласа жүріп, мал қыстап шыққан Мойынқұм өңіріндегі орындарды түгелдей төл алу науқанына дайындап шыққан еді. Ол мал қыстап шыққан жердегі төл алуға қиындық тудыратын ендігі басты кедергі-белгілі болғанындай, жас төлдердің нәзік денелеріне жабысып, қанын соратын қолдап теріп тазалмаса, түспейтін, әрбір жүзген бұтасының түбінде көптеп шоғырланатын кене екен.

- Енді, жас төлдерді кенеден қорғау мәселесін қалай шешпексің? - деген менің сұрағыма:

- Ол жерден көшкенге дейін, қозыларды таңертең анасынан бөліп алып, өріске жібермей қорада ұстап, кешке жамыратып, түнімен бірге жатқызуды жүзеге асырсам ба деген ойым бар. Күндіз қозыны анасынан бөліп алу, бір жағынан саулықтың күн бойы алаңсыз жайылып, бойына сүт жинап, қоңы көтерілуіне жағдай жасайды. Ал кешке жамыраған қозының, құныға тойып емуінен еш кемшілік көрмейді. Түнімен бірге жатқан қозы, анасынан өз организміне керекті сүтті керегінше, сіңіре алады. Оттығуға күні жеткен қозы, қалай болғанда да топтанып жүргендіктен, бір-бірінен шөп жеуді көріп, тез меңгеріп, аштыққа ұшырамайды. Күн жылып, өрісте кене көрінгеннен, міндетті түрде кешке өрістен қайтқанда әр саулықты ұстап, қолдап, кенеден тазартуға тура келеді. Ауыр жұмыс екенін түсінемін, сонда да атқаруға тура келеді.

Сол үшін, әлгі айтқандарымды ескеріп, Мойынқұмда төлдетілген отарлардағы сақпаншылар санын, бекітілген нормативтен, аздап көбейтуге көмек берсеңіз - деген өтінішін де айтты.

Ол кезде мен, өзім аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы болып, жаңа ауысып, жұмысқа кіріскен едім. Тілегін тез-ақ орындап, арнайы бұйрықты қолына бердім.

Сол жылы Тұрсынбектің ұсынысы бойынша, алғаш рет, Мойынқұм өңірінде қой төлдету науқаны табысты өткізіліп, осы уақытқа дейін жалғасып келеді. Буаз саулықтарды сонша қашықтыққа айдап, тасымалдап, көп зиян шегіп, қозы алу жұмыстарына нұсқан келетін. Осы іске асырылған тәуекелден, жылда қайталанар келеңсіздіктердің жолы кесілді. Қозының тез өсіп жетілуіне пайдалы, саулықтың алаңсыз жайылудан қоңын сақтап, тез көтерілуіне ықпал етерлік қозыны бөліп алып, жамырату әдісі де жалғасуда.

Қой отарларын австрияландыруды мықтап қолға алып,

бірнеше асыл тұқымды қошқар сатып алуды арнайы жүйеге қоя білді.

Бұрыннан қолға алынып келген, егіз қозылардан арнайы отарлар жасақтау ісін жетілдірді.

Алтын қор-қошқар отарларына деген көзқарасты түбегейлі өзгертіп, білікті, тәжірибелі шопандармен жарақтандыра білді.

Қадірменді Тұрсынбек-ау! Жасың үлкен болса да менің қызметімді, тәжірибемді силап, «Сіз» деуден жаңылмайтын, жаңалыққа жәніқұмар, жоғарыда аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы сомдап көрсеткен тап өзіңнің болмысыңа біткен мінезіңмен, 1984-1988 жылдар аралығында, жеке ғана бір ферманы асыл тұқымды ферма қатарына өткізу үшін, қаншама күш-қайрат, түйсік, төзімді жүйке жұмсай отырып, табандылық, қайсарлық танытқанымызды былайғы жұрт қайдан білсін!

Жоғары білікті, Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтының селекционер мамандарымен келісім-шарт жасау арқылы, оларды басты бағыттарға жұмылдыру арқасында, тәжірибелі А. Талалаев сынды жоғарғы дәрежелі зоотехник-селекционерден үйренген ілімі мен тәжірибесін жалықпай, уақытпен санаспай іске асырған зоотехник Сәтбай Әлімбековтың төккен терінің қорытындысы іспеттес-1988 жылдың соңына, толық құжатталған жоғарғы класты-4165 бас саулық, 300 еркек тоқты болып, енді жылда, 2000 бас жоғарғы класты саулық қосылып тұру мүмкіндігіне қол жеткізген еді. Сол кездегі қалыптасқан тәртіп бойынша, совхоздағы қойды асылдандыру жұмысының нәтижелеріне сүйене отырып, облыстық мал тұқымын асылдандыру бірлестігі бастығының атына, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне мәселе қойып, совхоздың бір фермасын, асыл тұқымды ферма қатарына өтуге ықпал етуін сұрап, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы атынан, соңғы, жеңісті хатты жазып бергенім де бүгінгідей ойымда.

Бүкіл еңбек ұжымының, асыл тұқымды қой өсіретін фермасы атағын алып, айналдырған екі-үш жылда-ақ, биязы жүнді қой өсіретін асыл тұқымды шаруашылық қатарына жетіп, кейін, 1993 жылы асыл тұқымды қой зауыты атағына жетуіне, Тұрсынбек екеуміздің елеусіз төккен теріміздің өлшемі, өлшеусіз шығар. Тек сол алған атағы үшін, мемлекет тарапынан беріліп отырған демеуқаржының есебінен соншама ел жұмыспен қамтамасыз етіліп, ауыл өшпей,

өсіп келе жатқанын ойға алғанда, көкірегіңді қуаныш сезімі кернейтіні де шындық!



Зоотехник-селекционер Сәтбай Әлімбеков асыл тұғымды қосқарларымен аукционда

Естеріңізде болса, бұл совхоздағы, қойды асылдандыру жұмысының қайдан бастау алғандығы жөнінде, осы совхоздың алғашқы директоры, өзімнің шаруашылық басқарудағы алғашқы ұстазым - Сейітқалық Орманов жайындағы естелік-эссемде, біраз жазған да болатынымын.

МАЙДАНТАЛ ШАТҚАЛЫН ИГЕРУ

Жылдың жаз, күз айларында, қоздаған саулық отарларындағы малдың басы, жас қозылардың есебінен, екі-екі жарым есеге өсіп отырады. Ондайда, орталықтағы жазғы жайылымдардың тарлық етері өзінен өзі түсінікті. Бұл мәселені, малдарды арнайы вагондармен, бірнеше мыңдаған



Т. Мүсралиев аудандық партия конференциясының делегаттары ортасында

шақырымдағы, Жезқазған облысының Сарыарқа мал жайылымына жеткізіп, бағу арқылы шешетінбіз. Қаншама малдың қоңын көтеріп, қысқа мерзімде салмақ қосқанымен, сол жақта етке өткізіліп кеткендері болмаса, қайтып алып қайтатын тоқты отарларының, шаруашылықтар үшін тиімділігі төмендеу болып жататын. Осы мәселені көтеріп жүріп, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Т.Б. Мүсралиев, жазғы мал жайылымына пайдалануға, Қырғызстан арқылы өтетін, Майдантал шатқалын ауданға бекіттіріп алды. Оған жол салынатынын, сол үшін, жол салу жобасын жасаушыларға жан-жақты көмекті аямау керектігін, жол біткенше, қиын деместен, шопандарды көшіруге вертолет жалдап, шатқалды игере беру мәселесін тапсырды.



Майдантал шатқалында. Солдан оңға қарай: Ө. Қырғызбаев, Т. Жапаров, Қ. Әбілдаев және бала Дәурен

Сол күннен бастап, аудандық мал дәрігерлік стансаның есебінен арнаулы үй тіктіріп, шатқалды игеруге жұмыла кірісіп кеткен едік. Машина жүріп жете алатын «Көк қия» деген жерге, тау етегін ала, Қамшыбек Әбілдаев деген мал маманын, отбасымен көшіріп апардық. Жұмыс қызып, елсіз меңіреу тау қойнауы адамсыз болмады. Үй тігілген жерге дейін, шопандардың баспанасы үшін, екі, үш, төрт орынды жеңіл шатырлардан тұратын, керекті қазан-ошақ, көрпе төсектері, таулы аймақта малға бірінші керек тұз қоры, машинамен жеткізілетін. Оларды ары қарай, шамада, бір апта мерзімге шарт жасасып жалданған, Боралдай авиобірлестігінің вертолеті, таулы асудан асырып, алғаш қонатын жеріне жеткізіліп отыратын. Вертолет күн шыққаннан, күн батқанға дейін дамылсыз жұмыс істейтін. Оларда әскери тәртіп, бос қарап қалу дейтін әсте болмайтын. Сондықтанда, тауға мал жіберетін шаруашылық басшыларынан жоғары жауапкершілік талап етілетін. Бұл қарбалас істе де, Тұрсынбек жоғары ұйымдастырушылық қабілетімен танылып тұратын.

Ал жалпы малдарды, жол бастайтын серкелерін алдына салып қойып, жалғыз аяқ сүрлеумен баяулата айдап отыратын. Биіктігі үш мың метрге жетерлік «Қара қыр» асуынан асқанша, қиыншылықтың небір қияметтерін бастарынан өткізетін.



Майдантал шатқалының жол салу жобасын талқылау кезі

Бірде, осы Майдантал шатқалына өту қиыншылығы жайында, Тұрсынбек айтқан мына бір жайлар ойымда қалыпты:

- Мен бұл өңірге бұдан он бес жылдай бұрын атпен, малшыларға ілесіп келгенмін деген еді.

- Сиыр малының биік тауда жүруі өте қиын болады екен. Бұрындары, қырғыз ағайындардың бір ұрда-жық бастығы, осы жолмен, жас таналарды айдатыпты. Соншама биіктікке шыдамаған жас таналар, мына асқақтаған қатпарлы жартасты асуға келгенде, шетінен

тышқақтап, өкіріп, бір күн сонда өте алмай жатқан көрінеді. Содан бұл асуды, «Торпақ тышқан» атап кеткен екен-дейтін.

- Ал «Қара қыр» асуы, жолдағы ең биік асу. Теріскейінен өмірі қар кетпейді. Сәл жылымықтан жіпсіп, түнгі салқынмен таңертең сіресіп, жалтыр мұз жатады. Бұл асудан тек, әлгі жылтыр мұзды қолдап, қайламен, лом темірмен ойып, ең болмағанда екі қой сиярлық жол жасамай, өту мүмкін емес. Олай етпеген жағдайда, қойларды одан да биікке қарай тағы бір күн шұбыртып айдап, әбден титықтатуға тура келеді. Ол қауіпті. Бұрын жүріп үйренген қойлар болмаса, алғаш айдаған қойдан, бұл қыр, өзінің «керегін» алып қалары жасырын емес.

«Қара қырдан» өткеннен соң да, күнгей бетте, Шыңғыстың көлденең суы кесіп өтеді. Ол судан таңғы салқыннан бастап, түске дейін өтпесе, жылудың әсерінен қар еріп, өткел бермейді. Қойыңды көзді ашып-жұмғанша домалатып ағызып

әкетеді. Осы қиыншылықтың бәрін, әр шопан, басқарып жүрген басшы білгені жөн-деген болатын.

1984 жылғы асудан қой өткізу ойымда қалыпты. Вертолетті алдырып, өзім сол істің басында болдым. Тұрсынбек бірнеше жұмысшы күшін ала келген екен. Жоғарыда баяндалған «Қара қырдың» сырын білгендіктен, қой асуға жеткенге дейін, жылтыр мұзды ойып, жол ашып қою керектігін айтты.

- Ол ұсынысыңды қолдаймын. Олай болса, вертолеттің бірінші рейсімен өзің бас болып, жұмысшыларыңмен ұш тағы, кешке дейін сонда болып, өз көзіңмен көріп, істі ұйымдастырып, кешкі қайтар рейсте, вертолетпен қайтасыңдар. Кешке жағдайды ақылдасармыз-деп, шештім.

Келіскеніміздей, кешке оралғандағы білгеніміз, қосымша адам күшін қоспаса, мұзды ою өте қиын болып жатқанын білдік. Тез рация арқылы хабарласып, Майдантал шатқалына баратын шаруашылықтардан адам күші алдырылып, алда күтіп тұрған мал шығынының жолын кескен едік. Тұрсынбек айтпаса, біз ол қиындықтан еш хабарсыз болатынбыз.

Жол салу ісіне де, ол менің ісім емес деместен, зор белсенділік көрсетті. Жоба жасаушыларды көлікпен қамтамасыз етіп, үнемі өзі жанында жүрді. Тау жолың, бұрын жүріп өткендегі көргендерін пайдалана отырып, тиімді ұсыныстарының жүзеге асуына бар мүмкіндігін пайдалана білді. Сол үшін, небір өркешті қия тастарды жаяу жүруден бір жалықпады. Қысқасы, Тұрсынбек Майдантал шатқалын игеруге көп еңбек сіңірген жанның бірі еді.

Майдантал шатқалына қой шығаруда тәжірибе жинақтаған Тұрсынбек, жылқы табындарын да сонда орналастырудың жолын қарастырған болатын. Ол жайында өзі:

- Таңертеңгі байланыста рациямен Майданталға жылқы айдаудың басы-қасында жүрген ферма меңгерушісі-Сапақтың даусын естідім. Не дейсің, жылқылар қанша айдағанмен үйіріліп, «Қара қыр» асуынан асатын емес. Бір күн бойы жылқышылармен әуреленіп, өткізе алмағанын айтып, енді ауылға қайтып айдауға рұқсат сұраған беті екен. Тез шешім жасап:

- Күтіңдер, өзім барып көремін!-дедім де, сонда баруға қамданып, кешке сонда болдым.

Таң ертеңнен тұрып, ішіндегі бір жуас айғырды ерттеп мініп, жетегіме бір кексе биені алып, сонда жүргендерді екі жағынан, соңынан айдауға қойдым. Аллаға сиынып, «Бисмилламды» айтып, жетегімдегі биенің ұзын шылбырын тақымыма басып,

астымдағы айғырымды қарсымдағы аспанмен тірескен құзды шыңға бастайтын жалғыз аяқты жол сілеміне салып жүргенім сол артымнан шұбырып, бар жылқы ілесе кеткені. Төмен қарау мүмкін емес. Басың айналады. Құдайға сиынып, көзімді алдан алмай ілбіп жылжи, түс кезінде жылқыларды толық өткізіп, көңілімді бір демдегенім бар,-деген еді бір сөз кезегінде.

Көрмейсіз бе? Ойға алған ісін жүзеге асыруда Тұрсынбек ешқандай қиыншылықтан қорықпай, батыл қимылдап, өзі ол қиындықтардың бел ортасында болып, өнегелі ісімен ерекшеленіп тұратын. Соңынан адамдарды ерте біліп, оларды игілікке жұмылдырып отыратын.




Майдантал шатқалының жолы игерілді

Тау жағдайында жол салу, өте қиын екендігіне сол бір жылдары көз жеткізгендей едік. Сол жол, тура бес жыл салынды. Үшінші жылы, ортадан асып, «Шоңтас» деген жерге жетіп, Қамшыбек басқарған аудандық штаб үйін, түкпілікті сонда орналастырғанбыз. Одан екі жыл өткен соң, мұз құрсаңған «Қара қырға» да жетіп, қуаныштан суретке де түсіп едік-ау! Сөз жоқ ол жол, көп мәселені жеңілдетті. Бірақ,

жол толық біткеннен кейінгі, үш-төрт жылда, көктемде қар кете салысымен, жүргізілуге тиісті алдын ала жұмыстардың жүргізілмеуі салдарынан, машина жүруге жарамсыз болып қалды. Жер массасының қопарылуы, судың жолды шайып кетуі, тауда жиі болып тұрады екен. Жол салынып жатқан жылдардың өзінде, кезекті бір су тасқынында жолды су шайып кетіп, Тұрсынбек екеуіміз бірдей, жол қайтып жөнделгенше, өте алмай, арғы бетте жатып қалған да жайымыз бар. Сондықтан алда қой көбейіп, қайта тау шатқалын игеру мүмкіндігі келсе, жолды күту мәселесіне көңіл аударса жетіп жатыр, жолдың негізі бар.

ӨНДІРІСТІ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕ БАСҚАРУҒА ТАЛПЫНДЫ



Бірінші май мерекесінен ескерткіш

Тұрсынбек, жоғарыда тоқталып кеткеніміздей, қой тұқымын асылдандыру жұмысын ғылыми негізде жолға қоюмен бірге, өндірістің басқа да салаларына жаңалықтар енгізіп, іске асырып отырды.

Жетпісінші жылдардың басында енгізілген, өндірісті басқарудың цехтық жүйесін, заман талабына қарай, ылайықтап жетілдірсе, істен шығып қалған, диспетчерлік

байланыстықалпына келтірді. Радиотелефондардың жаңа жүйесін пайдалана отырып, рация байланысының қалыпты жұмыс істеуіне қол жеткізді. Сол радиобайланыстың пайдасын, жоғарыда тоқталған, Майдантал шатқалын игеруде көз жеткізген едім.

Таудың кез келген жерінен, аулындағы әрбір рация орнаған нүктемен, қалаған уақытта байланысқа шығып, басқаруды соншама қашықтықтан, радиотелефонмен-ақ, жүзеге асыра беретін.

Тау жолын тасқын су жұлып кетіп, екеуіміз бірдей, арғы бетте өте алмай қалған бір кезде, радиотелефонмен, жұмыс басталардағы таңғы лездемені, селекторлық мәжіліс өткізгендей қысқа, әр түсінікті жауап алып, тұшымды тапсырма беріп, жүзеге асырғанын көріп, риза болған болатынмын.

Жоғарғы қашықтықта байланысты қамтамасыз ететін рацияны, 200 шақырымдай қашықтықтағы Мойынқұм өңіріне де қойып, күнделікті жағдайдан хабардар болып отыратын. Сол Мойынқұмнан келіп кететін қонақтар мен ферма мамандарына арнап, қонақ үй жабдықтап, қысқы жайылымдағы совхоз штабын жыл бойы, болып жатқан тыныс-тіршілікке қатыстыра отырып, жағдай жасаудың арқасында, өндіріс жұмыстарының уақтылы орындалуына көп көмегі болғанын әр кімдер көзір айтып та жүр.

Тұрсынбек өте сезімтал жаңалыққа жәні құмар болатын. Бірде, жиын-терін болғаннан кейін, жаздың соңғы айы-тамыздың аяғына таман, екеуіміз, машинамен Қырғызстанның жолымен, Майдантал шатқалына келе жаттық. Жолда, «Россия» деген үлкен шаруашылықтың егін алқаптары болушы



Т. Жапаров облыстық партия комитетінің бөлім меңгерушісі Ж. Бодановпен

еді. Дәл сол кезде онда, күздік бидай себіліп жатқан екен. Тұрсынбектің аңғарғыштығы сонша, біз ары қарай өткенде, тракторлы тұқым сепкіштер (сеялка) қиғайлап бір бағытта сеуіп жатқан болса, қайтар жолда, алқаптың басқа бағытына қарай сеуіп жатқанына көңіл аударып, маған өз ойын айтты. Күн кеш болғанына қарамай, сонда бұрылды.

Қырғыз ағайындарымыз, суармалы егістік жерді үнемді пайдалану үшін, шығыны өніммен өтелерін есептеп, күздік бидайды, айқыш-ұйқыш (перекрестный) әдіспен сеуіп жатқанын білдік. Әр гектарға кететін тұқым, шамада 15-20 пайызға көп жұмсалғанымен, алқапты айқыш-ұйқыш екі рет жүріп өтіп сепкенмен, жерді тиімді пайдалану арқасында, өнім анағұрлым жоғары болатындығынан хабардар болдық.

- Ұрықсат болса, мен де күздік бидайдың біразын биыл осылай перекрест әдісімен сеуіп, тәжірибе есебінде көрсем қалай қарайсыз? Келесі жылы, нәтижесіне қарап, көлемін көбейтерміз - деді Тұрсынбек.

- Е, оған сөз бар ма? Жаңалықтан жиренбеу керек! Жаңалық енгізгендерді бақылай отырып, ұялмастан жалықпай сұрап, үйрену керек! Оңды нәтиже боларына сенімің болсын! Жаңалықты енгізбей, алға жылжу қиын. Көзіңе мақтағанға даңдысымассың. Жаңалыққа құлақ түріп жүрер, сенің осы қасиетің ұнайтыны рас. Мұндайда, жалтақтама! Батыл қимылда! - дедім мен де моральдық рух беріп.

Тұрсынбек солай істеді де. Келесі жылдарда, суармалы жерлерге егілетін дәнді масақты дақылдарды түгелдей айқыш-ұйқыш әдісімен сеуіп, жоғары өнімдерге қол жеткізіп отырды. Ауыл маңына орналасқан суармалы жердің әр гектарынан «70 центнерден астық алыпты» дегенді есіткенде, сенімсіздікпен қарағандар, мемлекет қамбасына еселеп астық құйып, ел астыққа қарық болғанда ғана шындыққа көз жеткізгендей болған еді. Ол да көзір совхоз тарихының бір ғана тармағы...

- Сіз қалай қарайсыз? - деді бірде. - Суды керек етпейтін, ең далаға жақсылап егіп тастасаң, өскен соң, жанына мал да жолай алмайтың, «сафлор» қазақша атауы-мақсары деген дақыл бар екен. 17-20 пайыз өсімдік майын алуға болатын көрінеді. Біздің Көделімізге егуге лайық сияқты. Жерді айдап, себу, жинаудан басқа шығын болмаса, халықты арзан өсімдік майымен қамтамасыз етудің мүмкіндігі болады-ау, деген ой бар-деген еді.

- Оған ешкім де қарсы тұрмайды. Ойың құптауға тұрарлық. Мұндайда, жалтақтамай батыл қимылдай беруің жөнінде, айтқан едім ғой?! Солай ет! Совхоздың тізгіні сенің қолыңа

берілген! Тек, халықтың әл-ауқатын арттыруға көңіл бөліп, шаруашылығыңның рентабелді болуын қадағала. Бар тірлікті, есептей отырып жасасаң, нәтиже болады-деп, біраз кеңестер бердім.

Кезінде, отар аралап жүріп, кілең ешкі өрген базға тап келдік. Білмегенсіп:

- Тұрсынбек-ау! Мынау не қылған қаптаған көп ешкі?- десем.

- Қазақта, «Есің кетсе, ешкі бақ!» - деген сөз ойыма оралып, - осы ешкінің еш зияны бола қоймас-деп, -шопандардың ешкілерін қойға айырбастап, осы жеке, ешкі отарын құрдым. Ондағы мақсатым-қойды сақтау. Ешкі өте өсімтал түлік. Екінің бірі-егіз беретінінде сөз жоқ. Қоғамдық тамаққа, қойды қимайтыным рас. Жасынан асқан серкелер, қоғамдық тамақтың нағыз дәмін кіргізер, жеңіл қорытылатын, адам организміне пайдалы ет береді. Біле білгенге, ешкі еті, қыл-қыбырын араластырмай таза сойса, әсіресе жаздың соңына қарай, күз айларында бал татиды ғой, шіркін! - деді, өзіне тән көп күле бермейтін әдетімен, жымиып.

- Бұл ісінді де қолдайық. Түпкі ойың дұрыс! - деген едім риза көңілмен.

Қысқы кезде жұмысшы қолының бос болатындығын пайдаланып, олардың табыс табуын көздеп, құрылыс бригадасынан басқа саладағы қызылшашыларды, егіншілерді тағы да мүмкіндігі бар жұмысшыларды қамыс дайындауға жұмылдыруды жылма-жыл әдетке айналдыра білген болатын.

- Қамыс-ең арзан, жеңіл құрылыс материалы-дейтін Тұрсынбек.

- Ол әсіресе қой шаруашылығымен шұғылданушыларға өте қажет. Қой қора, қозы қабылдайтын жылы орың, осы қамыстан дайындалады. Қамысты бау күйінде, біріктіре буып фашиң, тоқып маты жасап та пайдалануға болады. Қамыстан дайындалған кез келген құрылыс материалдары сақтауға келе береді, еш шірімейді. Тек өрт қауіпсіздігін мұқият сақтауға дағдылану керек. Қамыс дайындайтын екі-үш айда қаншама адам жұмыспен қамтамасыз етіледі? Есесіне, арзан құрылыс материалын өндіріске пайдаланудан қаншама қаржы үнемделеді? Жұмыс тез аяқталады!

Бұл сияқтылар да бір ескерусіз сала, жай ғана жұмыс дегенмен, тиыннан сом құраларын ұмытпаған абзал!-деген сөздерді Тұрсынбек жиі айтатын.

Жылт еткен жаңалықты жібермей, оны өз тәжірибесінен

өткізіп, еш қомсынбастан, іске асыруда, әндемлілік танытатын. Қолға алған ісін, тиянақты нәтижеге жетпей, оңды-солды жарнамалауды жаратпайтын. Әбден көзі жеткенше, томырық мінезінен танбай, қай кезде де, сабырлылық танытып, бітпеген ісін жария ету, ойына кіріп те шықпайтын...

МАЛ ЕМДЕУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

Өзінің мамандығына сай, Тұрсынбек, совхоздағы мал дәрігерлік жұмыстарды да, ғылыми негізде жүргізуге күш салды.

Бірінші кезекте, санитарлық емдеу пунктін жұмысын жолға қоя білді. Келешекке, көп кәдесіне жарап қалу мүмкіндігін ескеріп, Тұрсынбектің өз аузынан, солардың біразымен хабардар болудың артықтығы болмас.

Бұл жайында және басқа да қойда кездесетін аурулар мен мал дәрігерлік жұмыстар жайында Тұрсынбек, әңгіме ауаны ағанда, әркез ойын былай баяндайтын:

- Әрбір отарда шопан ауырған қойды бөліп, қолынан келген емін жасап, малды күтіп-бағуды қолға алу керек. Әр ауырған қойға барып, жеке емдеуге мал дәрігерінің мүмкіндігі бола бермейтіні өзінен өзі түсінікті. Сондықтан да шопан емдеп, күтіп-баптап, аяғынан тұрғыза алмаған қойларды ғана, санитарлық емдеу пунктіне шоғырландыру арқылы шешкен дұрыс.

Емдеу пунктін қызметкерлері, өз жұмыстарын меңгерушілері көрсеткен технологияға сай ұйымдастырады. Шопанның емдеуіне берілмеген, ауру қойларды қабылдап, емдеуді ұйымдастырады. Азықтандыруда күрделі күтімді жүзеге асырады.

Әр ауру тобы бөлектелініп, ауруханадағыдай, арнайы есеп жүргізіліп, жеке емдеу карточкасы ашылады.

Санитарлық емдеу пунктінде, тентекпен (ценуроз) ауырған қойларға операция жасауды қолға алып келемін. Білікті мал дәрігері Әбденбай Ноғайбаевтың қолынан, тентек қойларға нешеме сәтті операциялар жасалынып, тентекпен ауырғандары қатарға қосылды. Миға операция жасау, өте күрделі іс. Бас сүйегін ойып, ценурдың ішіндегі суларын шприцпен сорып, өзін пинцетпен суырып алады. Жараны сорғызып, пеницилин сепкеннен соң, сүйек қабығын қайта орнына бекітеді. Жараның жігін йодтап, оны таза дәкемен шандып, шет-шетінен коллодий ертіндісімен жабыстырып, сыртын таңып тастайды. Қой таза

бөлмеде, 8-10 күн тұрған соң, тіккен жіпті алып, йодтайды.

Тентек ауруымен алты айлық қозыдан екі жасқа дейінгі қойлар ауырады. Ауру қоздырғышы-жоғарыда айтқан «ценур»-деп аталатын құрт. Ол көбінде иттен жұғады. Сол үшін, итпен де ерекше жұмыс жүргізу қажет. Тентек болып, миына зақым келген қой, айналшықтап, жайыла алмайды. Уақтылы емдемесе, арықтап өледі.

Тап, осыған ұқсастығы бар, қойда бір ауру түрі де кездеседі. Ол-эстроз деп аталады. Бұл-қазақшалап айтсақ, қой пысқырығы. Мұрынға көк шыбын личинкаларының енуінен болатын ауру. Шыбын өзінің личинкаларын қойдың танауының ішіне бүркіп жібереді. Танаудағы личинкалар, әрі жылжып, кеңірдекке, маңдай, мүйіз қуыстарына кейде миға барып жетеді. Мұндай қойдың танауынан қан аралас ірің ағады. Тынысы тарылып, жөтеледі, пысқырады, басын шайқап, тісін қайрап, айнала береді. Айналғандықтан, тентекке ұқсас дейтіні содан. Білмейтіндер, тентекпен шатастырып алып жүруі мүмкін.

Ең бір жаманы, құрттар қыс бойы, қойдың бас қуысында паразиттік тіршілік етіп, жазда жерге түсіп, қуыршақтанады да, үш-төрт аптада ересек шыбынға айналады. Уақтымен емдемесе, мал әбден арықтап, өліп те қалады.

Эстрозға шалдыққан қойды жеке-жеке емдеу мүмкін емес. Одан құтылудың да жолын тапқандаймын. Ол жөнінде біздің тәжірибемізді насихаттауға, облыстық семинар-кеңес те, бізде өтті емес пе?!

- Е, оны мен білемін ғой. Алдында қойы бар елдің де білгені жөн емес пе? Қысқаша, ол тәжірибеңді баяндап, газет арқылы таратпайсың ба?-деймін, оның ондайға бара қоймайтынын білсем де.

- Бәлсінгенім емес, жарнамалап, жылмаңдап-сумаңдауды ерескел көретінімді, өзіңіз жақсы білесіз ғой. Қанға сіңбеген істі істеу, өзіме оғаш көрініп-ақ тұратыны рас. Сіз білсеңіз болды емес пе?!-деп, әдетінше, жылы жымиған еді сонда Тұрсынбек.

- Істеген істі көрсеткеннің еш сөкеттігі жоқ. Сенің тәжірибеңнің қаншама адамға пайдасы тиер жағын ойлау артық болмайды. Мысалға, жаңағы айтқан эстроздан құтылу жолын білсе, әркім өздері қолымен атқарып, аурудан құтылуларына болады емес пе?

- Иә, ол әркімнің де қолынан келеді. Еш қиындығы да жоқ қой. Бір отар қой сиятын қораның есік-терезесін қымтап жауып,

қойды қамап, тиісті дәрілерді түтіндетіп қораға жіберіп, қойдың мұрнынан өлі құрттар түскенше ұстау әркімнің де істей алар ісі ғой. Тек құнт керек сияқты. Пысқырықтан жазудың жолы, бар болғаны осы ақ. Өте оңай да. Пысқырықтан құтылудың ең жеңіл жолы-қойды жаз айларында суға жиі тоғыту. Судан шыққан қой, қатты пысқырығанда, жақын қуыстардағы құрттар шығып, айығып та кететін жағдайлар болады.

Тұрсынбекті сөзге тарту үшін кейде, осындай жанды сұрақтар беріп қоятын кездерім жиі болушы еді. Бірде:

- Тұрсынбек! Осы, өзің қалай ойлайсың? Витаминді шөп ұнының пайдасы бар ма? Әлі бұрынғы ескі агрегатпен жұмыс істеп жатырсыңдар ма? - деген сұрақтарыма:

- Витаминді шөп ұны, аты айтқандай, нағыз витамин десе болғандай. Витаминнің пайдасын әркім де біледі ғой. Әлгі санитарлық емдеу пунктінің басты азығы, сол ұн. Малдың қоңын тез көтереді.

Бұрынғы ескі АВМ-0,65 агрегатын, өнімдісіне ауыстырғанмын. Содан шыққан шөп ұнына, ет пен сүйектен жасалған ұнды (мясо-костная) араластырған соң, анасынан бөліп ажыратылған қозылар үшін, әсіресе, үйренгенге дейінгі алғашқы жарты айға, сонан кейін де, таптырмас азық болып тұр-деген болатын.

Бірде, аға шопан Бұралхиев Әсілбектің отары ішінен ақсаңдаған бір-екі қойға көзім түсіп:

- Түрсеке, ана қойлар неден ақсаңдап барады деп, ойлайсың?- дедім, қойға жаным ашығандай сыңаймен.

Сөзге келген жоқ. Тіке барып бірін ұстады да:

- Міне, қараңыз! Бұл құлық немесе «айырма»-деп, аталатын ауру. Бұл ауру, қысы-жазы кездесе береді. Бақайдың арасынан ашадағы без қабынудан пайда болады. Мал ақсаңдайды да, уақтылы емдемесе, тұяқ арасын ірің кеулеп, жазылуы қиындайды. Ауруды осылай қарап, тез анықтауға болады.

Көрдіңізбе? - деді маған қарап. Бақайдың ортасында міне, тесігі бар. Мына қошқыл дақ, көріп тұрсыз, көзге бірден шалынады. Бұл дақ құлықтың аузы ғана. Оның тамыры 2 см өкшеге қарай кетеді.

Уақытыңыз болып, рұқсат етсеңіз, сіздің көзіңізше көзір бұл қойға операция жасап, сауабын алсам деймін.

- «Жақсыны көрмек үшін» дегендей, мына қойға да обал болған екең, жасар жақсылығыңа уақытты себеп жасамағанымыз жөн болар-дедім.

Тұрсынбек машинасынан «аптечка» сумкасын алдырып, шопанға және қасындағы оның көмекшісі Шолпанға:

- Қарап, үйреніп алыңдар. Керек болады. Ана біреуіне,

өздерің операция жасайсыңдар-деді дағы, скальпельмен көрініп тұрған құлықтың аузын айналдыра тілді. Арғы жағынан пинцетпен тартып, пісіп жетілген құлықты түгелдей суырып, бізге көрсетті. Йодты көптеп жағып, винттеп таңды да, шопанға қарап:

- Әсеке, көрдің ғой. Еш қиындығы жоқ. Өзің өткір пышақпен осылай кесіп алып, йодтап қойсаң, қойың қиналмайды. Солай ететін бол!-деді менің көзімше. Менде қарап тұрмай:

- Тұрсынбек, әлгі шопандардың құлықсыздығынан болатын қойдың ақсағын айтпайсың ба? Шопаның да білсін. Біз тыңдайық-дедім.

- Е, қойдың ондай ақсақ ауруын-«қостабан»-деп атайды. Қыстыгүні қорадағы көң ұзақ ойылмай, қойдың асты лас болса, ескі тұяқтың астынан жаңа тұяқ өсе бастайды. Жаз шыға екі тұяқтың арасы іріңге толып, қой қатты ақсайды. Сондықтан ғой-деді Тұрсынбек, шопанға қайрылып, қазақта: «Таза ұста әрқашан қойдың астын, қойдың асты лас болса, мандымассың» дейтіні. Қойдың астын таза ұстау керек. Емдеп, әуре болғаннан гөрі, малдың астын күнделікті таза ұстау анағұрлым жеңіл емес пе?-деді.

Біз алға қарай жылжыған едік...

Тұрсынбек кездейсоқ келеңсіз істі көргенде, өзі тез түзеуге құлшына кірісіп кететініне, тағы бір куә болған жағдайым бар. Екеуіміз келе жатып, бір шопанның үйінің жанында, тұсауымен жайылып жүрген иығы күп болып ісіп кеткен, атты кездестірдік. Менің аттың иығына қарағыштағаныма көңіл аударған Тұрсынбек, шопанды шақырып, мән жайды білген соң:

- Жас бөлінген қозы бағуға келген шопанның тәжірибесіздігін пайдаланып, жауыр атты берген. Жауырды қалай жазып алудан хабары шамалы бұл шопан, білместен мініп жүре бергендіктен, иықтан лоққы еткен.

- Онда қайтесің? Өзің емде! Біз куә болып қарап тұрайық-дедім.

- Сізден рұқсат болса, жарты сағатта бітірерміз. Кірісейік!-деді дағы, атты тез алдырып, арқанды аяғына өзі салып, шопанға тартқызып жықты дағы, төрт аяғын байлап тастады. Жылқыны матап жығудағы жылдамдығына адам таң қаларлық, көз ілеспейді. Оған сүйсінгенімді жасырмай:

- Біздің ауданда Нәбиді, жылқыны жалғыз өзі жығып, жайғаудың шебері деуші еді. Сені де елге жаяудың артықшылығы жоқ ау-деп, қалжың айттым...

- Көрдің бе?-деді шопанға.

- Лоққы иықтан болады. Емдемегеннен, үнемі ірің ағып,

артынан өлі етке айналады. Мұндайда тек, пышақ жұмсау әдісімен емдейді.

Міне, мынау іріңді қалта. Осы қалтаның астынан, былай пышақпен тесеміз-деп, кірісіп те кетті.

Тескен жерден әбден іріңді сарқа ағызып, тұзды сумен жақсылап жуды. Тесік бітеліп қалмау үшін, қолдан ширатылған жіңішке қылды жіпті екі тесіктен бірдей өткізіп, ұштарын ірің ағып тұратындай етіп, салбыратып қойды.

- Бұл қылды жіпті ірің тоқтаған соң ғана алып тастайсың. Жазылғанша мінуші болма-деді шопанға.

- Бұдан жазылу керек. Егер кесір болып, жазылмай қалған жағдайда, мал дәрігерің Абайділдаға мен өзім де айтармын. Лоққыны жоғарыдан төмен қарай тіліп, өлі етті сылып алады дағы, тұзды сумен сабындап жуып, күйдірілген тотияйын себеді. Лоққыны жазудың тағы бір емі-сарышұнақ тышқанды ішек-қарынын алып тастап, 2-3 күн компрес жасап тартып тастап та жазуға болады. Ол да ойында болғаны жөн-деп, өз қолымен жасаған мал дәрігерлік біліктілігіне де көз жеткізген едім.

Міне, Тұрсынбек біздің осындай тынымсыз жан болатын. Директор екенмін-деп, көкірек көріп, шірелу дегенді білген емес. Бастаған істі қалдыру, оған жат сияқты еді. Барлығын мерзімінде еш жиіркенбестен өзі бастап кететін әдеті қалған емес. Ол әрине, әр адамда кездеспейтін, жоғарғы адамгершілікті керек ететін, жақсы әдет, қарапайымдылық қасиет.


Осы баяндалғандар, ұсақ-түйек болып көрінгенімен, ол атқарған іс нәтижесінде, адамға деген Тұрсынбек жасаған қамқорлық, сезіліп-ақ тұратын.

АДАМДАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ-ЖЕҢІСКЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ

- Шопан қауымына қамқорлық-мен үшін, номері бірінші мәселе-деп, отырушы еді Тұрсынбек, әр кез әңгіме арасында.

Шопан қауымын түгелдей шағын электростанциямен, су моторымен, жылы тоң, арнайы киімдермен қамтамасыз етуде, аудандық аграрлық кеңеске мәселе қойып, лимит белгілеуде, үлкен қой совхозы ретінде, көбірек бөлуді сұрап, талап етуден жалықпайтын.

Нақты істе, мүмкіндігінше талабын орындап отыруға тырысатынмын. Көделі мал жайылымына мемлекет есебінен, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының келісімімен,



Тұрсынбек отбасы ортасында

электр желісін жүргізуде жерлесіміз, Сұран Жуатовтың көмегін де пайдаланған едік. Соның арқасында, кез келген шопан үйінде, радио сайрап, телевизор көрсетіп тұратын.

- Менің бір қабырғама батып жүрген тірлік-шопандардың жуынуына жалғыз машина-моншаның үлгермеуі. Енді оның жұмысын жеңілдету үшін, әр қыстау басына көлемі шағын ғана 1-2 адамдық монша соқпақ ойым бар. Ол үшін цемент пен кірпіштен жәрдем берсеңіз-деген талаппен келгені ойымда.

Сол жылдың өзінде, Мойынқұмнан шопандарға, төрт шағын монша салып берген еді.

Жасыратыны жоқ, көрсеткіштері жоғары Тұрсынбек үшін, әрқашан жасып жарық, жолды ашып қойғаным да шындық. Ол көмек, «қанына тартпағанның, қары сынсын емес», Тұрсынбектің шаруашылық жұмыстарына шын жаны ашитындығына, әр істегі жоғары ілкімділігіне берілген көмек болатын. Кезінде беріліп тұрған қолдау, нақты көмек, Тұрсынбекті де қанаттандырғанын сеземін. Бірақ, Тұрсынбек еш басшыны жерге қаратқан емес еді.

Шопандарды ұнмен, қант-шаймен, жалпы бірінші кезекті керек бұйымдармен қамтамасыз ету, автомагазиндердің жиі-жиі аралауын күн тәртібінен түсірмейтіндей көрінетін. Себебі,

отар аралағанда, шопанға автомагазиннен қандай товар түрінің келгенін біліп отыратынын біз де білетінбіз.

- Ауылды ауыз сумен қамтамасыз ету, жекеше мал бағушыларға қамқорлық, оларға жайылым, су моторы, киіз үй беруде, Тұрсынбек еш шетқақпайлық танытпаушы еді-деп, еске алады ауыл қариясы, бұрынғы механизатор Болысбай Жаңбыршиев.

Жастардың дем алуына жағдай жасау, оның күн тәртібінен шықпаған болар-ау деймін.

Қандай бір мәдени шара болмасын, ауыл жастары өнер көрсетіп жататын. Олардың қатары күн санап өсіп, алды өнер биігіне аудан, облыс көлеміне танымал болып, өмірдегі өз орындарын, сол деңгейден тауып жүргендерін көріп жүрміз. Оған ел куә...

Адамдарға жасалған елеусіз қамқорлықтың өзі-табыс! Сол табыстардың, ел ризығына айналғанына көз жеткізгендейміз. Бүкіл ұжымның жұмыла өткен еңбегі зая кеткен жоқ. Атағы шар тарапқа жайылды. Совхоз ұжымы мал қыстатудағы жоғарғы өндірістік көрсеткіштері үшін, алғаш рет 1987 жылы, кейін үздіксіз жылма-жыл, Қазақстан Компартиясы Орталық партия комитетінің, Министрлер Кеңесінің, Орталық кәсіподақтардың, Қазақстан Орталық комсомол комитетінің ҚҰРМЕТ ГРАМОТАЛАРЫН алса, 1988-1989-1990 жылдарда, КПСС Орталық партия комитетінің, СССР Министрлер Советінің, ВЦСПС-тің, ВЛКСМ Орталық комитетінің ҚҰРМЕТ ГРАМОТАЛАРЫМЕН қоса, АУЫСПАЛЫ ҚЫЗЫЛ ТУЫН қатарынан үш жыл жеңіп алғаны үшін, мәңгілік сақтауда қалдыруға қол жеткізді.

Совхоз ұжымы қатарынан үш рет, Халықтар жетістігінің Бүкілодақтық көрмесінің қола, күміс медалдарымен марапатталды.

Бұл жетістіктер, Тұрсынбек басқарған ұжым еңбектерінің шын жемісі болатын. Осының бәрі-Тұрсынбектің шынайы сезімталдығының, бәлденуді білмейтін көпшілігінің, әр нәрсені өз болмысына сай тоқтам жасар турашылдығының, берекесіз шолжақ, шолжыңдарға қатыбастығының, қыңыр, қаскүнем, қиястардың қырсығын жазар әндемді еркіннің арқасында, адамдармен тіл табуда ысылған, ыспандиярлығымен келген жеңіс екені шындық.

Бұл әркім жете бермейтін, тек Тұрсынбек шыққан биік те, берік тұғыр!

Кейінгілерге сабақ боларлық, жөн сілтерлік, темірқазық іспеттес, әлуатті мызғымас тұғыр!



Тұрсынбек, құйрық-бауыр жесіскен құда-құдағиымен

Тұрсынбектің еңбек жолы, жоғарыда біз тоқталып кеткен өнегелі істері, қол жеткізген қадымды жетістіктері жөнінде, Халықаралық «Түркі әлемі» киностудиясының директоры, жерлесіміз Доктырхан Тұрлыбеков «Өмір жалғасы» атты қырық минуттық тағлымы жоғары деректі фильм түсіріп, экранға жолдауының өзі, шыққан тұғыры биік асыл азаматқа деген зор құрмет! Ұмытылмас ескерткіш!

Бұл Тұрсынбектің қажырлы да қайсарлы, батыр да байсалды еңбегіне берілген әділетті баға-мәңгілік ескерткіш тұғыр!

Осындай ауыз толтырып айтарлық табыстарға қол жеткізіп, нық еңбек тұғырына көтеріліп, қанатын кеңге жайып, бойындағы барын халық үшін еселей беретін шағында, аяулы азамат, кеңеттен, бақилық болып кете бергені өкінішті-ақ! Өкінгенмен не шара! Алланың пешенеге жазғанына, ешкім де қарсы тұрмақ емес. Тағдырға әзірге шара жоқ!

Көңілге медет болары, Тұрсынбектің ұлдары мен қыздары бар.

Солар енді, әке ісін жалғаушылар.
Тәрбие алған асылдан-биік шынар!
Шүкіршілік! Барына ұрпақтардың!
Сабақтастық жолымен алмастырар!

СӘРСЕНБАЙДЫҢ СОҚПАҚТАРЫ

Жақсы істерін елге дәріптеп,
Сөз маржандарымен «әдіптеп»,
Тәрбиелік ескерткіш жаздым.
Бақилық болған Сәрсекеннің-
Өмірде жасаған жақсылықтары-
Ең болмағанда танысқандардың,
Оннан біріне жұғысты болуы кәдік деп.



Сәрсенбай (Сәрсекен) Әбдірәліұлы

ҚИЫН КЕЗЕҢ

Жұмыс бабына байланысты бас қосуымыз сиректеп кеткен кездің бірінде, Сәрсенбай Әбдірәліұлымен (Сәрсекен) аулымыздағы ағайынымыз, Сәрсекеннің құдайы көршісі-Дүйсен Есенгелдіұлының қырық жасқа толу тойында бас қосуымыздың сәті түсті.

Сәнді киінген тойға шақырылғандар, бірінен соң бірі келіп, көптен көріспеген біздерге сәлем беріп, жөн сұрасып жатырмыз. Тап-тұйнақтай киінген мектеп жасындағы балалар легіне де көз тоярдай. Дастархан мәзірі толып тұр. Құстың сүтінен басқаның бәрі бар дерлік...



Дүйсенің тойында Сәрсекенмен бірге

Сәрсекен өте көңілді отырды. Риза көңілмен
- Неткен молшылық! Аста-төк байлық- деп тегінде осындайды айтар! Көзің тояды. «Не кием, не ішем»-деп ойлауды қойғанымызға шүкіршілік айтып, заманымыздың түзеліп, экономикамыздың аяғына тұрып, дамып келе жатқанының куәсі осы емес пе? Кішкентай балаларымыздың өзі кейінгі модамен киінген! Бұл жақсылық қой! Біздің көрген күнімізді бұлар көрмесін! Ол кезбен көзіңгі жағдайды салыстырсақ, аспан мен жердей десем артық болмас-деп алды да өткенге ой жіберіп:

- Әлі ойымнан кетпейді. Мен ауылдағы бастауыш мектептің төртінші класында оқитынмын. Соғыстан кейінгі ауыр кезең.

Малдың ағарған сүт-майы, айранымен күн көріп, жүгеріден бар болса пияз қосып пісірген нанды қорек етіп жүретінбіз. Диірменге тартылған кебекті, қоңырға жақындау, бірақ құнары бар ірі ұнды қасқалдақтың қанындай апамыз үнемдей жұмсап, көжеге, бетіне май құйып жейтін нан салмаға, етке ғана жарататын. Мектепке киіп баратын жөнді киіміміз де болмайтын. Күн жылыда мектептің өзіне жалаң аяқ барамыз. Ал қыста, әпкем екеуіміздің ортамызда киетініміз-бір ғана етік. Оны да әпкеме бермей көпшілігінде, оқудан қалмауды көздеп, бұрынырақ мен киіп кетемін. Етік тимей қалған күні-лажсыздан үйде отырып, өзімше сабаққа дайындалған боламын. Сабаққа барып келген балалардан жаңа өткен сабақтарды сұрап, қатарымнан қалып қоймауға тырысып, өзімше оқып әрекет жасаушы едім.



Серсенбай
бастауыш
сынып
оқушысы

Есімде, 1950 жылдың қысы өте қатты болды. Қар өте қалың жауды. Етіктің қонышынан асып кетеді. Киіп жүрген ортақ етігіміз де оңып тұрған емес. Ауылдағы қолының икемі бар, бірақ онша-мұншаға оңайлықпен көне бермейтін, Исақ көкеге ұлтартқан ескі етік. Оны су өтпеу үшін майлап алатын етік май сірә жоқ. Малдың майымен етігімізді тәуір бір қазан асқанда болмаса, майлауымыз сирек. Майланбаған етікке қар тез жабысып, ішіндегі аяғымыздың жылуымен еріп, тез су өтіп кетеді. Онымен қоса, тапталмаған қар, қоныштан асқандықтан түскен қар да еріп, бойыңды суық алып, талай суықтап ауырып та

қалып жүрдік қой...

Өз аулында ондай кемшілік елеусіздеу, біліне де бермейді екен. Киім кемдігінің, кемдік те емес-ау жоқтығының қиыншылығын бастауыш мектепті бітіріп, 1951 жылы, Молотов орта мектеп-интернатының бесінші класына оқуға келгенімде көргенім ойыма түссе, «әкем болса ондай қиыншылықты көрмес едім»-деп көңілім босайтынын жасырмаймын.

Ауылға ең жақыны сол мектеп-интернат болғандықтан, «әкесі жоқ» деген ауылдық кеңестің анықтамасын апарып жүріп орналасқанмын. Мектеп директоры ол кезде, өзім кейінгі жылдарда істес, совхоз директоры болған, Сабаев Бейсенбай ағаның жұбайы - Роза апай екен. Мектеп-интернатта өзіміз сияқты, асыраушысынан айрылған-жетімдер мен жартылай жетімдер. Ол кезде интернатта да киім кемшін болатын. Бірақ, ішерге тамақ боларлық ас-ауқат

бар. Ең қиыны аяқ-киім болды. Ауылдағы киіп жүрген, тоз-тозы шығып жыртылған шоқайымды, «интернат берер» деген сеніммен ауылдан жалаң аяқ келгенмін. Жалаң аяқ жүрген соң қалай оңсын, күнде интернатқа, мектепке кірерде мұздай сумен жуа-жуа көн болып, екі аяғым да жарылып кеткен. Су тисе ашиды. Ашымай қайтсін, дүниедегі бар микроб менің жарылған аяғымда болса! Содан зәре-зап болған мен, мұғалімдердің көзін ала байқатпай, көпшілігінде, көстендеп тілім-тілім жарылған аяғымды жумай, мектепке, интернатқа кіріп кетуге әрекет жасайтынмын.

Бір күні ұсталдым. Әжетханаға жалаң аяқ барып, мектепке кірерде жумай кіргенімді байқап қалған мұғалім қатыгездікпен жер-жебіріме жетіп, ұрысқанымен қоймай, «Мектепте сендей төртіпсізді оқытпаймын. Кет!» -деп, қуып шықты. Істің ақ, қарасын айыратын мектеп директоры, оқу ісінің меңгерушісі дегендерді ол кезде қайдан білейік, «Мұғалім айтты болды»-деп, барымды алып, жалаң аяқ «ауыл осы бетте ғой» -деп, көзімнен сорамды ағыза ілби басып, артыма жалтақтай қарап келе жатқанмын. Мектептен едәуір ұзап та кеткенмін. Бір кезде, артымнан атпен айқайлап шауып келе жатқан аттыға көзім түсіп, тоқтап күтіп тұрдым. Келген өзімізге кейін жезде болған, өз әпкеңіз Мейрамкүлге үйленген, бастауыш класс мұғалімі осы Әлиомар екен. Келе:

- О, айналайын! Мінгес артыма! Сені ешкім де мектептен шығармайды. Болған істі балалар, Әсет ағайға жеткізген соң, ол кісі директорға хабар беріп, сені қайтарып алып келуге мені жіберді. Сенің оқуың керек! Келешек оқуда екенін біл! Оқымасаң надан боласың.

Ана мұғалім де қызық өзі. Жоқ аяқ киімді сен қайдан таппақсың? Мұғалімге олай келте ойлауға болмайды. Ол тәрбиеші әрі ұстаз ғой! Неткен қатігез адам! Ай-шай жоқ, кет деп? Директор де өзінің сыбағасын берген болар.

Бірінші қар түскенге дейін шыдасаң, аяқ-киім беретін болып жатқанға ұқсайды - деп мені жұбатқаны есімнен шықпайды.

Атқа мінгесіп қайтып келсек, мектеп алдында ол кезде жап-жас; Ұлы Отан соғысынан оралған осы кәзіргі Кемпіреков Әсет ағай тұр екен.

- Айналайын інішек, ештемені ойыңа алмай оқуыңды оқи бер. Сені ешкім де мектептен шығармайды. Тек тәртіпті болып, оқуыңды жақсы оқы!-деді басымнан сипап.

- Жарайды ағай. Бірақ, мына аяғымды мұздай сумен, табаныммен жалаң аяқ жер басып келіп, мектепке, интернатқа

кірген сайын жуа берген соң жарылып кетті. Жуғаннан ерінбес едім, ашығаны жаман! Оны қайтем?-деп қарсы сұрақ қойдым.

- Мен саған ертең үйден вазелин әкеп беремін. Жатарда жағып жатсаң, жарылғаны тез жазылады. Ескілеу болса да аяқ-киім мәселесін де шешіп қалармыз-деген соң, интернатыма қайта орналастым.

Егерде сол жолы жүрегі жұмсақ, жәні жайсаң жақсы ағайлар мені жолдан қайтармаған болса, оқымай жүре берер ме едім?! Тағдырым не болары бір құдайға ғана аян еді. Сол жақсы да, қайырымды адамдарға рахметім шексіз!

«Қара - кемер» совхозына партком хатшысы болып келгенімде, Әсет ағамен сол бір қиын жылдарды ойға алғанымда, ол кісі:

- Иә, асыра сілтеу болмасын дегенмен, ойы таяздар біраз сілтегендері рас. Ол кезде ойға келмес сорақылардың болғаны шындық. Оны көрдік қой.

Кәзір заман түзелді. Оқуға, еңбек етуге, дем алуға құқылысың! Осы сендердің, біздердің бастарымыздан өткен қиыншылықтарды мысал ете отырып, жас жеткіншектерді еңбек ету мен Отан сүйгіштікке тәрбиелеуге тиіспіз-деген еді.

- Сол аға айтпақшы кәзір бәрі жақсы. Тамақ тоқ. Киім көк, әрі көп. Той деген міне мынандай дүрілдеп өтеді. Мұның бәрі-барлықтың арқасы. Бар болған жақсы ғой! Лайым Алла молшылықтан айырмасын!

Мына Дүйсең, көршім әрі туысқаным, 40 жасқа толған тойына шақырыпты. Өзім осындағы Т.Рысқұлов атындағы санаторияда емделіп жатсам да, Балакүлден киімдерімді алдырып, келіп отырмын. Себебі, «Көршіңе жақсылық жасауың тыныш болады» деген қағиданы қашанда ұмытпаған жөн-деген еді.

- Ал жаңағы жоғарыда өз басымнан өткен қиыншылықтарды балаларым тарапынан асылыққа жол бермеу үшін, ескертіп айтып отыратыным бар. Әкесінің басынан өткен қиыншылығы балаларға үлкен сабақ боларына сенемін.

Шүкір! Құдайдың берген төрт ұлы мен екі қызы мерейімді үстем етіп тұрған жайы бар. Әрқайсысы өз қабілеттеріне қарай мамандықтарды меңгерген.

«Басыңнан өткен аштықтың, тоқтығы да болады» деген емес пе, бұрынғы қариялар? 2002 жылдың қыркүйегінде «Пайғамбар жасы-63-кө келгеніңізді атап, той жасаймыз»-деп, бәрі жабылып, зейнетке шығу тойымда, астыма су жаңа «Волга»



Құдағилар «Нұрмұхасан»
дуэтімен

машинасын мингізді. Тойды республикамызға белгілі сатирик, күлкінің көмбесін өңгерген Толымбек Әлімбеков інім жүргізіп, тойға елімізге белгілі «Нұрмұхасан» тобы, Айгүл Иманбаева бастаған бірнеше әншілерді шақырып, бір марқайтып тастады...

Менің жағдайымды жасап, көңілімді өсіруге жасаған әрекеттері үшін алғысым шексіз! Ұрпақтарыма

ризашылығымды үнемі айтып, ертегі-аңыздағы Аяз бидің мысалын да, өзімнің басымнан өткендерді де ескертіп қоямын-деген еді Сәрсекен сол кездесуімізде.

Иә, айтса айтқандай-ақ, «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендейін, Сәрсекеннің балаларының әр қайсысы бір-бір үйдің егелері. «Әкеге бағыну-Аллаға бағыну» қағидасын мықтап ұстағандар. Аналары Балакүлдің сөзімен айтсақ: «Құдай берген шырақтары» шаруаларын шалқытып, ата-аналарын пір тұтып, еңбектен ерінбей, туысқаннан жерінбей, келіндері шетінен бегімдей, сызылған инабаттылықтарына жүрегі жұмсақтарды қуанып, жақсы ниеттен ауытқымай жүріп жатқан жайы бар. Ағайындар үшін бұл зор қуаныш! Лайым қуаныш ұзағынан болғай деп тілейік!

АЛФАШҚЫ ЕҢБЕК ЖОЛЫ

Сәрсенбай (Сәрсекен) Молотов орта мектебін бітірген соң, шешесін жалғыз қалдырып кетудің жөнін таппастаң, өзі сүйген мамандығын алуға жоғары оқу орнына тікелей түсіп оқудың мүмкіндігі болмай, Жамбыл қаласындағы есепшілер дайындайтын курсты аяқтады. Колхозға есепші болып орналасты. Бухгалтерлік есептің сиқырлы сырлары мен небір қитұрқы қырлары қызықтырып, оны жете меңгеруге бар ынтамен кірісті. Толық меңгерді де. Жалын атқан жас, өз міндетінен тыс, түрлі қоғамдық жұмыстарға белсене араласып,

колхоз комсомол комитетінің жұмысын қоса алып жүрді.

Облыстық, аудандық газеттерге ауыл өмірінен хабарлар жазып тұрды. Машықтанғаны сонша, газет беттерінен жиі көрінетін дәрежеге дейін көтерілді. Штаттан тыс тілші болды.

Колхоз ұжымы болса, еңбегін, қабілетін бағалап, колхоздың жалпы жиналысында, тексеру комиссиясының бастығы етіп сайлады. Тексеру комиссиясын басқарған жылдары, қаншама келеңсіздіктердің бетін ашты! Колхоз басқарма бастығы мен бас бухгалтерін өзімен санасатын дәрежеге жеткізді.

- Колхозға өткізген қант қызылшасы үшін үлкен көлемде шекер тиісті екендігің, белгілі шағын топтан басқалар білмей келген. Қоғамдық тамақ үшін ғана босатылып отырған. Тексеру ұйымдастырып, тиісті шекерден істеуші қызылшашыларға, механизаторларға мамандарға, тасымалдаушыларға шекердің берілмей келген көлемін анықтап, қайта есептеттіруге қол жеткіздім. Кінәлілерді жалпы жиналыстың талқысына салдым. Содан, колхозшылар, есеп беру-сайлау жиналыстарында менің жылда, тексеру комиссиясын басқаруымды қолдап отырды. Ол жұмысты колхоз тарап, совхозға өткен, 1964 жылдың маусымына дейін істедім-деп, отыратын еді Сәрсекен кейде, өткенге көз жүгіртіп.

- Егін жинау кезінде комбайннан келген астықты қырман меңгерушісі, ортадағы қалыс адамсыз (весовщик) қабылдап отыруды, өзі жүзеге асырған.

Сондай-ақ, етке өткізуге жіберілетін қойды айтпағанда, ірі қара мал, жылқы, шошқа таразыға тартылмастан жөнелтіліп, мал қабылдаған таразышының жазғанымен келісіліп келген. Ол деген-қасқырға қойды бақтырумен бірдей екендігін көзге елестетіп көріңізші! Түсінесіз бе? Ешкім де сол іске мән бермей келген-деп, ренішін де айтып қоятын.

- Колхозда адам күлгерлік те жағдайлар көп кездесетін-деді бірде.

- Мысалы, колхоз басқармасын басқарған бастықтардың ұстанған принципі-өнімді, затты есептен шығаруда жасалған актілерде «екі шымыр, екі қапал қол қойса өтірік емес»-деп, (колхозда тұратын басты рулардың өкілдері деген сөз) ешқандай нормаға сүйенбей-ақ, актілерді бекітіп, есептен шығарып келген.

Себілетін астық нормасы, астықтың тазалауға, кебуге, оның ішінде арам шөптер қоспасына берілетін нормативті шығыны, малға жем-шөп жұмсауда зоотехникалық азықтандыру рационы сияқтылар сақтала бермейтін.

Оларды жолға қойғанша, қанша адамның жүйкесі жұқарды?! Ол бір құдайға аян. Жолға қою керек болды. Қойдым да. Бірақ, қаншама адамға жеккөрінішті болып сөз есіттім. «Сәрсенбай-сам знает» деген кекесінді де көтеруге тура келді ғой...

Сәрсекеннің қоғам мүлкін қорғау жөніндегі көзқарасы бір ерекше болатын. Қайда болса да шырылдап, «елдің қасықтап жинағанын шөміштеп шашқандарың не?» дегенін талай есіткеннің бірі менмін.

Бірде мынандай жағдай болғаны ойыма оралып отыр.

Бұрынғы колхозымызды таратып, істеушілер түгелімен совхозға өтердің алдында ғана мен, колхозда зоотехник болып істеп жүргенмін. Сәрсекен келіп:

Нұреке, қоғамдық тамақ үшін бір жылқы сойылған екен. Әкелген адам басы-қасында болмай кетіп қалғанын пайдаланып, жылқы сойғандар білгенін істепті. Мүшелеп түгендеп, бір әрекет етпесек, естіген елден ұят та-деген соң барсақ, «сойғанымыз үшін» - деп, құймашақты жаясымен, санының сұрып етінен тереңдете ойып, бөлектеп қойған. Мойын еттен дым жоқ. Сорайып ең омыртқа созылып жатыр. Төс жоқ. «Қарын-қартаны аршитын ешкім жоқ»-деп олар жатыр.

Екеуімізде шыдамай, кезектесіп «ақыл» айтып, өздері сияқты еңбеккерлердің аузынан жырып, өз құлқындары үшін арсыздыққа баруға болмайтынын, сойғандары үшін тиісті еңбек ақы төленетінін айтып, бәрін жөнге келтірген едік.

Қарамайсыз ба? «Бір жылқының етінен қол үздік алғанда тұрған не бар?»-деп, жүре бермейтін. Ол мұндай әрекеттерді ашкөзділік, «жаны ашымастың басы ауырмас»-деп, кейде, «басы ауырмас пен жаны ашымас қосылса, дәулет шалқып тасымас»-деп, шырылдап, жөнге келтіргенше дамыл таппайтын. Иә, Сәрсекен біздің сондай жан еді...

Осындай қарбаласта жұмыс істей жүріп те, жар құлағы жастыққатимей, келешегіні ойлап, Алматы халық шаруашылығы институтының Шымкент филиалының экономика факультетіне сырттай оқуға түсіп, бітіріп те алып еді.

ЖАҢА СОВХОЗДАҒЫ ЖҰМЫС

- Жаңа құрылған совхоз директоры С.Орманов, мені шақырып, «Еңбекке ақы төлеу жөніндегі экономист боласың. Бас экономист келгенше, сол міндетті атқарасың. Бірінші кезекте, совхоздың 1965 жылға арналған бір жылдық өндірістік-

қаржы жоспарын жасауға кірісетін бол»-деп тапсырған соң, облыстағы тәжірибелі мамандардың көмегі арқасында, ол жоспарды жасап бекіттірдім. Ол мынау-деп алдыма қойды да:

- Ұнді өзің келдің, бас экономистік жаңа қызметінде табыс тілеймін! Мені, бірінші көмекшің есебінде тануыңа болады. Бірлесіп жұмыс істеуге мен әркезде де дайын-деп есептей бергін!- деген-ді мен «Пионер» қой совхозына алғаш сол қызметке кіріскен күні Сәрсекен.

Екеуміз өте жақсы жұмыс істестік. Бізге жұмыстың бар қыры, сыры белгілі болғандықтан, жымысқы-жымқырулардың да жолдарын кескен шығармыз-ау деймін. Қандай жұмыс болмасын, екеуміз кезектесіп, басынан табылатынбыз. Шындыққа көз жеткізу үшін, қаланған кірпішке, кеткен ағаш пен тақтайға дейін біртіндеп санауымызға, уақытпен санаспай, талай қиындыққа төзуге тура келген кездер де болып еді ғой...

Пионер мен Шайдана ауылдарының ортасын жалғайтын тас жол салынып, ол кейін асфалтталды. Ол кездегі тәртіп бойынша, бұл салынған жол-ауыл аралық жол санатына жатқызылып, атқарылған жұмыс совхоз есебінен жүргізілетін. Алдын-ала жасалған жобаға сәйкес, жолдың бітуіне байланысты қабылдау актісіне қол қойылса, қаражат жол мекемесінің есебіне жөнелтіледі. Бірдемеден сезік алған ба? Совхоз директоры С.Орманов жолды қабылдау комиссиясына Сәрсекен екеумізді де қосарландырып қосыпты. Бірігіп, белсеніп кірістік. Қолымызға керекті құжаттардың бәрін алып, жобамен салыстыра отырып, жолдың ені, ұзындығы, төселетін асфальт қалыңдығы, жол қалай тапталу керектігіне дейін бәрін қолдан өткіздік. Ерінбедік, сараладық. Біздің тұжырымымызға жұмыс атқарушы жолшылар келіспей, ауданнан арнаулы топ шақырттық. Мекеме басшысының қатысуымен (ата-жөні ойымда жоқ, кәріс жігіті еді) біз екеуміз өзіміздің тұжырымымызды қорғап шықтық. Шамада, сол кездегі бағамен жарты миллион сомға жуық, жұмыс қосып жазылғанын анықтап, мойындаттырған едік.

Тегін ақша алғысы келгендерді, қия бастырмай, ерінбестен өлшеп, біз араласпаған болсақ, қаншама қаржы желге ұшқандай жоқ болатын еді...

Ондай сәттерде Сәрсекен, томағасын сыпырған қырағы бүркіттей қомданып, өзі көз жеткізбей, ешкімнің мәмілесіне иланып, елікпейтін. Өзін таза алып жүрмейтіндер, Сәрсекеннен

қашып та құтылмайтын. Мойындары салбырап, лажсыздықтың қамытын киіп, жөндерімен жүретін. «Мына екеуі қосылып алып қия бастырмайды. Қандай амал бар? Не етсек болады?»-деген сөздердің болғаны да шындық еді ғой...

Ол кезде, электронды есептеу калькуляторы деген жоқ. Есептеу жұмыстарын кәдімгі есеп шотпен және механикалық айналдырғышты ауыр арифмометрмен атқаратынбыз. Олармен жұмыс істеу, есептеу-уақыттың соры. Есебіңнің соңғы шегіне жетекенше де, «ішегің көгереді». Әр істеушінің еңбегі қорытылып жазылатын наряд деген болады. Оны жетілдірілген құралсыз тексеру, азаптың азабы. Уақытыңның көбі соған кететін. Ол азаптан да Сәрсекен құтқарғаны есімде. Кәдімгі логарифмді сызғышта (линейка) әлгілерді есептеу өте жеңіл соғатынын біліп, Сәрсекен өзі үйреніп алыпты. Жылп-жылп өткен әйнегін қозғай отырып, ортадағы жылжымалы сызғышты диттеген жеріне апара салып, өте тез есептейді. Біреуін маған да әкелген екен, оған қызыққан менде, зейін қойып тез-ақ Сәрсекеннен үйренген едім...

Экономист болған соң, жалақы мәселесімен шұғылдануың керек. Жалпы жалақы-еңбекшілерді өнімді көп өндіруге, оның сапасын жақсартуға, еңбек өнімділігін, қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыруға тегіс жұмылдырудың мемлекет қолындағы пәрменді экономикалық құралы екенін ескерсек, оны белгілеуде жан-жақтылықты керек етері белгілі. Сондықтан да, совхозымыз қой шаруашылығымен шұғылданатын болғандықтан, жем-шөп базасы бірінші кезекте тұратыны белгілі. Соны ескеріп, шөп дайындау бригадасына, еңбекке ақы төлеудің жаңа аккордтық сый-ақылы жүйесін енгізуді қолға алғанымыз есімде.

Жалақы төлеудің аккордтық жүйесін енгізу-көп біліктілікті, уақытты, төзімділікті керек етеді.

Аккорд-музыка тілімен айтқанда, түрлі биіктіктегі үш немесе одан да көп дыбыстардың бір мезгілде үндесуі ғой. Ал біздің аккордымыз-белгілі бір өнім дайындауда, әр түрлі жұмыстардың атқарылуына қарамай, бәрін үйлестіріп, түпкі өнімнің бірлігіне ақы төленсе-ол ақы төлеудің аккордтық жүйесі болмақ. Бұл жерде, шөп дайындауда атқарылуға тиісті барлық жұмыс сараланып, алынатын өнім үшін сыйақыны қоса отырып, жалпы еңбек ақы қоры жасалынады. Сол еңбек ақы қорын түпкі алынатын өнім көлеміне бөлгенде, өнімнің бір бірлігі, яғни, тоннасына төленетін еңбек ақы көлемін анықтауға болады. Дайындалатын әрбір тоннаға ақы

төлеуде, әр гектардың өнімділігі (урожайность) үлкен роль атқарады. Өнімділікті жоғары қойсаң, әр тоннаға төленетін ақы азайып кетеді, ал өнімділік тым төмендетіліп көрсетілсе, ақы жосықсыз артып кетеді. Мұндайда, көп жылғы өнімділікті талдай отырып, ел тілімен айтқанда, «өгізді өлтірмейтін, арбаны сындырмайтын» жолмен алып шығу керек.

Ол жұмыстың бәрін Сәрсекен ерінбей жүзеге асыратын. Жер картасын алып, одан шабылатын жер көлемін, бұрынғы ол жерлерден түскен өнімдерді анықтай отырып, орта өнімділікті тауып, әр тоннаға тиісті еңбек ақы көлемін анықтайтын.

Бұл жөнінде өз ойын баяндап, дұрыс шешімге келу үшін, ойға қонымды мынандай дәйектерін айтатын:

- Шөп дайындаушыларға еңбек ақыны, ең өнімі төмен жылды алып, белгілеген жөн. Себебі, орташа өнім мен ең төменгі өнімнің айырымы 15-20 пайыздан аспайды. Өнім көп болған жылы, табиғаттың шөпшілердің пайдасына берген сиы. Соншама артық төленеді деген қауіптен қорықпау керек. Одан ешкім ұтылмайды. Қызығушылықтан еңбек өнімділігі жоғарылайды. Жұмыс тез орындалып, уақтылы дайындалған шөптің сапасы жоғары болады. Біз ең бастысы-сападан ұтамыз. Ағарған сояудан балауса көк шөп жеген мал өнімді көп береді. Сонымен қатар, соншама жерді саржындап өлшел, бос уақыт кетіруден құтыламыз.

Мұндай мысалдар совхоз өмірінде өте көп кездесетін. Олардың бәрін тізіп шығу әрине мақсат емес.

Жалпы, өзара шаруашылық есеп, еңбекке ақы төлеудің әр саладағы түрлі прогрессивті жүйелері, сыйақы төлеудің аккордтық жолы, социалистік жарыс шарттарын әр сала бойынша шаруашылыққа бейімдеп дайындау, не керек ауыл өмірінде болып жатқан жылт өтер жаңалықтарды енгізуде, «сен тұр мен атайын» -деп, құлшынған екеуіміз алдымызға жан салмаған шығармыз...

Сол құлшынысымыздың-өндірісіміздің өркендеп алға басуына мысқалдай болса да үлесі болған-ды. Ол әрине мақтаныш болатын...

ҚАҢАРЛЫ ҚЫСТЫҢ ЛАҢЫ

Бұрынғы баяндалған эссе-естеліктерде де қаһарлы, қалың қарлы қыстың лаңы жайында тоқталғанбыз. Енді Сәрсекеннің сол қыстағы басынан өткен қиын жағдайы жөнінде,

оқушыларымызды таныстырып кеткеніміздің артықшылығы болмас. Себебі, ол бейбіт кездегі мылтықсыз майдан-табиғат апатымен арпалыс қой! Болашаққа сабақ қой!

Сол 1969 жылы, өз аулы - «Пионер» совхозында ферма меңгерушісі болып қызмет атқарып жүрген Сәрсекеннің де, өлімнен қалған бір әңгімесі құлағымда қалған еді. Ол былай болған екен.

Қар жауған түннің ертеңіне-ақ, механизатор Бадан Жаманбалаевтың «Беларусь» тракторымен, жылқышы Өксікбай Қырықбаевтың жағдайын білуге, екеуі жүріп кетеді. Қар тоқтамай жауғандықтан өте қалыңдап, трактордың артындағы тіркемесімен жүру қиындайды. Тіпті болмаған соң, оны шегеріп, жолға тастауға мәжбүр болады. Онда да біраз жүргеннен кейін, трактордың соқа басының қимылдауына зар болып, бауырына кептелген қарды күрекпен арши отырып, алдағы бір қалқа боларлық адамы жоқ базға жетеді. Лажсыздан сонда түнеуге тура келеді. Қар сонда да толастамай, жауған үстіне жауа береді. Айдалада белден келер қарда, жаяу жүру тіпті де мүмкін емес. Не істеуге болады? Амалсыз сонда жатып, қардың толастауын күтуден басқа амал жоқ. Содан не керек, екеуі сол базда үш күн жатады. Тамақ жоқ. Азынаған суық баздың ішінде суық ұстар, ешқандай да пана жоқ. Суықтан тек қолдарындағы дәнекерлеу лампасымен (паяльная лампа) қыздырынудан басқа қолданар әрекет болмай қалады. Қайта-қайта жаққан соң, лампаларының бензині таусылып, тракторден солярка майын тамызып, от жаққансып, бар киімдеріне оранып, бүрісіп жатқаннан басқа амал қалмайды. Қарын болса аш, суықтан бетер улеп тұр. Ауылға келгеннен кейін, «челюскиншілер»-деп ат қойған Сәрсекендерден мән-жайды сұрағанымызда:

- Қарын ашта ұйқы да келмейді екен. Екінші күннен бастап бойымды үрей билегені рас. Аяғым болса, ағаштай қақайып қатып қалды. Ісіп, жүре де алмай қалдым. Біз жатқан күннен үшінші күн дегенде, қар қойды. Бірақ айнала аппақ, теп-тегіс. Не амал етеміз?-дейміз бір-бірімізге. Жан далбасамен, «А-у-у-көмек беріңдер!»-деп, бар даусымызбен кезектесіп айқайлаған боламыз. Тым-тырыс, меңіреу тыныштық! Трактордың төбесіне шығып, баздың бір бұрышында бұрын қызыл матаға жазып ілінген лозунгты жыртып алып «Биікке ілсек, көрінер»-деп трактордың төбесіне сол матамызды биіктетіп байлап қойдық. «Әуеде ұшақпен жұмыс істеуге тура келеді, оған қызыл жалау керек» деген соң, алдында ғана жасатып алған шағын

жалаушамыз болатын, оны айқайлаған сайын қолымызға ұстап бұлғаймыз...

Ойпырмай, шыныменен теңізде жоғалған балықшыдай, ұшы-қиырсыз қар теңізінде жағдайымыз не болар екен? Бізді іздеп шықпаса не етеміз, совхоз малының артынан өлеміз бе? - дегендей күдіктер көкейден кетпегенін нәсіне жасырайын. Ой қайран қазағым-ай! «Жұт» -деп қалай қойған! Қалың қарлы суық, жұтса жұтып жіберердей, өте қатал!...

Неге бізді үш күннен бері, біреу іздемес екен? Қар қойды ғой, іздесе бүгін іздейтін болар-деп, көңлімізді бір демеп қоямыз. Үміттен басқа көмек берер ештеме болмаған сайын үрей де күшейді ғой-деп есіне алғаны ойымда Сәрсекеннің.

Осы дуайпат қыс туралы, Сәрсекеннің үйіндегі Балакүл жеңгеміздің де айтары бар болатын.

- Ойыма алсам әлі қорқамын. Бұларды Алла қолдаған адамдар ғой! Трактормен екеуі кеткен күннің ертеңіне-ақ түстен кейін келмеген соң, жауған қармен жағаласып, омбылай әркіммен жалғасып конторға жетсем, қолына айыр алған Сәрсенбаймен бірге кеткен тракторшы Бадекеңнің анасы, жер барып хабар бермесің, өте адуынды кісі еді, есік алдында кездескен совхоз партком хатшысы Зұлхаш Оспановқа:

- Адам емес, мал жоғалса да іздейді ғой. Не деген үмітсіз, тас жүрексің? Бүгін екі тәулік болды балам жоқ. Өлі ме, тірі ме?

Осы қолымдағы айырды ішіңе тығып алсам, обалың жоқ. Баламнан айрылып, мен де тірі жүрмей-ақ қойдым-деп, кіжінгенінің үстінен түстім.

Өзім де түтігіп барғанмын, түрімнен шошып кетті-ау деймін Зұлхаш:

- Таң азда, бронетанк келеді. Жібереміз-деп қайталаудан әрі аса алмай, кібіртіктеді

Сөзге мен араласып Сәрсекеннен

- Содан, сіздерді кім құтқарды? Совхоз жіберген бронетанк пе? Әлде басқа ма?-деген сұрағыма Сәрсекен:

- «Өлмегенге өлі балық жолығар» деген рас екен. Үшінші күні қар қойған соң қыбырлап, трактор үстіне шығып алып айқайлап, қызыл жалаушамызды желбіретіп жүргенімізде, бір ат жетектеген адам көрінді. Айқайлап жатып, назарын құдайдың құдіретімен өзімізге аударған екенбіз. Келді. Көрші подхоздың адамы, қар басылған соң, жетегіне «Әлде қалайға»-деп, бір атты алып, ығып кеткен өз жылқыларын қарауға шыққан беті екен.

Сөздің қысқасы, атқа мінейін десем, аяғым иікпейді. Қардың үстіне шығамын, ал сонша биікте емес аттың үстіне аяғымды сала алмаймын. Қозғауға келмейді. Ләжсізден жетектегі атқа аяқ-қолымды жіберіп, етпетімнен салбырап, артылуға тура келді. Маған қарағанда, трактордың үстіне шығып-түсіп жүрген Бадекеңнің қимылы ширақ. Ол мінгесіп алды.

Жүріп келеміз, менің салаңдаған аяғым аттың үстінен қалың қарды сызып келеді. Не болса да, аяқтан айрылған шығармын, жәнім қалса болды-деп, мен келемін. Азаппен кібіртіктей жүріп, ең жақын деген бір үйге жеткізді-ау әйтеуір.

Үшінші күні кешке бронетанкпен келгендермен бірге, үйіміздегілермен зорға табысқанбыз-деген болатын.

- Сол қалың қыста Сәрсекен, ауруханаға жатқан жоқ па едіңіз?-деген сұрағыма:

- Асадағы аудандық ауруханаға бір айдай жатып, көмегі болмаған соң, облыстық ауруханаға жіберді. Онда Жайнақбаев, Әбдиев сияқты тәжірибелі дәрігерлердің емдеуінде бес айдай болдым. Қаһарлы қыс бас-аяғы мені алты ай жұмыстан шеттетті. Сондағысы-аяқтар үсіген, қан тамырлары мен бүткіл лимфа жолдары суықтың әсерінен жансызданған. Айтары жоқ көп азаптандым.

Қар үсті-үстіне жауып тұрған соң, қарамағымдағы Өксікбай деген жылқышының жағдайына алаңдап, шыдамастан тракторға сеніп шығып кетіп, өзім өлім аузынан қалып, қаншама азапқа түстім. Тағы да болса, Алла қолдап, тірі қалғанымызды айтсаңшы?!-дейтін ойлы жүзбен.

Иә, айтқанындай-ақ Сәрсекен жұмысты жән-тәнімен беріле істейтін. Төле би бабамыздың: «Адам баласының құдіреті еңбекте, еңбек еткен жанда ауыз бірлік болады, өйткені адал жұмыстың түбі зейнет» деген өсиетін аузынан тастамай өзі де еңбек дегенде еріну дегенді білмеуші еді.

Сәрсекен: Төле би бабамыздың «Жігіттің қара басына үш кесір бар. Олардан аман болған адамның қарны ашпайды, өзегі талмайды, аштан өлмейді, телміріп кісіге бармайды. Ал сол үш кесірдің бірде-бірі жігітте бола қалса, ішсе асқа, кісе киімге жарымайды, ілгері басқан аяғы кейін кетіп кедейліктен құтылмайды» Ол айтқан бас кесір-еріншектік, ортаншы кесір-ұйқышылдық, кеңже кесір-кежірлік екен-деген сөзін айтып отырғанын талай есіттім.

- Бабаның осы сөзін ұрпақтың құлағына құйғаннан ұтпасаң, ұтылмайсың. Құлақтарына құя беру керек, құя беру керек-деп нықтап қоятын.

ҚАРА-КЕМЕРДЕ

Колхозда тексеру комиссиясын басқарып, жаңа ұйымдасқан совхозда экономист, ферма меңгерушісі болып тәжірибе жинақтаған Сәрсекенді аудандық партия комитеті тани біліп, 1973 жылы «Қара-кемер» совхозының партия ұйымының хатшылығына ұсынып, жалпы жиналыста коммунистер қолдап, сол қызметке бір ауыздан сайланды.

Жаңа қызмет әрине жеңіл тиген жоқ. Атқа мінген бір адамның айналасында, қарға тамырлы қазағымыздың қырық адамы таққа талпынатын қанға сіңген әдет, бұл жерден де кездесті. Қолынан келмекке қол созып, өндіріске нұсқан келерлік әрекеттермен күресуге тура келді. «Бастықтың өз адамы екен»- деп бетіне қарамай, талай дәрменсіздер, парткомның араласуымен, қолынан келмес жұмыспен қоштасты. Жоғары партиялық принциптіліктің, табандылықтың үлгісін көрсеткенін ауыл адамдарының аузынан талай есіттік.

Зейнеткер қария - Мейірхан Кәтімханов ойлана отырып, баяу ғана сөйлеп, Сәрсекеннің табандылығы жөнінде былай дейді:

- Ол кездегі шырмауықша шатылғандардың атын атап, түсін түстеудің керегі шамалы. Партком хатшысы ретінде, Сәрсенбай мәселені қабырғасынан қойып, жұмысын алып жүре алмайтындар жөнінде, үзілді-кесілді шешім қабылдауға еріксіз көндіріп отыратын.

Совхоз өндірісінің бел ортасында іске өзі араласа жүріп, болып жатқан істерден күнде хабардар болуды өзінің басты мақсаты санайтын. Көрген кемшіліктерінің жіберілу себептерін тез арада анықтап, оны жою жолдарын қарастырып, тиісті адамдар арқылы шара көруді әдетке айналдырған еді.

Қозы алудағы кертартпалықпен күресуде, өте белсенділік көрсете білді.

Ахметбек Әспетов директор болып тұрған кезде ғой деймін, қой төлдету кезінде мамандар тарапынан бақылауды жолға қою мақсатында, отарларда кезекшілік ұйымдастырып, оларды ұйықтамай бақылағанын көзіміз көрді.

Сол Қара-кемер аулының тұрғыны Алахан Қалыбаев Сәрсекен туралы мына бір жайды баяндады:

- Сәрсекеннің Ш. деген шопанның есептен жасырып тығып қойған қозысын тауып алуының өзі кәнігі заң қызметкерінің

әрекетін ойға әкеледі. Келеңсіздіктердің жолын кесуден бір жалықпайтын.

Партком хатшысы болып істеген 1985 жылға дейінгі он екі жылға жуық уақыт ішінде, совхоз коммунистерін рухтандырып, олардың авангардтық ролінің артуына зор ықпал ете білді. Олардың саяси сауатының жоғары болуына көңіл аударып, саяси сабақтардың өз дәрежесінде өтуін бақылауда ұстап отыратын.

Саяси хабарламашылардың жұмысын белгілі бір жүйеге қойып, апта сайын олардың еңбек ұжымдарында болуына қол жеткізді.

- Сәрсенбай, шопандардың мәдени-тұрмыстық жайының жақсаруына ұдайы көңіл бөліп отыратын-деп еске алады бұрынғы коммунист-шопан, кәзіргі зейнеткер Нұран Қабылшаев.

- Газет-журнал шопандарға кешіктірілгенін білсе, тез шара қолданып, кемшіліктің қайталанбауын жіті қадағалайтын.

Сәрсенбайдың: «Түзде жүргендерге, радио мен газет-журнал нан қалай керек болса, сондай керек-деп ұғынған жөн» дегенін талай есіттім.

Принципшілдігінде сөз жоқ болатын-деп те қояды ол өкінішпен.

ҚАЙТАДАН ӨЗ АУЛЫНДА

Сәрсекен өз ауылы-Пионерге 1985 жылы, совхоздың бас экономисі болып қайтып келді. Бұрыннан өзіне таныс жұмысты ұршықша айналдырды.

Совхозды басқарудың цехтық жүйесін жетілдіруге көп еңбек сіңірді. Экономикалық жұмыстарда енгізіліп жатқан жаңалықтарды зерттеп, өз шаруашылықтарына лайықтап жүзеге асырудың жолбасшысы бола білді.

«Пионер» совхозы ұжымының 1987 жылдан бастау алған жоғары жетістіктері қаншама термен келді?! Бүкіл ұжым тас түйін боп жұмылып, бір жеңнен қол шығара біліп, кертартпалыққа жол бермей, жаңалықтарды батыл енгізіп, еңбектің ерен үлгісін көрсете білді. Белортада Сәрсекен жүрді. Қорытындыда, ұжым жарыс жеңімпазы атанып, бірнеше рет қатарынан, КПСС Орталық партия комитетінің, ССРО Министрлер кеңесінің, ВЦСПС-тің, ВЛКСМ Орталық



Сәрсекбай Наурыз мерекесінде ауылдастарымен

комитетінің Ауыспалы Қызыл Туын жеңіп алып, мәңгі сақтауға қалдырды. Бүкілодақтық жетістіктер көрмесінің күміс, қола медалдерімен марапатталды. Бұл табыстарда, совхозда бас экономист болған Сәрсекеннің «үлесі жоқ еді»- деп айтуға ешкімнің де ауызы бармас. Әрине, үлесі бар. Бар болғанда да қандай?! Қомақты үлес!

Сәрсекен 1994 жылдан жүргізілген жаппай жекешелендіру мәселесін жүргізуде, жоғарғы белсенділік таныта білді. Әр істеушіге жер, мүлік үлестерін анықтау-тыңғылықтылықты, біліктілікті, ерінбейтін таза еңбекті керек ететін жұмыс. Ол жұмысты Сәрсекен абыроймен аяқтап шықты. Бұл мәселе бойынша совхоздағы бірде-бір адамнан шағым болмауы, істі ыждағаттылықпен, принципті атқаруының нәтижесі деп білген жөн болар.

Үлесін алған әр істеуші басқа шаруашылықтардағыдай, өз алдына бөлініп, жеке өздерінше шаруаларымен шұғылдануларына құқылы екендігі белгілі. Бірақта, тиісті техника, жалпы өндірістік базасы болмаған соң, ондайлардың келешегі келте боларын ол алдын-ала болжай білді. Сондықтан да, ондай сұрақтармен келгендерді жатық тілмен түсіндіріп отырды. Төле би бабамыздың: «Бөлінгенді бәрі жейді» деген сөздерін келтіре отырып, мүмкіндігінше бөлінбеуге ақыл беруден бір жалықпады.

Оның дұрыс бағыт екендігін тәжірибе кәзір көрсеткендей. Бөлінген жеке шаруашылықтар өспей бір орында шиырлап жүргенін, кәзір бәріміз де көріп жүрміз. Соңғы кездерде Үкіметіміз тарапынан, майда шаруашылықтарды қайта ірілендіру туралы мәселе көтеріліп отыруы, тегін еместігін түсіну жөн сияқты. Яғни, Сәрсекеннің ұстанған бағыты дұрыс екен да! Иә, Сәрсекеннің әр кезде де ұстаған бағыты сара болатын!

ТОЙ ҚУАНЫШЫНДА

Алдағы ағалар жайындағы эссе-естеліктерде де, той қуаныштары қалай атап өткізілгенін баяндағанбыз. Ауылда істеп жүрген жылдары, Сәрсекеннің Мағзұмының үйлену тойы да өте қызықты өтті.

Той дегеннен ойға оралады. 1966 жылдың 25 маусымында мен үйлендім. Комсомол-жастардың үйлену тойы ретінде ауылда өтті. Аудандық комсомол комитетінің бірінші



Жас жұбайлар. Мағзұм мен келіннің алғашқы қадамы

хатшысы Борис Тимофеевич Стародубцев, екінші хатшысы Мұхаметқасым Шәкеновтер бастаған аудандық комсомол комитетінің аппараты, шаруашылықтардың комсомол ұйымдарының хатшылары түгелге дерлік қатысты...

Қалыңдықты әкелуге, неге олай шешкеніміз ойымда жоқ, күйеу жолдас болып, құрдасым Айтбек Олжатаев пен жасының менен біраз үлкендігіне қарамай, өзіммен бірге істеп жүрген осы сөз етіп отырған Сәрсекен де барған.

Алдында өткен той өткізу жөніндегі біздің үйдегі өткен топ-жиярда, жиналғандарға Сәрсекен тұрып:

- Бұл аудан көлемінде өткелі отырған алғашқы комсомолдық үйләну тойы. Нұрекең болса, өзі совхоз комсомол ұйымының хатшысы. Сондықтан, ескілікті арқан керу, тағы басқа кәзіргі өмірге қайшы боларлық кәделер мен теріс әрекеттерді жиып қоямыз. Өкпелемейсіздер! - деп нықтаған.

Өзі де солай болып, Сәрсекеннің айтқанынан именіп, жеңгелер жағы жолай алмай, келіннің қолтығынан құрдасым екеуі демеп, орамалды да қызық болғанда солар салған жөйі бар. Ол туралы кейін де, айтып күліп жүретінбіз.

Қайнағасының сол әрекеті ойында бар менің жұбайым Ұлбосын, Сәрсекеннің Мағзұмының тойында:

- «Келіннің бетін кім ашса, сол ыстық» демекші, «Бисмилланы» айтып, оң аяғыммен табалдырығымды



Тойға тілек, микрофон кезегі
Ұлбосынға берілер сәт

аттағанда, өзі қолтығымнан демеп, басыма орамал салған ағаның баласының тойында, Нұрекеңнен сұрап жүріп сөзін жаздырып алған «Келінім менің» деген той құттықтауымды дайындап әкелдім. Аға! Бұл тойыңызға арнаған ерекше тартуым болсын. Келінге менің жолымды беріп, үбірлі-шүбірлі, бақытты күй кешсін! Той құттықтауымды сазгер Мансұр Сағатовтың «Алматым менің»

әнімен орындағаным дұрыс болар-деп шешкен едік. Қабыл алыңыздар! - деп, әнді бастап кетті. Сондағы орындалған той құттықтауы мынау болатын

Шақырған соң тойыңызға,
Келдік шатпен-қызық бүгін.
Тойың тойға ұласа берсін,
Шатқа толсын әр күнің!

Жарадың сен Мағзұмжаным!
Келін болсын асыл жарың!
Құтты болсын құсымыз-
Бақытты жол аңсаған!

Сәлем сізге жас жұбайлар!
Жарасқан қос тағдыр.
Орындалып сәтті ойлар,
Шарықтасын ән мен жыр!

Келініміз біздің қандай?
- Көгілдірлі-аққу болғай!
Қауышыпты қос жүрек-
Мәңгілікке самғардай.

Құтты болсын құсың дейтін,
Әдет бар ғой бізде.
Жақсылығың ілтипатты,
Жайылсын үш жүзге!

Жаның келді жеңге саған,
Келін шатты сен қуансаң,
Құтты болсын келінім!
Бақыт құсы аңсаған!



Жас жұбайлар той дастарханында

Менің әмсе тілейтінім-
Сендерге зор бақыт!
Тату-тәтті өмір болсын,
Тау суындай тасып!

Келіміз біздің қандай?
-Инабатты ару жан ғой!
Ақылы асқан дария!
Еңбектенер шалқып.

Келіміз біздің қандай?
-Кере қарыс ақша маңдай!
Еңбек десе құлшынғаң,
Қанаты талмас сұңқар ғой!

Той үй ауласындағы ашық аспан астында өткенімен, күздің қақаған қара суығы жас жұбайлардың лүпілдей соққан ләк жүректеріне жылуын шашқандай, тап сол күні, мейірін төге жадырап сала берді. Тойға қатысушылардың бәрінің езуінде қуаныш күлкісі, жас жұбайларға, олардың Ата-Аналарына деген ілтипат сезімдері, мерейінді тасытып, қиялыңды шалқытып, көңілді көкке көтеріп, жүрегіңе ыстық сезім ұялатардай әсерде болдық. Тойда, қаншама шалқыған сазды әндер шырқалды, күйлер тартылды, билер биленді. Жас жұбайларға тілектер үсті-үстіне айтылып жатты...

Періште «аумин»-деп, жас жұбайлардың жолы ақ болып, бала-шаға өсіріп, ел қатарына қосылды.



Сәрсекен тілегін жеткізуде



Құдағимен сақина алмасу

- Келіндерімнің бәріне де ризамын! Осындай алтын келіндерді ұлдарыма қосақ етіп, ақ босағамды оң аяқпен аттаттырғанына, Жаратушы - Жасағанға Аналық жүрегіммен шексіз ризашылығымды айтып, күнде жалбарынамын. Бәрі де келген күндерінен бастап, өз қыздарымдай иіліп жастық, жайылып төсек бола білгендеріне қуанамын. Бәрі де бойларындағы ана сүтімен



Сәрсекең мен Балакүлдің құдағиға арғымақ силау сәті

келген ибалы қасиеттерімен, құрдай жорғалап қызмет етіп келеді. Бірінен-бірін айыар жөнім жоқ. Әрқайсысы бір үйдің үкілеген үміттері, баулып өсірген бауыр еттері, көз нұрлары, бастысы-менің ұрпағымды жалғаушылар!

Батырлар жырындағы Құртқа да, Ақжүніс те, тағы қандай еді? Басқа жарларының аты аузыма түспей отыр-деп, Балакүл жеңешем маған қарады.

- Алпамыс батырдыкі - Гүлбаршын, Қамбар батырдыке-Назым-дедім мен талғамы күшті Сәрсекемнің ұлдарына, аналары, батырлардың жарларына теңеп баға беріп



Сәрсекеңмен Балакүл құдағиымен



Сәрсеңбай әулетімен

отырғандай жар таңдағандарына риза кейіппен, даусымды көтере.

- А, иә сол жырдағы келіндер, тіл-аузым тасқа, менің түсінігімде өзіме қызмет етіп, үйімде жүргендей сезінемін. Шетінен Қыз Жібекше үлбіреп, Ақ Баянша езіліп, менің «Құдай берген шырақтарымның» жүректеріне жол тауып, отым болып лаулап, жалындарымен шарпып, аққу-қаздай қалқып, жүрегім солардың ілтипатынан шалқып, өздерінің Сәрсекелерінің уайымын ұмыттырып отырғандарына қалай қуанбайын?!

Е, Жаратушы-Алла! Алтындарыма қызықты да шат, ұзақ өмір бер! Жұбайларының, жеткіншектерінің өмірлік қызығын бірге көруге жаза көр!-деп жалбарынып бет сипады. Жеңгемді менде қоштадым.

- Алған тәрбиесі, адамға деген қайырымдылығы, ізеттілігі, ілтипаты ерекше алтындарымның. Бәріде, алмастыруға жатпайтын бағасы жоқ бағым! Жүрегімді тербеп, жылуымен шарпитын алаулаған жалын!

Сәрсенбайдың төсек тартып жатқан кездеріндегі, Айжан келініне ризашылығын айтпай кетсем, басыма қарыз болар. Сәрсенбай сәл басын көтеріп, маған қарады да:



Сәрсенбайдың Мағзұмға айтар сыр көп

- Айжаным, қарағым-ай! Анадан асыл туған неткен жүрегі таза жан еді! «Сенің табаныңа қадалған тікен, менің жүрегіме

қадалғандай» деген сөз аузынан шықпаса да, ол ишаратты емеурінінен, істеген ісімен білдіріп жүр ғой. Жәнімді алып қалуға жасаған әрекеттеріне, Құдай алдында да ризамын ғой шырағым! Жалаң ғана айтылатын «келін сөзі» - ол жарқыныма аздық ететіндей сезінемін. Ол мен үшін келін болумен қатар, нағыз көзім, өзім болып қала берер!

Келінімнің: «Өз қолымнан сіз үшін жеңіл кеспе дайындадым. Ішіңізші, Папатай!» - деп алдымда тұрып қиылғанын қалай ұмытарсың?!

Жер қашықтығына қарамастан, сонау Израиль, Германия елдерінен дәрі-дәрмектер әкеліп, жер түбінен күнбе-күн шұбат алдырып, Алматыдан дамыл таппай үздіксіз сабылуы, көздері мөлтілдей жанымнан табылуы, жанымды рахатқа бөледі. «Аурудың бар емі-саудың сәлемі» деген, солардың ыстық ықыласы, бар ынтасымен емдетуі, менің осыншама уақыт жарық дүниені көруіме себі тиді. Осы ризашылығымды жеткіз-деген еді Сәрсенбай ол дүниеге бақилыққа аттанардан сәл бұрынырақ.

Арманы келтелеу орындалған менің асылым! Сол аманатынды тасқа бастырып, ұрпағыңның ұрпағы оқитындай етіп жеткізуді мақсат еткен едім. Ол ойым үдесінен шықса, сен де риза, менде риза болармыз!

Несін айтайын?! Аталары, келіндерінің бәріне де риза көңілмен аттанды ғой-деп Балакүл, көлкілдеп көзіне келген көз жасын бір сығып алды.

Әрине, Балакүлді де түсінуге болады. 1963 жылдың қарашасында, шағын ғана ауыл тойын жасап, 44 жыл отасқан асыл жарынан, балаларының әкесінен айрылу, жай айта салғанға ғана жеңіл болар. Әйтпесе, ең қимасыңнан айрылуды, қарттықтың биік шыңы-еңкейіп, еңбектеп жерден көтеріле алмай қалғанша, дұшпаныңа да тілемеу керек шығар!

44 жыл дегеннен еске түсіп отыр, Сәрсекенің Балакүлмен үйленгені мынасымен есімде қалыпты:

«Сәрсенбай үйленіпті» деген хабар құлағымызға тиісімен, «жақсыны көрмек үшін» дегендейін, келіншек болып бұралған жеңгемізді көруге алып-ұшып бір топ бойдақ жеткенбіз. Мен ол кезде 21 жастамын. Келіннің бетін ашу мәселесі сөз болып, сонда жиналғандар бет ашуды маған тапсырды.

Қағаз-қаламымды алып, беташар сөздерін дайындаған болдым. Домбыра тартпайтын болғандықтан, домбыраның басына түйін түйілген орамалды байлап, Айтбек құрдасым, мені домбырамен сүйемелдеп, Балакүл жеңгеміздің бетін

аштық. Сәлем бергізетін адамның атын атап, «Бір сәлем» деген сайын ол орнынан тұрып, домбырасының орамал байланған басымен келіннің бетіне жамылған орамалды көтеріп ашып, қайта отырып, домбырасын тарта жөнеледі. Жас келіншек-біздің жеңгеміз, бар ниетімен басын жерге жеткізе иіліп, сәлемін береді. Жан-жақтан «Ой айналайын, көп жаса» деген қолпаштаулар, істелген ізеттерге қол шапалақтаулар ойда қалыпты...

Апамыз Әжікүлге сәлем жасату үшін, былай дегенім есімде:

Қайырымды да, қарулы -
Нардың жүгін көтерер.
Қызындай сені мәпелер -
Әжікүлдей енең бар.
Келін болғын ибалы!
Мақтап жүрсін көкелер!
Қыр-сырын үйрен тұрмыстың!
Енең бар сені жетелер.
Қадамың басқан құт болсын!
Бақытты күн кеше бер!
Енең Әжікүл апаға бер сәлем! - дегенмін.

Ой шіркін! Ақ көңілді, пәк сезімді, жалындаған жастық ай, десеңші! Адам өмірінде бір ақ болатын өзіңнің, ұрпақтарыңның үйлену тойларында, шын қуаныштан рахат күй кешудің өзі қандай ғанибет, шіркін!

Өмір де осындаймен қызық екен! Әмсе қызықтан айырмаса екен Жаратушы Жасаған!

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚАНЫНА СІҢГЕН

- Екеуара жеке отырғанымызда қайырымдылық жайында, өзінің басынан өткен қателіктері туралы айтып отыратын-дейін құдай қосқан қосағы Балакүл жеңгей.

- Ондайда Сәрсенбайдың сөзі үнемі былай болып келетін:

- Е, Алла өзі кешірсін! Заманға қарай, коммунист, атеист болған соң, біліп тұрып «құдай жоқ»- деп сайрадық. Намазға болса да, жығылмадым. Құранды үйге тығып жүргенім болмаса, оқымадым. Ата-бабамыздан қалған салт-сананы, шежірені, ең ақыры жеті атаңды білуді, ескіліктің сарқыншағы

ретінде түсініп, түсіндіріп келдік қой. Тағы да айтам. Құдай өзі кешірсін! Бұлар аз қателік емес қой! Осы жіберген қателіктерімді, кемшіліктерімді жоюға тиіспін.

Ол үшін не істеуің керек дейсің ғой?

Ол үшін: бұрынғы істеп келгенімдей, мұқтаждарға қарайласуды күн тәртібінен шығармауым керек. Кімді болса да, қиыншылық қамалап, есі кетіп есеңгірегенін сезіп, білсем, одан құтқаруға өз үлесімді қосып, сауапты істерден тартынбауым керек. Зекет, пітір беруді ұмытпауым керек.

Ең бастысы, Аллаға жалбарыну арқылы, жастықта жіберген қателерімді кешуін, бала-шағамның амандығын адамға керекті жақсылықтарды беруін сұрап, қайырымды бола біліп, қайыр-садақамды аямай, қателіктерімді өтеуге тиіспін.

Біздің ең ескермей жүрген жеріміз-зекет беруге мән бере бермейміз. «Зекет беруші, қамқор адам-бақастық пен сараңдық, қызғаныштан ада болады» деген Мұхаммед (с.ғ.с) Пайғамбарымыздың хадистерінде.

Мұсылманның пайдасына кейін таратқан ілімі, қабілетті перзенті, мұраға қалдырған кітаптары, салдырса мешіті, қонақ үйі, шығарған суы, сауында берген қайыр-садақасы жатады екен-деп, тәптіштейтін.

Маған қарап, сен балалардың құлағына құя бер. Есіңнен әсте шықпасың.

Жақсылықтың үлкен-кішісі болмайды. Барша жақсылық біле білгенге-қайырымдылықта. Адамдарға жақсылық жасау, хал-ахуал сұрасып тұру-сауапты істер болып табылады. Әр істеген жақсылық-садақа сауабына барабар болады. Қайыр-садақаны кембағал, бейшараларға бергендей туысыңа да берсең, әрі қайыр-садақа, әрі жасаған қамқорлығың, туыстық көмегің болады. Сондықтан қолдан келсе пенделік таршылыққа жол бермей, жақсылық жасаудан жалықпау керек.

Кеуде керіп қыр көрсету деген жаман әдет. Ол әр кез ойда болуы тиіс.

Жаман істеген күнәнді тек, соңынан сауабы тиер, қайырымды іс істеу арқылы жууға болады екен. Қайткенде де, Алла жомарт, жомарттарды дос тұтады екен-деп қайталаудан жалықпайтын...

- Сәрсенбайдың осы қайырымдылық жайында істеген бір ісі, ойыма түсіп отыр-деп Балакүл жеңгеміз, сөзді былай бастап кетті:

- Сәрсенбай зейнетке шыққаннан кейінгі бір жылы, әйелдер мерекесі құрметіне көп балалы аналарды шақырып, ауыл әкімі сый-сияпат көрсеткен көрінеді. Ол салтанатқа, тоғыз бала туған қырғыз жеңгеміз, Тұрлыхан Әлімқұлкеліні шақырылмапты. Оған қатысып қайтқан әйелдер, алған сый-сияпаттарын көрсетіп, «Сен неге бармадың?» деген бе, әйтеуір шамданып Сәрсенбайға келді. Келе сала, өзінің шүлдірлеген қырғызшасымен:

- Эмне, мен тоғус бала туудм ғой! Биләсин сен. Айыл кенеш эмне мени сырттатат? Азыр құдайға шүкүр, жетеуи тири боп жатпай ба?

Тийшти жардам албайм. Алууга сен жардамдашпайсың бы? Айтшы, мен кимге барам?! - деп жеңгелік назбен мұңын айтты.

Ертеңіне қырғыз жеңгені машинасына салып алып, өзі айдап ауыл әкіміне, одан әрі аудан орталығына апарып, тиісті құжаттарын түгендеп, бір күн кешке дейін табаны таусыла жүріп, балаларға тиісті жәрдем ақысын реттеп беріп еді-дейді Балакүл жеңгей ауыр күрсініп.

Айналайын Балакүл жеңеше! Күрсіне бермеші! Несін айтамыз, жанға жағар жақсы істері көп еді ғой-деп басу айтқан болып едім.

Иә, Балакүл! Қайырымдылық ең сауапты іс. Сәрсекеңнің қайырымдылық қанына сіңгенін білеміз. Арты жаман болмас! Сол қайырымдылықтарының сауабы бұйырсын деп тілейік!

Адамдар арасындағы талас-тартысты әділ, адал пікір айтып, тура шешкен, шешуге ықпал жасай білген адам-жақсы адам. Сәрсекең сондай жақсы адам!

Сен Сәрсекеңмен мақтана аласың. Олмақтауға, мақтануға тұрарлық болып, бұл фаниден өтті.

Өкініштісі сол, өзіне тән дара қалпымен, дана қалпымен, елі үшін езіліп, халық тағдырына жаны ауыратын сара қалпымен ортамыздан ұзап, мәңгілік мекеніне, өзі қастерлеген Жер-Ананың құшағына бақилық болып жетпіске де жетпей кеткені.

Амал не?! Тағдыр солай! Пешенесіне солай жазылған да! Өмір алмасуы заңдылық. Өкінгенмен орны толмайды. Көңілге медет болары, Сәрсекең ортамызда болмағанмен, оның ісін, ойға алған мақсатын іске асырушы ұрпақ бар. Енді солар аман болсын! - деп тілейік.

Немере, шөберелеріне одан кейінгі де ұрпақтарына Алла

күш-қуат, татулық, береке-бірлік, байлық берсін! Өсе берсін, өркендесін!

Аталарының атқарған істерінен өнеге, ұлағатты тәрбие алып, әрдайым еске алсын, ұмытпасын! Жаман, жат әдеттерді бойға дарытпай, аталарынша құрықтасын! Ақындардың пайғамбары атанған данышпан Абай ескерткен, бес нәрседен қашық болып, бойына жуытпасын!

Өмірлері шат болсын, бастарына бақ қонсын!

Сәрсекеңнің бұл фәниде жасаған жақсылықтары алдынан шығып, иншалла иманы бұйырсын! Берекесі ұрпақтарының нәсібіне келіп құйылсын! Жатқан жері-жаннатта, топырағы торқа болсын!

Ұрпақтар өссін алмассын!

Сабақтастық жалғассын!

Істерің үлгі ұрпаққа.


Ұмыт боп өсте қалмассың!

Шаттықта тілеулесім, реніш болса көңіл қошым бола білген Сәрсекем! Аруағың риза болсын, өзің туралы естелік-эссемді осылай тұжырымдағаным жөн шығар.

25 маусым 2007 жыл

Мына қызықты қараңыз, осыдан тұп-тура 41 жыл бұрын мен өзім үйленіп, алғашқы шаттық тойымды өткізген екенмін! Дәл өзімнің үйлену тойымның 41 жылдығында, осы эссе-естеліктің соңғы нүктесін қоямын деген ой менде болмаған болатын. Өзім де кейін аңғардым, тап сол шатты күнге тура келіпті! Кездейсоқтық па? Болмаса Сәрсекеңмен ниетімнің қалыстығы үндесті ме? Шын сырым, білмеймін. Бір Құдіретті күш, соңғы нүкте қоюды тура осы күнге тура келтірді...

СУРЕТ СЫРЫ



Қызметтестер. Солдан оңға қарай,
бірінші қатарда: Т. Жақсылықов, Н. Тілегенов, Д. Сейтқұлов;
екінші қатарда: А. Костянкин, С. Әбілеков

Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының ішінде, бір ауданнан бір мезгілде, Сарыағаш шипажайында менімен бірге, аудан шаруашылықтарының төрт бастығы, демалғанымыз бар. Ол кезде аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығымын. Крупская атындағы колхоздың басқарма бастығы Смағұл Беспайұлы Әбілековпен (Сәкең) астық қабылдау мекемесінің басшысы Бахыт Ахатов екеуі, XXII партсъезд колхозының басқарма бастығы Арнольд Лазаревич Костянкиннің «Волгасымен» бір күнде келіп жайғасыпты. Мен болсам, олардан екі күннен кейін келдім. Ал басқа екі шаруашылықтың басшылары олардан бір-екі күн ерте келіп орналасқан екен. Сарыағашымыз өзіміздің ауылдай болды да кетті. Түске дейінгі берілетін ем-домды алып болған соң, боссың. Қашан көрсең, Сәкең топ ортасында болатын. Тыңдаушыларының құрамына қарай, айтатын әңгімесі де, анекдоты да өзгеріп отыратын.

Келіншектердің ортасына түсе қалса, қыран-топан күлкіге кенелтетін. Жеңіл мінезді «жел өкпелерінің» жүректеріне шоқ салып, өзіне «ғашық» етіп те қоятын. Ондайда, бізден қысылғаны ма:

- Ой, мына біреуі тым жосықсыз екен-деп ақталып та қоятын.

Ешқашан да кеуде керіп, қыр көрсету ол кісіге жат болғандықтан, су ішетін бюветтің өзінде, су ішіп болғанша, айналасына демалушылар үйіріліп, әңгіме басталып жүре беретін. Сәкеңнің жүрген жері - қызық-думан еді. Біздің ауданнан барған басшылар тобымен бас қосқанда, әңгімені көпшілігінде бабасы болып келетін, Керімбай болыс жайына бұратын. Ол кісінің адамгершілігі, бауырмашылдығы, көпшілдігі, тереңдігі, алғырлығы, шалымдылығы, өткірлігі мен парасаттылығынан жеке-жеке мысалдар келтіре отырып, тамсantатын, өзі де тамсанатын. Бабасының елге еткен жақсылығы жайын жыр қып айта отырып, тыңдаушыларын да жақсылықтың аяғы-сауап екенін, жақсылық нәпсінің тиылып, жаныңды демалдыратындығын тәптіштеп жеткізіп, барша жақсылық-қайырымдылықта екендігіне көз жеткізуге тырысатын.

Сәкең:

- Ол кісінің қасиетінің ширегі менде болса, менің жаман болмағаным. Шіркін, ол кісінің атын, ізгі істерін ұрпаққа жеткізе алсақ, жаман болмаған болар еді.

Қандай талант, көрегендік, көпшілдік! Әулет емес, бүкіл өңірге сыйлы болған адам ғой! - деп қоятын.

Бірде сөз кезегінде, Керімбай болыс жөніндегі әңгімеге бұрыннан қанық, көнекөз қария жасына таяп қалған колхоздың басқарма бастығы, ортадағы үлкеніміз - Досмұхан Сейтқұлов марқұм:

- Е, Смағұл! Сен бабамның қасиетінің ширегі менде болса жаман болмағаным - деп отырсың.

Мен айтайын:

- Сырт көз сыншы. Сол бабаңның сенде, көзіргі заманға сай, проценттеп айтпайың, көп қасиеті бар. Қазақта: «Жақсылықты-қабағы ашық, жүзі жарқын адамдардан күт» деген сөз бар. Ең басты ұқсастығың осы! Бабаңның өткеніне көз жібере отырып, көрмесек те, батыр тұлғалы, кең жауырынды, апай төс, жазық маңдай, тап өзің кейіптес болғанын топшылаймын. Это, что-то означает наверное -

деп, орысшалап аяқтаған еді, өзінің сөзді нықтап, мән беріп айтатын бізге таныс мәнерімен.

- Досекең дұрыс айтып отыр. Күшті-қайраттысыз, сөзіңізге беріксіз, айбындысыз-айбаттысыз, көп ісіңіз ұқсас-деп бәріміз қоштағанда, әңгімені тыңдап отырған А.Костянкин сөзге араласып:

- Досике дурус айтат - деп, орыс акцентімен қосылып, этот случай надо отметить - деп, европалықтардың қанға сіңген әдетімен, бір шөлмек армян конягін баба сабақтастығы үшін босатқандары еске оралады.

Я, Сәкең бабасы алдындағы парызын өтеді де.

Бабасының бейітінің басына үлкен кесене тұрғызып, Тараз қаласының орталығындағы қазақ орта мектебіне, Керімбай болыс атын беруге тер төкті.

Көзі тірісінде, «Керімбай болыс» повесінің жазылып, баспадан шыққан алғашқы данасын (сигналды экземпляр) оқып, талқылауды ұйымдастырғанын бұрын да жазған едім. Өкініштісі, толық кітап болып басылып шыққанын көруді Сәкеңе жазбапты. Ама! не? Тағдырға не шара! Пешенеге солай жазылған да!

Қуанарлығы, шүкір дейік! Мұрагерлері қалды...

Мұра боларлық сөзі қалды, ісі қалды.

Сарыағашта болғанымызда, үйдің дәмін аңсап, тобымызды бұзбай, бір жексенбіде Сәкеңнің Сарыағаштағы «бауыздау» құдасының үйінде мейман болып, үйдің мол дәмін таттық. Ал келесі бір жексенбіде, Сәкең бізді, Ташкент қаласындағы Балтабай деген бір өзбек танысының үйіне апаруды шешіпті. Машина рулінде А. Костянкиннің өзі. Бардық. Дастарханға өзбектің ұлттық тағамдары-тұшпара, манти, қауап, палау кезегімен әкелініп, бұйырғанынан дәм татып, бір күнімізді сонда өткізген едік.

Сәкеңнің өзбек танысы, арнайы фотограф шақыртып, бәрімізді тобымызбен және өзі, әйелі, баласы ортаға отырып, бірнеше рет суретке түстік. Сол бас қосудан ескерткіш ретінде сақталған суретте астық қабылдау мекемесінің бастығынан басқамыз түгел бейнеленгенбіз. (Жоғарыдағы сурет).

Ол суретке ерекше тоқталып отыруымда да бір сыр бар. Енді соған тоқталайын.

Өзбек жігіті Балтабаймен Сәкең, аудандық дайындау мекемесінің бастығының үйінде, аудандық атқару комитеті

бастығының орынбысары болып, қызмет етіп жүргенде танысады. Іші-бауырына кіріп, ойындағысын айтпай-ақ тауып тұрған жылпостың ішкі сырына мән бере қоймастан Сәкең, бәрін де өзі сияқты түсінетін аңқылдақтығына басып, адресін алған. Бізге дейін екі-үш рет, оның Тәшкендегі үйінде болған сияқты.

Біз қонақ болып кеткен жылдың жазында, Балтабай келіп, менен басқа Ташкендегі үйінде қонақ болған басшылардың үйлерінде Сәкеңмен бірге мейман болған. Ойында жақсылық ойлаудан басқа жымысқылық жаман әдет болмайтын Сәкең, қонақжайлықтың мол дастарханымен кеңпейілдікті, дархандықты көрсетіп-ақ баққан.

Сол тәшкендік өзбек жігіті келіп кеткеннен көп ұзамай-ақ:

«Не дейсің, тәшкендік біреу, біздің аудандық дайындау мекемесінің бастығын Тәшкендегі үйінде кепілдікке қамап ұстап, көп ақша беруді талап етіп отыр екен» дегендерді есіттік.

Біраз күнде-ақ, бопсалаушының, біз үйінде болған Балтабай деген өзбек жігіті екендігі белгілі болды. Оны естіген біздер, Сәкеңнен жан-жақтан:

- Уа, Сәке-ау! Залымның қара ниетін неге аңғармағансыз? Бізді суретке түсіріп алуында да үлкен гәп болғаны да! Өзіңізден бастап, оның үйінде бұрын қонақ болған бастықтардың үйлерін көрсетіп шығыпсыз. Ол әккі залымның түпкі ойын енді түсіндік. Ойлаған ойы жүзеге асса, кепілдікке ұстау кезегі қай бастыққа түсер еді? - дейміз де баяғы.

- Оның ондай арзанқолдығын, жымысқылығын кім аңғарыпты? Елгезек, меймандостықпен жан ұшырып, бәйек болып жүгіріп жүрген адам, мұсылмандық жолымен жаманшылыққа барар деп кім ойлаған?! «Адам аласы ішінде» деген осы да. Оның іздегені мол дүние екен ғой. Ондай дүние біздерде жоқ екендігіне көзі жеткен соң, өзі жақсы білетін дайындау мекемесінің бастығына ауыз салған да. Қара ниеті бізге қарай бұзылған күнде де, құдай берген ауыр жұдырықпен өліспей-бөріспейтінімізді түсінген де болар, ол ит! - деген-ді.

- Анығын білдіңіз бе? Қалай болыпты өзі? - дейміз біз, білуге ынтығып.

Ол кісінің айтуы бойынша:

Өзбек жігіті, әлгі мекеме бастығын қолға түсіріп, Ташкенге алып барып, қапаста ұстаған. Оны үйімен телефон арқылы

сөйлестіріп, қолынан көп ақшаны өзінің хат жіберген адамынан беріп жіберуін айтуға күштеп көндірген де, адам жіберген. Мұндағылар, бірнеше күннен бері үшті-құйды жоқ адамнан келген хабардың тегін еместігін сезіп, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне хабарлаған. Олар арнайы жоспармен, жіберген адамды қолға түсіріп, кепілдікте қаласта жатқан жерінен әлгіні босатып, тінту жүргізгенде, өзбек жігіті - Балтабайдың үйінен, бес килоға жуық, ел сөзімен айтсақ «ат басындай» алтын тәркілеген.


Ойлап отырсаң қым-қиғаш, дене түршігерлік іс.

Міне, Сәкеңмен бірге бір топ басшылардың тәшкендік қуаяқ, залым, арзанқолдың үйінде түскен суреттің сыры осындай. Аққа құдай жақ деген осы да.

Қайран аңқылдақ, адал да көпшіл ағамыз-ай! демеске амалымыз жоқ.



БАБАЛАР КЕСЕНЕСІНДЕ



Төле би баба кесенесі



Шымыр бабаның ескі кесенесі

1989 жылы, Смағұл Беспайұлы Әбілековпен (Сәкең) Сарыағаш шипажайында тағы бірге демалдық. Мен онда, жұбайым - Ұлбосынмен болсақ, Сәкең бір өзі болды. Қайтарға 3-4 күн қалғанда ғана, қызы мен жары - Қазина әпкемізді шақыртып алды.

Сөз ретінде, мына бір жайды қозғап кетуді жөн көріп отырмын

Алғашқы, біздің совхозға партком секретары болып көшіп келген жылы, Сәкеңнің жары - Қазинаның - шымырдың қызы-әпкеміз екенін білдік. Осы жөнінде Сәкеңнен:

- Сәке, маған түсініксіздеу бір жайды білгім келіп тұр. Білуімізше, сіз шымыр бабаның ұрпағынансыз. Әпкеміз - Қазина да шымыр. Генетика заңына қайшы келетіндігін алдын-ала болжай білгендіктен бе, бабалар тарапынан аталастардың жұптасуына, яғни, неке құруларына рұқсат берілмеген. Ал, сіздер болсаңыздар, екеуіңіз де шымыр бола тұра, тұрмыс құрып жатырсыздар. Сонда мен, әпкем Қазинаны, «жеңге» - деп, қалай атамақшымын? - дегенмін.

- Сонда Сәкең:

- Нұрмахан, ол көзір сен білетін мәселе емес. Қазинаның әпкелерің екені рас. Бірақ сен, оны жеңеше де, әпке де деме.



Сарыағаш курортында жамбылдықтар:
алдыңғы қатарда, Сәкеңнің жары Қазина, қызы
және Ұлбосын

Атымен Қазина дегенің дұрыс - деген-ді. Мен де содан бері, Қазина әпкемізді атыммен атауға дағдыланып кеттім.


Сәкеңнің маған берер жауабының сырын кейін білгенімізбен, айтуға ауыз барған емес. Бірақ Сәкеңнің өзі, зейнетке шыққаннан кейін, өз елі- сиқым руының ақсақалдары қоярда-қоймай, тобына қосылуына мәжбүрлегенін айтып күлетін.

Қариялар:

- Заман ағымына бағынып, 60 жылдан аса шымыр болып, соларға қызмет еттің. Енді олардың өкпесі бола қоймас, өз атаңның ұрпақтарына басшылық жасағаның жөн! - деп, Сәкеңнің де жүрегі тартқан болу керек, әйтеуір көндірген.

- Қариялардың ортасына түскенде, олардың айтқан уәжіне қалай көнгенімді аңғармай да қалдым. Бұрындары бет бақтырмай қоюшы едім. Қан тартты ма қайдам? Солай болды енді. Қазір түске дейін шымырмын, түстен кейін сиқыммын - деп, ағынан жарылушы еді.

- Көпшіліктің шешіміне, кім қарсы уәж айтар дейсіз?! Сіз, екі



Төле би баба

елдің де төл ұлы болуға жарайсыз! Одан қуыстанудың еш жөні жоқ - деген едім кезінде.

- Міне, сол екі елдің ұлы, Сәкеңмен бірге Тәшкендегі Төле би мен Шымыр бабалар кесенелерінде болған жайды әңгімеме өзек етпекпім. Ол айтпағым мынау еді:

- Сәскеден өте бере, жанымызда Сәкең бар, Ұлболсын мен үшеуіміз Төле би баба кесенесіне келдік. Шырақшысына құран бағыштатып, шығып келе жатқанбыз. Алдымыздан мен құралпы жігіт ағасы, жолымызды тосып, бізді таратқалы жатқан құдайы тамаққа әдейі шақыра келгенін жеткізді. Баба басына мінәжат ете келіп, құран бағыштауды көздеген, сол жақтағы жаныстар екен. Өтініштерін жерде қалдырмайық, дәмнен үлкен еш нәрсенің жоқ екендігін ескеріп, сәлем бере бардық. Топ ортасындағы 85-терден асқан қаба сақал абызға ұқсас қартқа:

- Ассалаумағалейкум - деп, қол беріп амандастық. Ұлбосын болса, орамалын төгілте тартқан бойы, иіліп сәлем жасап, шеткерірек жайғасты.

- Уағайлейкумассалам - деп сәлемімізді алған соң, біз әлгі қарттың оң қолы жағынан босатылған орындарға отырдық. Жөн сұрасып, қария шариғат айтып, ауыл-аймақтың жағдайлары мен хабар алысып, біраз отырдық. Шәй әлі қайнай қоймағанын сезген Ұлбосын, шетте отырған орнынан көтеріліп, шәй жаққа, жасалатын дастархан қамына араласып та кетті. Дастархан жайылып, Ұлбосын шәй құйып беріп отыр. Көңілі қазан жақтағы даярлыққа аландаулы ма? Сол жаққа жалтақтап қарай береді. Оны біз де байқап отырмыз. Шәй дәміне бата жасалысымен, дастарханды жинай сала, Ұлбосын қазан-ошақ жаққа барды. Қамыр илеу, оны жаю қамымен жүргендердің жетімсіздігін білген ол істі жеделдетуді көздеп, бір шетінен отыра қалып артық жатқан оқтай-тақтайды іске қосып та жіберді.

Тамақ та дайын болды! Ас табағының отырғандарға өз орнымен жүйелі жасалуына да Ұлбосын басшылық жасап, табақтар тартылды. Ет желініп жатқанда, шәй қайнауын қадағалауы арқасында, бата беріліп бола сала, шәй да келді.

Шәй үстінде, ортадағы қаба сақал абыз қартымыз әңгіме бастады:

- Қарағым! - деді, Сәкеңе қарап: - Бұл баба есімін, осы Төшкен мен Шымкент айналасының қазағы да өзбегі де "Төле би" деп тура атамайды. Олар, "Қарлығаш әулие", "Қарлығаш би" деп қадірлейді. Мана келгендеріңді байқап, бабаларының басына мінежат етуге, сезімі бар, баба рухын қастерлей білетін көңілі ояу, көкірегі тазалардың келетінін ескеріп, өздеріңді бұйырған дәмге шақыртқан едім. Рахмет! Сөзге келмей бұрылып, дастарханнан дәм татып отырсыңдар. Көле сала, бөтен дастархан деместен, мына келінім, иегін Ұлбосынға қарай көтеріп, білек сыбана көпшілік ісіне араласып кеткеніне ризашылығымды білдіргелі отырмын.

Көргенді елдің келіні екенсің! Өркенің өссін! Қай-қайсыңның болса да, келіндер қауымына қатысты мына ғибратты хикая ойларыңда болғаны артықтық өтпес. Ибраһим Пайғамбарымыздың Ысмайыл атты ұлы жырақта жүріп үйленіпті. Оны естіген әкесі іздеп келсе, үйінде ұлы болмай, есік алдынан келіні қарсы алады. Алыстан келген адамға сусын беру, үйге кіргізу, ізет жасау ойына да келмеген



Ұлбосын немересі Диаспен
Сиқым баба кесенесінде

ессіз келін, күйеуін жамандап, оның табыс таппайтындығын жазғырып, тұрмысы нашар, күн көруі қиындап жүргенін аузы-аузына жұқпай, сарнай отырып жеткізеді.

Сөз төркінін түсінген қария аттанарда:

- Келін қарағым, күйеуіңе айт. Тұрмысы түзелсін десе, үйдің босағасын ауыстырсын - депті де кетіпті.

Күйеуі сапардан келген соң, сөз мәнісіне түсінбеген ақылы келте әйел болған жәйді жеткізеді. Ысмайыл болса, әкесінің келгенін бірден біліп, оның ренжіп аттанғанын, үйдің босағасын ауыстырсын дегені - әйелін ауыстырсын дегені екендігін түсініп, солай істейді де.

Бір жылдан соң, Ибраһим Пайғамбар баласын білуге қайта келеді. Бұл кезде де баласы үйде болмайды. Бірақ үйден шыққан әйел қарияға сәлем беріп, ізетін жасап, төрге отырғызып, қолындағы барын беріп, бәйек болады.

Жағдайын сұрағанда: Дәм-тұз көтеріліп, осы үйдің иесімен көңілі жарасып, үйленгенін, Алланың бұйыртқанын нәсіп етіп отырғанын, қосағының иманды адал жан екендігін, оны өзіне пір тұтатындығын айтып, өз өміріне ризашылығын білдіреді.

Пайғамбар ұлының үйінен аттанарда:

- Күйеуіңе сәлем де, үйінің босағасын берік ұстасын-деп, қайтқан екен. Сол хикаядағы айтылғандай, мына келінімнің қимылына көзім тойып, ізеттілігіне риза болып отырғанымды жеткізуді парыз санадым. Бөтеннің дастарханы деместен, білек сыбана кірісіп, шәйді даярласып, қазан-ошаққа араласып, нан жайып үлкендер алдындағы ізетін ұмытпауы көргенділігі.

- Ерін пір тұтуы, бір-біріне қайырымды, мейір-шапағатты болуы, ерінің өміріне бой ұсынатыны және ол жақтырған нәрсені жақтырып, жақтырмайтын нәрсені жақтырмайтыны оның мұсылманшылығын, әйелге тән нәзіктігін, ізеттілігін, ибалылығын білдіреді. Алла мұндайларға рахыммен қарайды. Егер ерлі-зайыпты алақандарын бір-біріне түйістірсе, саусақтарының арасынан күнәлары төгіледі, берекелері



Шымыр бабаның жаңа кесенесі

артады делінген Пайғамбарымыздың Хадистерінде.

Береке тап қарағым, берекелерің кіре берсін! - деп бата берген еді.

Ұлбосын, қарттың батасын қабылдағаны іспетті бетін сипады. Тұрып, иіліп сәлем жасады.

Ортадағы абыз қартымыз, біздің шымыр руынан екенімізді білген соң, бабамыздың мазары Сарыағашқа шығар жердегі, мединституттың артындағы қорымда. Кіре берісте, «бетонка» трассасының бойында екенін айтқан-ды.



Жамбылдықтар Шымыр бабаның жаңа кесенесінде

Дастарханға бата беріле салысымен, олармен қоштасып, айтқан аумақтан Шымыр баба қабырқанасын тауып алуға асыққан едік.

Дәл сол жолы таптық та. «Бетонка» жолы жағынан келгенде, қоршаудан небәрі 40-50 метрдей жерден «Чимир ото хабири» деген жазуды оқып, үшеуіміздің де қуаныштан, «шырақшымын» деген өзбек қартқа, қалтамыздағы ақшаларымызды санамай-ақ, оқыған құраны үшін емес, - біздің сүйіншіміз, біздің қуанышқа көрімдігіміз - деп ұстата

салғанымыз есімде. Ауылға келген соң, «Шымыр бабаның қабірін көрдік, құран оқыттық» дегеннен асып ештеме істеуге әрекеттенбедік. Себебі, 1986 жылғы желтоқсанда басталған тоталитарлық режимнен имендік.

Бірақ, 1992-1993 жылдары бұл мазар туралы жария болып, арнайы делегация жіберіліп, кейін көп болып қолдап, үлкен кесене бой көтеріп, ас берілді, кітап шығарылды.

Оған да шүкіршілік. Сол жылы, баба кесенесінде болғандағы қарттың аузынан естіген ғибратты хикая есімнен шыққан емес.

2003 жылы болу керек. Дүниеден өтіп кеткен бір туысқанның ұлының үйлену тойында, Сәкеңмен бір дастархандас болдық. Баланың екінші некесі болатын. Маған сөз кезегі келгенде, «Түсінгендер ойланар. Түсінбегендер - бір көпірме сөздің бірі дер» - деп, баяғы Төле би кесенесінде кездескен қарттан естігенімді қысқарта айтып, балалардың босағасының берік болуларын тілеп орныма оралғанымда, Сәкең:

- Пайғамбарлардан қозғадың ғой. Ту, баяғы Төле би кесенесінде, Ұлбосын келінге риза болған қарттың ғибратты өсиет сөзін естен шығармапсың. Пайғамбарымыздың бірінші келініндей ессіз, шайпаулар көп қой. Арты қайырлы болсын. Мына баланың да бірінші некесі сәтсіз болып еді. Енді олай болмаса екен. Жас келіннің босағасы берік, керегесі кең, судай сіңіп, тастай батуы үшін бұйырған дәмнен алсақ, марқұм туысымыздың рухы риза болар, - деген еді.

Сол жолы да, Сәкеңнің есте ұстау қабілетіне тәнті болдым.

Я, Сәкеңнің бауырмашылдығы, көпшілдігі кімге болса да өнеге боларлық еді.

ШОПАНДАР СЛЕТІНДЕ



Баяндамашы
Н. Тілегенов

Ұмытпасам, 1990 жылдың тамыз айының екінші жартысы болуы керек. Мен ол кезде Жамбыл аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығымын. Сәкең (Смағұл Бесбайұлы Әбілеков) болса, аудандағы Крупская атындағы колхозда басқарма бастығы болатын.

Жылда шопандар слеті Қара-кемер совхозының «Көкіш» көлі маңайындағы көк майса жазықта өтетін. Арнайы жасалған мінбердің екі жағынан жарты шақырымға созылта қаз-қатар ақ шаңқан киіз үйлер тігілетін-ді. Бұл үйлер шопандар слетіне тігілгенімен, ауылдағы сол кездегі көрнекі үгіттің, жалпы мал шаруашылығының өркендеу қорытындысын шығаруға

арналған шараның бір түрін бейнелеп, паш етуге арналатын.

Қой шаруашылығынан жыл қорытындысы бойынша алған орындарына қарай, үйлерді мінбердің екі жақ қапталынан орналастырушы едік. Үйлердің орналасу тәртібіне қарай, білген адам қай шаруашылықтың қандай орында, кімнен кейін екендігін біле беретін. Сәкең басқарған шаруашылық сол жылы 6520 саулықтың әр жүзінен 100 қозыдан алып, аудан бойынша үшінші орынды иеленіп, үйлері ортаға таман тігілетін болған. Оны білетін Сәкең, болған іске болаттай берік бола біліп, енді үйді безендіруге, көрнекі үгіттің тиімді түрлерін насихаттауда тағайындалған бірінші жүлдені жеңіп алуға күш салды.

Шопандар слеті бастала салысымен, ойына оралған әлдебір жетпейтіндерді реттеуге, мінбердің шетіне жайғасқан жерінен елеусіздеу тұсты пайдаланып тұрып кетіп, баяндама аяқталғанда оралған болуы керек. Баяндамада не айтылғанынан хабарсыз оң сөз берілгенде, қозы алу көрсеткішінің 100-ден аспай қалу себебі, бірінші тума-тусақтардың үлессалмағының көптігімен түсіндірді. Отыратын кезде, қатысушылардың бірі орнынан:

-Баяндамада өлеңмен сын-садағы басқаша безенген сияқты еді ғой, - деп қалды.

Одан тосылар Сәкең бе:

- Бастық болуды басыңа берсін! Жүз саулықтан 100 қозы алудың не екенін түсінер едің,-деп, мінберден түсіп кетті.

Орнына отырған соң, айналасындағылардан Сәкеңнің намысың қайрау үшін өлеңмен айтылған сын-садағын білген болу керек. Мен жаққа қарап, иегін қағып, сұраулы жүзбен, білгісі келгендей ишарат білдірді. Мен де түсіне қойып, тілдей қағазға өзін сынға алған шағын өлең жолдарын түсірдім де, Сәкеңе ұзарттым. Онда:



С. Әбілеков

Саулық басы Сәке Сізде шағын ғой,
Айтып жүрсіз бізге әркез жағымды ой.

Бірақ биылғы межеңіз -

Ойдан туған сияқты:

«Ойпырмай, 104 пенен 106 қозы -

Крупская колхозы үшін сағым ғой».

Пионерде партком хатшысы болғандағы,

Қозы алуда жинақтаған тәжірибеңізді

Кім үшін енді сақтайсыз?

Қозы алуда, 100-ден ары,

Үгіттесем де баспайсыз - делінген еді.

Байқап отырмын. Жүз саулықтан 100 қозы алу деген өте жақсы көрсеткіш. Ама! не, әр 100 саулықтан жүзден жоғары қозы алған шаруашылықтар бірінші және екінші орындарды иемденіп, бұл кісінің шаруашылығы үшінші орынға сырғығанын мойындап, әділ сынды қабыл алғандай кейіп танытты. «Қисынды сөз қытығыңа тимес» деген сол да. Мен бір көз салғанымда басын изеп, бас бармағын көрсетті. Бір-бірімізді ыммен ғана түсіністік.

«Қателіктер түзеледі» дегендей, жұдырығын тас түйіп қойды.

Ал Сәкеңнің баяндаманы тындауға шамасы келмей, алаң болған жүгірісі зая кетпеді. Колхозы-көрнекі үгіттен, үйлерді безендіруден бас бейгені жеңіп алды.

Слет өткеніне 16-17 жыл болған. Ондағы айтылған әңгімелер естен де шығып кеткен.


Бұдан бір жылдай бұрын, екеуміз бірге қонақта болдық. Есте ұстау қабілеті қандай күшті! Жадынан «Жылан жылғы» шықпайды. Сөздің бір кезегінде, сол слеттегі өзінің атына өлеңмен айтылған сынды өзгертпей, отырғандарға жатқа оқып берді де:

- Біздің Нұрмахан керек десе, баяндамаларды да өлеңмен

жазатын. Тәрбиелей білсе, қабілет бар...

Сынды дұрыс қабылдай білу керек. Намысты оятады. Сондағы сол бір ауыз сын-өлең маған не істетпеді? Келген соң басқарма мәжілісін шақырып, кемшіліктерімізді талқылап, сыннан қорытынды шығара білдік-ау. Кемшілік тектен-тек отырсаң ғана болмайды, ал сан-салалы жұмыста кемшілік болмауы мүмкін емес. Бұл дегенің өмір ғой. Өмірде бәрі де кездеседі-деп аяқтаған еді сөзің.

- Сәке, сол жолы сізбен бірге біраз шаруашылықтың басшылары да сынға іліккен еді ғой. Ойымда қалғаны, әр жүз саулықтан 98 қозы алған, «Қара-кемер» совхозының директоры Е.Жатқанбаевқа айтылған сын-өлең. Оның шығу тарихы былай болды. Слетте ат жарысын өткізу, бұлжымас заң екенін білесіздер. Аттарды қайда шаптырудың, яғни, уақытша ипподром іспеттес жердің жөнін таба алсақшы. Бұрынғы ат шауып жүрген жердің бәрі жыртылып, сырттан келген қарбыз егетіндерге беріліп қойылған. Ондай жерде ат шабу мүмкін емес. Слет өтетін жерден алыс болса да бір жерді таңдап, ат шабуға дайындаған едік. Өлең содан туындаған-ды. Ол өлең былай боп келеді, - деп, мына өлеңді оқыдым:



Е. Жатқанбаев

Есенбек, көрінбейді тер төккенің,
Тегінде керегі не бос өкпенің?!
«Пионер» сенен озды десең болды,
«Оныңның жері кең» деп безектедің.
Жеріңді дарбыз егіп тарылтыпсың,
«Көкіштіде» тілгілеп, «алып күшің»,
Ипподром-ат шабатын жер қалмапты,
Бұл ісің ашындырар халықты шын.
Сен дағы сонау жылдар алда келдің,
Табысыңмен талайды «арбап» едің.
Енді міне, 95-97(қозы алу) өтпес қамал!
Қамшыла шабандаса баптан «керің»!

- десем, Есенбек өкпелемес, ұжым мүшелерінің құлақтарына да «алтын сырға» деп қосып та қойған едім.

- Бұл сын өлеңіңді мен естімеген екенмін. Айтары жоқ, орынды айтылған. Еш дау болуы тиіс емес-деп Сәкең бұдан 16-17 жыл бұрынғы шопандар слетінде баяндамада оқылған сын-өлеңге баға бергендей болып еді.

2007 жылдың мамыры.

ФЕЛЬЕТОН КЕЙІПКЕРІ



Өтепберген Мәуленов

Ағадан - ақыл,
Атадан - нақыл

"Сіз", "біз" - деген жылы сөз,
Ағайынға жарасар.

(Қазақ мақал-мәтелдері)

БАЗАРҒА САПАР

«Тылсым сырлы дүние» бөліміндегі «Қожағаппар атаның керемет қасиеттері» және «Сенім күші» хикаяттарында аты аталған Өтепберген Мәуленұлы көкеміз, шағын колхоздар іріленгенге дейін Жамбыл ауданының «Сеңгірбай» колхозын басқарған. Өткен ғасырдың елуінші жылдарының басында, ол басқарған колхоз бен «Пионер», «Шайдана» колхоздары бірігіп, іріленген «Пионер» колхозы атанған. Біздің Өтепберген көкеміз сол жылы іріленген сол аудандағы Жамбыл қаласының іргесіндегі Амангелді атындағы колхозға басқарма бастығы болып сайланған.

Сол жылдардың бір жазында, менің төртінші класқа өткен кезім болуы керек. Бойым бір ақ тұтам, кішкентаймын. Мектептегі деңе шынықтыру сабағында бойға қарай қатарға тұрғызғанда, ең соңында қортыып тұратыным есімде.

Әкей алыстағы Мойынқұмға өзінің орманшылық қызметіне атпен жүрер алдында, бір қойды базарға мал айдаушылармен бірге айдап апарып сатып, мектепке киер киім алуымды тапсырған. Сол үшін де базарға мал айдайтындардың тобына, мен шешем көрсеткен бір қойды, Жолшыбек аға өздерінің сататын малдарын қосып, анасы Бүбікүл апа үшеуміз де сол топқа қосылдық. Біз тұрған Сеңгірбай аулымен Жамбыл қаласының арасы шамада, елу шақырымнан асады. Сенбі күні таңғы салқынмен жиналған малдарды жаяу айдадық. Содан әбден қас қарайғанда, қала маңындағы Танта аулына жетіп, жексенбі күні ертелеп базарға айдап кіретін болып, айдалада түнеп шықтық. Таң ата қайта айдап, мал базарына қойды саттық. Одан шыға, Бүбікүл апа мен Жолшыбек аға үшеуміз базар, магазиндер аралап, сатқан ақшамызды қарыштап болған соң, неге екенін қайдам Бүбікүл апамыз:

- Осы қала түбіндегі «Амангелді» колхозында Өтеке (Өтепберген) көкелерің колхоз бастығы. Бұрын өз аулымызда іріленгенге дейін бастық болған. Білетін шығарсыңдар? - деді.

- Е, білеміз ғой - дедік екеуміз де қосарлана.

- Білсеңдер өте жақсы! Бүгін сонда барып қонамыз. Туысқандарыңмен араласып тұрған дұрыс болады. Қазақта: «Алмасаң, бермесең сарт боларсың, бармасаң келмесең, жағдайын барып көрмесең, жат боларсың» деген сөз бар екенін біліп қойыңдар. Қашанда ағайыннан байланыс үзбеген жөн. «Абысын тату болса ас көп, ағайын тату болса ат көп» деген сөз де тегін айтылмаған. Бұл сөздің мәнісін кәзір түсіне

қоймассыңдар. Бірақ, өсе келе түсініп, сол сөздің үдесінен шығуға талпынар деген сенімім зор- дегендей тұрғыда бізге өз ақылын жеткізгендей болғаны, еміс-еміс ойға келеді.

Намаздыгер шамасында апамыз, Жолшыбек аға екеумізді жаяулата ертіп, сегіз-тоғыз шақырымдай жердегі Өтепберген көкөнің үйіне бардық.

Көптен бері көрмеген жол жырақтығына қарамай, ағайыны әдейі іздеп келгенге қуаныштан балбұл жанған Орынтай жеңгеміз құрақ ұшып, құшақ жая қарсы алып, алдымызға шайын қойып, ел жаңалығын сұрап жатыр...

ШЕЖІРЕ СЫРЫ

Кешке қарай Өтепберген көке жұмысынан келіп, жағдайдан хабардар болды да:

- «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы қартын келіп сәлем берер» дегендей, іздеп туысқандарым келгенде- деп, жас балаша елпілдеп, ағынан жарылғандай болған еді. Сөзін былай сабақтады:

- Елге әйгілі болған Төле би бабамызбен Түлкі есімді жігіт кезі келіп, сұхбаттасқан көрінеді. Оның берген сұрақтарына баба былай жауап беріпті:

- Ата, алты алаш деген кім? - депті жігіт.

- Алты Алаш-Алаша ханның балалары: қазақ, қарақалпақ, қырғыз, өзбек, түрікпен жайылған - депті баба.

- Үш жүз деген кім?

- Үш жүз-қазақтың ағайынды үш баласы.

- Осы ағайынды кісілердің екпесі немен тарқайды? - деген сұрағына:

- Сағынысып көрісумен тарқайды - деген екен.

Сол айтқандай, өкпелеспесек те, көптен көріспегенге сағынысып қалғандаймын. Себебі біздер, сағынысып көрісетін ағайынды жақын жандармыз. Оны біліп қойыңдар-деді бізге қарап.

Біз Жолшыбек аға екеуміз бір-бірімізге қарадық. Сөзге Бүбікүл апа араласып:

- Е, ағайынды туыс болған соң да іздеп келіп отырғаны- деді.

- Олай болса менің үлкен аталардан есіткен мына сөзім, құлақтарыңда болсын - деді Өтепберген көке жылы шыраймен.



Ауыл қарттары. Оңнан солға қарай: Рсалы қария, Өтепберген, Әбу, Әбдіқапар, Масат

Біз Ұлы жүз Дулаттың төрт баласының бірі - Шымыр бабаның ұрпақтарымыз. Бабамыздың Бекболат, Шынғожа, Темір атты ұлдары болған. Ал Шынғожадан - Қобланды, Бозқозы, Бозаң, Марсым бабалар тараған. Оның ішінде Марсымнан біздің бабаларымыз - Қырғызәлі, Қонақбай, Садыбай тарайды. Бізге тән Қырғызәлі бабамыздың Қазымбет, Қалымбет атты екі ұлы болыпты. Сол қос ұлының бірі-Қазымбеттен төрт бала - Дүлдүл, Сарыбас, Қаратеке және Бейімбет келген екен дүниеге. Қаратекеден - Шахан бабамыз. Шақаннан төрт ағайынды - Жақсылық, Балық, Таңатар, Сарт тарайды. Біз сол төрт ағайындының бірі-Балықтың ұрпақтарымыз.

Балықтың балалары: Жансары, Байсары, Жауатар, Малыбай, Қаныш, Қарашаш, Мәркеш, Қонай болып келеді. Біліп алыңдар - деді дағы, Өтепберген көке бізге қарап, «Айтсам ба, айтпасам ба?» дегендей біраз ойланып отырды да:

- Ал екі інім! Мен сендерге бір құпияны ашайын. Біз осы отырған үшеуіміз-бір ата-Жауатар бабамыздың балаларымыз, жақын туыстармыз.

Жауатар бабамыздан Жаңаберді, Қаумет тараса, Қауметтен сатылап біздер тараймыз. Айтайын дегенім ол емес. Айтпағым, үлкендерден есіткен серт беріскен сендердің аталарыңның, анамыз Қарашаштың атымен аталуы жайында. Бабаларымыздың серттесіп, жария етуге

сөз беріскен құпиясын жария еткенім үшін Алла кешірсін! Бабаларымыздың аруақтары кешірсін! Сендердің ол құпияны білулерің керек сияқты. Көзіргі замаң, ұрпағымен қымбатты, бір-біріне бауыр басып, ағайын-дос, жолдас болуы керек. Себебі, бүкіл қазақтың басына келген ашаршылықтан, індеттен, сұрапыл-соғыстан саусақпен санарлық-ақ туыстарымыз қалыпты. Қаншама үй мен адамның аты өшті?! Қалғандардың берекесін берсін! Алланың ісіне ешкім де қарсы тұра алмасын біліп қойыңдар. Осыларды ескеріп, өздеріңе құпияны жария етуге тиіспін деген шешімге келіп отырмын. Біздің өзара жақындығымызды, сендерден бастап, келешек ұрпағымыздың білгендері дұрыс болар-деп есептегендіктен барып отырмын.

Аталарыңның аты-анамыз Қарашаштың атымен аталуына мынандай себеп болыпты:

Қарашаш ана-тұрмыс құра сала көп өтпей-ақ, жесір қалыпты. Жесір қалған жас келіншекке біздің Қаумет бабамыз сөз салғанға ұқсайды. Оған Қарашаш ана былай жауап берсе керек:

- Менің көмелет жасынан енді ғана асқанда, қос тіземді құшақтап отырғанымды жүрегіңмен түсіне біліп, сөз салып, ойыңды білдіргеніңе ризамын. Әйелді Алла тағала өркекпен жұптасып, некелі тұрмыс құрып, өсіп-өніп, өмірге ұрпақ әкелуге жаратқан. Оған қарсы болып күнәһар болар жайым жоқ. Үйленуге жарамды, үйлену мүмкіндігі бола тұрып үйленбеген адам - Ислам дінінде емес деген қағиданың бар екенін білсем де, құлақ асар болсаңыздар, бір талап қойғалы отырмын. Сол талабым орындалса ғана, өзіңе еркіммен қол беруге бармын. Олай болмаған жағдайда, тағдырымның салғанына шыдап бағамын...

Менің айтпағым: Түп атамыз - Шымыр, бергісі - Балық. Оған дау болмас. Жауатар бабамыз рұқсат бөрсө, менен тараған ұрпақты Жауатардың Қауметінен емес, менің атыммен «Қарашаш ұрпағы» - деп аталса. Бар талабым - осы депті.

Болашағын болжай білген жарықтық бабамыз: «Маған ұрпағымның көбейіп, жайылғаны керек! Ол келінімнен тараған ұрпақ - Қарашаш болып аталғанмен де, бабамыз Балықтан көтпейді ғой! Менің атыммен аталар басқа да ұрпақтарымының Алла амандығың, бірлігің, берекесін берсін! Болсын тілегі көлінімнің! Құдай алдында болмаса, адам алдында бұл көсімге дау болмайтын болсын!» - деп шешіпті.

таңертең тіл үйірет бал қымыз болып, қымыз құмар жанды шақырмай-ақ жиып алатын. Жексенбінің бір күнінде Өтепберген көкенің қымыз ішуге келгенін пайдаланып, бір сөздің ретінде:

- Біздің бала кезімізде газеттердің бірінде өзіңіз жайлы фельетон жарияланған көрінеді. Ол сонда қалай болды? Не жайында еді? - дегенімде:

- Е, ондай бір сын мақала менің жолымды кесу үшін, көре алмаушылардың ұйымдастыруымен «Социалды Қазақстан» газетінде жарияланған болатын.

Біздер майда колхоздар біріккен соң, жұмыссыз біраз жүріп қалғанбыз. Көңіл күптігей болып жүргенде, «газеттенмін»-деп жұпыны ғана киінген көзі пітиген, құлағы қалқиған, жарғақ сары келген. Түріне қарап, төкаппарлығым ұстап, менсінбей, сөзіне мән бермедім. Мән-жайды өзіне жақсылап айтып, түсіндірмедім де. Ол түйілгендей болып кетіп қалды. Кейін ойлаймын ғой, сонша жерден әдейі іздеп келген адамға шын жағдайды түсіндірген болсам, «Атың шықпаса жер өртенің» кебін киген бүкіл республикаға жария болған сын мақала, жарық көрместе еді. Не керек менің өз әбестігімнен, келген жігітті өркөкіректеніп менсінбей түсіндірмеуімнің арты соған алып келген еді. Менің бұл ісім келешекке сабақ боларлық. Өркөкіректікті де пайдаланбас жерде пайдалансаң, орға ұрып жығып кетерін білгендерің жөн!...

Кейін белгілі болғандай, дұшпандар жолды кесу мақсатында сондай бір әрекетті ұйымдастырып, «Еңбегіміз сіңген отставной бастықтармыз, бізге ешкім тие алмайды» деген сөздерін есіткен екі бастықтың туған-туысқандары да шікірейіп, колхоз жұмысына шекесінен қарап, жұмысқа нұқсан көліп жатыр»-деп жазған болатын. Ол тіпті де болмаған шикі өтірік еді. Райком (аудандық партия комитеті) артынша тексеру ұйымдастырып, газетте көрсетілгендей сорақылықтың менің тарапымнан болмағанын анықтап, мені ауданымыздың Амангелді атындағы колхозына басқарма бастығы етіп жіберген еді. Сұрап отырған газетке шыққан мен жайындағы сын мақала солай аяқталған-ды. «Аққа құдай жақ» дегендей арты жақсы аяқталғанмен, өзімнің әбес әрекетімнің салдарынан бастық болған бұл көкең, бүкіл республикаға «дүрілдеген»-деп, күлген болатын.

- Иә, балалар! Осы сын мақаладан кейін адамға жөн айтпай менсінбеу, қияс сөйлеу кесір өкенін түсінген өдім. Қазақта «Молданың істегенін істеме, айтқанын істө» деген

сөз бар. Менің басымнан өткен осы бір оқиға сендерге де сабақ болуы тиіс-деген еді Өтепберген көке.

Оны тыңдап отырған менің анам жеңгесініп, қайынын сонда қалжың - шыны аралас былай бір шымшып өткен болатын:

- Көзір аппақ болып, өзіңе су жуытпай отырсың ғой. Қалаға барып «мың қойыңды айдап», сыранды сылқитып жүргенде артық-ауыс сөздер шыққанда болар? Әлгі жазған адамды менсінбей, біраз жерге де апармадым деймісің?

- Балалардың көзінше менің беделімді түсірмей отырсаңшы сен кемпір-деп, әзіліне өзімсіп жауап берген еді...

1982 жылы сатирик-жазушы Сыдықбек Адамбековтың екі томдық шығармалар жинағы кітап магазиніне түсіпті. Қарап тұрып, екінші томының 59 бетіндегі «Отставной бастықтар» деген фельетонына көзім түсіп, баяғы сөз болған әңгіме ойыма оралып, сатып алдым. Ол кезде мен сол өзім туған «Пионер» қой совхозында партком хатшысы болатынмын. Бірде Өтепберген көкенің үйге келгенін пайдаланып:

- Көке, сіз бен Сәрсенбі ақсақал жайында бұрынғы шыққан «Отставной бастықтар» деген фельетонды жазушының таңдамалы жинағына кітап етіп басып шығарыпты. Оқып берсем қалай қарайсыз? - дедім.

- Е, оқы! Ол өзі бұдан отыз жыл аса, бұрын болған әңгіме еді ғой, кезінде «Социалды Қазақстан» газетінде жарияланған. Не айтылушы еді өзі? Естен де шығып қалыпты. Оқышы, бәріміз бірге тыңдайық! - деді. Мен оқи бастадым:

«Қайнаған қалың базардың бір шетінде етек-жеңін қара барқытпен қиюлаған, сеңсең сары тонды, екі атты үзеңгісін шіреніп тұр. Біреуі тонының етегін тақымына қымқырып қойды да, екіншісі «менің тонымның сеңсең, костюмымның бастон екенін мына ел көрсін» дегендей, жел аударған етегін жимай, омырауын ашып тастап, ел үстінен елеуреп қарайды алысқа. Февральдің ішінде шекесін күн күйдіріп бара жатқандай, қолын көлегейлейді.

Қасына келіп амандасқанда да бұлардың сәлемі түрлі-түрлі.

- Е, «байқұс-ау!» Баяғы айтқан сен менсінбеген көзі пітиген сарың, сені қатырған екен ғой мына кітабында. Ішкендегі шіренетін бейнеңді көз алдыңа келтірердей етіп суреттепті ғой. «Атың шықпаса жер өрте» дегендей, жер өртеп атыңды

шығарғаннан көрі, кітапта атыңның қалғанын жуатын да жөнің бар - деп, менің анам тағы да әдетімен қайынын бір «шағып» алды.

Көке болса риза көңілмен жарқылдай күліп:

- Әй, осы сен тыныш отыра тұршы, кітапты тыңдап алайық - деп, маған қарады. Мен ары қарай оқи бердім...

... - Шіренуін қара өздерінің, отставной бастықтар, - деп сүйінушілер де, есіркеушілер де, мысқылдаушылар да табылып жатыр...

...Сәрсембінің ағайындары қандай ұйымшыл! Бәрінің азу тісі балғадай, арыздарын да қандай сауатты жазады. Ал менің ағайындарымның бас терісі келіспеген, бәрінің азуларын құрт жеп қойған сияқты, дүрілдеп тұрған кезімде бергенімді бердің демеді-ау бұлар... - деп сөйлемді аяқтай бергенімде, тыңдап отырған өзімнің анам:

- Тоқта! Әй мынау не шатып кетті? «Басқарма-ау!» (қайнысы ретінде атын тергеп, солай атайтын) Сен бе, соны айтқан? - деп Өтепберген көкеге қарап:

Мәс-саған!

Ағайынды жамандап,

Жақсыны қайдан табарсың?!

Шын айтқан болсаң осылай,

Көкті тіреп бір өзің,

Талтайған бойы қаларсың!

Мынауың не сөз-жосынсыз!

«Ортадан шыққан» - деп асырып,

Кемшіліктеріңді жасырып,

«Басқарма»-деп шынымен,

Жүргенбіз қалай бас ұрып?!

- деп шешем табан астында «ағайындарымның бәрінің бас терісі келіспеген, азуларын құрт жеп қойған...» деген сөздерді есіткенге туласын келіп.



Анам Шаратай

- Ой, Шаратай-ау! Айналайын жеңешетай! Балалар басқаша түсініп қалар, ондай сөзді менің айтпайтынымды сен білесің ғой. Әлгі маған өкпелеген жазушының өзінше араға от тастау үшін, келтіре әрлегені ғой. Менің ағайынымды жамандар ойым болса, сонау бір жылдары мына балаларды Бүбікүл жеңгем, Амангелді аулындағы маған ертіп барғанда, бабалар серттескен сырды бұларға жария етер ме едім? Туысқандық байланысымызды осылар білсін деген жоқ па едім? Қасымдағы біреуім қашан екеу болар екен деп жүргеннің бірі мен емеспін бе? - деп көкем шын ақталды.

Өзімнің анама тоқтау айтып, фельетон дегеннің осындай қитұрқылығы болатындығын түсіндірген болдым. Фельетонды аяғына дейін оқып беріп аяқтағанымда, Өтепберген көке:

- Мен жайындағы бұл фельетон, алғаш газетке шыққанда елді бір шулатып, райкомға барып бір басылып еді, енді отыз жылдай өткен соң, жеңгемнің де ашуына тиді-ау! Бүйтіп жағымсыз кейіпкер болып кітап бетінде қалғаны бар болсын.

Мейлі да, бұл да бастан өткен тарих болғандығымен жақсы. Келешек ұрпақ мұндағы айтылғандардың жаманынан да, жақсысынан да сабақ алуы үшін керек.

Фельетонмен танысу солай аяқталған еді. Бізде болған істі болғандай, әркімнің көңілін күпті қылмай, болған қалпында жеткізуді мақсат еттік.

Тарихта қалар жақсы істер көп болғай!

28 маусым 2007 жыл



АДАЛДЫҚТЫҢ АҚ ЖОЛЫМЕН



Рахметулла аға Бектенбаев

Айт сөзді ұққанға,
Айтып айтпа құлағына мақта тыққанға.

Жақсының жақсы білер сымбатың,
Жаман қайдан білсін асыл менен қымбатың.

(Қазақ мақал-мәтелдері)

ТӘЛІМГЕР

Тәлімгер» деген сөзді біз кейініректе естідік. Жаңа жұмысқа кіріскен адамды үйретіп, еңбекке баулып, қателіктерін түзеуге жәрдем беретін тәжірибелі еңбек адамын «тәлімгер» дейді екен де, ал біздер сол кездегі сөзбен оларды орысша «наставник»- деп үйрендік.

Сондай «наставник-тәлімгер» адамға мен ерте кез болдым. Сол 1956 жылы Жамбыл қаласындағы орта мектептің сегізінші сыныбын тәмәмдап, тоғызыншыға өтіп, ауылға каникулға келген кезім еді. Бұрынғы үш ауыл бірігіп, «Пионер» колхозына қосылып, колхозымызды солай атауға үйреніп қалғанбыз. Біздің үй қырман басына көшіп барып, анам қырманшыларға тамақ дайындаумен айналысса, әкей қырманға түнгі қарауыл болыпты.

Қырман меңгерушісі-колхозда учетчик (есепші) болып жүрген Рахметулла (Рекең) Бектенбаев ағамыз екен. Келген күннен ақ мені өз жанынан шығармай, таразымен жұмыс істеуді үйретті. «Брутто, тара, нетто» дегендердің не екендігін сол жылы білдім. Бір-бірімен байланысты қырман есебі, оның кіріс-шығыс құжаттарын дайындаумен жете таныстым. Осының бәрін санама сіңіруден, сұраудан мен де жалықпадым, үйретуден Рекең аға да жалықпады. Машинаға салынған астықтың комбайн бункерінің санына қарап, көлемін анықтауға да машығып алдым. Бір рет мынандай бір келеңсіз жағдай болғаны әлі есімде. Рахметулла аға колхоз орталығына қырман жұмыстары мәселесімен ауылға кеткен. Комбайндардан әкелінген астықты өлшеп, қабылдап алу жұмысын маған сеніп тапсырып кетті. Бекең деген бір шофер менің аз ғана уақыт жоқтығымды пайдаланып, әкелген астығын таразыға тартқан болып, салмағын қосып жазып, қырманға төгіп қойыпты. Келе салып білсем, әкелген бункер санымен астықтың салмағы менің шамаман едәуір көп. Не істеу керек? Бекеңе айтсам, ол мені баласынып:

-Таразыға тартқанымда сол болды - дегеннен танатын емес.

-Таразыға тартсаңыз тартқан шығарсыз. Бірақ әкелген үш бункеріңіздің салмағы сіз көрсеткеннен кем болуы тиіс. Мен бункер салмағының қанша боларын білемін. Олай өз ойыңызға келген салмақты қосып жазғаныңызға келіспеймін-деп қасарыстым да:

- Мен кәзір сіздің машинаңызбен бірге барып, сол әкелген

комбайндарыңыздан тап сондай толған бункерлерді салдырып келген соң көзіңізше өлшеймін. Сол өлшем салмағын, өзіңіз менсіз өлшеген салмақпен бірдей етіп аламыз. Жүріңіз! - деп машинасына мініп алдым. Лажсыздан ілби қимылдап, істі насырға шаптырмайын деді ме?

- Мейлі, көрсек көрейік. Мен мүмкін шатасқан болармын деп, менің ығыма жығылардай сыңай білдіре бастады...

Әкелген астығымызды таразыға тартқанымызда бір тоннаға жуық қосып жазғанын анықтадым. Бұлтартпас дәлелге еш қарсы уәж айта алмаған Бекең, сегізінші сыныпты жаңа бітірген менің алдымда көлгірси ыржалақтап:

- Ау інішек кешір! Мен таразыны түсінбеппін. Бәрі жөнге келді ғой, енді Рекеңе айтпай-ақ қой деп жалынғандай болды. Соншама әурелегеніне ашынған мең:

- Қанға сіңген әдетің -

Жаман екен ағатай!

Жасырып мен оныңды,

Таба алам ба, тағат жай? - деп жібердім...

Кешірек оралған Рекеңе болған жайды баян еттім. Ол кісі менің өжеттік танытып, табандылықпен өз дегеніме жеткен әрекетіме ризашылығын білдіре отырып, адалдықтың ақ жолынан аттамаудың сауабы жайында біраз түсінік берген еді. Ол кездегі айтқандары бар және өзара жалпы әңгімеде, кейде болып тұратын пікіралыста адалдық мәселесіне көп көңіл аударып отыратын. Сондағы айтқан өсиеттері шамада мына төмендегідей ұғымдарға саятын еді:

Арам нәрселерден сақтансаң - адамдардың арасындағы инабаттысы боласың;

Алла берген ризыққа разы болсаң - дәулетті өмір сүресің;

Кісі ақысын жеуге құмар адамдардың о дүниеде де көрері тозақ;

Шын сөйлеуге дағдылан. Сонда бәле-жаладан өзіңді құтқарасың. Пайда іздеп тұрсаң да, жалған айтудан сақтанатын бол. Өйткені қалай болғанда да өтіріктің құйрығы-бір-ақ тұтам деген сөз есіңнен шықпасың;

Ар-ұят үнемі жақсылыққа бастайды, ар-ұятыңды сақтай біл;

Адал ризық табу - әр мұсылманға уәжіп - болып келетін.

Адалдықтың ақ жолы дегеннен ойға тағы бір мынандай, басымнан өткен жағдай оралып отыр. Қырман басында үлкен цистернаға құйылған бензин болатын. Ол бензинді шүмектетіп

ағызып, шелекпен өлшеп беретін. Тарату ведомосын маған тастап, өзі бір жаққа кетті. Жәрдемге келген автомашиналар да бензинді сол жерден құятын. Шелекпен құйып босаттым дағы, босатқан көлемді литр емес, килограммдап жазып қойдым. Ертеңіне Рекең келіп көріп, әрбір 100 литр бензинде 80 килограмм өлшемінен аспайтын ғана бензин болатынын түсіндірді.

- Мына жазғаның бойынша нақты босатылған 100 литр бензинді килолап жазғаннан 25 литрдей бензин артық жазылып кеткенін көрсетеді. Литр өлшемін килограмм өлшемімен шатастырып алып жүрмейтін бол-деген сөздері бүгінге дейін есімде.

Бұл мысалдардан шығатын қорытынды - Рекең не істесе де өте ақ-адал, сара да тиянақты істеп, қандай да жағдай болмасын әділ шешімін айтып отыратын.

«Бір сағат ілім үйрену-бір күндік ғибадаттан артық болады екен» дегенді де алғаш рет осы Рахметулла ағадан есіткен едім. Рекеңнен есіткен өсиеттерімнің көбі-өмірімде кәдеге асқаны жасырын емес. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аларсың» деген сөз қалай әділ айтылған. Жастай көрген тәрбие жылдарға азық боларына көз жеткізгендеймін...

Үйрене берсін дегені болу керек, шілденің шыжыған аптабында анамның ара түскеніне де қарамастан, комбайндардың күнделікті орған егіс көлемін өлшеуге мені жіберетін. Ойымнан кетпейді, алғаш өлшеуге шығар алдында саржынды қалай ұстау, көлемді қалай анықтау жөнінде өзімнен экзамен қабылдағандай сұрай отырып, жан-жақты айтып түсіндірді. Егістің ұзындығы, не ені әрқалай болғанда қалай өлшеу керектігін сызып көрсеткен еді. Бұл істі де Рекең ағаның арқасында жылдам меңгерген едім.

Істеген жұмыс көлеміне қарап отырып, әр істеушіге еңбек ақы төлеу жөнінде ведомость-наряд толтыру, өз алдына бір адамды қызықтыратын күрделі жұмыс. Ол кезде еңбекке ақы төлеу, еңбеккүнмен өлшенетін. Алдыма әр жұмысқа белгіленген нормативті қояды дағы, сол норманы орындағандағы төленетін еңбеккүн көлемін түсіндіретін. Бір дәптерінен кімнің қандай жұмыстар атқарғаны жөніндегі тізбені көрсететін.

- Ал міне, сенде кімнің не істегені, ол жұмыстың нормасы, әр нормаға төленетін еңбеккүн көлемі бар. Еңбеккүн көлемін қалай анықтар едің? - деп, өзіме сұрақ беретін. Менің жауабымнан соң:

- Онда іске сәт! Ведомость-нарядты толтыруды баста-дейтін дағы:

- Менің мына соғысқа берген шалақ қолыммен мықшындап отырғанда талай уақыт жоғалтып аламыз. Ал сен тез, әрі сауатты жазасың. Ол істегеніңнен жұмыс бітіп қалады, маған пайда, көп нәрсе үйренесің келешегіңе керек, саған пайда-деп отыратын жарықтық.

Бар ынта-ықыласымды әр істеушіге ақы төлеу мәселесіне аударып, қағазға түсіре беретінмін. Болғанын-болғандай Рекеңнің тексеруіне беріп отырамын. Ол кісі тексеріп, күдікті дегендерін бөлектеп, қайтара екеулеп сүзгіден өткізіп отыратынбыз.

Тоғызыншы сыныпты бітіріп, оныншыға өтіп келген жылдың жазында да мен Рекең ағаның қасында болдым, көп нәрсені үйретіп, тәлімгерлік жасады. Көп нәрсені үйрендім...

Кәзір ойлап отырсам, сол кезде Рекең мені жоғарыдағыдай істерге мектеп қабырғасында жүргенімде машықтандырмаса, маған тәлімгерлік жасамаған болса, есеп-экономика мәселесімен айналысар ма едім? Қайткенде де сол қызығушылықтың әсері болған да шығар-ау...

ҚОНЫС АУЫСТЫРУ

Жүз қаралы отбасы Сеңгірбай аулында көше ретін сақтамай, әркім қалаған жеріне жай төбесі батпақпен сыланған, едені жоқ үйлерді салып алып, көптен сонда өмір кешіп келген. Рахметұлла, Өтепберген ағалар бас болып, қалыптасып келе жатқан өмірге сай, адам өміріне қауіпсіз электр жарығы келген, суы жақсы, медицинаның талаптарына сай келерлік жаңа типті еденделген үй салу керектігін сөз етеді. Ол ұсынысты бүкіл ауыл болып қолдайды.

- Жаңа үй салуға келіссеңіздер, ол үйді қайдан салу дұрыс болар еді? Кімде қандай ұсыныс бар? - деп ойлануға көпшілікке ой тастайды Рекең.

- Е, осы жерден ше?-дейді бірі

- Бұл жерге электр желісі келмеген, қараңғыда отыра бермекпіз ба?-деп, оған екіншісі қарсылық білдірсе, үшіншісі:

- Көше болуға тегіс жер таңдағанымыз жөн болар. Мына біз отырған жер төбемен төбе жалғасқан жер. Тегіс емес, ыңғайсыз. Электр бір заманда келгеннің өзінде көше тәртібімен орналаспаған соң, қиыншылық туғызары сөзсіз.

Менің ұсынысым-жаңа жерге қоныстанғанымыз дұрыс болар еді-десе төртіншісі тұрып:

- Айтылғандарға қосарым, жолдың жоқтығынан қиыншылықты көрудей ақ көріп келеміз. Балаларымыз болса, мұндағы бастауыш мектепті бітірген соң жаяулата шуап, Шайданадағы жеті жылдық мектепке таң азаннан тұрып, оқуға барады. Ол қиындықтардан жаңа жер-тура осы мектебі бар Шайданаға қоныс аударсақ құтылар едік-деді.

Талқылай келе Рекең бастаған ауыл комиссиясы құрылып, жаңа жер таңдау мәселесімен шұғылдануды тапсырды.

Рекең ағадан ұйқы қашты. Келешек үшін керек мәселенің түйінін қалай шешпек? Ақылдасты, кеңесті. Колхоз бастығына Шайдана ауылының алдындағы жазыққа көшіп келіп қоныстанатынын жеткізді.

- Небәрі екі көшеге орналаспақпыз. Бұрынғы қоныс-Сеңгірбай ауылы орналасқан жердегі тұрғындар пайдаланып келген айдалмалы жерге, Шайдананың кіре берісіндегі егіс алқабын алмастыру жөнінде ауданға мәселе қойып, бүкіл Сеңгірбай аулының тұрғындарын сонда қоныстандыру мәселесін шешіп беріңіз - деп мәселені нақтылап қойды.

Бір емес бірнеше рет сабылды. Аудандағыларға да маза бермей, табалдырығын «тоздырды». Нәтижесінде шешімі де табылды. Сұраған жерге рұқсат алынды. Әр үйге 25 сотоктан (гектардың төрттен бір бөлігі) жер есептеп, қазықтар қағылды. Енді участок белгілеп бөліп алуда әр қалай сөз болып, Рекеңнің ұсынысымен шөп тастап (жеребі) шөбінің түсуіне қарай орналасуға келісті. Бұл жерде де бір ерекшіліктің басын ашуға тура келді. Ол аталас-ағайындардың қатар орналасуы еді. Бірнеше жылғы учетчик болған тәжірибе арқасында, оны да жеңіл шешті. Әркім жерін белгілеп алған соң, әліне қарай құрылыс жұмыстарын жаппай бастап та кетті. Нағыз қарбалас кез енді туғандай болды. Қолбайлау болар біраз заттардың кемдігі көзге ұрып тұрды. Ол - құрылысқа бірінші және басты керекті-ағаш, тақтай, цемент және шифер болатын. Осы туралы Рекең ойға алып былай деген еді:

-«Өлмейтіңге өлі балық болса да кез болар» демекші, біздің бағымызға Қазақ ССР Министрлер Советінің бастығы болған Сәлкен Дауленов деген кісі ауданға өкіл болып келіп қалмасы бар ма? Бір кең пейілді инабатты жан екен. Өтепберген екеуміз алдына бардық. Аулымызда қолға алған басты ісімізді, бар болып жатқан жетіспеушілік жайынан, ештеме бүкпестен хабардар еттік. Қарбаласымыздың жай-жапсарын

білген соң, «игілікті істе көмек бермегенде қайда, қашан көмек бермекпін?»-деп, білек сыбана кірісіп, колхозымызға Сібірден тікелей транзитпен вагондап, ағаш, тақтай алдырып, өте арзан бағамен басқа да керекті құрылыс материалдарын жіберіп, барлығымызды бір жарылқап тастаған болатын. Сондағы кемпір-шалдың бізге берген алғысында шек болмады. Сол көмектің арқасында бір жыл ішінде-ақ осы отырған жерімізге қоныс аударған болатынбыз. Қоныс аударудың осындай машақатын бастан өткізгенбіз.

Ол кезде жауапкершілікті өз мойныңа алып, көптің жұмысы үшін ештемемен санаспай жүгірмеген болсақ, бүгінгі мына ақ шаңқан еңселі үйлер бұл жерлерде тұрмаған да болар еді.

Қарамайсыз ба? Арман еткен электр желісі тартылған. Әр үйде телевизор, электрмен істейтін нешеме құралдарды пайдаланып отыр. Жол қатынасы жолға қойылған. Медициналық пункт, клуб бар. Телефонмен үйде отырып, дүние жүзінің әр түкпірімен сөйлесе аласың. Газет-журнал жаздырып алмайтын отбасы жоқ. Шетінен сауатты, бакуат. Көшелеріміз таза, асфальттанған...

Құдайға шүкір! Бұл жер бәріміз үшін құт мекен болды. Ұрпағымыз осы жерден өсті, оқыды, білім шыңына көтеріліп, еңбек етіп жүр. Біздің Алладан тілейтініміз, солардың қызығын көрсете берсе екен!

ҚЫМЫЗ ІШЕ ОТЫРЫП...

Әкейдің жалғыз биесінің қымызы, біраз қымыз құмарлардың сусынын қандыратыны шындық болатын. Олардың ішінде осы Рахметулла аға да отыратын. Зейнетке шыққанға дейін осы жаңа қоныстағы ауыл айналасындағы егістікке қарауыл болды. Қарауыл болғанда да жай қарауыл емес, «қаһарлы қарауыл» атанды. Ол кісінің даусымен бұзықшылық жасаған жасөспірімдерді қорқытып қоятын кейбір аналарды да есіткенбіз. Оның себебі, қараусыз қалып егістікке түсіп, едәуір зиян келтіретін аяқты малды түстеп танып, иесіне айқайлай айдап келгенде, кінәсін мойындаған кез келген ауыл адамының сөзге келместен кешірім сұрап, асты-үстіне түсіп жалынғанын естіген бала біткен үшін ең қорқынышты болып көрінетіндігінен болар. Тәртіп үшін сондай әрекетке баруға да тура келетін.

- Адамдардың түсінігі әр түрлі, кейбіреуі айтқан сөзінде



Рахметулла аға
балаларымен

тұрып, малдарына өте ықтият болса, кешелікті кәсіп етіп, беттері бүлік етпестер де кездеседі. Оларға айқай да өтпейді. О н д а й л а р д ы ң малдарын арнайы айдап барып қаматып, айып төлету арқылы ықпал етпесең, басқа шараға мыңқ етпейтіндері де болады. Тәртіпке бағынбайтындарға айқайлаймын деп жүріп, жас балаларға да жек көрінішті болып кетем бе? - деген қауіпім де жоқ емес-деп күліп қоятын Рекең.

Қымыз іше отырып, үлкендер әңгіменің неше бір түрін

айтатын. Бірде Рекең баланы жастай еңбекке тәрбиелеп, шымыр болып өсуіне көңіл аудару керектігіне тоқталған еді:

- Соғыс кезінде бізбен бірге бір болбыр «жігіт» болды. Бейшараға былай қарап жәнің ашиды. Істеген ісіне айдалада отырып, қазақ болғаны үшін намыстанатынбыз.

Тамаққа тоймайды. Тоймаған соң қу тамақты тойдыру үшін намыс дегенді естен шығарып, жан-жағындағы қалған-құтқанды қоймайды. Өзінің тілі ащы, тойып алған соң намыссыз, бір бұлбұлша жоқты айтып сайрайды. «Мен өкемнің жалғызы едім»-деуін тіпті қоймайды.

Машинаға өздігінен көтеріліп міне де алмайды. «Өле алмай жүріп» кезі келгенде сағат па, тарақ па, бәкі ме? Не керек көзі түскенді жиып қалтасын қамдайды. О тоба, көрген жоқпен обырды, бұрын-соңды ондайды.

Қатарға ілесе алмай ырсылдап, қалып жүреді. Қолынан түк келмейді. Нейбетке жұмыстан мақұрым. Ескерту айтсаң намыссыз, міңгірлеп күледі. Намыстанып кейде май құйрықтан

«береміз». Ондайда солқылдап жылаумен «қорқытатын». Сонан лажсыздан «көнеміз»...

Міне осылай тәрбиеленген бала, теріс пиғыл қалыптастырып, ұлтына сөз келтіргеннен басқа не әбиір әпермек? «Адам» деуге ауыз бармас, құдды сап-сары піскен әңгелек! Былқылдап жарылғалы тұрады. Ең бір жақсы жері- «Соғыс қашан бітеді? Ауылға жауды жеңіп, қашан қайтамыз?» болып келетін ниеті түзу сұрағы...

Ондайдың беті аулақ! Балаларды жастайынан еңбекке үйрету керек. Шынығып, шыңдалып, шымыр болып өсуіне жағдай жасаған дұрыс. Адалдыққа тәрбиелеймін десең ұлағатыңды ұмытпа! Мақтанғаным емес, менің балаларым шетінен аттың құлағында ойнайды. Өзім үйде отырсам кезектесіп балалар қарауылдықта жүреді. Біреуі анасының орнына орталықтан почта тасып, оны таратумен айналысады. Бала үшін тәрбие бірінші кезекті мәселе екендігі ешкімнің де есінен шықпауы тиіс. Онымен біз келешегімізге тәрбие береміз-деген сөзін өзім естіген едім.

Қандай көрегендік! Болашақ үшін толғану осындай болу керек шығар!

Айтса айтқандай-ақ, қарапайым ғана жұмыс адамы - Рахметулла ағаның балалары шетінен еңбек десе ерінбейтің, жұмыстың қайсысынан болса да жерінбейтін болып өсті.

Әрқайсысы өз алдына отбасын құрған. Әкелері өздерін қалай жақсылыққа тәрбиелесе, олар да бала-шағаларына әкелеріндей тәрбие беріп, қызық та шатты өмір сүріп жатқан жәйі бар. Балалары бірігіп, әкелерінің жылында ат жарысын өткізіп, көкпар беріп еске алса, келіндері жұма сайын шелпектерін пісіріп, дәмін тосып, аталарына құран бағыштатып қоюды әдетке айналдырған.

Біз де адалдығымен ерекшеленетін аңқылдаған ағаның жүріп-өткен жолының өзіміз білген кейбір жақтарын, кейінгілерге жеткізуді парыз санап, ағаның жақсы істері ұрпақтарына, оқырманға жұғысты болса екен деген мақсатпен, осы шағын әссе-естелікті ұсындық.

Сабақтастық жалғаса түсіп, Рахметулла ағаның игілікті істері өзінен тараған үрім-бұтақтарына жұғысты болсын! Ұрпақтары алаңсыз өсіп-өнсін, қуанышты, бақытты, шат өмір кешсін деп тілейік!

5 шілде 2007 жыл

ҮШІНШІ БӨЛІМ

АРНАУЛАР

Сендерсің,
Қимас асылым!
Өздерің,
Маған сая-бақ!

АЛПЫСҚА КЕЛГЕН АҒАҒА!

Нағашым, Тұрлыбай Әпсаматұлына арнау



Асқаралы белес-ақылман жас,
60-қа келдіңіз.
Осынау алпыс асу, адырлы кезеңде,
Өнегелі өмір жолын көрдіңіз.
Қырық қырқалы
кезеңнен тұратын еңбек жолыңызда,
Қаншама шәкіртке,
тәлім-тәрбие, саналы білім бердіңіз!

Санасы барлар, аузында Алласы барлар:
«Білім алған ағайым» дер,
Болмаса,
«Жақсылық көрген ағайын» дер.
Мәселе онда емес!
Мәселе:
Қиындыққа қыңбайтын,
Бастаған істі бітірмей тынбайтын,
Анау-мынауға сынбайтын,
Қара нардай төзімді,
Осилографтай сезімді -
Сіздің тәлімгер ұстаздығыңызда!
Қай кезде де өз ісіңізге құштарлығыңызда,
Жалықпайтын ұстамдылығыңызда!
Еңбекқорлығыңызға,

қайсарлығыңызға таң қалам!
Қаршадай мектеп жасында,
Қабырғаң сол кез қайысса да,
Керек іске майыспай,
Әке еңбегін жеңілдетіп,
Есімде аптап шілдеде,
«Қуайлап» қауға тартқаның.
Мың қойды қолмен суарып,
«Қойшы бүгін шаршадым»-деп, айтпадың.
Сол кезден мен өзіңді,
Толағай көрем, тау көрем!
Өзіңе қандас-мен жиен,
Тілеулес болам алдымен!

Жастайыңыздан,
Еңбекке деген құштарлық!
Шығарды шыңдап,
Ұлағатты ұстаз қып.
Біреудің ала жібін аттамай,
Қандастар, Алланың ақ жолын ұстадық!
Қиындықтар кездеспей қалған жоқ.
Жасағанмен кей кезде пенделік,
Қисықтардың тәлкегіне көнбедік!

Тағдырға ешкім өкінбейді!
Өй! - демес.
«Шүкір» дейміз Аллаға!
Шаттықпен бүгін қарсы алды,
Ой тоғытқан асқарлы,
60 деген нұр белес!

Әр шәкіртке мысқалдап берген
біліміңіз,
Тәніңізге нұр болып құйылсын!
Өмір қызығы ұзағынан болып,
Өзіңізге, отбасыңызға бұйырсын!

Математикалық есеп түйіні шешілгендей,
Өмір түйіні өзіңіз арқылы шешіле берсін!
Кез келген түйінді,
түбірін тауып,
Квадраттап, кубтай беріңіз!



Түрекең студент

Балаларыңыздың,
немере, шөберелеріңіздің
Қызығына кенеліп,
Солардың қызық - тойында айтар сөзіңізді,
Әркез даналықпен жұптай беріңіз!



Түрекең жары Мамыркүлмен тойда

Яғни, көп жасаңыз, алжымаңыз!
Жақсылық басыңыздан кетпесін!
Үрім-бұтағыңызға, тексіздер-
Батыра көрмесін өкшесін!
Дұшпандарыңыз ешқашан,
Алдыңызды орай өтпесін!

29 тамыз 1999 жыл

ҚАШАНДА ҚЫЛШЫЛДАҒАН ҚЫРЫҚТАСЫҢ

Балдызым, Шара Тұранқызының 50-ге толу
күрметіне, өзіл аралас-арнау



Уа, Шара, Шаражаным, Шараханум!
Атыңды ел алдында дараладым.
«Нұр төгілсін жүзіңнен көп жаса!»-деп,
Мен сенің болмысыңды саралайын.

«Жақсының жақсысын айт» дегендейің,
Айтуға жақсылықты бөгелмейің
Жәнің нәзік әйелсің, сүйкімдісің!
Көңілім аңсап жүрер, күлкінді шын!
Бастаған істеріңді тындыратын,
Көп көңілін таба білер, ілкімдісің!

Мен өзіңді шынында жақсы көрем!
Өзіңмен мақтанамын тимей төбем!
«Жердің құты күйінде, ердің құты, үйінде,
Елдің құты, биінде» дегендей даналықты,
Бабалар, жалықтастан айтып келген!
Шын айтамын Шаражан
Сен Нұраханның үйіндегі құтысың!
Керек деп тапса, пілісің!
Жұпар шашқан, аңқыған,
Солмайтын мәңгі гүлісің!
Олай болар себебі,
Нұрахан сен, Шараның пірісің!
Бауырларыңның үлкені болып,
Қайындарыңды қанаттандырдың, ұшырдың.

Мәпеләдің, демедің, келгенінше күшіңнің.
 Қамқоршысың арадайың, гүл шырынын іздеген!
 Өзіндей дархан Анаға,
 Шектеу болмау керек, 100 деген!

Бауыр етің, көз нұрларың,
 Аллаға шүкір! Жиендермен қуантты.
 Енді, ұлдарың Нұрландарың, келінменен қуантсын!
 Нұрланыңнан, немере көр, шөбере, шөпшек көр!
 Ұрпақ үшін, артық болмас, төксек тер.
 Уа, халайық! Тілейікте Алладан!
 Нұрахан мен Шараның, Аллам, тілеуін бер!



Нұраханның бажасы Арыстан мен
 Шара

Шара!
 Туған күнің құтты болсын! Құттықтаймын!
 Қаншадасың?- дегенде,
 Елу-алпысты атама, құрып қалсын!
 Сең, Нұрахан екеумізге,
 Қашанда, қылшылдаған қырықтасың!

4 қыркүйек 1999 жыл

АҒАНЫҢ ЖАСЫ-75, ЖЕҢГЕМІЗ КЕЛДІ ЖЕТПІСКЕ!

Сәтбай Әбдікүлұлына құттықтау- арнау!



Уа, халайық тыңдаңыз!
 Бір атаның баласы - Керімбай мен Шалабай.
 Керімбайдан - менің әкем, Тілеген - ұл
 Шалабайдан - Кебетай-қыз, Сәкеңнің өз Анасы.
 Саралап айтсам, Сәкең жиен, мен Нағашы.
 Осылай болып жалғасқан, туыстықтың арасы!

Біз үшін, жиен Сәкеміз - Асқар тау!
 Шыңын бұлт шалмаған.
 Шалқар көл-байлығын мүмкін емес, сандаған!
 Қыран бүркіт-биік ұшар, қанаты талмас, самғаған!

Бұл кісінің көңілі - керіліп жатқан кең далам.
 Нағашысы болғандықтан,
 Сәкеңнің болмысын, өзіме сенім етіп,
 Мақтанам да паңданам!

Ер тұлғалы Кебетайдай әпкемнің,
 Аузынан түскендейсіз сіз Сәке!
 Аруақты нағашыларыңыздың,
 Мөлдір бұлағынан сусындап,
 Ішкендейсіз сіз Сәке!
 Көзір олар жоқ, Аллаға шүкір біз бармыз.

Әлі талай тамашалар тойлармыз!
 Бір тілерім: жиеншарлар, бізге нағашыға,
 Жат болмасыншы-деп, тілеймін Сәке!
 Бақыттысыз! Бақ тілеймін Сәке!
 Үш жиырма бес-не тәйірі!
 Сәкең үшін түкте емес.
 Тіл-көз болса тасқа!
 Сәкең біздің әлі жігіт!
 Спорт десе, құлшынып тұр,
 Жанарында, шапағат-нұр!

Ол кісінің осылай болуы,
 Жеңгеміз Халияға байланысты.
 Жетпіс жасың құтты болсын!
 Жиен жеңге Халия.
 Халиядай жеңгем үшін,
 Мақтанам әр кез далия.
 Келін болған жеңге едің,
 Енді болдың кария!

Түлеп ұшты өз қолыңнан,
 Талас бастаған тфу-тфу!
 Қаншама жас жанұя!
 Ниеттерін қосады,
 Сай боп келіп, зыр жүгірген,
 Шырақтардың қосағы.


Қызығын көріңіз! Ұл-қызыңыз,
 Немере мен шөберенің, шөпшектің.
 Ұлы нағашыңыз ретінде,
 «Әмин»-деп, осылай, бата беріп кетпекпін!

Батыр тұлғалы, жиен Сәке, ер Сәке!
 Балалардың қызығың, жеңешеммен өзіңіз,
 Қызықтаңыз жан Сәке!
 Балалар мен жеңешемнің ортасында,
 Қартаймаңыз осы бақытыңызбен,
 100 жасаңыз! 110 нан асып қалжыраңыз.
 Қыдыр болып, жолдасыңыз,
 Әрдайым жақсылыққа жол ашыңыз!

30 қараша 1997 жыл

ОЙ ЖІБЕРІП ӨТКЕНГЕ, КЕЛДІ СӘКЕҢ СЕКСЕНГЕ!

Ерлі-зайыпты Әбдіқұловтарға арнау



Сексеннің сеңгіріне келді Сәкең,
 Жеңгеміз, жетпіс бесте, белі бекем!
 Қосағыңмен ағажан жүз жасаңыз!
 Болсыншы нағашыдан «наказ» Сәкем!

Сіздерге құрмет!
 Жүректе жүрмек.
 Тілеймін жүрегіммен,
 Егіздей, жүзден асып,
 Өмір сүр! – деп.

Сан істер ойға алған жүзеге ассын!
 Шаттықпен нұр-шапағат көңіл тассын!
 Балалар, немерелер қызығын көр!
 Әрдайым, домаласын өрге тасың!

Күш-қуат артсын,
 Көңіл-күй тассын!
 Құттықтап сіздер үшін,
 Өнге бастым.

Ұрпағыңыз жұлдыздай жарқырасын!
 Несібеңіз тассында, таусылмасын!
 Қариялық, даналық кемелденіп,
 Атағыңыз, алашта аршындысын!

Мақсаты айқын
Қанатын жайсын
Әулетімен меңгерген
Ата салтын!

Тойыңыз құтты,
Тамсанып жұртты.
Басты бақыт-денсаулық!
Болсын мықты!

31 мамыр 2003 жыл

ПАЙҒАМБАР ЖАСЫ КҮШ БЕРСІН!

Бажам, Нұрахан Елешовтың 63 жасқа толуына
байланысты, жеңіл ғана өзіл аралас құттықтау



Пайғамбар жасы - алпыс үш,
Білгенге бұл кез - шаңқай түс!
Тау қопарар жігіттік,
Қайта қоймас бұла күш!

Нұрахан - бажа!
Көңілмен таза.
Құттықтау тойыңызға,
Келдім жаза.

Келіпті біздің Нүрекең,
Пайғамбар жеткен белеске!
Әйелдің тілін табатың,
Назын тоқып алатың,
Өкпесін тез-ақ жазатың-
Жігіттің гүлі емес пе?!

Қуатың артсын!
Көңілің тассын!
Құттықтап өзің үшін,
Өнге бастым.

Жігіттік шағың талмасын!
Атақ-даңқың самғасын!
Немере-шөбере, шөпшектер,
Бабалар жолын жалғасын!

Нұрахан жігіт!
Жүр, әр кез күліп,
Біразды тамсандырғың!
Шарада болғанменен,
Басты кіліт!



Ерлі-зайыпты
Нұрахан мен Шара

Ісің жолда қалмасын.
Періштең жолды оңдасын.
Денсаулықпен өмір сүр!
Жаратушы қолдасын!

Нұрахан-бажам.
Келгенше шамам.
Өлеңмен құттықтауым,
Болды төмам.

19 наурыз 2004 жыл

ҚҰТТЫ БОЛСЫН АРЫНДАҒАН АЛПЫС ҮШ!

Досым әрі қайнағам, Жұпарбек Сабралиевке арнау



Жұпарбек, көңілің осылай шат болсын!
Солдан оңға қарай:
құдағиы - Әлия, жары - Шәрия,
құдағиы - Айдын

Жұпарбек құтты болсын кемел жасың!
Әрқашан аман болсын бар отбасың.
Балалар, немерелер қызығын көр!
Әрқашан домаласын өрге тасың!

Жұпарбек досым,
Көңілім-қосым.
Әрдайым көтерілсін,
Көңіл-қошың!

Істерің ойыңа алған жүзеге ассын.
Шаттықпен нұр-шапағат көңлің тассын!
Бұл жасқа келгеніңмен уа, Жүпеке!
Әйел үшін сен нағыз албырт жассың.

Қуатың шалқып,
Қызыққа балқып,
Жүре бер, «қисықтарға»,
Жөнімен уәж айтып.

Өмірің жауқазын боп жарқырасын!
Несібең тола берсін, таусылмасын!
Мамыражай ғұмыр кеш қосағыңмен,
Жүректі, қартаймасын алтын басың!

Жүпекең жарқын,
Жігіт қой алтын!
Түсінер қай кезде де,
Іспенен, сөздің парқын.



Жұпарбек, менің 60 жылдығымда
Ұлбосын екеумізді құттықтауда

Жүпеке-Ата!
Болмасын қата.
Жолдастық шын ниетпен,
Бердім бата!

3 сәуір 2004 жыл

ОРМАНБЕК АҒА ЖЕТПІСТЕ!

О. Жанұзақұлының 70 жылдығымен құттықтау



Ат жалын тартуға аға жарағалы,
Қаншама сұлуларың қарамады.
Ішінен жар болуға бар қазақтан,
Любаға таппадыңыз баламаны.

Жан жарың Любаң,
Ерекше туған!
Әйелді ынтықтырар,
Ағажан Батыр тұлғаң!

Жетпісің, атап өтер болсын құтты!
Ту еткен адамдықпен, адалдықты!
Қызығын ұл-қызыңның көр ағажан,
Бодаулап, надандықпен арамдықты.

Жүздерің жылы.
Жандарың тірі.
Ұрпағы Қырғызбайдың,
Шетінен әйел пірі!

Балалар бақыт!
Қыздарың жақұт!
Бірлігің бұзылмасың,
Іс атқар ұйымдасып.



Туысқандар бас қосты.
Әсілбек Бұралқиев, Кеңжөбек жәнә
Орманбек ағалар

Жеңгеммен Орман аға өсіп-өндің,
Любаша, салт-дәстүрге сенде көндің.
Татулық ризық болып ұрпағыңа,
Өмірдің мол қызығын бірге көргін!

Жеңешем алтын!
Ұстанған салтын.
Айырап әр нәрсенің,
Жолымен нағыз парқын.

Келгеміз тойға,
Жақсылық ойда!
Ағайын тойда отырған,
Өлең айт, биле тойла!

1 мамыр 2006 жыл
Тараз қаласы,
«Восток» думанханасы.

КӨКПАРШЫНЫ ҚАЙРАУ


Қазақтың ұлттық ойындарының бірі-көкпарды дамытуда, аянбау тер төгіп жүрген, әкелі-балалы Нәби мен Нұрдаулет Момыновтар бастаған, қайраттану мен қайсарлықтың, өршелену мен өжеттіктің, табандылық пен тұрақтылықтың үлгісін көрсетіп, Республика деңгейінде облыс намысын қорғап, бірнеше дүркін Чемпион тұғырына көтерілген, облыс көкпаршыларының «Әулие-Ата» командасының бүкіл көкпаршыларына арналады.



Бас төреші - Нәби Момынов

Көкпар тартқын!
Босқа шаппа көлбеңдеп!
Додаға түс!


Көтер жердең, көкпарды,
Шын бәсеке,
Енді міне басталды!
Тақымға бас! Жіберме!
Әне тағы, бірі келіп, бас салды!
Намыс қозғар кез де келді,
Қайратпенен, қайсарлықты сынайтын.
Білер болсаң, бұл ойында,



Дүйім жұртқа көкпаршыдан-
Өршіл, өжет, айлалылар ұнайтын!

Ерлік жаса, таныт та, батылдылық!
Сытылып шық, жасама енжар қылық!

**Бөгелме, жар болса да, алдың бөгет!
Ілгеріде аталар қайрағанда:
«Батылдыңтың жемісі- жеңіс»-дер ет.
Түсін қалқа! Бізге сол жеңіс керек!**



Нұрдәулет! Ілдің жерден көкпарды...

Алға ұмтыл, қайраттан да!
Даңдайсып қарап қалма!
Көкпарға бекем болғай!
Мінгенің-сыннан өткен.
Қалдырмас сені жолда.

Енжарлықтың беті аулақ!
Сенсің! Нағыз көкпаршы!
Астыңдағы, сенім артқан-
Шыдас берер арғымақ!
Күш қосатын-көкпаршыға,
Жалды нақ!
Көкпар қолда!



Міне, дода басталады

Тап осы кез-қан ойнатар,
Бәсекелі нағыз шақ!

Арғымағың жаратылған,
Тартынбағың, көсіле шап!
Жеткізбессің, қуғанменен қаншама.
Қарсыласқа сездіргейсің:
- Тыраштану, бос әуре,
Құр жалбақтап шаршама!
Жетіп қалса тосыннан,
Қолыңдағы көкпарға,
Әдіс қолдан, сан түрлі,
Тізгінді тарт, кілт тоқта да,
Орағыта құйқылжыт!
Екпінменен тежегенше,
Әріптесің тізгінді,
Біраз жерге ұзарсың.
Құп жалтардың!
Жете алмайды қарсылас-
Достарымен қызарсын!
Шындалмаған бос кеуде,
О, тоба!
Зады, көкпар шаба ма?!



“Әулие-Ата” командасы жеңістен соң



“Әулие-Ата” командасы мүшелері. Ортада Н. Момынов



Облыс әкімі Б. Жексембиннің команда капитаны
Н. Момыновқа бәйге тапсыру сәті

Қан ойнамай, намыс қозбай,
Көкпарға адам бара ма?!
Қайрағаннан намысыңды
Байқадың ба?
Жетіп қалдың сөреге!

Бос аптығып,
Асығыстық қылма, әсте!
Сабыр етіп, жүрек тоқтат.
Көкпар түсер домалап,
Қазандыққа бір пәсте!

Міне азамат! Қаймықпа!
Құрмет сенде!
Тап осылай,
Намысты қолдан берме!

МАЗМҰНЫ

Сөз басы - автордан	3
Біріңші бөлім	
ТЫЛСЫМ СЫРЛЫ ДҮНИЕ	7
Қожағаппар атаның керемет қасиеттері	8
Сенім күші	31
Жұмбақ апамен кездесу	47
Жол көрсеткен шырақ	53
Сынықшы әрі оташы жеңгеммен сұхбат	58
Көне кітаптар қамқоршысы	66
Досты аңсау немесе ұрпаққа ескерту	82
Екінші бөлім	
АҒАЛАРЫМ-АСЫЛДАРЫМ	85
Ағаның ісі мен ізі	87
Әлекеңнің тағылымы	113
Ұстазымның ісі үлгі немесе ағамен сырласу	128
Ислам ағаның сыры	158
Гибраты мол ғұмыр	185
Керімбай болыстың ұрпағы-Смағұл аға, ерекше жан еді	209
Озат тәжірибесімен елеген...	225
Тұрсынбектің тұғыры	252
Сәрсенбайдың соқпақтары	280
Сурет сыры	310
Бабалар кесенесінде	315
Шопандар слетінде	322
Фельетон кейіпкері	325
Адалдықтың ақ жолымен	336
Үшінші бөлім	
АРНАУЛАР	345
Алпысқа келген ағаға	346
Қашанда қылшылдаған қырықтасың	349
Ағаның жасы 75, жеңгеміз елді жетпіске	351
Ой жіберіп өткенге, келді Сөкең сексенге	353
Пайғамбар жасы күш берсін	355
Құтты болсын арындаған алпыс үш	357
Орманбек аға жетпісте	359
Көкпаршыны қайрау	361

Нұрмахан Тілегенов
АСЫЛ АДАМ АЙНЫМАС

Редактор - *Т. Қазақбай*
Тех. редакторы - *Ж. Төлегенова*
Беттеген - *Ж. Оразбаева*
Корректор - *Ұ. Әуелбекова*
Мұқабаны
көркемдеген - *Н. Милькина*

Теруге берілді 24.08.2007 ж. Басуға 24.09.2007 ж.
берілді. Қалыбы 84x1081/32
Есеп баспа табақ 23. Шартты баспа табақ 19,32.
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 2504.

"Сенім" ЖБО ЖШС-де басылды.
Тараз қаласы, Төле би көшесі, 22 үй. Тел 433284.